

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘӨЖ 81'42

Қолжазба құқығында

НАУРЫЗБАЙҚЫЗЫ ГҮЛДАНА

**Дискурстың ұлттық ерекшеліктері
(қазақ, орыс, ағылшын тілі материалдары негізінде)**

8D02304 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
Филология ғылымдарының докторы,
профессор
Садирова К.К.

Шетелдік ғылыми кеңесші
Филология ғылымдарының докторы,
профессор
Мухтаруллиная А.Р.
(Ресей)

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	6
1 ДИСКУРСТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	15
1.1 «Дискурс» терминінің ғылыми анықталуы: бағыттар мен тәсілдер.....	15
1.2 Ғылымдағы ұлттық ерекшелік ұғымының түсіндірмесі.....	36
1.3 Ұлттық ерекшелік ұғымының когнитивтік, лингвомәдени, дискурстық аспектілері.....	43
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	55
2 ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН КӨРКЕМ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ОТБАСЫ ДИСКУРСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	57
2.1 Отбасы дискурсының концептілік аясы.....	57
2.2 Отбасы дискурсындағы қарым-қатынастың прагматикалық аспектілері.....	86
2.3 Отбасы дискурсындағы ұлттық психологияның тілдік репрезентациясы.....	101
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	126
3 ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ.....	128
3.1 «Отбасы» концептісінің қазақ, орыс, ағылшын тілді респонденттер санасында ассоциациялану ерекшеліктері.....	128
3.2 Қазақ, орыс, ағылшын отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктері (ауызша сұхбат материалдары негізінде).....	141
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	152
ҚОРЫТЫНДЫ.....	154
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	158
ҚОСЫМША А - «Отбасы» концептісінің қазақ тілді респонденттер санасында ассоциациялануына ұсынылған сауалдар.....	167
ҚОСЫМША Ә - Қазақ, орыс, ағылшын отбасы дискурсындағы ұлттық ерекшеліктерді анықтауға арналған ауызша сұхбат сауалдары.....	169

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгі қалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанында, № 724 қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 31 желтоқсаны, №1045 қаулымен бекітілген.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Ассоциация – 1) адамның тәжірибесі негізінде санасында қалыптасатын ұғымдар арасындағы байланыс; 2) тіл сөйлеушісінің әлемдік бейнесін зерттеуде қолданылатын ассоциативтік экспериментте көрінетін сөздер арасындағы байланыс .

Дискурс – 1) сөйлем деңгейінен жоғары тұратын байланысқан сөйлемдер немесе тілдік деректердің жиынтығы; 2) диалогқа түскен коммуниканттардың сөйлеу әрекетінен, коммуникативтік жағдаятынан тұратын күрделі құрылым.

Дискурстық талдау – тілдік бірліктерді олардың қолданыс жағдаяты, сөйлеуші мен тыңдаушының қатынасы, әлеуметтік рөлі, прагматикалық мақсаты, мәтіндік құрылымы мен мәдени мәнмәтіні тұрғысынан кешенді түрде зерттейтін лингвистикалық әдіс.

Габитус – адамның күнделікті тәжірибе барысында бойына сіңірген мәдени бейімділіктері мен әрекет үлгілері.

Концепт – мәдени-ұлттық түсініктер мен құндылықтарды бейнелеп, сөз арқылы берілетін жеке және ұжымдық дүниетаным көрінісі.

Концептілік ая – белгілі бір ұлттың ұжымдық санасында жинақталған және тілдік формада өмір сүретін концептілер жиынтығы. Ол ұлттық мәдениеттің мазмұндық картасын жасап, дискурстық талдауда маңызды рөл атқарады.

Мәдениет – ұлттың рухани болмысы мен тұрмыстық тәжірибесін қамтитын құндылықтар жүйесі.

Менталитет – белгілі бір ұлтқа немесе этносқа тән ойлау, қабылдау, мінез-құлық ерекшеліктерінің жиынтығы. Дискурста бұл ұлттың тілдік таңдауында, сөйлеу стилінде және эмоционалдық реакцияларында бейнеленеді.

Отбасы дискурсы – отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас барысында қалыптасатын тілдік және коммуникативтік құрылым.

Тілдік тұлға – адамның тіл арқылы өзін таныту қабілетін, дүниетанымын, әлеуметтік тәжірибесін бейнелейтін лингвистикалық категория.

Тілдік репрезентация – адамның немесе этностың шындық болмысты, танымдық құрылымдарды, мәдени құндылықтарды, әлеуметтік рөлдерді және эмоциялық күйді тілдік құралдар арқылы бейнелеп, көрініс табуы. Бұл ұғым тіл мен сана, тіл мен мәдениет, тіл мен қоғам арасындағы байланыстың көрінісі ретінде қарастырылады.

Ұлттық бірегейлік – ұлтты басқа қауымдастықтардан ажыратып тұратын ерекше белгілер, символдар, құндылықтар және танымдық-мәдени кодтардың жүйесі.

Ұлттық дискурс – белгілі бір этностың немесе ұлттың тарихи, мәдени, әлеуметтік және тілдік ерекшеліктерін бейнелейтін, ұлттық дүниетаным мен құндылықтарды жеткізетін тілдік-коммуникативтік кеңістік.

Ұлттық ерекшелік – 1) адам денесінде, жүріс-тұрысында, сөйлеу мәнерінде, әлеуметтік реакцияларында байқалатын «жасырын кодтардың» жиынтығы; 2) бір этносқа немесе ұлтқа тән дүниетаным, құндылықтар жүйесі, тілдік, мәдени, тарихи және психологиялық факторлар жиынтығы арқылы қалыптасатын тұтас феномен.

Ұлттық мәдени кодтар – ұлтты ұлт ететін ішкі рәміздер жүйесі. Олар дискурста тілдік таңбалар, тұрақты тіркестер, символдар, метафоралар, ұғымдар арқылы бейнеленіп, ұлттық дүниетаным мен болмыстың айнасы ретінде қызмет атқарады.

КІРІСПЕ

Зерттеудің жалпы сипаттамасы. Дискурс – коммуникацияның күрделі құрылымы ретінде мәдени әр тектілік пен мәдениетаралық өзара әрекеттесудің негізгі аспектісі. Ол әртүрлі этникалық топтар мен ұлттардың ойлау тәсілдерін, құндылықтары мен сәйкестігін білдіреді. Жаһандану және көптілділік кең таралған қазіргі әлемде әртүрлі тілдердегі дискурстың ұлттық ерекшеліктерін зерттеу мәдени мәнмәтіндерді түсінуге және мәдениетаралық қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмысымызда әртүрлі лингвомәдени топ өкілдері ретінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін пайдалана отырып, дискурстың ұлттық ерекшеліктеріне назар аударамыз. Осы тілдердегі дискурстық тәжірибелерді салыстырып талдау арқылы біз лингвистикалық, мәдени ерекшеліктердің аталған мәдениет топтарының әрқайсысында қарым-қатынас жасау мен қабылдау тәсілдеріне қалай әсер ететінін ашуға тырысамыз.

Таңдалған тілдердің әрқайсысында дискурстың құрылымы мен мазмұнына әсер ететін ерекше семантикалық, синтаксистік және стилистикалық ерекшеліктер бар. Зерттеу барысында біз бұл ерекшеліктердің дискурсты ұйымдастыруға, тілдік бірліктерді таңдауға және мәдени белгілерді қолдануға қалай әсер ететінін қарастырамыз. Сондай-ақ, біз әлеуметтік-мәдени мәнмәтін мен тарихи мұраның әр тілдегі дискурстың ерекшеліктерін қалай қалыптастыратынын зерделейміз.

Дискурстың ұлттық ерекшеліктерін зерттеу тілдегі мәдени ерекшеліктерді түсінуге және мәдениетаралық диалогты байытуға жағдай жасайды. Бұл жұмыс қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі дискурстың тілдік және мәдени аспектілерін терең талдауға ықпал етеді.

Зерттеудің өзектілігі. Дискурс әр тілдің өзіндік ұлттық ерекшеліктерін, мәдени және әлеуметтік құндылықтарын бейнелейді. Дискурс ұлттық сипатқа ие. Әртүрлі ұлттық ерекшелікке ие дискурс қазіргі жаһандану үдерісінде, мәдениетаралық қарым-қатынастың кеңеюінде өзара араласып, ықпалдасып жатыр. Дискурста орныққан әр ұлттың қарым-қатынас моделін білу – қарым-қатынаста түсінбеушіліктің алдын алуға мүмкіндік береді.

Білім мен ғылымның, экономиканың жаһандық көшінен қалмау жекелеген тұлғалардың шет тілдерін, оның ішінде, ағылшын тілін білуімен шарттасып жатыр. Сондықтан елімізде қолға алынған үштілділік саясаты қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген тұлғалардың аталған тілдерде қарым-қатынас жасауға қажетті нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін қоса игеруін талап етеді. Қарым-қатынастағы ұлттық ерекшеліктерді білу білім беру, аударма, журналистика, дипломатия т.с.с. салаларда аса қажет. Жаһандану үдерісінің, мәдениеттердің өзара араласуының, интернет кеңістігіндегі ақпарат ағынының ұлттық болмыс пен мәдени-тілдік бірегейлікке теріс ықпалы да танылып жатыр. Қазіргі ұрпақ міндеті – өз ұлтына тән ерекшелікті, мәдени-тілдік бірегейлікті сақтау, келер ұрпаққа жеткізу. Бұл міндет тек дискурста жүзеге асады, себебі

дискурс – ұлттық дүниетанымның тілдік бейнесі, ұлттық рухани мұрасын сақтап, болашаққа жеткізудің маңызды құралы. Дискурстың ұлттық ерекшелігін зерттеу – ұлттық қарым-қатынас мәдениетін жүйелі тануға жол ашады. Оның үстіне дискурстың ұлттық ерекшелігін қазақ, орыс және ағылшын тілдері материалдары негізінде арнайы зерттеген ғылыми еңбектің болмауы тақырып өзектілігін негіздей түседі.

Зерттеудің мақсаты – қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсын талдау негізінде дискурстың ұлттық ерекшеліктерін анықтау, сипаттау.

Зерттеу мақсатына қол жеткізуде мынадай **міндеттерді** шешу алға қойылды:

- Дискурстың ұлттық ерекшеліктерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;
- Ұлттық ерекшеліктің тілдегі және дискурстағы көрінісін теориялық тұрғыда жүйелеу;
- Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсын көркем мәтіндер негізінде салғастыра талдау арқылы отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктерін анықтау үшін дискурстық және прагматикалық талдау жасау;
- Отбасы дискурсы арқылы ұлттық психологияның тілдік репрезентациясын зерделеу;
- Эмпирикалық зерттеу арқылы отбасы ішіндегі тілдік қарым-қатынас ерекшеліктерін айқындау;

Диссертацияның **зерттеу нысаны** – қазақ, орыс және ағылшын дискурсының ұлттық ерекшеліктерін танытатын көркем мәтіндер мен ауызекі сөйлеу мәтіндері.

Зерттеу пәні – отбасы дискурсында көрінетін ұлттық-мәдени ерекшеліктерді танытатын тілдік құралдар жүйесі мен дискурстық құрылымдар.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізін дискурс теориясы (Б. Қалиұлы, Н. Уәли, З.Ш. Ерназарова, Д. Әлкебаева, Ж.М. Кеншінбаева, Г.Г. Бүркітбаева, К.К. Садирова, А.Е. Саденова, Т.Е. Пшенина, Р.А. Омарова, Ф.Б. Кожахметова, Н.И. Сегізбаева, Б.Г. Карилова, Л.М. Абишева, Б.А. Ахатова, Д.В. Сизов, А.М. Жумагулова, А.Б. Гуманова, Г.А. Мұратова, Б.Г. Досмағанбетов, Ф.З. Дулаева, Б.С. Жумагулова, Н.А. Шахметова, Ш.А. Нұрмышева, Ж.У. Есинбаева, Ж.Қ. Кішкенбаева, А.М. Жалалова, Д.М. Акимжанова, К.З. Елшібаева, Н.Қ. Құлтанбаева, Ш.Г. Абдирова, Н.С. Искакова, Р.Қ. Қойлыбаева, Ә. Шетиева т.б.), мәтін лингвистикасы (Т.М. Николаева, И.Р. Гальперин, Р. Сыздық, Б. Шалабай, А. Жұбанов, Х.М. Нұрмұханов, Ғ.Қ. Өнес, М.К. Ахметова, А.Б. Әмірбекова, Г.М. Әзімжанова, Ж. Қойшығұлова, Г.Ж. Байшукурова, Г.А. Кульгильдинова, Е.А. Твердохлебова, Г.К. Кушкарлова, Г.Х. Рамазанова, Л.В. Черепанова, В.В. Савельева, Ж.М. Оспанова, Қ.Ө. Есенова, А.С. Әділова, А.О. Тымболова, Ш.М. Елемесова, Ж.С. Канлыбаева, А.Қ. Айтбенбетова, М.Ә. Маретбаева,

Г.Т. Абикенова, Б.А. Абдыханова, А. Ақкөзова, Ж.К. Алшинбаева, Г.А. Әбдімәулен т.б.) зерттеулеріндегі ғылыми тұжырымдар құрады.

Зерттеу жұмысы дискурс ұғымының көпқырлы табиғатын ескере отырып, оның ұлттық ерекшеліктерін когнитивтік, әлеуметтік, лингвомәдени және коммуникативтік тұрғыдан сипаттауға бағытталады. Осыған сәйкес дискурстық зерттеулердің әдіснамасы мынадай төрт бағыттың теориялық негіздеріне сүйенеді: құрылымдық, әлеуметтік-лингвистикалық, когнитивтік және коммуникативтік-прагматикалық. Құрылымдық лингвистикада дискурс мәтін деңгейіндегі тілдік құрылым ретінде қарастырылады. Бұл бағытта А. Греймас пен Ж. Курте секілді француз құрылымшыларының мәтін ішіндегі мағыналық тұтастықты зерттеуге қосқан үлесі зор. Олар дискурсты мәтін ішіндегі тақырыптық және формалды ұйымдасу формасы ретінде сипаттайды. А. Греймастың семиотикалық квадрат пен нарративтік құрылымдар теориясы дискурстың ішкі мағына жүйесін тануға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-лингвистикалық бағыт дискурсты әлеуметтік шындықты бейнелейтін құрылым ретінде қарастырады. Бұл бағыттағы негізгі тұжырымдар М. Фуко, З. Харрис, Р. Водак, Ю. Линк, П. Хартман еңбектерінде көрініс тапқан. М. Фуко дискурсты қоғамдағы билік пен таным жүйесімен тығыз байланыстағы практика ретінде сипаттап, оны субъектіден тәуелсіз, тарихи-әлеуметтік заңдылықтарға бағынатын құрылым ретінде бағалайды. Т. ван Дейк ұсынған сыни дискурс-талдау әдісі дискурстың әлеуметтік шындықты қалыптастырудағы рөлін, саяси-идеологиялық мазмұнын талдауға негізделген.

Когнитивтік лингвистикада дискурс санадағы ақпаратты өңдеудің, түсінудің, қайта жаңғыртудың тәсілі ретінде қарастырылады. Бұл бағытта Т. ван Дейк дискурстың когнитивтік модельдерін (ментальды модель, фрейм, скрипт) жүйелеп, дискурс пен таным байланысын терең сипаттайды. Ұлттық концептология саласында А. Вежбицкая, Е.С. Кубрякова, Д.С. Лихачев ұлттық бірегейлікті тіл арқылы танудың жолдарын ұсынса, қазақ тілші ғалымдары Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Н. Уәли, А. Ислам, М.С. Жолшаева ұлттық дүниетанымды, концептілік аяны, тілдік сана ерекшеліктерін талдай отырып, қазақ тіліндегі ұлттық кодтарды зерттеген. Бұл бағыт дискурсты нақты қатысым актісінде, сөйлеу жағдайында жүзеге асатын тілдік әрекет ретінде қарастырады.

Зерттеушілер Д. Шиффрин, З. Харрис, Дж. Остин, Дж. Сёрль, Г. Грайс сөйлеу актілері теориясы, прагматикалық мағына, кооперация ұстанымы, адресаттық және интенция категорияларын дискурстың прагматикалық құрылымын анықтауда қолданған.

Зерттеу дереккөздері. Зерттеу дереккөздерін дискурстың ұлттық ерекшеліктерін, ұлттық дискурс мәселелерін зерделеген теориялық зерттеулер және дискурстың ұлттық ерекшелігін бейнелейтін тілдік құралдар мен дискурстық құрылымдарды анықтау мақсатында талданған көркем мәтіндер, ассоциациялық эксперимент пен ауызекі сұхбат материалдары құрады.

Қазақ дискурсының ұлттық ерекшеліктерін анықтау үшін О. Бөкейдің «Атау-кере» романы (Фолиант баспасы, 2024 жыл, 14 б.т.), орыс дискурсының ұлттық ерекшеліктерін талдау үшін Л.Н. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» трилогиясы (Паблишер баспасы, 2023 жыл, 23 б.т.), ағылшын ұлттық дискурсының айырмасын айқындауда Т. Гардидің «Tess of the d'Urbervilles» туындысы (АСТ баспасы, 2023 жыл, 30 б.т.) таңдалды. Бұл көркем мәтіндердің таңдалу себептері мынада: 1) қозғалатын мәселе ортақтығы: үш шығарма да ұлттық отбасы дискурсын сипаттай отырып, жеке тұлғаның отбасындағы рөлі, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, моральдық және рухани тәрбие сияқты маңызды мәселелерді көтереді; 2) мәдени мәнмәтіннің тереңдігі: шығармаларда ұлттық салт-дәстүр, моральдық ұстаным, діни сенім, қоғамдық құрылым секілді мәдени-әлеуметтік мазмұн кең қамтылған. Бұл дискурсты лингвомәдени, когнитивтік тұрғыдан кешенді зерттеуге мүмкіндік береді; 3) жанрлық ортақтық: үшеуі де – психологиялық-философиялық көркем мәтіннің үлгілері; 4) ұлттық дискурстың көркем тіл арқылы берілуі: әр шығармада ұлттық болмысты тілдік құралдармен: метафора, фразеологизм, мақал-мәтел, мәдени концептілер, т.б. құрылымдар арқылы жеткізуге баса мән беріледі.

«Отбасы» концептісінің қазақ, орыс, ағылшын тілді респонденттер санасында ассоциациялануын анықтауға арналған экспериментке 300 адам қатысты, олардың жауап материалдары сараланды. Отбасы дискурсындағы қарым-қатынастың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін саралауға арналған ауызекі сұхбат жүргізіліп, дыбыс жазбаға таспаланды. Қатысушылардың жалпы саны – 70. Таспаланған сұхбат көлемі 4 сағат 20 минут.

Диссертацияда келесі **жалпы ғылыми әдістер** пайдаланылды: дискурстық талдау, салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, лингвомәдени талдау, прагмалингвистикалық талдау, эксперимент әдісі.

Эксперимент жүргізу кезінде ассоциативтік өріс әдісі ассоциативтік эксперименттің еркін, бағытталған, тізбектелген түрлерін жүзеге асыруда қолданылды. Қазақ, орыс, ағылшын отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктерін ауызша сұхбат материалы негізінде анықтауда жартылай құрылымдалған сұхбат әдісі пайдаланылды.

Зерттеу әдістерін таңдауда дискурстың күрделі табиғаты ескеріліп, интегративті көзқарас негізге алынды. Бұл тәсіл зерттеу материалына байланысты түрлі бағыттағы әдістерді қатар пайдалануға мүмкіндік берді. Мысалы, когнитивтік қыры басым мәтіндер концептологиялық тұрғыдан талданса, ал сөйлеу жағдаяты айқын мәтіндер прагматикалық әдістермен қарастырылды.

Зерттеу жұмысының **ғылыми жаңалығы**. Диссертацияда дискурстың ұлттық ерекшеліктері қазақ, орыс, ағылшын отбасы дискурсын алғаш рет салғастыра талдау арқылы анықталады. Дискурстың ұлттық ерекшеліктерінің теориялық-әдіснамалық негіздері жүйеленді, *дискурс* терминінің ғылыми зерттеулердегі анықтамалары дискурс теориясының ғылыми бағыттары мен тәсілдеріне сай талданып, топтастырылып, сараланды. Диссертацияда *ұлттық*

ерекшелік, ұлттық бірегейлік терминдері дискурсқа қатысты зерделеніп, оларға анықтама ұсынылды. Сонымен бірге *ұлттық ерекшелік* ұғымының когнитивтік, лингвомәдени, дискурстық аспектілері сабақтастырыла әрі отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулеріндегі тұжырымдарға сүйене отырып, қазақ, орыс, ағылшын тілі деректерімен дәйектеліп талданды. Жұмыста *отбасы дискурсы* терминіне анықтама ұсынылып, оны институционалды дискурстың бір түрі ретінде анықтай отырып, үш тілдегі көркем мәтіндерді (қазақ тілінде О. Бөкейдің «Атау кере», орыс тілінде Л.Н. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность», ағылшын тілінде Т. Гардидің «Tess of the d'Urbervilles») талдау негізінде үш тілдің отбасы дискурсына тән концептілік аясы салғастыра талданып, жүйеленді, кестеге түсірілді, ортақтығы мен ерекшеліктері тұжырымдалды. Отбасы дискурсы этномәдени құндылықтар мен ұлттық дүниетаным көрініс табатын ерекше коммуникативтік кеңістік ретінде қарастырылып, зерттеу материалына таңдалған үш көркем мәтінге салғастырыла прагмалингвистикалық талдау (сөйлеу актілері мен функцияларын: бұйыру, мәлімдеу, сұрақ қою, кінәлау сияқты прагматикалық әрекеттер мен пресуппозиция мен имплицатураны: отбасы мүшелері арасында айтылмаса да ұғынылатын мағыналар мен мәдени шарттылықтарды, қарым-қатынас сипаты мен сөйлеу мақсатын, эмоциялық реңкін т.б. талдау) жасалып, нәтижесінде үш түрлі мәдениет дискурсының ортақ және айырым белгілері анықталды. Ғылыми зерттеуде отбасы дискурсындағы ұлттық психологияның тілдік репрезентациясы алғаш рет қазақ, орыс, ағылшын тілі материалдары негізінде зерделенді, салғастыру нәтижесінде отбасы дискурсындағы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, грамматикалық формалар арқылы ұлттық психология көрінісінің үш тілде таңбалану ерекшеліктері сараланып, тұжырымдалып, кестеге түсірілді. Сонымен қатар диссертацияда «Отбасы» концептісінің қазақ, орыс, ағылшын тілді респонденттер (барлығы 300) санасында ассоциациялану ерекшеліктері арнайы мақсатта жүргізілген еркін, бағытталған және тізбектелген ассоциативтік эксперимент арқылы анықталып, талданды. Диссертацияның ғылыми жаңалығының тағы бірі – алғаш рет қазақ, орыс, ағылшын отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктерін анықтау мақсатында ауызекі сұхбат жүргізіліп, таспаланып (қатысушылар саны – 70, таспаланған сұхбат көлемі – 4 сағат 20 минут), жартылай құрылымдалған сұхбат тәсілімен жиналған материалдар салғастырыла талданды, қорытындыланды. Қазақ, орыс және ағылшын мәдениеттерінде отбасы құндылықтарын бейнелейтін тұрақты сөз орамдары мен дискурстық стратегиялардың ортақ және айырым белгілері эмпирикалық зерттеу нәтижелерін салғастыра талдау арқылы алғаш рет жүйеленді. Сонымен қатар *жанұя, шаңырақ, очаг, blood* сияқты негізгі концептілердің ұлттық-мәдени мазмұны дискурстық талдау негізінде жаңаша пайымдалды. Зерттеу нәтижесінде дискурстың ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын өлшемдер жүйеленіп, ұлттық дискурс типологиясын толықтыратын жаңа деректер енгізілді.

Ғылыми жұмыстың **теориялық маңыздылығы.** Зерттеу нәтижелері дискурсология, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, прагмалингвистика,

мәдениетаралық коммуникация салаларындағы теориялық ұстанымдарды толықтырады. Салғастырмалы талдаулар ұлттық сана, тіл мен мәдениет байланысы, когнитивтік құрылымдар туралы теориялық түсініктерді тереңдетеді.

Практикалық мәні. Зерттеу нәтижелері тіл мамандарын, оқытушыларды, аудармашылар мен мәдениетаралық коммуникация мамандарын дайындауға қажетті оқу-әдістемелік құралдарды құрастыруда, осындай бағыттағы ғылыми зерттеулерге пайдалануға жарамды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Дискурс тіл мен мәдениеттің тоғысқан күрделі құрылымы ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің ішкі құндылықтарын, дүниетанымдық модельдерін және қарым-қатынас нормаларын динамикалық түрде бейнелейтін коммуникативтік кеңістік болып табылады. Қазақ, орыс және ағылшын отбасы дискурсына жүргізілген салғастырмалы талдау ұлттық мәдени модельдердің дискурстық деңгейде әртүрлі тілдік амалдар арқылы іске асатынын айқындады. Мысалы, қазақ дискурсында еңбек, дәстүрлер мен сөйлесу формалары («айналайын», «анашым» т.б.) ұлттық менталитет пен отбасылық қарым-қатынасты танытады. Орыс дискурсында сөйлесу үлгілері («голубушка», «милый мой» т.б.) мен діни кодтар православтық дүниетанымға негізделген отбасылық қатынасты сипаттайды. Ағылшын дискурсында сөйлесу формалары («my maid», «my porret», «dear») мен ауылдық әдет-ғұрыптар отбасы қарым-қатынасы мен мәдениетті бейнелейді.

2. Салғастырмалы талдау нәтижесі көрсеткендей, дискурстағы ұлттық ерекшелік тек тілдік таңбалар арқылы ғана емес, сонымен қатар прагматикалық категориялар (пресуппозиция, имплицатура, сөйлеу актілері), қарым-қатынас мәдениеті арқылы да қалыптасады. Дискурстағы ұлттық ерекшелік тіл иесінің дүниетанымы, мәдени коды, құндылықтар жүйесі арқылы көрінеді. Қазақ мәтінінде пресуппозиция ұл баланың отбасы тірегі ретіндегі маңызын білдірсе, эмоция мен жақындық сөйлеу актілері арқылы (еркелету сөздері, жұмсақ лексика) және бейвербалды амалдармен (құшақтау, сүю) көрінеді. Орыс дискурсында негізгі орын директивті сөйлеу актілеріне беріледі, мұнда пресуппозиция ретінде баланың оқуға, тәртіпке жауапкершілігі көрінеді, ал эмоциялар ашық беріледі. Ағылшын мәтінінде эмоциялар мен қарым-қатынас көбіне жанама сөйлеу актілері мен имплицатура арқылы жеткізіліп, ұстамдылық пен сыпайылық басым танылады.

3. Қазақ, орыс және ағылшын көркем мәтіндеріндегі отбасы дискурсы ұлттық-мәдени және дүниетанымдық ерекшеліктерді бейнелейді. Әр тілдегі отбасы дискурсының концептілік аясы әртүрлі мазмұндық компоненттерден тұрады, алайда олардың тоғысар тұсы – жалпыадамзаттық құндылықтар (құрмет, борыш). Дегенмен, әр ұлттың мәдени, тілдік және тарихи ерекшеліктері бұл дискурстың құрылымы мен мазмұнын айқындайды. Қазақ дискурсында рухани-ұлттық байланыс пен дәстүрлер (бата беру, жоқтау, ат қою) және кеңістік пен заттық символдар (шаңырақ, ошақ, туған жер, жайлау, самаурын) алдыңғы

орынға шығады. Орыс дискурсында этикалық-діни сана басым болып, діни кодтар (панихида, молебен) айрықша рөл атқарады. Ал ағылшын дискурсында әлеуметтік тәжірибе мен еңбекке негізделген өмір салты маңызды орын алады (егін жинау, тұрмыстық еңбек).

4. Ұлттық психология көркем мәтіндегі лексикалық бірліктер (эмоционалды тіркестер, метафоралық құрылымдар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер) мен грамматикалық амалдар (одағай сөздер, модальділік, бұйрық рай, есімдіктер, етістіктің шақтары) жиынтығы арқылы дискурстық стратегиялардан көрінеді. Бұл ұлттық дүниетанымды когнитивтік-дискурстық деңгейде түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ дискурсында ұлттық психология эмоционалды жақындық кішірейткіш мәнді жұрнақтармен («Кел, шырағым, кел», «Қоя тұр, келінжан»), ал иерархиялық қарым-қатынас стратегиясы бұйрық рай арқылы («Қайта қолыңнан келген жақсылығыңды аяма», «Қойыңызшы, апа», «Еңбектің де емдік қасиеті бар, балам, көп қимылда...»), орыс дискурсында эмоционалды-экспрессивтілік («Слезы душили меня», «...я же захлебывался от слез») пен моральдық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас стратегиясы, көбінесе, фразеологизмдер арқылы («...что готов был провалиться сквозь землю», «будешь вперед совать нос»), ағылшын дискурсында ұлттық психология отбасы алдындағы парыз бен міндеттілік стратегиясы модаль етістіктермен (You must go to her and claim kin), ал тұрмыстық қиындықтар мақал-мәтелдер, фразеологизмдер (Where there's a will there's a way) арқылы ашылады.

5. Эмпирикалық деректер көркем мәтіндегі нәтижелерді толықтырып, тіл мен ұлттық сананың өзара байланысын дәлелдейді: «Отбасы» концептісі қазақ, орыс және ағылшын тілді респонденттердің санасында әртүрлі ассоциат реакция құрайды. Қазақ тілінде жиілігі бойынша келесі бірліктер алдыңғы қатардан табылды: «жанұя» (16 рет), «шаңырақ» (11 рет), «Отан» (9 рет); орыс тілінде «очаг» (12 рет), «уют» (10 рет), «родители» (10 рет) реакция сөздері анықталса; ағылшын тілінде «parents» (ата-ана, 14 рет), «relationship» (қарым-қатынас, 11 рет), «happiness» (бақыт, 10 рет) бірліктері айқындалды.

6. Ауызша сұхбаттар негізінде алынған мәліметтер ұлттық ерекшеліктердің концептуалдық көрінісін айқындауға мүмкіндік берді: қазақ отбасы дискурсында сөйлеу ұлттық дәстүрге негізделіп, тәрбиелік сипатқа ие болады. Үлкендердің балаларға айтқан сөздері көбіне нақыл, бата немесе өсиет түрінде келеді: «Жасың ұзақ болсын», «Қадамың құтты болсын». Мұнда дәстүрлі ұжымшылдық пен туыстық қатынас басым, ал отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас иерархиялық сипатта қалыптасады. Орыс отбасы дискурсында қарым-қатынас бейформалды сипатқа ие болып, эмоцияны ашық білдіру жиі байқалады: «Ну хватит», «Что происходит?», «Чтоб всё было и ничего за это не было!». Ағылшын отбасы дискурсында қарым-қатынас салыстырмалы түрде қысқа әрі бейтарап тіл үлгілерімен («All the best!», «Congratulations!») сипатталады. Әдетте ата-аналар балаларға эмоциясыз, нақты нұсқау, кеңес береді: «Talk about it».

Зерттеу апробациясы. Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде ұйымдастырылған «Жастар, ғылым және инновация» атты жастардың XVIII республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Ұлттық дискурс түсінігі» тақырыбында баяндама жасалды (2022), Уфа ғылым және технологиялар университетінде ұйымдастырылған XII халықаралық конференцияда «Discourse as reflection of national character» тақырыбында баяндама жасалды (2024), «Дискурстың ұлттық ерекшелігін танытатын контентті үлкен тілдік модельге көшіру мүмкіндіктері» тақырыбында Назарбаев университетінің ISSAI ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институтымен бірлескен жоба қатысушылары арасында хабарлама жасалды (2025). Отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктеріне эмпирикалық талдау жұмыстары жүргізілді: 1. «Отбасы» концептісінің ассоциативтік ерекшеліктерін анықтау мақсатында Google forms платформасында жүргізілген онлайн сауалнама; 2. Отбасы дискурсындағы тілдік ерекшеліктер, коммуникативтік стратегиялар, мәдени нормаларға негізделген қарым-қатынас үлгілерді айқындау мақсатында жүргізілген ауызша сұхбат.

Диссертация жұмысы «Қазақ тілін және технологиялық прогресті қолдау үшін үлкен тілдік модельді (LLM) құру» атты гранттық жоба (IPN BR24993001) аясындағы ғылыми зерттеулердің бір бөлігі ретінде орындалды. Жобаның басты мақсаты – қазақ тілін заманауи технологиялық ортада дамыту, тілдің сандық ресурстарын кеңейту және оны жаңа буын жасанды интеллект жүйелеріне енгізу болып табылады. Жоба тек техникалық тұрғыдан тілдік модельді жетілдіруді ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениет пен дүниетанымға тән ерекшеліктерді де ескеруді көздейді. Осы мақсаттармен сабақтаса отырып, диссертациялық зерттеуде қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсы талданып, ұлттық ерекшеліктер анықталып, сипатталды. Бұл зерттеу нәтижелері ұлттық психологияның тілдік көріністерін айқындайды. Мұндай деректер көптілді тілдік модельдерді құруда мәдени-когнитивтік ақпаратты толықтыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қазақ тілін цифрлық қолдауға арналған модельге енгізілетін деректердің сапасын арттыруға, ал ұлттық ерекшеліктерді сипаттау тілдік модельдің мазмұндық байлығын кеңейтуге ықпал етеді.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы:

Диссертацияның негізгі нәтижелері жарияланған басылымдар саны – 6.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. National Features of Family Discourse: A Comparison of Kazakh, Russian, and English Languages // International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL)//No.1/2023 (Vol. 11, Issue 1, March 2023) – Pages 61-75. Процентиль 89%, Q1 // ISSN:2329-2210 <https://doi.org/10.22034/ijsc.2022.563424.2793>

2. National Features of Discourse: A Systematic Review // World Journal of English language // Процентиль 66%, Q2, <https://doi.org/10.5430/wjel.v16n2p44>

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Дискурстың ұлттық ерекшеліктері // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы» “Филология ғылымдары” сериясы, №2 (69) 2023, Б. 141-158. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.69.2.010>

2. Национальные особенности политического дискурса // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы» “Филология ғылымдары” сериясы, №3 (74) 2024, Б. 172-188. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.010>

Халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Ұлттық дискурс түсінігі // «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты жастардың XVIII Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының МАТЕРИАЛДАРЫ. Ақтөбе. – 2022. –680-682 б.

2. Discourse as reflection of national character // Материалы XII Международной научной конференции (г. Уфа, 25 апреля 2024 г.) / отв. ред. А.Р. Мухтаруллина. – Уфа: РИЦ УУНиТ, 2024.– С.15-24 // ISBN 978-5-7477-5917-6

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан, қосымшадан тұрады. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 166 бетті құрайды.

1 ДИСКУРСТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Дискурс» терминінің ғылыми анықталуы: бағыттар мен тәсілдер

Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда «дискурс» терминінің қолданысы мен маңызы артып келеді. Лингвистика, семиотика салаларында пайда болған «дискурс» ұғымы қазіргі уақытта антропология, тарих, әлеуметтану, психоанализ, әлеуметтік психология, әдебиеттану, саясаттану сынды ғылым салаларында қарқынды зерттеліп жүр. «Дискурс» терминінің үдемелі сипатта қарастырылуына және оған қатысты түрлі теориялардың пайда болуына философиядағы, әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдардағы көзқарастар мен пікірлердің қайшылығы әсер етті. Ғылымда дискурсқа қатысты екі түрлі қайшылықты пікір бар. Зерттеушілердің кейбірі дискурсты айтылымдар мен шынайы әңгімелесу деп қарастырса, енді бір топ ғалым дискурсты әлеуметтік жүйенің синонимы деп, яғни әлеуметтік және саяси әлемді құрайтын жүйе деп түсінеді. Мәселен, Жак Дерриданың пікірінше, тіл адамзаттың әмбебап проблемасына айналғанда, барлық нәрсе дискурстың объектісі болмақ [1], Э. Лакло мен Ш. Муфф дискурсты «тұрмыстық нысан» ретінде қарастырады [2].

Дискурс – көп қырлы ұғым. Бұл термин гуманитарлық ғылымдарға ортақ. Дискурс ұғымына қатысты құрылымдық лингвистика (З. Харрис [3], В.А. Звегинцев [4], К.А. Филиппов [5], т.б.), Е.И. Шейгал [6], т.б.), прагматлингвистика (Р. Якобсон [7], Ю. Руднев [8], Т. ван Дейк [9], Н.Д. Арутюнова [10], В.А. Макаров [11], В.В. Красных [12], В.Е. Чернявская [13], т.б.), әлеуметтік лингвистика (Т. ван Дейк [14], Р. Водак [15], т.б.), психолингвистика (К.Ф. Седов [16], Л.М. Терентий [17], т.б.), когнитивті лингвистика (Т. ван Дейк [18], А.А. Кибрик [19], Е.С. Кубрякова [20], О.Л. Михалева [21], т.б.), салыстырмалы лингвистика және лингвомәдениеттану бағыттары бойынша (В.И. Карасик [22], Е. Кожемякин [23], В.Б. Кашкин [24], Е. Переверзев [25], т.б.) қалыптасқан көзқарастар бар. Ал қазақ тіл білімінде дискурсқа қатысты коммуникативтік, прагматикалық, мәтіндік талдау бағыттары бойынша Қ. Кенжеқанова [26], Г.Ж. Байшукурова [27], Ж. Исмаилова [28], З. Ерназарова [29], Г.Смағұлова [30], Ғ. Әнес [31], А. Әділова [32], К. Садирова [33], Б. Қалиұлы [34], Ж. Кеншінбаева [35] т.б. сынды зерттеуші-ғалымдар да бірқатар зерттеулер жүргізген. Лингвистиканың әр бағытындағы дискурсқа берілген анықтамаларда өзіндік ерекшеліктер мен пікір алшақтықтары да, бірін-бірі толықтыратын тұстары да кездеседі. Бұл, ең алдымен, зерттеуге алынған лингвистика бағытының сипатына байланысты.

«Дискурс» сөзінің қолданысы өте ерте замандарға тән. Алайда оның ғылыми айналымда терминдік мәндегі қолданысы өткен ғасырдың 70-жылдарынан басталады. Оның алдында 1952 жылы З. Харрис «дискурстық талдау» терминін ғылыми айналымда қолданып, ауызша немесе жазбаша нұсқадағы сөйлеу байласымын талдау түрі ретінде таниды [3, р. 165]. Бұл талдау бойынша тілдік материалдарға дискурстық талдау жүргізуге мүмкіндік туады.

Дискурс ұғымына қатысты ғалым Э. Бенвенист те «сөйлеуші тарапынан айтылатын сөз» деген пікір келтіреді [36, с. 276]. Сонымен қатар дискурстың коммуникация кезінде, яғни адресант пен адресаттың байланысы негізінде туындайтындығын сөз етеді. «Дискурс» және «дискурстық сараптама» терминдері Людвиг Витгенштейн [37], Валентин Волошинов [38] және басқа да мәдениет және әдебиет теоретиктерінде әртүрлі сипатта қолданыс тапқан. Аталған ғалымдар дискурсқа сөйлем деңгейінен жоғары құрылымдық бірлік ретінде қарайды. Дей тұрғанмен, дискурстың бастапқы баламасы саясатқа, көпшілік алдында сөйлеуге қатысты туындаған. XX ғасырдың орта шеніне дейін «дискурс» ұғымына қатысты бірнеше түсініктемелер берілді. Солардың ең алғашқысы – француз тілінде «discours» сөзінің диалогтық сөйлесім мағынасында жұмсалуды. Ғылыми айналымға еңбес бұрын бұл термин мағынасы полисемиялық сипатта болған. Оны 1860 жылы жарық көрген Якоб Вильгельм Гримнің «Deutsches Woerterbuch» атты неміс тілінің сөздігінде дискурсқа берген мына түсініктемелерден аңғарамыз: «Дискурс – диалог, әңгіме; дискурс – сөйлесім, дәріс» [39, р. 89].

Мәтін лингвистикасының қалыптасуына да дискурс теориясының ықпалы болды. Бұл кезеңде лингвистика шектеулі сөйлесімдерді зерттеуден шығып, диалогтың синтагмалық тізбектелуін талдайтын деңгейге өтті. Зерттеу барысында сөйлесімдердің аяқталуы, біртұтастығы, байланыстылығы сияқты бірнеше үдерістік саты анықталды. Диалогты мәтін деп қарастыратын болсақ, мәтінді зерттеуге деген қызығушылық тілді біртұтас коммуникациялық құрал ретінде танудан туындады. Ал тілге әсер етуші (қозғалыс беруші) фактор – адам. Адамның қатысуымен түсіндірілетіндіктен, мәтін қатысымдық (коммуникациялық) аспекті тұрғысынан талданды. Осы орайда тіл, мәтін, диалог, сөйлесім, дискурс – барлығы ішінара өзара байланысты болғанымен, олардың әрқайсысына жеке міндет жүктеледі. Л. Витгенштейн өзінің «Философиялық зерттеулер» еңбегінде Ф. де Соссюрдің тіл/сөйлесім позициясын қолдайды және тілдік ойынды қатысымның ерекше түрі ретінде қарастырады [37, с. 16]. Француз структуралистері мен постструктуралистерінің еңбектерінде дискурс әлеуметтік құбылыс ретінде зерделенеді. М. Фуконың зерттеулерінде де дискурс жөніндегі пайымдаулардың дені сөйлесім мен мәтін ұғымдарына келіп тіреледі [40]. Дискурс теориясы постмодернизм философиясының негізгі бағыттарының бірі ретінде пайда болды. Оның аясында тіл философиясы, семиотика, қазіргі тілтану (құрылымдық, психологиялық және когнитивтік лингвистиканы қоса алғанда), прагматика, сондай-ақ когнитивті әлеуметтану мен когнитивті антропология ғылымдары тоғысады. Дискурсты зерттеуде тілдің қолданылуын қарастырған неміс мектебінде (П. Вундерлих, П. Хартман), коммуникацияның әлеуметтік-лингвистикалық сараптамасын жасаған америка мектебінде (Г. Закс, Э. Щеглов), түрлі мәтін түрлерінің логика-семантикалық сипаттамасын талдаған француз постструктуралистері (А. Греймас, Ж. Курте) және М.М. Бахтин еңбектерінде көрініс тапты.

Дискурс туралы француз мектебі өкілдерінің өзіне тән көзқарастары бар. Дискурсты зерттеуші француз мектебінің әдіснамалық негізін структурализм құрайды. Бұл бағыт XX ғасырдың 1960 жылдары қалыптасты. Структурализм дискурсты лингвистикалық емес, философиялық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, саяси-идеологиялық тұрғыда зерделеуді ұсынды және көбіне мәтіндердің жазбаша нормативтік типіне, мысалы, сөйлемдер реттілігі мен айтылымына назар аудартты. Аталған сипаттар дискурстық тетік белгілерін айқындады. Осы тұрғыдан дискурс Ф. де Соссюрдің «тіл – сөйлесім» дихотомиясының жаңарған нұсқасы деуге болады, бірақ бұл диадаға қарсы ұғым ретінде индивидуалдық шығармашылық қосылады. Аталған теорияларды біріктіру нәтижесінде «тіл – дискурс – сөйлесім» ұштағаны қалыптасады. Мәтін мен дискурс ұғымдарының арақатынасын француз мектебі өкілдері мынадай өлшемдер арқылы сипаттайды: үдеріс – өнім, диалогтылық – тұрақтылық, өзектілік – виртуалдылық. Француз мектебінің пайымынша, дискурста ең алдымен айтушы мен тыңдаушы тұрады; айтушының пікірі белгілі бір деңгейде тыңдаушыға ықпал етеді. Дискурсты осылай талдаған француз ғалымдары сөйлесімнің прагматикалық және әлеуметтік сипатын ашуға мүмкіндік берді. Әуелде дискурс сөйлесіммен немесе сөйлесу коммуникациясымен теңестірілсе, кейін оның анықтамасына белгілі бір әлеуметтік-тарихи қауымға тән пікірдің дербес типі қосылды. Э. Бенвенистің пікірінше, дискурс – «пікір субъектісінің эксплицитті қатысынсыз ашылатын «баяндауға» қарсы және айтушыға тиесілі сөйлесім» [36, с. 550]. Ол дискурсты қарапайым баяндаумен салыстыра отырып, оның коммуникативтік-прагматикалық мәнін алға тартады. Ғалым үшін дискурста басты орында айтушы мен тыңдаушы қатынасы тұр, сөйлеушінің пікірі екінші тарапқа міндетті түрде ықпал етеді.

Бұл термин турасында зерттеулер мен пікірлер қаншалықты көп болса да, толыққанды қалыптасқан термин деп айта алмаймыз. Сөзімізге дәлел ретінде ғалым А. Барановтың «дискурс терминіне қатысты пікір алшақтығы, қарама-қайшылығы бұл ұғым қалыптасқан тұстан басталады» деген тұжырымын келтіре аламыз [41, с. 179]. Демек дискурс – зерттеу нысанның сипатына сай көпмағыналылыққа ие құрылым. М. Макаров дискурс ұғымына қатысты көпмағыналылықты үш түрлі көзқараспен байланыстырады: а) дискурстық талдауды кең мағынасында тілдік коммуникацияны оның пішіні мен қызметіне қарай зерттейтін біріктірілген сала ретінде; ә) дискурстық талдау тар мағынасында Бирмингем зерттеушілер тобының талдау дәстүрінің атауы ретінде; б) дискурстық талдауды дискурстық грамматика ретінде зерттеу (Р. Лонгхер, Т. Ривон, т.б.) [11, с. 82]. Лингвист ғалым Т.М. Николаева «Краткий словарь лингвистика текста» зерттеу еңбегінде дискурсқа түрліше сипаттың тән екендігін көрсетеді:

- Байланысқан мәтін;
- Мәтіннің ауызекі сөйлеу тіліндегі формасы;
- Диалог;

– Семантикалық байланысқа түскен айтылымдар жиыны [42, с. 247].

Дискурсты коммуникацияда тануға негізделген ағайынды Гриммдер неміс тілінің сөздігінде дискурс ұғымына қатысты былайша түсінік береді:

– диалог, әңгімелесу;

– сөйлеу, дәріс [43, р. 9].

Дискурс ұғымының құрылымы мен мазмұны жоғарыда көрсетілген ерекшеліктері арқылы айқындала түседі. Бұл ұғым тек тілдік бірліктердің жиынтығы ғана емес, белгілі бір мақсатқа бағытталған, мәнмәтінмен, сөйлеу жағдаятымен тығыз байланысты коммуникативтік құрылым ретінде көрінеді. Оның мазмұнында әрі тілдік, әрі бейтілдік факторлар үйлесім табады. Ауызекі сөйлеу формасымен, диалогпен, байланысқан мәтінмен және семантикалық үйлесіммен сипатталған дискурс – нақты коммуникативтік жағдаятта жүзеге асатын тілдік әрекет. Мұнда сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы өзара ықпалдастық, ниет пен мақсат, әлеуметтік рөлдер, уақыт пен кеңістік секілді факторлар шешуші рөл атқарады. Сондықтан дискурсты қарапайым мәтінмен теңестіруге болмайды – ол мазмұнды жеткізудің динамикалық үдерісі, яғни тілді қолданудың нақты әрекеті.

Неміс тіліндегі «әңгімелесу», «дәріс» ұғымдарымен байланыстырылған дискурс – оның формалық жағы мен мазмұндық бағытын бірдей қамтиды. Бір жағдайда дискурс еркін, интерактивті тілдесімге құрылса, енді бір жағдайда біржақты баяндау сипатында болады. Бұл – дискурстың құрылымдық икемділігі мен қолдану аясының кеңдігін көрсететін тағы бір дәлел. Сонымен бірге, дискурс тілдің формальды құрылымдарынан тыс, нақты жағдаятқа бейімделген, тіл мен қоғам арасындағы дәнекер ретінде қызмет ететін феномен болып шығады. Осы ерекшеліктердің барлығы дискурсты жүйелі талдауда тек тілдік бірліктермен шектелмей, прагматикалық, семиотикалық, әлеуметтік және когнитивтік деңгейлерді де ескеру қажеттігін айқындайды. Сөйтіп, дискурс – көпқабатты, көпқырлы, мәнмәтінге тәуелді құрылым ретінде қазіргі тіл білімінің кең ауқымды зерттеу нысанына айналған.

Қазіргі лингвистикада дискурс терминіне қатысты тұщымды, әрі кең тараған анықтама ретінде Т. Ван Дейктің пікірін келтіре аламыз. Т. Ван Дейк дискурсты «күрделі коммуникациялық құбылыс» деп қарастырады. Сонымен бірге ғалым дискурсты коммуникативтік жағдаят пен коммуниканттардың тарихи, әлеуметтік ерекшеліктерін көрсететін сөйлеу ағыны деп қарастырады. Дискурста этностық, мәдени, ділдік, жалпыхалықтық, жеке адами мәдениеттің көрінісі жасырынатындығын айтады [18, с. 12]. Расында, сөйлеу актісін ұйымдастыру барысында диалогқа түскен коммуниканттардың сөйлеу дағдысы, дүниені қабылдау ерекшелігі, когнитивтік қабілеті, интеллектуалдық мүмкіндігі, физиологиялық ерекшелігі, әлеуметтік мәртебесі, ұлттық таным-түсінігі сөйлеу актісінің сәтті жүзеге асуына әсер етеді. Лингвистика ғылымында мұны «коммуникативтік құзыреттілік» терминімен атайды [44, с. 56]. Демек, Т. Ван Дейктің анықтамасынан шығатын тұжырым былайша өріледі: Дискурс –

диалогқа түскен коммуниканттардың сөйлеу әрекетінен, коммуникативтік жағдаятынан тұратын күрделі құрылым. Күрделі болатын себебі мынада: сөйлеу әрекетіне коммуникацияның жүзеге асқан мекені мен мезгілі (коммуникациялық жағдаят), коммуниканттардың мақсаты және әр коммуниканттың коммуникациялық құзыреттіліктері әсер етеді, сондықтан дискурстық талдауда олар есепке алынады. Демек белгілі бір коммуниканттардың айтылымына дискурстық талдау жүргізу арқылы коммуниканттардың білім дәрежесін, жеке тұлғалық ерекшелігін, ұлттық мәдени өлшемін, әлеуметтік мәртебесін, психофизиологиялық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар дискурсты талдау барысында коммуниканттардың сөйлеу стратегиясынан да хабардар боламыз. Өйткені тілдік қатынас барысында айтушы мен тыңдаушы өзінің ішкі мақсатына (интенция) сай сөздерді таңдап қолдану арқылы айтылымдар жиынын түзеді. Біз дискурсты коммуникативті-прагматикалық, когнитивтік, психологиялық бағытта зерттеу барысында оның сипатын толық аша аламыз. Өйткені қандай да бір коммуникация кезінде тілдік бірліктер қолданылады, ал ол тілдік бірліктердің мақсатты жұмсалуды, оның екінші бір коммуникантқа әсері сынды құбылыстар назарға алынбайынша дискурс сипатын толық танып-білу қиынға соғады. Ғалым М. Стаббс дискурсқа қатысты мынадай ерекшеліктерді атап көрсетеді:

- Дискурс – сөйлемнен үлкен тіл бірлігі;
- Мазмұндық жағынан дискурс әлеуметтік мәнмәтінде (контекст) қарастырылады;
- Дискурсқа интерактивтілік тән: дискурс коммуникацияны ұйымдастырады, диалог құрады [45, р. 93].

Ғалымның бұл пікірлерінің өз негізі бар. Десе де, біз сөйлемнен үлкен бірлік деп мәтінді танимыз. Ал коммуникативті-прагматикалық бағытта дискурстың кіші бөлшегі ретінде сөйлемді емес, айтылымдарды атаймыз. Демек, М. Стаббс анықтауындағы дискурсқа тән алғашқы сипат оны мәтінмен байланыстыруға алып келеді. Бұл мәтін мен дискурс арасындағы айырмашылықты, айырымдарды анықтауға жол ашады. Осы тұста тілші ғалымдар арасында пікір алшақтықтары көріне түседі. Өйткені кейбір ғалымдар мәтін мен дискурсты бір ұғым деп қарастырса, енді бір ғалымдар дискурс пен мәтінді бір-бірінен толық ажырата түседі. М. Стаббстың пікірі алғашқы көзқарастағы ғалымдар пікірімен мазмұндас келетінін байқаймыз. Ғалым анықтауындағы екінші сипат дискурстың коммуникативтік, сол арқылы әлеуметтік сипатын толық ашады. Өйткені қандай да бір коммуникация әлеуметтік ортада жүзеге асады. Демек, дискурсқа әлеуметтік сипат тән. Ал ғалым көрсетуіндегі үшінші ерекшелік, дискурстың ұйымдастырушылық қабілеті, коммуникаттар арасындағы диалогты құру сипаты оны мәтіннен бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Ғалым дискурс анықтамасының көпқырлылығын «терминнің қалыптасу жағдайы мен қолданылуы, сондай-ақ тіл жүйесіндегі арнайы орнының болмауымен» түсіндіреді [45, р. 46]. Ол дискурстың сөйлесіммен тікелей, ал мәтіннің тіл

жүйесімен тікелей байланысына назар аударады. В.Е. Чернявская дискурсқа қатысты былайша анықтама береді:

а) Дискурс – белгілі бір когнитивтік сипатқа негізделген коммуникативтік кеңістікте жүзеге асатын жазбаша мәтін мен сөйлеу тілінде көрініс табатын коммуникативтік оқиға;

ә) Дискурс – тақырыптық жағынан біріктірілген, жүйеленген мәтін [13, с. 77]. Бұл анықтамадан байқанымыздай, ғалым дискурсты мәтінмен қатар қарастырады, яғни мәтін мен дискурсты бірін-бірі айқындайтын ұғым ретінде түсіндіреді. Сондай-ақ, ғалым пікірінен мәтіндердің тақырыптық жағынан үйлестірілуін, бір-біріне біріктіріліп, тақырыптық жүйе түзуін де дискурс деп атайтындығын көруге болады. Бұл көзқарастан мынаны түюге болады: ресми қатынастарға негізделген мәтіндер жиынын ресми дискурс, спорт мәтіндерін қамтитын жиынды спорттық дискурс, саяси тақырыптағы мәтіндер жиынтығын саяси дикурс деп атап, топтауды құрайды. В.Е. Чернявская дискурсты мәтіннен кең ұғым деп қарайды, мәтінді дискурстың құрамдас бөлшегі деп сипаттайды.

А. Греймас пен Ж. Курте әзірлеген «Тіл теориясының түсіндірме сөздігінде» «дискурс» ұғымының 11 қолданысы берілген. Соған қарамастан мәтін, көбіне, дискурсқа қарсы ұғым ретінде көрініс табады әрі «дискурс ішіндегі өнім, материя немесе пікір» деп түсіндіріледі. Автоматтар дискурсты дербес үдеріс ретінде қарастыруды жөн көреді [46, с. 389]. Бұған қоса, дискурс «дискурс лингвистикасы» немесе «дискурстық лингвистика» пәнінің нысаны ретінде бағаланады. Кейде «дискурс мәтіннің синонимі бола алады» деген пікір де ұшырасады: бірқатар еуропалық тілдерде ағылшын-француз еңбектерінен енген «discourse» термині болмағандықтан, мәтін мен мәтін лингвистикасы да дискурс шеңберінде қаралады. Француз мектебіндегі тағы бір тұжырым (М. Пеше, К. Арош, П. Анпри) америкалық лингвист З. Харрис енгізген «дискурс» түсінігімен сабақтасады. З. Харристің терминологиялық талдауы нәтижесінде «дискурс» қазіргі тілтану жүйесіне орнықты. Кейін М. Фуконың философиялық идеялары ықпалымен дискурс түсінігіне мәтінтану мен сөйлесім ұстанымдарынан бөлек идеологиялық құрам енгізілді; бұл көзқарас «субъектісіз дискурс» деп аталды [40, с. 67]. М. Фуко бойынша дискурс тіл қолданушыларына тәуелді емес, тек материалдық субстанция деңгейінде өмір сүретін құрылым. Осы себепті дискурс – ережелер мен трансформацияларға бағынатын, құрамындағы айтушылардың әрекетін реттейтін әрі әлеуметтік шындықпен біте қайнасқан «күрделі және бөлінгіш практика» [40, с. 448]. Жалпылай айтқанда, француз мектебінің өкілдері дискурсты әлеуметтік мәнмәтінде түсіндіреді. Дискурс туралы алғашқы пікір айтып, зерттеу тәжірибесінің іргетасын қалаған бұл мектеп терминді кеңейтілген аспектіде қарастырды; дискурстық талдауларды өзге бағыттармен салыстырып, мәтін түзілімдері мен тілдік құбылыстарды терең зерделеді. Француз ғалымдарының дискурс жөніндегі көзқарастары екі тармаққа бөлінеді:

1. **Субъектісіз дискурс.** Бұл бағыттың өкілдері – М. Фуко және З. Харрис. Олардың тұжырымында дискурс сөйлесіммен де, мәтінмен де теңеспейді; үш ұғым – үш дербес категория.

2. **Дискурс = мәтін.** Бұл көзқарасты қолдайтын зерттеушілер саны көп. Олар мәтін, сөйлесім, дискурсты коммуникацияның үш түрлі қыры деп санап, айырмашылығынан гөрі ортақ қасиеттерін айқындайды. Француз мектебі дискурс ұғымын тілдік және әлеуметтік мәнмәтінді қатар қамтитын күрделі құрылым ретінде қарастырады. Бұл мектеп өкілдері дискурсты таза тілдік құбылыс ретінде шектеуден гөрі, оны мәтін, сөйлесім және идеологиямен тығыз байланысты әлеуметтік-мәдени практика ретінде зерделеуге ұмтылады.

Жалпы алғанда, француз мектебі дискурс ұғымын кеңейтілген аспектіде қарастырып, оны тіл мен мәтіннің шегінен шығарып, әлеуметтік-идеологиялық, философиялық кеңістікте талдайды. Бұл мектеп дискурстық талдауларды құрылымдық лингвистикамен ғана шектемей, мәдениеттану, философия, әлеуметтану сияқты гуманитарлық ғылымдармен сабақтастыра отырып, мәтін түзілімдері мен тілдік құбылыстарды терең зерделеуге мүмкіндік берді. Дискурстың әлеуметтік мәнмәтінмен байланысы, құрылымының субъектіден тәуелсіз түрде сипатталуы және мәтінмен шекаралас қарастырылуы – француз мектебінің дискурсқа тән ұстанымдарын айқын сипаттайды.

Француз мектебінен кейінгі бір ірі ағым – неміс-австриялық дискурс мектебі. Оның әлеуметтік-лингвистикалық бағыты дискурсты әлеуметтік әрі семиотикалық тұрғыдан зерттеуге тың жол ашып, тілдің онтологиясын тануға үлес қосты. Бұл мектептің әлеуметтік-лингвистикалық көзқарастары дискурсты әлеуметтік және семиотикалық тұрғыдан зерттеуге жаңа мүмкіндік ашты. Дискурстық тәжірибе тұрғысынан алғанда, бұл ізденістер тілдің онтологиясын зерделеуге ықпал етті. Неміс-австрия мектебінің дискурстық сараптамасының негізіне француз мектебінің идеялары әсер етті. Ю. Линк, П. Хартман, Р. Водак, З. Егер, П. Вундерлих және басқа ғалымдар М. Фуконың тілдік концепцияларын қолдайды, дискурсты олар да М. Фуко секілді мәтінтүзілімдік тақырыптық ортақтық ретінде түсінеді. Сонымен қатар, құрылым-құрамнан гөрі мәтіннің мағыналық қатпарына, мазмұнына көбірек мән береді. Олардың ойынша, дискурс – саяси-идеологиялық және әлеуметтік-мәдени практиканың тілдік көрінісі. У. Маас дискурсты «әлеуметтік және тарихи ортақ практикаға сай тілдік формация» деп анықтайды [47, р. 204]. Бұл анықтама уақыт, білім деңгейі, біліктілік саласы мен мәтін типологиясына қатаң тәуелді емес. В. Тойберт пен Д. Буссе дискурсты «қарым-қатынас саласындағы тақырыптық, семантикалық, хронологиялық, типологиялық байланыстағы мәтіндер жиынтығы» деп тұжырымдайды [48, р. 14]. Бұл жиынтыққа тарихи, әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси мәнмәтіндер кіреді. Аталған мектеп өкілдерінің көзқарастары бойынша, дискурс – әлеуметтік және мәдени практикамен тығыз байланысты, мазмұны терең, тақырыптық жағынан біртұтас құрылым. Олардың зерттеулері дискурстың құрылымынан гөрі оның мазмұндық мәніне, айтылымдардың тақырыптық және семантикалық бірлігіне ерекше назар аударумен сипатталады. Бұл тәсіл тілдің онтологиялық болмысын – яғни оның адамның дүниетанымдық, танымдық, идеологиялық дүниесінде қалай көрініс табатынын – ашуға бағытталған. Дискурс осы жағдайда тілдік құбылыс қана

емес, белгілі бір тарихи, әлеуметтік және мәдени кезеңге тән дүниетаным мен ұстанымның айнасы ретінде бағаланады. Бұл мектептегі зерттеушілер дискурсты мәтіндер тізбегі ретінде ғана емес, белгілі бір әлеуметтік мәнмәтіннің өнімі әрі көрінісі деп қабылдайды. Яғни, дискурстық құрылым нақты бір кезеңге, идеологиялық жағдайға, қоғамдық сұранысқа немесе білім саласына сай қалыптасады және дамиды. Мұндай тәсіл дискурстың өзгермелі, динамикалық табиғатын, сондай-ақ оның әрқилы қоғамдық функцияларын көрсетуге мүмкіндік береді. Дискурс осылайша белгілі бір тақырыпты, ұстанымды, құндылықты, идеяны насихаттаудың формасы ретінде қызмет атқарады.

Неміс мектебінің тағы бір тобы дискурсты экспрессивтік сипаттармен байланыстырады. Дискурсты әлеуметтік тұрғыдан қарастырған келесі ірі бағыт – Америка мектебі (Д. Шиффрин, Г. Закс, З. Харрис, Дж. Браун, Т. ван Дейк т.б.). Бұл мектеп антропология мен интеракционизм негізінде қалыптасты. Лингвистика әлеуметтану мен психологиямен ұштасып, коммуникациялық сипатқа ие болды. Осы бағытта дискурс диалогпен теңестіріліп, байланыстырушы сөйлесім, З. Харрис атаған «connected speech» қызметін атқарады. Дискурстық тәжірибе «кең әлеуметтік мәнмәтіндегі мәтіндердің өндірісі мен қабылдануын» қамтиды [3, р. 110-111]. З. Харрис дискурсты сөйлем шеңберінен шығаруға тырысып, оның көлемін шектемейді: дискурс монологтық та, бірнеше қатысушысы бар диалогтық та болуы мүмкін. Бұл түсінік көп жағдайда неміс лингвистикалық дәстүрімен үндеседі. Америка мектебінің зерттеулері, ең алдымен, вербалды/бейвербалды құрамдастары бар ауызша коммуникацияға, адресант пен адресаттың интерактивті арақатынасына бағытталған. Америка дискурс мектебінде дискурс, көбіне, диалог, сөйлесім, интеракция ұғымдарымен тығыз байланыстырылады. Америкалық зерттеушілер дискурсты «кең әлеуметтік мәнмәтіндегі мәтіндердің туындауы мен қабылдануы» деп сипаттап, дискурстың табиғатын интерактивтілік арқылы түсіндіреді. Яғни, дискурс – адресант пен адресаттың қатысуымен жүзеге асатын, вербалды және бейвербалды элементтерден құралған қатынас алаңы. Америка мектебіндегі маңызды ерекшелік – дискурстың нақты сөйлеммен шектелмей, ашық құрылымда берілуі. Мұнда дискурс тек монолог немесе диалог аясында ғана шектелмейді, ол кең ауқымды, динамикалық және өздігінен дамиды тілдік жүйе ретінде танылады. Бұл тұрғыда Америка мектебі мен неміс дәстүрі арасында идеялық үндестік байқалады: екеуі де дискурстың формасынан бұрын оның функциясы мен мағынасына, әлеуметтік шарттарына басымдық береді.

Орыс тілтануындағы дискурс туралы пайымдаулар батыс зерттеушілерімен салыстырғанда, көбіне ішкі тілтаным мәселелері шеңберінде қарастырылады. Орыс тілтануында «дискурс» термині XVIII ғасырдың соңына қарай қолданыла бастады. «Дискурстық» деген сын есімнің ғылыми мәнмәтінде пайдаланыла бастауы – XIX ғасырдың соңғы ширегіне сәйкес келеді. Ал дискурстық зерттеулер осы кезеңнен кейін пайда болды. Дискурстық теорияның дамуына параллель Ресейдің батыс аймақтарында мәтін лингвистикасы жеке ғылым

ретінде қалыптаса бастады, оның заңды жалғасы ретінде XX ғасырдың екінші жартысында «дискурстық талдау» термині қолданыс тапты. Бұл сараптама тілдік бірліктерді ашық жүйеде зерттеуге мүмкіндік берді, яғни жүйелік-құрылымдық парадигмаға тән қасиет ретінде көрінді. Ресейдегі мәтін теориясы мен дискурс дамуына ең алдымен М. Бахтин мен Ю.М. Лотман зор үлес қосты. Дегенмен XX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ В.Я. Пропп «Морфология волшебной сказки» (1928) атты еңбегінде мәтін морфологиясының негіздерін талдап, кейінгі дискурстық теорияға дем берді [49]. «Дискурстық» сын есімінен жасалған сөз тіркестері XX ғасырдың басында психоллингвистика және прагматлингвистика еңбектерінде ұшырасқанымен, термин ретінде «дискурс» орыс тілтануында 1980 жылдардың басында ғана толық орнықты. Бұл жаңалық «Шетелдік лингвистикадағы жаңалықтар» журналының сегізінші санының шығуымен байланысты, онда «дискурс» термині мәтін синонимі ретінде қолданылды. Бұған дейін, 1950-60 жылдары, мәтін лингвистикасы мәтінді өзге бірліктерден дербес нысан деп қарастырған еді.

Батыс мектептерінен бөлек, мәтін мен дискурсты екі түрлі типке бөлу Ресейде бастапқы кезеңде аса өзекті мәселе болмады, әлеуметтік және психикалық факторлар дискурсты зерттеуде ескерілмеді. Сөйлесім, мәтін, дискурс мағыналас көрінгенімен, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар, сондықтан дискурс түсіндірмелері арасында келіспеушіліктер туындайды. Зерттеулерге сүйене отырып, дискурстың екі типі айқындалады: *коммуникативтік-сөйлесімді, құрылымдық-мәтіндік*. Коммуникативтік-сөйлесімдік дискурс қарым-қатынас үдерісі ретінде қаралады, оның синонимдері – «сөйлесім», «коммуникация». Мұнда табиғи ауызекі сөйлеу, сөйлесу барысы және оның нәтижесі басты рөл атқарады. Ф. де Соссюр еңбектерінде дискурс «сөйлесім» ұғымының эквиваленті саналады [37, с. 120]. Демек бұл типте диалогтық мазмұн басым. Құрылымдық-мәтіндік дискурс уақыт пен кеңістік шегінде сипатталады: белгілі бір кезең мен мекендегі іс-әрекет сөз болады. Коммуникативтік дискурсқа қарағанда, мәтіндік дискурс сюжетті және мазмұнды, өйткені әдебиеттің ауызша нұсқаларын да қамти алады. Дискурс пен мәтін, мәтін мен сөйлесім туралы қарама-қайшы пікірлер көп. Термин алғаш саясаттану аясында қолданылғандықтан, кейін түрлі ғылымдармен ұштасып, мазмұны кеңейді. Саясаттағы дискурс пен әдебиеттегі дискурс құрылымы, мазмұны, қолданылу аясы, тілдік ерекшеліктері арқылы ажыратылады. В.А. Звегинцев дискурсты «мағыналық байланысы бар екі не одан көп сөйлем тізбегі (күрделі синтаксистік тұтастық)» деп түсіндіреді [4, с. 16]; байланыстылық – дискурстың басты белгісі. М.М. Бахтин мәтіннің диалогтылығын зерттей отырып, дискурс теориясына қатысты: «Сөйлесім немесе дискурс – диалог ретінде сипатталуы мүмкін», - дейді [50, с. 310]. Оның концепциясында қарым-қатынастың нақты бірлігі – пікір түріндегі мәтін. 1990 жылдары тілтануда парадигма ауысып, тілдік материал прагматикалық, әлеуметтік, антропоөзектік тұрғыда қарала бастады. «Гуманитарлық зерттеулердің ортақ интеграциясы» [50, с. 75] қалыптасты. Бұл өзгеріс мәтіннің коммуникативтік қызметі мен сөз

байланысын, сөйлесімнің субъектілік аспектісін зерделеуге қызығушылықты арттырды. Дискурстық талдау лингвистиканың негізгі бөлімдерінің біріне айналды. Қазіргі дәстүрлі лингвистикада зерттеу мақсаттарына қарай дискурс кең мағынада – айтушы мен тыңдаушы арасындағы коммуникативтік үдерістегі әлеуметтік мәтінтуғызушы мәнмәтін, тар мағынада – бір тақырыптағы мәтін не мәтіндер жиынтығы (ауызша, жазбаша) ретінде түсіндіріледі. Кең және тар анықтамалардың алшақтығы ең көп талқыланатын мәселе. Бір топ дискурс пен мәтінді тең санаса, екінші топ олардың арасында айқын шекара бар деп есептейді. Біздіңше, тіл мен дискурс арақатынасын былай түйіндеуге болады: тіл дискурс барысында сөзге (сөйлеуге) айналса, дискурс осы қозғалыстағы тілдің санада әрекеттесу нәтижесін мәтін күйінде қайта әкеледі [50, с. 119]. Дискурс сөздер арқылы тіл өнімі ретінде қалыптасады, нәтижесінде мәтін құрылады, сол мәтін келесі дискурстың бастапқы нүктесіне айналады. Осылайша дискурс үздіксіз дамып, жалғасып отырады.

Қазақ тіл біліміндегі ғалымдардың зерттеу еңбектерінде де дискурс термині анықталған. Қазақ тіл біліміндегі бірқатар ғалымдар дискурс ұғымын тіл мен мәдениеттің, сөйлеу актісі мен қоғамның өзара байланысында қарастырады. Дискурс тек мәтін емес, тілдік бірліктердің нақты коммуникативтік жағдайдағы қолданысы, әлеуметтік-мәдени мәнмәтінде мағына түзуі ретінде сипатталады.

К. Садирова дискурсқа келесідей анықтама береді: «Дискурс – адамға тән іс-әрекеттің бір түрі. Ол мәтінмен тығыз байланысты, алайда екі түрлі ұғым. Дискурс – шынайы өмірде нақты бір коммуниканттар арасында, нақты бір уақытта, белгілі бір орында орындалған сөйлеу әрекеті» [33, б. 60-63]. Б. Қалиұлы дискурсты басқа тілдік бірліктер сияқты белгілі бір формасы, құрылымы, мағынасы мен қызметі бар күрделі тілдік құрылым ретінде сипаттайды. Ғалымның пайымдауынша, дискурстың өзгешелігі – оның ұлттық ерекшеліктерге негізделуі мен көпқырлылығы, сондай-ақ ішкі құрылымының күрделілігі [51]. Ұлттық ерекшеліктер тұрғысынан қазақ дискурсын Қ.Б. Күдеринова қарастырады [52]. Ғалым Ж. Кеншінбаева дискурсты нақты коммуникативтік қарым-қатынас жағдайында қолданылатын мәтін ретінде қарастырады, яғни ол сөйлеу тілінің қарым-қатынас орнатудағы нақты қызметін білдіреді [35, б. 3].

Сөйлеу тілінің прагматикасын зерттеген З. Ерназарова прагматиканы «дискурсты дүниеге келтіретін адаммен байланыста қарастыратын ғылым» деп сипаттай отырып, дискурсты «динамикадағы мәтін» деп атайды [29, б. 200]. Демек зерттеуші үшін дискурс мәтіннің бір түрі және оны мәтін ұғымымен алмастыруға болады. Лингвистикада орныққан екінші түсінік бойынша дискурс пен мәтіннің арасына теңдік белгісін қоюға болмайды: екеуі – бөлек категориялар. Қ. Кенжеқанова диссертациясында дискурсты тар және кең мағынада түсіндіреді: кең мағынасында ол – уақыттық-мәдени тілдік мәнмәтін; тар мағынасында – белгілі бір іс-әрекеттің нақты тілдік көрінісі [26, б. 135]. Дискурс – тілдік жағдаятқа, адресант пен адресатқа тікелей қатысты құбылыс. Ол белгілі бір уақыт пен кеңістікте сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы

айтылымдар жиынын қамтиды. Мұнда прагмалингвистика мен коммуникативтік лингвистика зерттейтін ұғымдар дискурстың болмысын аша түседі. Зерттеулерде біз, негізінен, мәтіннен гөрі дискурсқа жүгінеміз, өйткені мәтін – статикалық, ал дискурс – динамикалық жүйе: онда адресант пен адресаттың эмоциясы, айтылымдарды тудыру үдерісі айқын көрінеді

Б. Ахатова мәтінді тіл жүйесінің өнімі деп таныса, дискурсты сөйлеу әрекетінің нәтижесі деп тұжырымдайды [53, с. 9]. Демек, дискурсты зерттеу коммуникативті-прагматикалық, когнитивтік бағытта жүзеге асып отырады. Н. Арутюнова: «Дискурс – экстралингвистикалық, прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық, т.б. факторлардың жиынтығы ретіндегі байланысқан мәтін, мақсатты әлеуметтік әрекет», - дейді [10, с. 136]. Жоғарыда атап өткеніміздей, дискурстың бойында таза тілдік факторлармен қатар тілден тыс экстралингвистикалық факторлар да орын алады. Өйткені дискурс үнемі динамикада, әлеуметтік ортада дүниеге келіп, жүзеге асып отырады. Ғалымның бұл анықтамасы дискурс теориясының сипатын толық аша түседі. Бұл тұста Н. Арутюнова мен М. Стаббстың пікірлерінің ортақтығын байқаймыз. Екі ғалым да дискурсты мәтін арқылы түсіндіре отырып, дискурсқа тән әлеуметтік сипатты ерекшелеп көрсетеді.

Коммуникативті-прагматикалық бағыттағы зерттеулердің негізгі нысанына жататын «дискурс» ұғымы сөйлеу әрекетінде түзіліп, коммуниканттардың сол мезеттегі жай-күйінен, эмоционалды, психологиялық деңгейінен хабар береді. Бұл туралы Қ. Есенова өзінің зерттеуінде былай дейді: «Қандай да бір ақпаратты алғанда тыңдарман немесе оқырман мәтін авторының сол мәтінді дайындаған сәттегі қиял-дүниесін елестетуге тырысады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау дүниесіне еріксіз және ерікті түрде ену деуге болады» [54, б. 236]. Зерттеуші Қ. Кенжеқанова лингвистикадағы дискурсқа қатысты тұжырымдарды жинақтай отырып, дискурстың екі түрін ажыратып көрсетеді: тұлғалық және институционалды. Тұлғалық дискурс бір-бірімен жақынырақ таныс адамдардың тілдік қатынасқа түсуін айтса, институционалды дискурсқа түрлі әлеуметтік топтағы тұлғалардың коммуникациясын жатқызамыз [26, б. 38]. Айта кету керек, тұлғалық дискурс сипаты институционалды дискурсқа қарағанда еркіндеу форматта жүзеге асады, ал институционалды дискурста, көбіне, ресми сипаттағы айтылымдар қолданылады.

Тіл біліміндегі когнитивті, коммуникативті-прагматикалық бағытты зерттеуші ғалым В. Карасик дискурсқа тән белгілерді былайша атайды:

а) конституционалды белгілер. Бұл белгілерге коммуниканттар, тілдік қатынас жүзеге асатын сала, коммуникация барысындағы амал-тәсілдер, вербалды, бейвербалды таңбаларды жатқызамыз;

ә) институционалды белгілер. Бұған коммуникацияны жүзеге асырушы тұлғалардың әлеуметтік мәртебесі жатады;

б) институционалды дискурс түріне жататын белгілер. Дискурсқа тән бұл белгіде коммуникацияға қатысушылардың типі, қызметі, өзін-өзі ұстауы жатады;

в) дискурсқа тән жалпы бейтарап белгілер [22, с. 28].

А. Әділова дискурс пен мәтінге тән сипаттарды былайша ашып көрсетеді:

а) дискурс – автор интенциясына, стиль ерекшелігіне байланысты сұрыпталып, іріктеліп алынатын тілдік құрылымдардың жиынтығы;

ә) дискурс – мәтінге қарағанда кең ұғым;

б) дискурс нақтылы уақытпен ажырамас бірлікте өмір сүреді;

в) дискурсты қайта тудыруға болмайды, ал мәтін бойында мұндай қасиет бар;

г) дискурс – ақпарат беруші, мәтін – ақпарат сақтаушы [55, б. 49].

Аталған айырым белгілерден мәтін мен дискурстың сыртқы формалық сипаты ұқсағанымен, олардың қолданыс ерекшелігі мен ішкі семантикалық айтылымдарының бар екендігін байқаймыз. Дискурс қай уақытта да коммуниканттардың сөйлеу әрекетінен туындайтын, уақытқа тәуелділік сипатын сақтайтындығын, ал мәтіннің адам ойының өңделіп, қалыпқа түскен, тіл нормасына сай екішелген нұсқасы екендігін анық айта аламыз. В. Борботько: «Дискурс та – мәтін, бірақ тілдің коммуникациялық бірліктерінен тұратын тұтас құрылым. Дискурс сөйлемдерден және одан да күрделі бірліктердің қосылуынан пайда болады, үздіксіз мағыналық байланыстан тұрады», – дейді [56, с. 8]. Ғалымның бұл пікірінен дискурсты мәтін ретінде қарастырғанымен, оның бойындағы айырмашылықтарды анығырақ көрсеткендігін байқаймыз. Ал Н. Формановская: «Сөйлемдер мен айтылымдар қарама-қайшы ұғымдар секілді, мәтін мен дискурс та бір-біріне қарсы қойылады», – деген пікір келтіреді [57, с. 60].

Дискурс категориясына адресант, адресат, хабарлама нысаны және сол хабарламаның тілдік мәнмәтіні кіреді, аталған жиынтық коммуникацияның әлеуметтік-лингвистикалық моделін құрайды [44, с. 16]. Дискурсты коммуникативті-прагматикалық бағытта қарастырушылардың пікірі бойынша, дискурста мәтіндегідей алдын-ала өңдеу немесе қалыпқа келтіру болмайды. Ол белгілі бір мезет пен кеңістікте пайда болған коммуникативтік жағдаятқа сай құрылатын айтылымдардан тұрады. Сондықтан коммуникативті-прагматикалық зерттеулердің нысаны ретінде көбіне мәтін емес, дискурс алынады. Коммуникативтік лингвистиканың дамуы тіл біліміндегі, психологиядағы, этнографиядағы, философия мен мәдениеттанудағы идеяларды тоғыстырып, «дискурс» ұғымын мәтін лингвистикасының шеңберінен шығара зерттеуге мүмкіндік берді [44, с. 17]. А. Баранов дискурстың «семантикалық ала-құлалығын» термин пайда болғаннан бері байқауға болатынын атап өтеді [41, с. 179].

Коммуниканттар арасындағы тілдік қарым-қатынасты айқындайтын дискурс сол сәттегі эмоция мен коммуниканттардың интенциясын, мәдени-рухани әлемін танытады. Ал қарапайым жазба мәтінде мұндай ерекшелік бола бермейді. Өйткені мәтін сараланады, өңдеуден өтеді, сондықтан айтушының (автордың) негізгі эмоциясы мен ойы ашық түрде көріне қоймайды. Ғалымдар мәтін мен дискурстың тең ұғым емес екендігін айта отырып, анықтап түсіндіру

барысында мәтін ұғымымен алмастыра қолданғандығын байқаймыз. Осы тұрғыда ғалым Ж. Исмаилова былайша пікір қорытады: «Мәтін – жүйе бірлігі, дискурс – сөз құбылысы; мәтін – өнім, дискурс – үдеріс; мәтін – виртуалды абстрактілі болмыс, дискурс – осы болмыстың іске асуы» [28, б. 70].

Мәтіннің жүйе бірлігі болатыны – оның сөздер мен сөз тіркесі, сөйлемдердің бірлігінен құралуы, ал дискурстың құрамдас бөлігі сөйлемдер емес, айтылымдар болып саналады. Мәтін, шын мәнісінде, өңделген өнім. Себебі автор өз ойын жазбаша қағаз бетіне түсіру барысында адресатқа лайықтап сөз талғайды, өңдейді, әдеби нормаға сай етуге тырысады. Ал дискурс нақты бір мекен мен мезгілде орын алып жатқан қарым-қатынас туындысы болғандықтан, қайта құрылу, айтылымдарды өзгерту сынды құбылыстарға ие емес. Сол себепті ол үдеріс болып саналады. Мәтін көп жағдайда тілдік нормалар шегінен шықпайды, ал дискурста ауызекі сөйлеу тілінің элементтері орын алады. Осы тұста коммуниканттардың мәдени қорын, өскен ортасын, географиялық орнын, мәдени болмысын, әлеуметтік деңгейін анықтауға мүмкіндік туады. Коммуниканттың өзінің өмір сүру барысында сөздік қорына жинастырған тілдік бірліктерін, қарым-қатынас жасау барысында меңгерген коммуникативтік стратегияларының қолданылуын көруге болады. Н. Арутюнова дискурстың сипатын «өмірге бойлаған мәтін» (погружённая в жизнь) деп түсіндіреді [10, с. 137]. Шын мәнінде де, дискурстың бойында шынайы өмір байқалады. Өйткені дискурс өмірде орын алып жатқан нақты жағдаят кезінде туындайды. Ал мәтіннің бойында үнемі өмірдің сипаты бола бермейді.

Дискурста – динамикалық, мәтінде – статикалық сипат басым екенін айттық. Бұл тұрасында ғалым Ғ. Әнестің мына тұжырымын да тілге тиек ете кетуге болады: «Дискурстың белгілеріне динамикалық, функционалдық, өзектілік, үрдістілік, когнитивтілік әрекет, дыбыстық не графикалық репрезентациядағы тілдік шикізат болатындығы, белгілі бір ортада өтетіндіктен, шартты түрде тұйықталатындығы, біреуге бағытталатындығы, сөйлеушілердің ой және ойлау деңгейінде әрекеттесетіндігі, арнайы, мақсатты түрде мәтінді тұйықтауы жатады. Ал мәтін – статикалық күйдегі, құрылымдық, кең өлшемді, терең мәнді когнитивті әрекеттің қорытындысы, синтезі, жеткізушісі және сақтаушы құрылым» [31, б. 35]. Зерттеуші Қ. Кенжеқанова: «...Дискурс – күрделі коммуникативті-прагматикалық тілдік акт, мәтін – жабық коммуникативтік жүйе» деген пікір айтады [26, б. 27]. Дискурста айтылымдарды дыбыстаушылар (коммуниканттар) нақты, анық болады, ал мәтінде адресат белгісіз, бейтарап күйде қалады да, қарым-қатынас біржақты, автор тарапынан ғана жүзеге асып отырады. Дискурстың аудиториясы шектеулі болуы мүмкін, ал мәтіннің аудиториясы саны жағынан белгілі бір өлшемге сыймайды. Себебі нақты адресат болмағандықтан, мәтіннің аудиториясы дискурсқа қарағанда кеңірек болады. Мәтін тек вербалды амалдармен, яғни тілдік бірліктермен шектелсе, дискурста вербалды амалдармен қатар бейвербалды амалдар да іске қосылады. Коммуниканттар тарапынан айтылар ойдың жеткізілуінде бейвербалды амалдардың да алар маңызы зор. Мәтінде аталған бейвербалды

амалдар сөзбен сипатталып көрсетілсе, дискурс кезінде нақты іс-әрекеттер орын алады.

Мәтін мен дискурстың арасындағы айырмашылықты анықтау барысында ғалым А. Карлинский салыстыра отырып, мынадай ерекшеліктерді атап өтеді:

а) дискурс – дыбыстық формадағы үдеріс, мәтін – графикалық формадағы нәтиже;

ә) дискурс – спонтанды сипатқа ие сөйлеу әрекеті, мәтін – өңделген сөз;

б) дискурс коммуниканттардың қатысуымен жүзеге асса, мәтін коммуниканттардың қатысымын талап етпейді;

в) дискурсқа уақыт пен кеңістіктің бірлігі тән болса, мәтін түрлі уақыт пен кеңістік жағдайында жүзеге асады [58, с. 21].

Дискурс пен мәтін сыртқы формалық жағынан бір-біріне ұқсағанымен, дискурс – сөйлеу әрекетінің нәтижесі, ал мәтін – ойдың өңделген, қалыпқа келтірілген тілдік жүйесі болып саналады. Г. Смағұлова, К. Күркебаева, Ә. Жұмағұлованың «Шешендік сөздер дискурсы» еңбегінде дискурс пен мәтіннің айырым белгілері нақты көрсетілген. Атап айтқанда, дискурсқа тән мынадай белгілер келтіріледі:

– қарым-қатынас акустикалық тұрғыдан жүзеге асырылады;

– қарым-қатынас тілдік және тілдік емес амалдар арқылы жүзеге асады;

– қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірімен жеке түрде сөйлесе алу мүмкіндігі болады;

– қарым-қатынастың жүзеге асуы мен оны қабылдау бір мезетте, кеңістік пен уақыт жағдайында өтеді;

– дискурс белгілі бір уақыт кесіндісімен байланысты;

– қарым-қатынас үнемі екі адамның (коммуниканттардың) бетпе-бет, кезек-кезек алмасып отыруы, жанды контакт арқылы жүзеге асырылады;

– дискурсқа ағымдық сипат тән, ол – коммуниканттар арасындағы үздіксіз үдеріс. Ал мәтінге мынадай сипаттар тән:

– қарым-қатынас визуалды түрде жүзеге асырылады;

– қалыптанған, нормаланған сөйлеу әрекеті;

– қарым-қатынасқа түсушілер арасында жекелеген байланыс болмайды, ол автор тарапынан сипатталады;

– қарым-қатынастың тууы мен қабылдануы әр кезеңде, түрлі кеңістік пен уақыт жағдайында жүзеге асырыла береді;

– уақыт кесіндісіне тәуелді емес;

– қарым-қатынас барысында жанды контакт болмайды;

– мәтін – когнитивтік әрекет жемісі;

– мәтін – тілдік материалдың статикалық қалпы, көрсеткіші;

– мәтін – дискурсқа дайын өнім [30, б. 19].

Қазіргі заманауи тәсілдермен қарайтын болсақ, дискурс – күрделі коммуникативті-прагматикалық құбылыс. Оған мәтіннен бөлек, әлемді тану, пікірлер, адресаттың мақсаты және т.б. экстралингвистикалық факторлар да енеді. Әртүрлі саладағы ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып, бұл

терминге ғылыми көзқараспен қарасақ, оның қолданылу деңгейі нақтылана түседі.

Дискурс, біздің ойымызша, кез келген ғылым саласының вербалды кеңістігін құрайды. Ал бұл вербалды әрекеттің нәтижесі – мәтін немесе мәтіндер жиынтығы. Олардың барлығы дерлік коммуникативтік және экстралингвистикалық сипаттамаларды қамтиды. Осыдан келіп, кез келген мәтін оның коммуникативтік және экстралингвистикалық сипатымен қоса алғанда дискурстың өнімі бола алады. Аталған себепті негізге алсақ, тікелей қарым-қатынасқа түспейтін, мағынасы ашылмаған көне мәтіндер дискурс ретінде қарастырылмайды. Сонымен бірге, оқырманға белгісіз тілде жазылған мәтін де дискурс болып саналмайды. Басқаша айтқанда, дискурстың кеңістігі – тар мағынада да, кең мағынада да ашық. Ал мәтіннің кеңістігі шектеулі немесе жабық. Мәтін – сөйлеу және ойлау қызметтерінің аяқталған өнімі. Ол концептуалдық шарттармен, формалдық байланыспен және мазмұндық біртұтастықпен сипатталады. Сондықтан дискурстың ұлттық ерекшеліктерін анықтау мәтінді талдау арқылы жүзеге асады. Біздің зерттеу материалдарымыз үш тілдегі көркем мәтін болғандықтан, көркем мәтінге қатысты мәселелерді анықтап аламыз.

Басты мәселенің бірі – көркем шығармадағы мәтін мен дискурсты бөліп қарау. Мәтін күрделі құбылыс болғандықтан, оған берілген әртүрлі анықтамалар зерттеушінің мәтінді қай қырынан талдауына байланысты (атқаратын қызметі мен міндеттеріне қарай) қалыптасады. Көркем мәтін әлемі – креативті табиғатты қамтитын, жазушы қиялының көмегімен құрылған дүние. Көркем мәтін немесе дискурс суреттелген әлем шындықпен жанаса отырып, жеке авторлық қабылдау сүзгісінен өтіп, автор интенциясына сәйкес түрленіп, концептуалданып құрастырылады. Көркем мәтіннің ең басты функциясы – ақпараттандыру емес, эмоцияға әсер ету. Сонымен бірге, ақыл-парасат пен эмоциялық ақпараттың бір-біріне әсерінен шарттастырылған эстетикалық қызмет. Эстетикалық ақпарат – өнер туындысы өз уақытының эстетикалық сұраныстарына жауап бергенде ғана пайда болатын құбылыс. Ол сұраныс тұрақты болмауы мүмкін, яғни уақытпен бірге бір орында тұрақтап қалмай, үнемі өзгеріп отыратын қасиетке ие. Бұл өзгеріс өз дәуірінің менталдық деңгейін сипаттап, оның эстетикалық бағалылығын және басты құндылықтарын жеткізуге мүмкіндік береді. Көркем шығарманың формасы өзгере бермейді. Өйткені өнер туындысының формасы мазмұнмен тығыз байланысты. Ал оның кез келген трансформациясы мазмұнында да өзгерістер туғызуы мүмкін. Алайда шығармадағы кеңістік бейнесі тек автор мен оның ойынан туған мәтінмен ғана емес, сонымен бірге оқырманның ақыл-парасатынан, мәдениетінен, білімінен, эмпатиясынан және идеологиясынан да туындайды. Субъект туғызған кеңістік картинасы мен объекті арқылы қалыптасқан кеңістік бейнесінің арақатынасынан дискурс тәжірибесі пайда болады. Тілдік әдебиеттерді талдау қазіргі уақытта «дискурс» ұғымының коммуникациялық үдерісті зерттеу үшін маңызды екендігін және мағынасының жеткілікті кең екенін көрсетеді. Неміс ғалымы Г. Кресс: «Кез

келген жеке алынған мәтін бірнеше дискурстың нәтижесі болуы мүмкін», – деп атап өткендей [59], мәтін тілдік тұрғыда әрдайым біртұтас бола бермейді. Осыдан дискурстың мәтінге қарағанда кең ұғым екенін байқаймыз. Жоғарыдағы ғылыми тұжырымдар негізінде біз дискурс пен мәтін айырмасын жинақтап, 1-кестені ұсындық.

Кесте 1 – Мәтін мен дискурстың айырым белгілері

№	Қырлары	Мәтін	Дискурс
1	Табиғаты	Статикалық күйдегі тілдік өнім	Динамикалық-коммуникативтік үдеріс
2	Құрылымдық бірлігі	Сөйлемдер	Айтылымдар мен мәтіндер
3	Қызметі	Ақпаратты сақтау, бекіту	Ақпаратты жеткізу, ықпал ету, қатынас орнату
4	Қолданылу формасы	Жазбаша, графикалық	Ауызша + жазбаша, бейвербалды элементтер
5	Қатысым сипаты	Автор → қабылдаушы (біржақты)	Айтушы ↔ тыңдаушы (екіжақты, интерактивті) // Автор ↔ мәтін ↔ оқырман ↔ автор
6	Уақыт-кеңістік	Уақыттан тыс, қайта оқыла береді	Нақты уақыт пен кеңістікте жүзеге асады
7	Тілдік ерекшелігі	Нормаланған, өңделген, әдеби	Спонтанды, прагматикалық, экспрессивті
8	Зерттеу аймағы	Құрылымдық тіл білімі, мәтінтану	Коммуникативтік, когнитивтік, лингвомәдени бағыт
9	Иерархиялық орны	Дискурстың тілдік өнімі, бөлшегі	Мәтіндердің мазмұндық-әлеуметтік жүйесі
10	Рөлі	Ақпарат сақтаушы	Коммуникация ұйымдастырушы

1-кестеде көрсетілгендей, мәтін мен дискурс ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, олардың функционалдық-құрылымдық айырмашылықтары айқын. Мәтін – сөйлемдер негізінде қалыптасқан статикалық тілдік өнім, автор тарапынан өңделіп, нормаланған түрде ұсынылатын ақпарат сақтаушы құрылым. Ал дискурс – айтылымдар мен мәтіндер жиынтығына негізделетін динамикалық-коммуникативтік үдеріс, қатысымдық әрекет барысында пайда болатын күрделі феномен. Дискурста ауызша және жазбаша формалар, бейвербалды амалдар, интенция мен эмоция қатысып, айтушы мен тыңдаушы арасындағы екеуара интерактивтік байланыс жүзеге асады. Уақыт пен кеңістікте нақты жағдаятта өтетін дискурс прагматикалық, когнитивтік, лингвомәдени тұрғыда бағаланып, коммуникацияны ұйымдастырушы рөл атқарады. Ал мәтін дискурстың құрамдас бөлігі ретінде сол үдерістің тілдік нәтижесі болып, тілдік құрылымдардың сақталуы мен қайта қолданылуына негіз болады. Демек мәтін – дискурстың тілдік жүйелі көрінісі болса, дискурс – сол мәтіннің өмір сүру кеңістігі мен коммуникативтік-прагматикалық қызметін қамтамасыз ететін әрекеттік орта.

Ғалымдардың дискурс терминіне берген анықтамалары әртүрлі болғанымен, барлығы дерлік дискурсқа тән келесі белгілерді көрсетеді: дискурс – диалогтық сипатқа ие, белгілі бір жағдаятқа сай орындалатын сөйлеу әрекеті. Дискурстың диалогтық сипаты коммуниканттар санының екіден кем болмауымен емес, сөйлеуші түзген мәтіннің қандай да бір тыңдаушыға бағытталуымен анықталады. Бұл тыңдаушы сөз түзушінің өзі болуы да ықтимал. Мысалы, адамның өзіне арнап жазатын күнделігі немесе өзімен-өзі кеңесуі.

Дискурста тіл мен оның сөйлеудегі мәнін игеруге мүмкіндік туады. Сондай-ақ дискурс теориясында концепт мәселелері, коммуникацияға қатысушылардың фондық білімдері де қарастырылады. Ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей, дискурстық талдау – мәтінді прагматикалық тұрғыдан талдауға негізделіп пайда болған. Мұндай талдау автор мен оқырман арасындағы өзара әсерді анықтап, мәтіндегі ақпараттың тілдік тұлғаларға пайдалы болу деңгейін белгілейді. Ал бұл пайдалы ақпараттың дұрыс қабылдануына тікелей байланысты. Сондықтан тілдік тұлға мәселесін талдау дискурстық талдау негізінде жүзеге асады. Себебі тілдік тұлға дискурста қалыптасады және оның құрамдас бөлігі болып саналады. Дискурстағы мәтінді қабылдаудың дұрыстығына ықпал ететін тек тілдік және графикалық бірліктер ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік фон – жалпы білім қоры да маңызды. Дискурс пен мәтін, мәтін мен сөйлесім туралы пікірлер сан алуан. Себебі бұл ұғымдар ғылыми айналымға енгеніне көп уақыт бола қойған жоқ.

Қазіргі тілтануда дискурс әртүрлі әдістермен зерттеледі. Олардың ішінде төмендегідей тәсілдер бар:

1. Коммуникативтік (қызметтік) тәсіл: Бұл тәсілмен зерттегенде, дискурс – вербалды қарым-қатынас (сөйлесім, қолданыс, тілдің қызметі), яғни диалог, әңгіме, сөйлеуші тарапынан айтылған сөйлесім ретінде алынады да, дискурс субъект, нысан, уақыт, орын арқылы жасалған белгілік құрылым ретінде зерттеледі.

2. Құрылымдық-синтаксистік тәсіл: дискурс – мәтіннің бөлігі, яғни сөйлемнен жоғары деңгейдегі құрылым (тіркестік бірлік, күрделі синтаксистік тұтастық, абзац). Мұнда дискурс – мағыналық байланыстағы сөйлемдер тізбегі.

3. Құрылымдық-стилистикалық тәсіл: дискурс – ауызекі сөйлеудің мәтіндік емес құрылымы. Ол біркелкі емес бірліктерге бөлініп, ассоциациялық байланыстардың, мәнмәтіннің және стилистикалық ерекшеліктердің нысаны болып есептеледі.

4. Әлеуметтік-прагматикалық тәсіл: дискурс қарым-қатынас жағдаятына арналған мәтін ретінде зерттеледі, нақтырақ айтқанда, пікірдің әлеуметтік немесе идеологиялық шектелген түрі, не өзіндік «тілдегі тіл» ретінде қарастырылады.

Зерттеуші ғалымдар дискурстың көпфункционалылығына назар аударады. Себебі дискурс – коммуникациялық құрал, сондықтан оның құрамында оқырманға әсер ететін бірнеше қызмет түрі болуы тиіс. Көптеген ғалым дискурсты белгілі бір этникалық топтың менталитеті, белгілер жүйелерімен

бекітілген адам мәдениетінің белгілі бір саласындағы білім жиынтығы ретінде немесе тілдің ерекше нысаны, күрделі коммуникативтік оқиға ретінде қарастырады. Адамзат мәдениетінің салалары деп адам қызметінің барлық аясын, атап айтқанда, оның дамуына, теориялық жүйеленуіне және объективті шындық туралы білімді іс жүзінде қолдануға бағытталған әрекеттерді айтуға болады.

Дискурсты коммуникативтік оқиға ретінде түсіну тек ауызша сөйлеу саласымен ғана шектелмейді. Дискурстық қызмет мәтін авторына және оның сөйлеу әрекетін білдіретін жазбаша мәтінге де таралады. Ғалым жасаған бейвербалды мәтінді маман шынайы қабылдай отырып, оны қазіргі санада түсіндіре алады. Бұл бізге мәтінді дискурс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Дискурстың бұл интерпретациясы оны «тілдің арнайы қолданылуы» ретінде сипаттайды. Дискурсты түсіну мәтіннің лексикалық, грамматикалық және синтаксистік ерекшеліктерін талдауда ғана емес, сонымен қатар мәтінді түзуші тілдік тұлғаның дүниетанымдық көзқарасын және жеке адам әлемінің лингвистикалық бейнесін қайта құру үшін де қолданылады. Тілдік тұлғаның негізгі өлшемдерінің бірі – оның белгілі бір әлеуметтік немесе кәсіби топқа жатуы, яғни дискурстың белгілі бір түріне иелік етуі. Оның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі – кәсіби білім жиынтығы. Автор дискурсы оның коммуникативтік және кәсіби қажеттіліктеріне тікелей байланысты. Осы тұста дискурсты лингвистикалық және экстралингвистикалық компоненттері бар іс-әрекет ретінде қарастырған жөн. Бірақ оның белсенділігі сөйлеу арқылы жүзеге асатын коммуникативтік және прагматикалық әрекетке тең болуы тиіс.

«Дискурс» ұғымының денотаттық формуласы – антропология, әдебиеттану, лингвистика, этнография, әлеуметтану, саясаттану, когнитивтік психология сияқты түрлі ғылым салаларындағы қолданылуының ортақтастығынан туындайды. Дискурстың әр салада қолданылу ерекшеліктеріне қарамастан, оның ғылыми термин ретіндегі сипаттамасы ортақ мағынаға саяды, бұл мағына дискурстың коммуникациялық қасиетіне негізделеді. Т.Г. Винокур былай дейді: «Көпшілікке қарата жасалған қарым-қатынас кезінде кейбір ерекшеліктерді ескерген жөн. Олардың қатарына көпшіліктің тілдік мүмкіндігі мен әлеуметтік ерекшелігі жатады» [60, с. 11]. Ғалымның бұл пікірінен екі маңызды мәселені аңғаруға болады. Біріншісі, адресат әрдайым жалғыз адам бола бермейді, яғни коммуникация бірнеше адамның арасында жүруі мүмкін. Екіншісі, тілдік қарым-қатынасқа қатысушының коммуникациялық құзыреттілік деңгейін ескеру керек. Диалогтың тиімді жүзеге асуы үшін адресант әңгіменің мазмұнын білуі ғана емес, оны адресатқа түсінікті түрде жеткізе алуы керек [44, с. 12]. Коммуникацияны бастайтын және кіріспесін орнататын – адресант, ал оны жалғастырып әкету әрі адресантқа, әрі адресатқа байланысты. Бұл үшін коммуниканттардың коммуникациялық құзыреттілігі, адресаттың ақпаратты қабылдауға және оған сай жауап қатуға ниеттілігі аса маңызды. Адресант белгілі бір айтылымды адресатқа қарата айтқанда нақты бір мақсатты көздейді немесе белгілі бір әрекетке итермелейді.

Көркемдік әлемді ішкі және сыртқы деп екі категорияға бөлетін болсақ, ішкі әлемге автордың көзқарасы, позициясы, шығармадағы рөлі, шығарма арқылы айтпақ болған ойы мен идеясын, яғни авторға тікелей қатысты аспектілерді жатқызамыз. Ал көркемдік әлемнің сыртқы қатпар-қабатына баяндаушы мен авторға қатысы жоқ тұстарды енгіземіз. Мысалы, автор көркем шығармада белгілі бір сюжет пен жағдаят ұсынуы мүмкін. Алайда әр оқырман оны өзіндік дүниетанымы, өмірлік тәжірибесі, бұған дейін көргені, білгені, түйген ой-пікірі арқылы ұғынады. Бұл жерде сюжеттің жағдаяттық қабаты тек автордың немесе кейіпкердің еркіндегі нәрсе емес, ол сонымен бірге оқырманның прагматикалық қабылдауымен тікелей байланысты. Сол себепті де бір көркем шығарманы әр адам өз деңгейінде қабылдайды және бір шығарма әр оқырманға әртүрлі түйін қалдыруы мүмкін. Бұл – дискурстың күші. Тіпті әдебиеттанудағы автор мен нарратордың (баяндаушының) ара-жігін де дискурстық қолданыстар арқылы түсіндіруге болады. Бұл жерде дискурстың қолданылу сипаты мүлде бөлек: ол шығарма мәтіні де, сюжет те, композиция да емес.

Көркем шығармадағы дискурс – автор мен оқырман арасындағы коммуникативтік және жағдаяттық байланыс. Ал поэзиялық шығармалардағы дискурс әртүрлі синтаксистік, визуалдық әдіс-амалдардың көмегімен жасалады. Мысалы, сұраулы сөйлемдер, қаратпа, қыстырма, одағай сөздерді айтпағанда, поэзиядағы дискурс визуалдық поэзия арқылы да көрініс табады. Әртүрлі геометриялық фигуралар бұл ретте тек құрылымға ғана емес, мазмұнға және оқырман қабылдауына да әсер етеді. Лингвистикалық тұрғыдан дискурс – құрылымдық (синтаксистік), семантикалық және прагматикалық өлшемдердің бірлігі. Мәтін – статикалық өнім болса, дискурс – динамикалық үдеріс. Бұл айырмашылықты М. Бахтиннің «диалогтық қатынас» концепциясы айқын көрсетеді: онда автор мен оқырман арасындағы уақытша-кеңістіктік диалог басты рөл атқарады [50, с. 47].

Дискурсқа қатысты зерттеу жұмыстары қандай бағытта өрбігеніне байланысты дискурсқа берілер анықтама да, дискурстың құрылымын айқындау да әртүрлі сипат ала береді. Өйткені дискурс – бір саланың ғана нысаны емес, гуманитарлық ғылымдардың барлығына ортақ, әмбебап түсінік. Сол себепті дискурсқа нақты анықтаманың берілмеуі, зерттеулердегі бірізділіктің болмауы сынды мәселелер дискурстың әртүрлі аспектіде, түрлі ғылым саласында қарастырылуына алып келді.

Әлеуметтік-лингвистикалық бағыт дискурсты қоғаммен тығыз байланыста қарастырады. Бұл көзқараста дискурс – әлеуметтік, саяси, мәдени мәнмәтіннің тікелей өнімі, яғни тілдік формалардың артында белгілі бір идеологиялық бағдар мен билік қатынасы жатады. Бұл бағыттағы зерттеушілер дискурсты нақты бір кезеңде өмір сүрген қоғамның тілдік санасы мен дүниетанымының айнасы ретінде сипаттайды. Француз дискурс мектебінің өкілдері, әсіресе М. Фуко дискурсты билік пен шындықты қалыптастырушы құрал ретінде түсіндіреді. Осы бағытты неміс-австриялық мектеп өкілдері де жалғастырып, дискурсты

тарихи-әлеуметтік тәжірибе аясында зерделеуді басты ұстаным етіп алды. Бұл бағыттың зерттеулерінде тіл қоғаммен бөлінбейтін тұтас жүйе ретінде қарастырылады, ал дискурс әлеуметтік шындықты тану мен қалыптастырудың негізгі формасы ретінде бағаланады.

Когнитивті бағыт дискурсты адам санасы мен таным жүйесінің көрінісі ретінде зерделейді. Бұл бағыттағы зерттеулерде дискурс ментальді модельдермен, концептуалды құрылымдармен, тіл иесінің ішкі когнитивтік тәжірибесімен байланыста қарастырылады. Дискурстың мазмұны тек сыртқы контекске ғана емес, сонымен бірге адамның қабылдауы мен ойлау жүйесіне де тәуелді. Бұл бағытта Т. ван Дейктің когнитивтік дискурс моделінің орны ерекше. Ол дискурсты қабылдау, өндіру және интерпретациялау үдерістерін когнитивтік құрылымдармен байланыстыра отырып, дискурс пен сана арасына дәнекер болатын тетіктерді айқындайды. Когнитивтік бағыт дискурсты тіл мен ойдың тоғысқан тұсы ретінде қарастырады және оны концепт, фрейм, сценарий секілді когнитивтік бірліктер арқылы сипаттайды.

Коммуникативті-прагматикалық бағыт дискурсты нақты сөйлеу әрекеті, ниет пен мақсатты жеткізудің формасы ретінде талдайды. Бұл бағыт дискурстың сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы интерактивті қатынас арқылы жүзеге асуын алдыңғы орынға қояды. Мұнда сөйлеу актілері, прагматикалық мән, адресаттық ұстаным, коммуникация жағдайы сынды факторлар ескеріледі. Америка дискурс мектебінің өкілдері, әсіресе Д. Шиффрин, Г. Закс, З. Харрис сынды зерттеушілер дискурсты диалог, сөйлесім, әрекеттегі тілдік қатынас ретінде сипаттай отырып, оның динамикалық, интонациялық, бейвербалды қырларын да назардан тыс қалдырмайды. Бұл бағытта дискурс тек мәтін емес, нақты жағдаятта туындайтын әрекет ретінде көрінеді. Мұнда Г. Грайстың кооперация қағидасы мен Дж. Сёрльдің сөйлеу актілері теориясы да дискурс талдауында маңызды құралға айналады.

Құрылымдық бағыт дискурсты мәтіндік құрылымдардың ұйымдасуы, сөйлемдер арасындағы байланыс, логикалық құрылым мен тақырыптық бірлік тұрғысынан қарастырады. Бұл бағыттағы зерттеулер, көбіне, дискурстың ішкі тілдік заңдылықтарына, грамматикалық, синтаксистік және мәтіндік бірліктердің өзара қатынасына мән береді. Француз құрылымдық мектебінің өкілдері А. Греймас пен Ж. Курте дискурсты мәтіндік құрылымның ішкі ұйымдасуы ретінде түсіндіріп, оның формальды құрылымын сипаттауға басымдық берді. Сонымен қатар, ресейлік мәтін лингвистикасы аясындағы Т.М. Николаева мен З. Тураева секілді зерттеушілер де дискурс пен мәтінді функционалды тұрғыда қарастырып, олардың құрылымдық-стилистикалық ерекшеліктерін айқындауға үлес қосты. Лингвистикадағы дискурсты зерттеудің бағыттары мен тәсілдерін 2-кестеде салыстыра көрсетуге тырыстық.

Кесте 2 – Дискурсты зерттеу бағыттарының тәсілдер мен ұстанымдары, мәселелері

Зерттеу бағыты	Тәсілдері	Негізгі ұстанымдары	Мәселесі
Әлеуметтік лингвистикалық бағыт	Әлеуметтік семиотика Контент талдау	Тіл – әлеуметтік құрылымдарды қалыптастыру мен жаңғыртудың құралы; дискурс – билік пен идеологияның көрінісі	Дискурстағы билік, әлеуметтік теңсіздік, идеология, манипуляция, қоғамдық пікірдің қалыптасуы
Когнитивті бағыт	Концепт, фреймдер мен сценарийлер, метонимия/ метафора талдауы	Дискурс – адамның дүниетанымының тілдік көрінісі; сана мен тіл арақатынасына басымдық беріледі	Тілді тұтынушының когнитивті моделін анықтау, концепт мазмұнын зерттеу, ұлттық сана көрінісі
Коммуникативті-прагматикалық бағыт	Сөйлеу актілері теориясы; иллокутивтік/ перлокутивтік функциялар	Тіл – әрекет; дискурс – коммуникативтік мақсатқа жетудің құралы; адресат-адресант қатынасы маңызды	Прагматикалық мағына, сөйлеу ниеті, прагматикалық ықпал, адресаттық байланыс, мәнмәтін рөлі
Құрылымдық бағыт	Синтаксистік құрылымдар, нарративтік модельдер, дискурстық маркерлер	Дискурс – құрылымды мәтіндік бірлік; оның ішкі формасы, реттелу заңдылықтары мен грамматикалық формасы	Дискурстың ішкі құрылымы, тілдік ұйымдасуы, байланыс құралдары, сөйлем типтері мен ретін анықтау

2-кестеден байқағанымыздай, дискурстың зерттеу бағыттарының қалыптасқан ұстанымдары мен тәсілдері және шешуді мақсат ететін негізгі мәселелері бар. Әлеуметтік-лингвистикалық бағыт дискурсты қоғаммен тығыз байланысты қарастырады. Бұл бағыт өкілдері үшін тіл – билік, идеология, қоғамды ұйымдастыру құралы. Мұнда сындарлы әлеуметтік семиотика, контент-талдау тәсілдері кеңінен қолданылады. Дискурстағы әлеуметтік теңсіздік, таптық жіктелу, стереотиптер мен манипуляция тілі осы бағыттың зерттеу нысанына жатады. Когнитивтік бағыт дискурстың адам санасындағы танымдық құрылымдармен байланысын зерттейді. Бұл бағыт концепт, фрейм, сценарий, метафора, ассоциация сияқты когнитивтік құралдар арқылы жүзеге асады. Дискурс арқылы ұлттық дүниетаным, мәдени код, тілдік сана көрініс табады. Бұл тәсіл жеке адамның ішкі әлеміне терең үңілуге, ұлтқа тән концептуалдық модельдерді анықтауға мүмкіндік береді. Коммуникативті-прагматикалық бағыт тілдің әрекеттік табиғатына негізделеді. Бұл бағыттағы зерттеулер дискурсты сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы мақсатты әрекет ретінде қарастырады. Сөйлеу актілері, иллокутивтік/перлокутивтік функциялар, интенция,

прагматикалық мағына, адресат-адресант байланысы сияқты мәселелер осы бағытта сараланады. Құрылымдық бағыт дискурстың ішкі тілдік ұйымдасуына баса назар аударады. Дискурс бұл тұрғыда мәтін ретінде қарастырылып, синтаксистік құрылымдар, дискурстық маркерлер, байланыстырушы құралдар, мәтін логикасы секілді элементтер негізінде талданады.

Дискурс теориясы тіл білімінің әртүрлі ғылыми бағыттары мен мектептерінде өзіндік ұстанымдарымен қалыптасып, дамып отырған күрделі зерттеу нысанына айналды. Оның көпқырлы табиғаты зерттеу тәсілдеріндегі әртүрлілікпен де айқындалады. Қазіргі дискурс зерттеулері мазмұндық ерекшелігіне қарай негізінен төрт бағытқа жіктеледі: әлеуметтік-лингвистикалық, когнитивті, коммуникативті-прагматикалық және құрылымдық бағыттар.

Аталған бағыттардың әрқайсысы дискурстың жекелеген бір қырын ғана ашып көрсетеді. Сол себепті дискурсты біржақты, тек мәтін немесе сөйлеу актісі төңірегінде ғана қарастыру оның күрделі болмысын толық ашуға мүмкіндік бермейді. Дискурстың бойында әлеуметтік, когнитивтік, прагматикалық және құрылымдық қасиеттер тоғысып жатады. Сондықтан да біз өз зерттеуімізде дискурсты интегративті-кешенді ұстаным тұрғысынан қарастырамыз. Біздің негізгі ғылыми ұстанымымыз: зерттеу нысанына қарай әр бағыттың тиімді тәсілдері мен ұстанымдарын пайдалану. Яғни, дискурсты зерттеуде біз бір бағытпен шектелмейміз. Әлеуметтік аспектіні де ескере отырып, когнитивтік мазмұн басым болса, концепт талдауын жүзеге асырамыз; сөйлеу жағдаятына негізделген мәтін болса, прагматикалық тәсілдер басшылыққа алынады. Бұл интегративті көзқарас бізге дискурстың күрделі табиғатын жан-жақты тануға жол ашады.

Аталған ғылыми бағыттарды ескере отырып, дискурс ұғымына былайша анықтама береміз: дискурс – әлеуметтік-мәдени мәнмәтінде коммуникативтік мақсатқа ие, құрылымдық тұрғыдан ұйымдасқан, когнитивтік және прагматикалық, ұлттық-мәдени мазмұны бар мәтіндер жиынтығы және сөйлеу әрекетінде жүзеге асатын күрделі тілдік бірлік. Оның ұлттық-мәдени мазмұны дискурстың ұлттық ерекшелігін танытады, сондықтан келесі тармақта біз «ұлттық ерекшелік» ұғымын талдаймыз.

1.2 Ғылымдағы ұлттық ерекшелік ұғымының түсіндірмесі

Ұлттық ерекшелік термині – бір этносқа немесе ұлтқа тән дүниетаным, құндылықтар жүйесі, тілдік, мәдени, тарихи және психологиялық факторлар жиынтығы арқылы қалыптасатын тұтас феномен. Ағылшын тілді зерттеулерде бұл ұғым тек ұлт өкіліне тән символикалық жүйелермен ғана емес, сонымен қатар оның өзіндік ерекшелігін өзге ұлт өкілдерінен ажырататын белгі ретінде қарастырылады. Ұлттық ерекшелік не бірегейлік адамның өзін белгілі бір ұлтпен сәйкестендіруінен туындайтын ұжымдық сана мен мәдени-психологиялық қатыстылық сезімін білдіреді. Бұл құбылыстың мәнін түсіндіруде әртүрлі теориялық мектептер мен зерттеушілер өз үлесін қосты. Ұлттық ерекшелік

ұғымын талдамас бұрын ұлттық бірегейлік терминіне назар салуымыз керек. Себебі, ұлттық бірегейлік – ұлтты басқа қауымдастықтардан ажыратып тұратын ерекше белгілер, символдар, құндылықтар және танымдық-мәдени кодтардың жүйесі арқылы танылады. Демек, ұлттық бірегейлік дегеніміз – «біз кіміз?» деген сұраққа ұжымдық жауап және «біз басқалардан қалай ерекшеленеміз?» деген танымдық-мәдени ұстаным.

Алғашқы болып ұлттық бірегейлік ұғымын конструктивистік бағытта терең зерттеген ғалымдардың бірі – Бенедикт Андерсон. Оның «Imagined Communities» (1983) атты еңбегінде ұлт «қиялдағы қауым» ретінде қарастырылады. Б. Андерсонның айтуынша, ұлт – бұл нақты қарым-қатынаста болмаған адамдардың өзін біртұтас қауымдастықтың мүшесі ретінде елестетуі арқылы қалыптасатын символдық құрылым. Ұлттық бірегейлік осындай елестетілген байланысқа негізделеді және ол тіл, баспасөз, ортақ тарихи жады мен символдар арқылы күшейтіледі [61]. Энтони Смит (Anthony D. Smith) «National Identity» [62] еңбегінде ұлттық бірегейлікті этносимволизм тұрғысынан түсіндіреді. Оның пікірінше, ұлттардың түп-тамыры этникалық қауымдастықтарда жатыр. Э. Смит ұлттық бірегейліктің алты маңызды компонентін атап көрсетеді: тарихи территория, ортақ мифтер мен тарихи жад, ортақ мәдени ерекшеліктер, ортақ экономика және құқықтық жүйе. Бұл элементтер арқылы ұлт мүшелері өзара мәдени және тарихи бірлік сезімін қалыптастырады. Эрик Эриксон (Erik H. Erikson) өзінің «Identity: Youth and Crisis» (1968) атты еңбегінде жеке тұлғаның дамуы мен әлеуметтік сәйкестену үдерісін қарастыра отырып, ұлттық бірегейлік мәселесіне жанама түрде тоқталады [63]. Оның көзқарасы бойынша, ұлттық бірегейлік – индивидтің өзін белгілі бір ұлттың мүшесі ретінде тануы мен сол ұлттың мәдени құндылықтарын қабылдауы. Ал Стюарт Холл (Stuart Hall) «Cultural Identity and Diaspora» (1990) еңбегінде ұлттық бірегейлікті динамикалық әрі өзгермелі мәдени құрылым ретінде сипаттайды. Ол ұлттық бірегейлік уақыт пен кеңістік аясында қайта қалыптасатын, үнемі тарихи және әлеуметтік мәнмәтіндерге бейімделіп отыратын ұғым деп көрсетеді. С. Холлдың айтуынша, ұлттық бірегейлік ешқашан тұрақты емес – ол әрқашан құрылу үстінде болады [64].

Мәдениетаралық кеңістіктегі ұлттық бірегейлік туралы Хоми Бхабха (Homi K. Bhabha) «The Location of Culture» (1994) еңбегінде ұлттық бірегейліктің «аралық кеңістікте» (third space) пайда болатынын атап өтеді. Оның пікірінше, ұлт пен ұлттық бірегейлік – бірімнді, тұтас құрылым емес, қайта күрделі мәдени және тарихи күштердің өзара әрекеті нәтижесінде туындайтын будан құбылыс [65]. Сондай-ақ Майкл Биллигтің (Michael Billig) «Banal Nationalism» (1995) атты еңбегінде ұлттық бірегейлік күнделікті өмірде байқалмайтын, бірақ тұрақты түрде қайталанатын символдар мен ритуалдар арқылы қолдауға ие болатыны айтылған [66]. Жалаулар, әнұрандар, мемлекеттік рәміздер – бұлардың барлығы ұлттық санада «баналды ұлтшылдық» ретінде қалыптасып, ұлттық бірегейлікті күнделікті өмірде бейсаналы түрде сақтап отырады. Крейг Калхун (Craig Calhoun) «Nationalism» (1997) атты еңбегінде ұлт пен ұлттық бірегейлікті модерн

дәуірдің жемісі деп сипаттайды [67]. Оның ойынша, ұлттық бірегейлік – адамдардың күрделі әлеуметтік құрылымдарға деген қатынасын жеңілдететін символдық құрал. Тарихшы Эрик Хобсбаум мен Теренс Рейнджер «The Invention of Tradition» (1983) кітабында ұлттың кейбір дәстүрлері «жасанды түрде» ойлап табылғанын және олар ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үшін қолданысқа ендірілгенін дәлелдейді [68]. Бұл ой да ұлттық бірегейліктің конструктивтік табиғатын айғақтайды. Ал тіл мен дискурс тұрғысынан алғанда, Норма Фэйрклафтың (Norman Fairclough) сыни дискурс талдауында ұлттық бірегейлік дискурстық практика ретінде қарастырылады. Ол ұлттық бірегейліктің медиа мен саяси мәтіндерде қалайша тіл арқылы құрылатынын зерттеген [69].

Ұлттық ерекшеліктің негізгі көрінісі – ұлттық мәдени кодтар. Бұл – тілді қолдану тәсілі, фольклор, салт-дәстүр, ас дайындау мәдениеті, музыкалық ырғақ, ұлттық киім, тұрмыстық әдеттер және т.б. Мысалы, қазақ ұлтына тән қонақжайлық, жас ерекшелігіне құрмет, жыраулық дәстүр, жер мен ата-баба культі – ұлттық мәдениеттің іргетастары болса, орыс ұлтына тән мәдени кодтар – православие, патернализм, орталықтандырылған билікке сенім, ортақ тарихи-мифологиялық естелік. Ағылшын ұлтының мәдени кодтары – жеке кеңістікке құрмет, жеке жауапкершілік, құқық пен заң үстемдігі, саяси ұстамдылық, «gentleman» мінезі, дәстүрлі шай ішу мәдениеті, сондай-ақ корольдік институтқа адалдық арқылы көрініс табады. Ұлттық мәдени кодтар – ұлтты ұлт ететін ішкі рәміздер жүйесі. Олар дискурста тілдік таңбалар, тұрақты тіркестер, символдар, метафоралар, ұғымдар арқылы бейнеленіп, ұлттық дүниетаным мен болмыстың айнасы ретінде қызмет атқарады. Дискурсты ұлттық таным негізінде зерделеу осы мәдени кодтарды ашып, ұлттық ерекшелікті анықтауға мүмкіндік береді. Осы кодтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, тұлғаның бойында ұлттық бірегейлікті қалыптастырады. Классикалық әлеуметтанушылардың бірі Э. Дюркгейм ұлтты ұжымдық сананың көрінісі ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, әр қоғамда адамдарды біріктіретін ортақ моральдық ұстанымдар мен құндылықтар бар. Осы ұжымдық сана – ұлттық ерекшеліктің басты іргетасы. Э. Дюркгеймше айтқанда, қоғам тек жеке индивидтердің жиынтығы емес, ол – символдар, нормалар және салт-дәстүрлермен байланысқан әлеуметтік организм [70]. Семиотика тұрғысынан, бұл элементтер «таңба» ретінде қызмет етеді. Ю. Лотман мен Р. Барттың семиотикалық теорияларында мәдениет таңбалар жүйесі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан, ұлттық киім, дәстүрлі музыка, дастарқан үлгісі – бәрі де ұлттық ерекшелікті білдіретін мәдени мәтіндер. Ұлт мүшелерін біріктіретін тағы бір маңызды негіз – ортақ тарихи жады. Бұл ұлт ретінде қалыптасудың, күрестің, жеңістің немесе отарлық езгінің ортақ естеліктері. Энтони Смиттің «мифтер, есте сақтаулар және символдар» туралы идеясы осындай нарративтерге сүйенеді. Мысалы, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» – XVIII ғасырдағы ел басына түскен ауыр нәубет кезеңі ретінде халқымыздың collective trauma-сының рәмізі. Бұл – ұлт жадындағы қайғының ғана емес, сонымен бірге аман қалу мен бірігу тәжірибесінің де көрінісі. Кенесары хан көтерілісі – отаршылдыққа қарсы күрес символы болса, Алаш

қозғалысы – ұлттың саяси және мәдени өзіндік санасының оянуын, дербес мемлекеттілікке ұмтылысын білдіреді. Ал Желтоқсан оқиғасы – кеңестік жүйеден азат болуға деген ұмтылыстың белгісі ретінде Тәуелсіздік идеясымен сабақтасқан тарихи кодқа айналды. Бұл оқиғалар ұлттық нарративтің негізгі өзегін құрайды және ұлт мүшелерінің бірегей тарихи тағдырын еске түсіріп, ұлттық бірлікті қайта-қайта жаңғыртып отырады. Осыған ұқсас орыс халқының тарихи жадында 1812 жылғы Отан соғысы (Наполеонға қарсы күрес), Ұлы Отан соғысы (1941–1945) ерекше орын алады. Бұл оқиғалар халықтың батырлығы мен төзімділігін айшықтайтын символдық нарративтерге айналып, ұлттың жадына ерлік пен отансүйгіштік үлгісі ретінде сіңірілді. Сонымен қатар Куликово шайқасы (1380 ж.) да Мәскеу князьдігінің татар-моңғол езгісінен азаттық символы ретінде тарихи санада ерекше мәнге ие. Ағылшындардың ұжымдық жадында Тюдор дәуірі, Өнеркәсіптік революция, Британ империясының өрлеуі мен күйреуі сияқты оқиғалар бар. Мәселен, Шекспир дәуірі немесе Черчилльдің соғыс кезіндегі сөзі – бұл да ұлттың рухын көтеретін, ұжымдық бірегейлікке қызмет ететін тарихи-мәдени символдар. Сонымен қатар Британ монархиясы, Британ флот күшінің қуаты, Трафальгар шайқасы, Дюнкерк операциясы сияқты оқиғалар да ұлттық мақтаныш пен тарихи мифке айналған. Осылайша ұлттың тарихи жадындағы осындай нарративтер, символдар мен мифтер – оның ішкі тұтастығын қамтамасыз етіп, ұлттық бірегейліктің идеологиялық, мәдени және психологиялық негізін қалыптастырады. Олар ұлттың өткенін ғана емес, бүгінгісін және болашағын да түсінуге мүмкіндік беретін ұжымдық еске түсіру тетіктері болып табылады. Адам жадындағы мұндай эпизодтар – ұлттық бірегейлікті қайта-қайта «жаңғыртып», оны ұжымдық санада тірілтіп отыратын нарративтік құрылым.

Ұлттық ерекшелік белгілі бір ұлт өкілдерінің тарихи, мәдени, рухани тәжірибесі негізінде қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын құндылықтар жүйесі, әлеуметтік нормалар мен рөлдер, тілдік, мінез-құлықтық, символдық кодтар жиынтығын құрайды. Бұл ерекшеліктер әлеуметтену үдерісінде қоғам мүшелеріне дарып, адам санасында ұлттық сәйкестік сезімін қалыптастырады. М. Вебердің көзқарасы бойынша, ұлт – ортақ саяси мүдделер мен мәдени дәстүрге негізделген әлеуметтік қауымдастық. М. Вебер ұлттық ерекшелікті этностық сипаттан гөрі қоғам мүшелерінің өздерін белгілі бір тарихи тағдырмен, құндылықпен байланыстыру сезімі деп сипаттайды [71]. Бұл тұрғыдан келгенде, ұлттық ерекшелік – азаматтардың саяси және мәдени бірлікке ұмтылысының көрінісі.

Пьер Бурдьё ұлттық ерекшелікті *әлеуметтік габитус* (habitus. лат. қалып, түр, болмыс) ұғымы арқылы түсіндіреді. Габитус – адамның күнделікті тәжірибе барысында бойына сіңірген мәдени ерекшеліктері, бейімдері мен әрекет үлгілері. П. Бурдьенің теориясы негізінде ұлттық ерекшелік дегеніміз – адам денесінде, жүріс-тұрысында, сөйлеу мәнерінде, әлеуметтік реакцияларында байқалатын «жасырын кодтардың» жиынтығы [72]. Адам өзі өскен ортадан алған үлгісі арқылы әрекет етеді. Өз өмірін көргені бойынша құрастырады. Сондықтан бір

тілде сөйлеп, бір билікке бағынатын, бір мәдениеттің өкілдері ұлтты құрай отырып, өздерінің қалыптасқан ережелері бойынша өмір сүреді. Дүниеге келетін келесі ұрпақ сол әрекеттерді қайталауға тырысады. Қазақ тіліндегі «ұлттық» және «ерекшелік» сөздерінің анықтамасына терең үңіліп көрейік: Ұлттық – сын. 1. Белгілі бір ұлтқа тән, ұлтқа қатысты; ұлт ерекшеліктерін көрсететін, қамтитын» [73]. Ал «ерекшелік – зат. Өзгешелік, айрықшалық, өзіндік қасиет» [74]. Яғни белгілі бір ұлтқа ғана тән, сол ұлтты айқындап тұратын негізгі белгілер ұлттық ерекшелікті құрайды. Мысалы, қазақ халқының дастархан басындағы мінез-құлық нормалары, шешендік дәстүрге құрылған сөйлеу стилі, ересектерге құрмет көрсету секілді ерекшеліктер – ұлттың әлеуметтік габитусының көрінісі. Орыс халқына тән әлеуметтік габитус православиялық сеніммен, ұжымшылдық пен төзімділік, эмоцияны ашық білдіру сияқты ерекшеліктермен сипатталады. «Русская душа», «судьба» сияқты ұғымдар – орыс халқының мәдени габитусының негізгі кодтары. Ағылшын қоғамының әлеуметтік габитусы жеке кеңістікке құрмет, сабырлылық пен ұстамдылық, этикеттің сақталуы, қоғамдық тәртіпті бірінші орынға қою сияқты нормаларға негізделген. Сөйлеу дискурсында жанама баяндау, иә дегеннің өзінде тіке айтпау, әзіл мен иронияны шебер қолдану – ағылшын мәдениетінің қалыптасқан мінез үлгілері. «Keep calm and carry on» (сабыр ет те, ісінді жалғастыр) сияқты сөз тіркестері ағылшынның өзін-өзі ұстау стилін, габитусын айқын сипаттайды. Әр ұлттың әлеуметтік габитусы – оның мәдениетінде қалыптасқан дағды, әдет, тыйым мен рұқсат жүйесінің көрінісі. Бұл жүйе тұлғаның ішкі болмысын ғана емес, ұлттың дискурстық құрылымын да анықтайды. Сондықтан дискурсты зерттегенде ұлттық габитус элементтерін тану – мәдени-тілдік мәнмәтінді толық түсінудің алғышарты.

Ұлттық ерекшелік тек жеке индивидтің ішкі сезімі немесе мінез-құлық үлгісі емес, сонымен бірге қоғамдағы әлеуметтік институттар мен құрылымдарда көрінетін тұрақты жүйе. Мәселен, отбасы институты арқылы ұлттың дәстүрі мен құндылығы беріледі, білім беру жүйесі арқылы ұлттық тарих, тіл, мәдениет оқытылады, дін арқылы ұлттық рухани кодтар сақталады. Қазақ қоғамындағы институттар тек функционалдық құрылым ғана емес, ұлттық болмысты тасымалдаушы рөл атқарады. Заманауи әлеуметтанушы Энтони Гидденс ұлттық ерекшелікті жаһандану үдерісіне жауап ретінде пайда болатын рефлексиялық әрекет деп сипаттайды [75]. Қазіргі таңда ұлттық ерекшелік – таңдау, тәрбие, тәжірибе, ұжымдық жад арқылы қалыптасатын көпқырлы ұғым. Әлеуметтану ұлттық ерекшелікті қоғамның өзін-өзі тану, ұйымдасу және өзгеден ерекшелену тетігі ретінде қарастырады. Бұл – ұлттың тарихи жадында сақталған, институттар арқылы берілетін, әлеуметтік қатынастар мен күнделікті тәжірибеде көрінетін символдық, құрылымдық және мәдени-әлеуметтік жүйе.

Тіл – ұлттық бірегейліктің өзегін құрайтын басты құрал. М. Хайдеггер: «Тіл – болмыстың үйі» десе [76], қазақ халқы үшін тіл – тек коммуникация құралы емес, дүниетанымның және болмыстың тілі. Қазақ тіліндегі «обал», «сауап», «ар», «ынсап» сияқты сөздердің баламасы басқа тілдерде толықтай

табылмайды. Бұл сөздер – ұлттың психоэмоционалдық, дүниетанымдық, этикалық құрылымының көрінісі. Осыған ұқсас мысалдарды басқа тілдерден де кездестіруге болады. Мысалы, орыс тіліндегі «тоска» сөзі – қазақша сағыныш, күйзеліс, жалғыздық деген баламалармен берілгенімен, бұл сөздегі рухани күйзеліс пен өмір мәнінің жоғалуы сынды философиялық реңк толық жеткізілмейді. Ағылшын тіліндегі *serendipity* сөзі – күтпеген жерден сәттілікке тап болу құбылысын білдірсе де, оның мәдени мәнмәтіні мен лексикалық колориті қазақ немесе орыс тілдерінде дәл берілмейді. Осы тұрғыда Ю. Степановтың «мәдени константтары» (мәдени тұрақтылар) теориясын қолдануға болады [77]. Ұлттық тіл – мәдениеттің коды ғана емес, оны танудың кілті. Ұлттық ерекшелік дискурста анық көрінеді.

Қазіргі дискурстық теориялар (М. Фуко, Н. Фэйрклаф, Ван Дейк) ұлттық бірегейлікті дискурстық құрылым ретінде қарастырады. Бұл дегеніміз – ұлттық бірегейлік тек қана дәстүр мен символдар арқылы берілмейді, қоғамдағы сөйлеу тәжірибесінде, медиа, білім беру, саяси риторика арқылы да қалыптасады. Мысалы, оқулықтарда қолданылатын сөздер, ұлттық идеологияны насихаттайтын медиа материалдар, саяси дискурс, отбасы дискурсы – бұлардың бәрі де ұлттық бірегейлікті қолдайтын дискурстық тәжірибе.

Психология мен философияда ұлттық бірегейлік – адамның өзіндік идентификациясының (өзін ұлтпен сәйкестендіруінің) бір формасы ретінде танылады. Бұл – адамның «Мен кімін?», «Мен қай мәдениетке жатамын?» деген сұрақтарға жауап беруі арқылы қалыптасатын экзистенциалдық қабат. Э. Эриксон мен Г. Тажфел секілді зерттеушілер бұл үдерісті әлеуметтік идентификация ретінде түсіндіріп, адам өз ұлтын тану арқылы өзіне деген сенімділік, топқа қатыстылық сезімін, мақтаныш пен парыз сезімін дамытады деп санайды [78]. Ұлттық ерекшелік пен ұлттық бірегейлік – этнос пен ұлттың тарихи-мәдени болмысын айқындайтын, оның басқа халықтардан айырмашылығын танытатын негізгі ұғымдар. Бұл екеуі – ұлттың өзіндік келбетін, рухани-мәдени тәжірибесін, дүниетанымдық бағдарын сипаттайтын маңызды категориялар. Ұлттық ерекшелік – белгілі бір халықтың тілі, діні, дәстүрі, тұрмыс-салты, құндылық жүйесі, өнері, тарихи жады мен символдары арқылы көрініс табатын, ұлттың басқа ұлттардан дараланатын сипаты. Ол ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын мәдени кодтар жүйесі арқылы сақталады және ұлттың әлеуметтік, саяси, мәдени дамуына ықпал етеді. Ал ұлттық бірегейлік (ұлттық идентификация) – жеке адам мен қоғамның өзін белгілі бір этникалық-мәдени қауымдастықтың мүшесі ретінде сезінуі мен сол қауымдастыққа тән құндылықтарды, салт-дәстүрлерді, тіл мен дінді, тарихи жадты өз болмысының негізі ретінде қабылдауы. Бұл – адам санасында қалыптасатын, мәдени, тарихи және психологиялық факторлардың ықпалымен орнығатын танымдық құрылым. Ұлттық бірегейлік ұлттың ұжымдық «Менін» құрайды және ұлтты біріктіруші фактор ретінде қызмет атқарады. Бұл бірегейлік тіл, діл, дәстүр, тарихи сана, символдар, киім үлгілері, тағам түрлері, өнер, фольклор, тұрмыстық әдет-ғұрыптар арқылы бекіп, жеке тұлғаның өмір салтына

сіңеді.

Осы тұста құндылықтар жүйесі де ұлттық сипат алатыны анық. Құндылық – жеке адамның немесе тұтас қоғамның жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрыс, қасиетті мен қасиетсіз деп бағалайтын ұстанымдарының жиынтығы. Бұл ұстанымдар ұлттық санада белгілі бір тарихи тәжірибе мен мәдени орта арқылы қалыптасып, ұлттың өзегіне айналады. Мәселен, қазақ халқына тән қонақжайлылық, үлкенге құрмет, туыстық байланысқа адалдық, намыс пен арды жоғары қою, жер мен ата-баба рухына деген құрмет – осы ұлттың ғасырлар бойы сақтап келген құндылықтары. Мұндай құндылықтар тек жеке мінез-құлық нормасы емес, олар ұлттың тарихи жадымен, өмір салтымен, тұрмыстық тәжірибесімен сабақтасып жатқан дүниелер.

Құндылықтар жүйесі уақытпен өзгеріп отырса да, оның түп негізі ұлттың тарихи тәжірибесінде, дүниетанымдық негізінде қалыптасады. Осылайша, ұлттық құндылықтар – ұлттық ерекшелікті бекітуші, ұлттық бірегейлікті сақтаушы күш болып табылады. Олар ұлттық идеологияның тірегіне айналып, ұлттың рухани тұтастығын қамтамасыз етеді. Сондықтан ұлттық ерекшелік, ұлттық бірегейлік және құндылықтар – бір-бірімен өзара тығыз байланысты, ұлт болмысының тіршілік иесі ретіндегі рухани, мәдени, әлеуметтік өлшемдерін айқындайтын тұтас ұғымдар жүйесі. Осы айтылған мәселелерді жинақтап, «ұлттық ерекшелік» ұғымының анықталу бағыттарын 3-кестемен ұсындық.

Кесте 3 – «Ұлттық ерекшелік» ұғымының анықталу бағыттары

№	Ғылыми бағыт / мектеп	Ұғымды түсіндіру тәсілі	Негізгі ғалымдар	Ұлттық ерекшелік анықтамасының өзегі
1	Конструктивистік бағыт	Ұлт пен ұлттық ерекшелік әлеуметтік-конструкциялық құбылыс ретінде жасанды түрде қалыптасады	Б. Андерсон, Э. Хобсбаум, Т. Рейнджер, К. Калхун	Қиялдағы қауым, ойлап табылған дәстүрлер, символикалық құрылым ретінде
2	Этносимволизм	Ұлттық ерекшелік этникалық қауымдық негізден туады	Э. Смит	Тарихи миф, мәдени код, ортақ жады арқылы
3	Психоәлеуметтік бағыт	Ұлттық ерекшелік – тұлғаның өзін ұлтпен сәйкестендіру сезімі	Э. Эриксон, Г. Тажфел	Ұжымдық сана, идентификация, психологиялық қатыстылық
4	Коммуникативті-дискурстық бағыт	Ұлттық ерекшелік тіл мен дискурста жасалады	Н. Фэйрклаф, Т. ван Дейк	Ұлттық дискурс, саяси/медиа мәтіндер, сөйлеу тәжірибесі
5	Семио-мәдени бағыт	Ұлттық ерекшелік мәдени таңбалар жүйесі арқылы көрінеді	Ю. Лотман, Р. Барт, Ю. Степанов	Таңбалар, мифтер, символдар, мәдени мәтін
6	Әлеуметтану бағыты	Ұлттық ерекшелік – әлеуметтік институттар мен габитус негізінде қалыптасатын жүйе	М. Вебер, П. Бурдьё, Э. Дюркгейм	Әлеуметтік габитус, құндылықтар жүйесі, институттық тәжірибе

3-кестеде көрсетілгендей, ұлттық ерекшелік ұғымы пәнаралық мәнмәтінде қарастырылып, әр теориялық мектеп өзіне тән түсіндірме ұсынады. Конструктивистік бағыт ұлттық ерекшелікті тарихи-саяси сценарийлер мен символдар арқылы жасалатын қиялдағы құрылым ретінде бағаласа, этносимволизм оны этнос жады мен мәдени мифтерге негізделген табиғи сабақтастық деп сипаттайды. Психоәлеуметтік тұрғыдан алғанда, ұлттық ерекшелік – тұлғаның өзін белгілі бір қауыммен сәйкестендіруі нәтижесінде қалыптасатын ұжымдық сана мен психологиялық қатыстылық сезімі. Коммуникативті-дискурсивтік бағыт бойынша ұлттық ерекшелік тіл мен дискурс арқылы жүзеге асатын прагматикалық, риторикалық құрылым ретінде көрінеді. Ал семиотикалық және мәдениетаралық зерттеулер оны мәдени кодтар мен таңбалар жүйесінде өмір сүретін көпқабатты мәнмәтін ретінде қарастырады. Әлеуметтану мектептері ұлттық ерекшелікті әлеуметтік институттарда орныққан «габитус» – ұлт өкілдерінің бойына сіңірілген мәдени дағдылар, әрекет үлгілері мен құндылықтық бағдарлар жиынтығы ретінде талдайды.

Қорыта айтсақ, ұлттық ерекшелік – тарихи, мәдени, әлеуметтік, тілдік және психологиялық факторлардың тоғысында қалыптасатын кешенді феномен. Сондықтан біз коммуникативтік-дискурстық бағыт өкілдерінің тұжырымдарын негізге ала отырып, ұлттық ерекшелік ұғымының когнитивтік, лингвомәдени, дискурстық аспектілеріне арнайы тоқталамыз.

1.3 Ұлттық ерекшелік ұғымының когнитивтік, лингвомәдени, дискурстық аспектілері

Ұлттық ерекшелік ұғымы әртүрлі зерттеу салаларының нысаны саналады. Ұлттық ерекшелік ұғымының когнитивтік, лингвомәдени және дискурстық аспектілері – бұл ұлттың болмысын, дүниетанымын және тілдік санасын кешенді түрде тануға мүмкіндік беретін өзара байланысты үш өлшем. Бұл аспектілер ұлттық ерекшелікті тек сыртқы белгілер арқылы емес, ұлттың танымдық, мәдени, тілдік және коммуникативтік құрылымдарында қалай көрініс табатынын тереңнен пайымдауға негіз болады.

Когнитивтік тұрғыда ұлттық ерекшелік – бұл ұлт өкілдерінің әлемді қабылдау, түсіну және тану ерекшеліктерінің жиынтығы. Адамның әлем туралы түсінігі оның мәдени ортасына, тіліне және тарихи тәжірибесіне байланысты қалыптасады. Когнитивтік лингвистика тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде емес, адамның ойлау жүйесі мен санасының ажырамас бөлігі ретінде зерделейді. Бұл бағыт тілдік білімді адам миындағы ойлау әрекетінің жемісі, күрделі ассоциативті құрылымдар жүйесі әрі болмысты танудың ішкі рухани тәсілі деп түсіндіреді. Когнитивтік зерттеудің басты жаңалығы – тілге тек құрылымдық тұрғыдан емес, оның танымдық табиғаты тұрғысынан қарауында. Бұл ғылым саласындағы басты мәселелердің бірі – когнитивтік мағына. Яғни тілдік бірліктердің мазмұны адамның ойлау әрекетімен және дүниені тану тәсілімен сабақтастырыла талданады. Осы тұрғыдан «әлем бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі», «әлем моделі» мен «когнитивтік модель» сияқты ұғымдар басты

категориялар болып саналады. Когнитивтік мағына тіл арқылы жеткізілетін танымдық дерек ретінде қабылданса, когнитивтік семантика сол деректің тілде қалайша бейнеленіп, құрылымдалатынын айқындайды. Демек, ұлттық ерекшелік ұжымдық санада орныққан концептілер мен ментальдық модельдер арқылы көрінеді. Концептілер тілдегі тұрақты тіркестерде, мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде, символдық бейнелерде сақталып, ұлттың когнитивтік кеңістігін көрсетеді. Яғни, ұлттық ерекшелік – тіл иесінің санасындағы әлем бейнесінің ұлттық сипаты.

Лингвомәдениеттаным ұлттық ерекшелікті тіл мен мәдениеттің өзара байланысында қарастырады. Ұлттың тілі – оның мәдени тәжірибесінің айнасы, ал мәдениет – тілдің мазмұндық кеңістігін анықтайтын фактор. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық ерекшелік тілдегі мәдени кодтар арқылы көрініс табады. Лингвотанымдық бірліктер белгілі бір этностың өмір салтын, құндылық бағдарын, этикалық және эстетикалық талғамын сипаттайды. Ұлттық ерекшелік осы тілдік құралдар арқылы мәдениеттің терең қабаттарын бейнелейді. Бұл аспект тіл мен мәдениеттің шекарасында орналасқан және ұлттық дүниетанымның символдық формаларын танытады.

Дискурстағы ұлттық ерекшелік нақты коммуникативтік жағдаятта қолданылатын тілдік бірліктер жүйесінде ерекше көрініс табады. Бұл деңгейде ұлттық ерекшелік тек тілдік формалар арқылы ғана емес, сөйлеушінің мақсаты, ұстанымы, рөлі, әлеуметтік мәртебесі және ұлттық мәдениеті арқылы да айқындалады. Дискурстық нормалар ұлтқа тән сөйлеу әдетін, тілдік мінезді қалыптастырады. Сонымен қатар медиадискурс, саяси дискурс, көркем дискурс, тұрмыстық дискурс сияқты салаларда да ұлттық ерекшеліктер нақты сөйлеу тәсілдері, вербалды және бейвербалды құралдар арқылы көрінеді. Сондықтан біз зерттеу барысында ұлттық ерекшеліктердің саяси дискурста көрінуіне де назар аудардық. Саяси дискурс қоғамдық-саяси қатынастарды бейнелей отырып, мәдени және ұлттық ерекшеліктерді танытады. Саяси дискурстың негізгі қызметінің бірі – өзінің тыңдаушыларын сендіруге ықпал ету, адамдардың назарын жасырын манипулятивтік тәсіл арқылы аудару. Осы мақсатта саясаткерлер экспрессивті тілдік бірліктерді кеңінен қолданып, кез келген жағдайдан сөйлеу мәдениеті арқылы шыға біледі. Әрбір саясаткер ұлттық бірегейліктің, өз саяси амбициялары мен құндылықтарының, мәдени қағидаттарға беріктігінің маңыздылығын айқындайды.

Мысалы, Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына ант беру рәсімінде сөйлеген сөзінде Конституцияға, сондай-ақ Президенттің құқықтары мен міндеттеріне жүгінуінің терең символикалық мәні бар, сол арқылы ол ұлттық құндылықтардың – заңға құрмет, әділеттілікке сену және мемлекеттік қызметтің жоғары маңыздылығын көрсетеді. «Саяси дискурстың ұлттық ерекшеліктері» мақаласында Қасым-Жомарт Тоқаевпен қоса, белгілі саясаткерлер Тереза Мэй, Дональд Трамп және Ангела Меркельдің сөздері талданып, нәтижесінде саяси дискурстағы ұлттық бірегейлік, саяси амбициялар және мәдени құндылықтар маңыздылығы анықталды [79].

Сондай-ақ, EBSCOhost дерекқорларынан іріктелген дискурстың әртүрлі түрлеріндегі ұлттық ерекшеліктерге арналған зерттеу жұмыстарына жүргізілген жүйелі шолу жұмысының нәтижесі ағылшын мәдениетінің мономәдениетті және мәдениетаралық зерттеулерде басым екенін көрсетіп, ал қазақ және орыс мәдениеттері жеткілікті деңгейде зерттелмегендігін көрсетті [80].

Ұлттық ерекшелікті когнитивті, лингвомәдени, дискурстық аспектіде талдау барысында барлығына ортақ «концепт» ұғымы алға шығады. Концепт деңгейіндегі ұғымдар тұтас адамзат үшін және жекелеген ұлт үшін немесе белгілі бір әлеуметтік топ үшін ортақ болып саналады. Концепт ұғымы дүниенің тілдік бейнесі, әлемнің тілдік суреті сынды түсініктермен де байланысты қарастырылады. Біз дүниенің тілдік бейнесі дегенде белгілі бір ұлттың дүние туралы, әлемдегі заттар мен құбылыстарға қатысты тілінде қалыптасқан ұғымдарын атаймыз. Мұндай ұғымдар жай ұғым емес, концептілік деңгейге көтерілген ақпараттар тізбегін құрайды. Кез келген ұлттың тілінде белгілі бір нәрсеге қатысты қалыптасатын ақпараттар болады. Аталған ақпараттардың не жағымды, не жағымсыз эмоция туғызатынын тілдік бірліктер арқылы анықтай аламыз. Тіл – ұлттың мәдени кодын, дүниетанымын және менталитетін жеткізуші әрі сақтаушы бірден-бір құрал. Ал дискурс – осы тілдік жүйенің нақты коммуникативтік актілерде іске асуы. Дискурс тек тіл емес, ол – сол тілде сөйлейтін қоғамның әлеуметтік, мәдени, когнитивтік құрылымдары мен дүниетанымдық үлгілерін бейнелейтін күрделі құбылыс. Осы орайда тіл мен дискурстың ұлттық ерекшелігін анықтауда тілдік концептілер маңызды зерттеу нысанына айналады. Концепт – ұлттық сана коды. Когнитивтік лингвистикадағы «концепт» ұғымы тіл мен ойлаудың тоғысқан тұсын бейнелейді. Бұл – ұлттың ұжымдық санасында орныққан, белгілі бір сөздермен, бейнелермен, ассоциациялармен байланысатын ментальді құрылым. Мысалы, қазақ мәдениетіндегі «Қонақ» концептісі – жай ғана келген адам емес, ол – ырыс әкелуші, құтты жан, жоғары мәртебелі тұлға. Бұл ұғым қазақ дискурсында тек сөздік деңгейде емес, салт-дәстүр, мақал-мәтел, шешендік сөздер, мінез-құлық үлгілері арқылы жүзеге асады. Ал еуропалық немесе орыс мәдениетіндегі «гость» ұғымы, көбінесе, уақытша қатынас ретінде сипатталады.

Дискурс – тілдік қарым-қатынастың нақты тарихи, әлеуметтік, мәдени мәнмәтінмен байланысқан түрі. Ол тек тілдік таңбалар жиынтығы емес, сол қоғамның идеологиясы, құндылықтары, этникалық және тарихи тәжірибесі арқылы қалыптасқан. Дискурсты ұлттық тұрғыдан қарастыру – әр ұлттың «дүниені тану, бағалау және бейнелеу тәсілдерін» анықтау деген сөз. Мысалы, қазақ дискурсында *ар, намыс, абырой, қамқорлық, үлкенге құрмет, тектілік, ақ батаның күші* сияқты ұғымдар жиі кездесіп, олар концептілік деңгейде тілдік таңбалармен (мысалы, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, прецеденттік мәтіндер) жүзеге асады. Осы арқылы дискурстағы ұлттық ерекшелік – арнайы таңдалған тілдік құралдар мен мағыналық құрылымдардың жиынтығынан көрінеді. Зерттеуші Л. Дальбергенова әлемнің тілдік бейнесінің түзілуі арқылы әлемдегі ақпараттардың категорияға бөлінетіндігін айтады [81, с. 33]. Жалпы

адамзаттық түсініктердегі «үй», «бақыт», «махаббат», «достық» сынды категориялар концептілер түзіп, әр халықтың тілдік арсеналында түрліше көрініс тауып отырады. Ғалым Э. Сулейменова әлемнің тілдік бейнесі ұғымының «әлем бейнесі» ұғымымен тең емес екендігін айтып, әлемнің тілдік бейнесі ұғымының «әлем бейнесі» ұғымының бір бөлігі екендігін атап өтеді [82, б. 126]. Адам өзінің өмір сүру барысында белгілі бір заттар мен құбылыстарға байланысты ой түйеді, түсінік қалыптастырады. Бұл, негізінен, адамның ойлау тетігіне тікелей байланысты болады, жалпы «әлем бейнесі» түзіледі. Ал әлем бейнесінің көрінісі тілде арнайы таңбалар арқылы, тілдік бірліктер мен сөз қолданыстары арқылы қалыптасқан жағдайда ғана «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын түсіндіре алады.

Дискурстың ұлттық ерекшеліктерін зерттегенде, ең алдымен, базалық концептілер мен олардың репрезентация формалары маңызды. Бұл тілдік репрезентацияларға мыналар жатады:


– Мақал-мәтелдер. Оларда концептілер жинақталған, стереотиптелген түрде беріледі. Мысалы, «Қонақ аз отырып, көп сынайды», «Атаның қанымен, ананың сүтімен» деген тіркестер қонақжайлық, отбасылық тәрбие секілді концептілердің көрінісі.

– Фразеологизмдер. Мысалы, «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», «тектіден текті туады» сияқты тіркестер үздік, озық адамның үлгісін сипаттай отырып, тектілік концептісін білдіреді.

Ұлттық концептілердің сипатын когнитивтік құрылымы ерекшелейді. Концепт тек сөздің синонимі емес, ол көпқабатты құрылым: оның алғашқы қабатын өзек құрайды. Өзек (core) – концепттің барша қоғамға ортақ, әмбебап мағынасы (мысалы, «ана» – туыстық қатынас, баланы дүниеге әкелуші). Екінші қабаты шеткері қабат деп аталады, оған жеке мәдениетке тән эмоционалды, бағалаушылық, бейнелі мағыналар кіреді (мысалы, қазақ мәдениетінде «ана» – қазақта елдің тірегі, ұлттың тәрбиелеушісі, орыс мәдениетінде «мать» – самоотверженность (жанкештілік), терпение (сабырлық), жертвенность (құрбан болу), ағылшын мәдениетінде «mother» – caring (қамқор), nurturing (тәрбиелеуші), protective figure (қорғаушы тұлға). Үшінші қабат – ассоциативті қабат. Бұл қабатқа көркем мәтіндер мен дискурстарда пайда болатын бейнелі өрістер (мысалы, қазақ мәдениетінде ана образы – жер, құт, шапағат символы ретінде көрінуі, орыс мәдениетінде мать концепті жиі Родина-мать (Отан-Ана) образына ұқсастырылып, ел мен жердің символы ретінде көрінеді, ағылшын мәдениетінде де mother образы жиі Mother Earth (Жер-ана), Mother Nature (Табиғат-ана) ұғымдарымен байланысты.

Концептінің бойында адамның ішкі ой әлемі, оның өмірінде мәні зор ақпараттар қоры мен шынайы өмір туралы жинақтаған танымы жатыр. А.Ю. Маслова әртүрлі анықтамаларды саралай келе, концептіні «белгілі бір этномәдени қауымға тән, тіл мен мәдениеттің ерекшелігін айқындайтын семантикалық құрылым», - деп түсіндіреді [83, с. 47]. Демек, концепт – ұлттық әрі мәдени тәжірибе негізінде адам санасында сақталған білім мен түсініктердің жиынтығы. Бір ұлт үшін ол белгілі бір ақпараттық желіні қамтыса, басқа ұлт өкілі

үшін тек сөз деңгейінде қабылдануы мүмкін. Өйткені әр халықтың санасында бір ұғым түрліше бейнеленеді. Осыған байланысты «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымының әрбір этноста өзіндік сипатқа ие екені анықталады. Концептіні бірнеше топтарға жіктеуге болады [83, с. 50]. Оны төмендегі суреттен көруімізге болады (1-сурет):



Сурет 1 – Концептінің түрлері (А.Ю.Маслованың жіктемесі бойынша)

А.Ю. Маслова өзінің «Когнитивті лингвистикаға кіріспе» атты еңбегінде адам танымында қалыптасқан концептілерді бірнеше топқа бөліп көрсетеді [83, с. 75]. Ол жіктелім мынадай бағыттарды қамтиды:

1. Әлемге қатысты ұғымдар – кеңістік, уақыт, сан, туған жер, таңғы тұман, қысқы кеш, табиғат құбылыстары (су, от, ағаш, гүл және т.б.);
2. Адамды сипаттайтын түсініктер – интеллигент, ақымақ, данышпан, дуана, жиһанкез;
3. Адамзаттық құндылықтарына байланысты концептілер – ар, ұят, күнә, шындық, шынайылық;
4. Әлеуметтік қатынастар мен қоғамдық түсініктер – еркіндік, ерік, достық, соғыс;
5. Эмоциялық күйді бейнелейтін концептілер – бақыт, қуаныш;
6. Артефактілер әлеміне қатысты ұғымдар – ғибадатхана, үй, геральдика т.б. [83, с. 75].

3. Попова мен И. Стернин концептілерді жүйелеуде оларды әртүрлі аспектілерге бөліп қарастырады [84, с. 137-141]. Ғалымдардың пайымынша, концептілердің сипаттамасы мынадай қырлар арқылы ашылады:

- Материалдық-заттық қыры – салмақ, ұзындық, көлем, түс, беріктік секілді қасиеттер;
- Биологиялық қыры – денсаулық жағдайы, жалпы биологиялық күй;
- Мезгілдік қыры – уақытқа тән сипаттамалар, өмір сүру ұзақтығы;
- Кеңістік – объектінің қолданылатын, жасалатын немесе орналасатын орны;
- Құрылымдық қыры – объектінің жетілу деңгейі, сыйымдылығы, күрделілігі немесе қарапайым элементтері;

– Әлеуметтік-психологиялық қыры – адамның білім дәрежесі, кәсіби және мәдени деңгейі, өмірлік тәжірибесі;

– Қолданыс-қызметтік қыры – жылдамдық, қуат, икемділік, белсенділік, өнімділік секілді сипаттар;

– Тәжірибелік қыры – күнделікті қолданыстағы қажеттілігі, қоғамға тигізер пайдасы;

– Қоғамдық мәні – әлеуметтік маңызы, материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі;

– Әлеуметтік-мәдени қыры – объектіні пайдаланушылар және қоғам дамуының материалдық деңгейінің көрініс табуы. Сонда ғалымдардың пайымдауынша, концептілерді жүйелеу және оларды белгілі бір категорияға топтастыруда алдыңғы тарауда көрсетілген түрлі аспектілер басшылыққа алынады. Әр халықтың тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі мен күнделікті өмір салтына байланысты өзіндік концептілері қалыптасып, соның негізінде ұлттық концептілік ая түзіледі. Сондықтан әр этностың санасында сақталған білім қоры мен тәжірибесіне қарай концептілердің де түр-түрі болады. Концепт ұлтқа тән құндылықтарды, мәдени мұра жинақтайтын мазмұндық жиынтық ретінде танылады. Концептілердің адам санасында белгілі бір жүйеге тоғысуын концептілеу (концептуализация) деп атаймыз. Бұл үдеріс әртүрлі факторларға тәуелді. Н.Н. Болдырев өзінің «Типология концептов и языковая интерпретация» еңбегінде концептілерді бірнеше қырынан талдап, олардың құрылымдық, мазмұндық, тақырыптық және жүйелік типологияларын атап өтеді. Ол концептілерді топтастырудың қатаң бірізді ережесі жоқ екенін айтады. Себебі уақыт талабына, қоғамдық өзгерістерге және әр ұлттың дүниетанымына сай концептілер үнемі өзгеріп, жаңа тармақтарға жіктеліп отырады [85, с. 18-20].

Тіл – үздіксіз дамитын құбылыс. Белгілі бір кезеңде жиі қолданылған сөздер уақыт өте келе пассив қабатқа өтуі мүмкін. Сол сияқты, халық үшін маңызды болған концептілер де маңызын жоғалтып, ұмытылуы ықтимал немесе керісінше, жаңа мазмұнмен толығып, қайта жанданады. Өйткені тілді қоғамнан, әлеуметтік ортадағы өзгерістер мен құбылыстардан тыс қарастыру мүмкін емес.

Концепт сөз бен мағынаға жақын болғанымен, олармен толықтай теңестірілмейді. Себебі концепт жекелеген сөздер арқылы көрініс таба алғанымен, оны айқындауда басқа да тілдік құралдар қатысады. Сол себепті концепт пен сөз арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. Адам санасында жасырын жатқан ұғымдар мен түсініктер тек лексемалар арқылы емес, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, бейнелі тіркестер сияқты әртүрлі тілдік бірліктер арқылы да айқындалады.

Сөз – концептуалды білімге жол ашатын басты тетік. Ол арқылы адам ойлау әрекетін жүзеге асырып қана қоймай, өзге де концептуалды белгілерін іске қосады. Тілдік атау, басқаша айтқанда, адамға концептіні танып-білуге және оны ойлау жүйесінде қолдануға мүмкіндік беретін кілт рөлін атқарады. Сөз біздің санамызға концептіні «енгізіп», ойлау үдерісінде белсенді етеді. Осы тұрғыда концепт мағынамен тығыз байланыста болады. Адамның санасы ми қызметіне

сүйене отырып, болмыстың объективті және субъективті қырларын бейнелейді. Когнитивтік лингвистика психология, философия, әлеуметтану және мәдениеттану ғылымдарымен астасып жатады. Себебі тіл арқылы қарым-қатынас жасау адамның психологиялық болмысына, ойлау жүйесіне, өмірді түсіну мен қабылдау қабілетіне, қоғамға араласуына және мәдени тәжірибесіне тәуелді. Сондықтан концептінің қалыптасуы мен сөз арқылы тілде бекуі экстралингвистикалық факторлар ықпалымен де жүзеге асады. Концепт және мағына екеуі де шынайы болмысты бейнелеуші қызмет атқарады. Бұл ұғымдар қоршаған ортадан алынған ақпараттарды адам санасына жинақтап, оны бейнелеу мен интерпретациялауға мүмкіндік береді. Алайда концепт адамның когнитивті ойлауы нәтижесінде туындаған өнім болса, мағына – тілдік сананың өнімі. Мағына концептімен тең түсе алмайды, тек концептінің бір бөлшегі ретінде құрамында өмір сүреді. Өйткені концепт адам санасында тілдік және тілдік емес ақпараттардың үлкен жиынын қамтитын күрделі құрылым болып саналады. Ж. Қошанова «Қазақ тіліндегі «Байлық-кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі» атты диссертациялық жұмысында «байлық-кедейлік» концептісін құрайтын тілдік бірліктерді танымдық тұрғыдан талдап көрсетеді. Сонымен қатар, «байлық-кедейлік» концептісін этнолингвистикалық аспектіде зерттеп, қазақ тілінде қалыптасқан тілдік бірліктер мен сөз қолданыстарын саралайды. Аталған қарама-қарсы концептілерге тікелей және жанама қатысты сөздерді бөліп көрсетеді. Сондай-ақ, «байлық-кедейлік» концептісіне жататын төре, бек, бибатыр, ұлық, жоқ, кедей, құл, малай, жарлы, шығай, қарашы, төлеңгіт, жатақ, қарашекпен, батырақ сынды жекелеген концептілерді тарқата қарастырады. Ғалым зерттеу жұмысын қорытындылай келе: «Байлық-кедейлік» концептісіне жататын ақпараттық тіл бірліктері өздерінің когнитивтік семантикасына сәйкес ұлттық бейнені, оның ерекшелігін көрсетуде айрықша мән-мазмұнға ие», – дейді [86, б. 26]. Мұнда ғалым қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік» оппозициялық концептілік аясын талдау арқылы, аталған концептінің функционалдық өрісін түзетін тілдік бірліктер қатарын анықтап, нақтылы мысалдар бойынша дәлелдей түседі.

Қазақ тіл біліміндегі зерттеулер антропоэзектік арнаға бет бұрғаннан кейін тілдің когнитивтік қыры мен концептілік жүйесін қарастыру негізгі бағыттардың біріне айналды. Бұл салада жазылған еңбектер де, жарияланған мақалалар да аз емес. Мәселен, А. Исламның 2004 жылы қорғалған «Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті» атты диссертациясы қазақ танымындағы *бақыт*, *бақ*, *тағдыр* концептілерін талдауға арналды [87]. Осы бағыттағы еңбектердің қатарында М. Абрахманованың «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигма» [88], Ж. Жанпейісованың «Ақ» пен «қара» концептілерінің оппозициясы мен қызметіне арналған зерттеуі [89], Ж. Ергубекованың «Қазақ батырлар жырындағы «адам» концептісі» [90], Қ. Мукушеваның «XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және «Дала» концептісі» [91] зерттеулерін атауға болады. Бұл зерттеулердің барлығы да қазақ дүниетанымындағы концептілік өрісті ашуға бағытталған. Сондай-ақ

Г.Ә. Мұратованың «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» атты еңбегінде концепт мәселесіне қатысты құнды пайымдаулар жасалып, қазақ тіліндегі күлкі, толық адам, қайғы, өтірік, мақтан, ит концептілері жан-жақты қарастырылды. Зерттеушінің пікірінше: «Концепт – адамның менталды әлеміндегі мәдениеттің басты ұясы. Ал мәдениет, өз кезегінде, концепт пен адам арасындағы байланыстырушы көпір іспетті. Бір жағынан, концепт адамның ішкі әлемінде мәдениетті жеткізуші болса, екінші жағынан, оның мазмұны арқылы адам мәдениет кеңістігіне бойлай еніп, тереңдей түседі» [92, б. 37]. Е.С. Кубрякованың пікірінше, адамзат тәжірибесін жинақтау мен жалпылау тілдің қатысуынсыз жүзеге аса алмайды. Ғалым білім мен ақпараттың жеке адамдар арасында ғана емес, ең бастысы, ұрпақтан ұрпаққа жеткізілуі де тілдің арқасында жүзеге асатынын атап өтеді. Адамзаттың табиғатпен өзара қарым-қатынасы барысында жинақтаған тәжірибелері мен құндылықтары да тілсіз сақталып, келесі ұрпаққа табысталмайды. Ол тіл таңбалық жүйе ретінде өмір сүріп, өзінің басты қызметін, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуді, атқарып отырады [20, с. 36–37]. Тіл арқылы ата-бабалардың тұрмыс-тіршілігінде қалыптасқан тәжірибелері мен ұлттық деңгейге көтерілген құндылықтары ұмытылмай, сақталып қалады. Сондай-ақ С. Жиренов өзінің «XV–XIX ғғ. ақын-жазушылар поэзиясындағы «Өмір–Өлім» концептісінің танымдық табиғаты» атты диссертациясында концептіні бірнеше тұрғыда түсіндіреді. Оның пайымынша, концепт – ойлау, таным және мәдени үдерістердің тоғысқан жиынтығы, адамның санасында ғалам бейнесінің түрлі қырлары ассоциацияланып көрініс табатын құрылым. Сонымен бірге концепт – ұлттық-мәдени сипаттағы танымдық мәнге ие, ғаламның концептуалды бейнесіне қатысты ақпараттарды жинақтап, ой сүзгісінен өткізіп, тіл арқылы бейнеленетін мағыналық бөлшек. «Концепт – тіл мен танымның тоғысуы арқылы дүниені жан-жақты түсінуге, сондай-ақ ұлттық-мәдени танымды ұғынуға мүмкіндік беретін, адам санасында жинақталған аялық білімдер шоғыры, тілдік-танымдық бірлік» [93, б. 8]. Бұл анықтамадағы «ассоциациялану нәтижесі» деген тіркеске ерекше назар аудару қажет. Шын мәнінде, концепт белгілі бір ұғымдардың ассоциация арқылы бірігуінен қалыптасады. Алдымен жекелеген сөздер мен мағыналар адамның ассоциациялық жүйесінде пайда болып, бір-бірімен байланысқа түседі, кейін осы мағыналар мен ұғымдар біртұтас жүйеге шоғырланып, концептіні түзеді.

Психологияда ассоциация бір ақпараттың келесі ақпаратты ілестіріп әкелуі ретінде түсіндіріледі. Сол себепті адам санасында белгілі бір ұғымға қатысты ақпараттар тізбектеліп, жалғаса береді де, олардың жиынтығы концептілік аяға айналады. Бір ұғым келесісін тудырып, олар жинақтала келе концептіні құрайды. Мәселен, «байлық» сөзі ойға оралғанда оған ілесе «ақша», «қазына», «билік», «рухани байлық», «үкімет», «молшылық», «алтын» сияқты сөздер қатар еске түседі. Бұл бір ұғымнан екінші ұғымның туындауы концептінің ассоциациялық табиғатының басты көрсеткіші екенін білдіреді. Дегенмен уақыт өте келе концептіні құрайтын элементтер өзгеруі мүмкін: кейде ұғымдар аясы кеңейеді, кейде тарылып қалады. Өйткені тіл – қоғамдағы құбылыстармен тығыз

байланысты, үнемі қозғалыста болатын динамикалық жүйе. Концепт – тарихи-мәдени сана мен лингвомәдени кеңістікте үнемі жаңғырып, трансформацияланып отыратын құрылым. Бұл жағдай түрлі ұлттар мен мәдениеттердегі концептілік өзгерістерді салыстыра зерттеуге мүмкіндік береді.

Концептілерді зерттеу барысында үш тілдегі бірдей концептінің астарында әртүрлі мағына жасырылуы мүмкін. Мысалы, *байлық*, *хан* ұғымының ортақ және әртүрлі белгілері бар деген қорытындыға келуге болады. Үш тілде де «хан» билеуші, жоғары күш иесі деп түсіндірілгенімен, әр тілде өзіндік лексеманың қолданылуының өзі ұлттық ерекшелікті көрсетеді. Сондай-ақ, халықтың когнитивтік сана-сезімдерінде де ерекшелік байқалады, «хан» концептісіне қатысты жауыздық, ақылдылық және қуаттық образдары үш тілде бірдей анықталғанымен, қазақ тілінде ғана сыйластық образы көрініс табады. Ал «байлық» концептісі ағылшын мәдениетінде материалдық құндылықтарға аса мән берілетіндігі анықталған болса, орыс тілі мен қазақ тілінде «байлық» көбіне ауыспалы мағынада қолданылатындығы байқалады [94].

Адам мен тіл, адам мен дүние (материалдық), адам мен ғарыш, адам мен ғалам, мәдениет пен өркениет, ондағы адам орны сияқты жалпы адамзаттық мәңгілік мәселелердің қай-қайсысы болмасын тілді айналып өтпейтіні белгілі. Ақпараттық технология үстемдік етіп, жаһандану үрдісі кең қанат жайған қазіргі заман тілді «*Табиғат – Адам – Қоғам*» үштігі мәнмәтінінде, адам табиғатымен, этнос, ұлт, халық сияқты тілдік қауымдастықтың тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік өмірімен біртұтастықта қарастыруды талап етеді. Ендігі жерде тіл феноменін тілдің өз ішінде, тілдік жүйенің өзіндік заңдылықтары тұрғысынан зерттеу жеткіліксіз. Заман талабы тіл біліміне пәнаралық сипат дарытып, тілді зерттеудің антропоэзектілік бағытындағы жаңа әдіснамасын жасауды міндеттейді. Тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің нысаны таным объектісінен (тіл, сөзден) сол тілді тудырушы, қолданушы, жарыққа шығарушы адам – субъектіге ауыстырылып, тілдік конструкциялар дүниені «адам призмасы» арқылы көрудің, танудың дәйектемелік негізіне алынады, «тіл мен адамның» аражігі бөлінбей, біртұтастықта сипатталады. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеулер объекіден субъектіге қарай бет бұрып, тіл – субъектінің ең басты конститутивтік белгісі ретінде қарастырылады.

Э.Н. Оразалиева қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық ұстанымдар, тілтанымдық қағидалар мен тұжырымдамалар жүйесінің қалыптасу, даму кезеңдерін «лингвистикалық білім» парадигмасы аясында қарастырған зерттеуінде «Тілтанымда адам қоғам мүшесі, психофизиологиялық ерекшеліктерден құралатын индивид, ойлау және тану әрекеттері арқылы өзі іспеттес басқа субъектілермен қарым-қатынас жасайтын тұлға ретінде ұғынылады. Тілтанымның антропологиялық ұстанымдары өз алдына жеке емес, өзге ғылыми жүйелермен, теориялармен байланыса өрбиді. Айталық, қатысымдық прагматика, дискурс теориясы, когнитивтік антропология, әлеуметтік психология, жасанды интеллект, сөйлеу актісінің теориясы т.б.

ілімдердің қай-қайсысы да адам тілі және оның таным әлемінің өзегін құрайтын адамдық фактордың құндылығын дәйектейді» [95, б. 41], – дейді.

А.А. Залевская өзінің «Мәдениетаралық зерттеулердің теориясы мен практикасы мәселелері» атты бағдарламалық мақаласында «Тілаларлық және мәдениетаралық ғылыми ізденістердің өзектілігі өздігінен және негіздеуді талап етпейді» [96, с. 23], – деп айтады. Сонымен қатар зерттеудің осындай түрін ұйымдастыру мәселесіне арналған жұмыстардың жоқтығын көрсетеді. Бұл этникааралық байланыстарды зерттеу, тілаларлық және мәдениетаралық салыстырулардың негізіне жата алатын теорияға қойылатын негізгі талаптарды қалыптастыру және осындай ғылыми салыстырулардың кейбір тәжірибесін жариялауға негіз болды [96, с. 194].

Тіл халықтың рухани болмысымен, мәдениетімен тікелей сабақтас. Халықтың рухы мен дүниетанымы ең алдымен тілінде көрініс табады. Сондықтан тілді зерттеу барысында оны тек құрылымдық тұрғыдан емес, сол халықтың рухани байлығымен, мәдени құндылықтарымен бірге қарастыру қажет. Қазақ тіл білімінде бұл бағытты дамытуға М.М. Копыленко, Ә. Қайдар, Е.П. Жанпейісов секілді ғалымдар елеулі үлес қосып, этнолингвистиканың теориялық негіздерін, мақсаты мен зерттеу нысандарын, әдіс-тәсілдерін нақтылап берген. Ә. Қайдардың өз еңбегінде этнолингвистиканың мақсатына былайша анықтама береді: «Бай тіл қазынасын этнос болмысы тұрғысынан игеру, оның терең мән-мағынасын ашып танып-білу, жүйелеу және жан-жақты зерттеу – этнолингвистиканың басты мұраты» [97, б. 89].

Этнолингвистикамен сабақтас жаңа бағыттардың бірі – тіл арқылы елді тану идеясы. Бұл үрдістің фразеология саласында орны айрықша, себебі әр халықтың фразеологизмінде сол ұлттың өмір салты, дүниетанымы мен мәдениеті сақталады. Осыған орай фразеологизмдерді тек тілдік құбылыс ретінде емес, ұлттық мәдени дамудың айнасы ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін тіл арқылы елтану теориясы қалыптасты.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын қарастыратын қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі – лингвомәдениеттану. Бұл ғылым антропоөзектік қағидаға сүйене отырып, тілді адаммен, оның әлеуметтік ортасымен, тарихымен, мәдениетімен және танымдық әрекеттерімен байланыстыра зерттеуді мақсат етеді. Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдасу тетіктерін, ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін талдайды. Оның іргетасы В. фон Гумбольдтың тіл мен мәдениет бірлігі туралы идеясына, сондай-ақ Э. Сепир мен Б. Уорфтың «тілдік салыстырмалы болжамына» барып тіреледі. Бұл бағыттың мақсаты – тілдік бірліктің шығу тегін анықтау емес, керісінше әртүрлі тілдік құбылыстарға (әсіресе фразеологизмдерге) түсініктеме беру, олардың қалыптасу шарттарын айқындау. Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің арақатынасын қазіргі ұлттық-мәдени сана тұрғысынан қарастырып, тілдегі көрінісін сипаттайды [98, с. 65].

Дискурстың ұлттық ерекшелігін лингвистикалық аспектіде талдауда біз жоғарыда аталған когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану,

этнолингвистика, елтану бағыттарымен қатар бірнеше теориялық зерттеулерді негізге аламыз. Ол еңбектер, біздің ойымызша, дискурста ұлттық мәдениеттің көрініс табуын дәлелдеуге негіз бола алады. Ондай еңбектің бірі – Г. Хофстеденің мәдениетті алты өлшем арқылы сипаттаған зерттеуі [99]. Бұл өлшемдер бізге дискурстық практикада ұлттық ерекшеліктердің көрінісін талдауға, түсіндіруге мүмкіндік береді. Г. Хофстеде ұсынған өлшемдердің біріншісі билікпен арақашықтық (Power Distance Index (PDI)) деп аталады, оның мәні қоғамдағы теңсіздіктің (билік, байлық, мәртебе) қаншалықты қабылданатынын көрсетеді. Қазақ тілінде «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген тіркес бар. Бұл тіркес мағынасын Г. Хофстеде ұсынған «билік пен арақашықтық» өлшемімен талдасақ, қазақ мәдениетіне иерархия, бойұсыну тән екенін байқаймыз. Қазақ дискурсында үлкенге, ата-бабаға, басшыға құрмет көрсету қабылданып орныққан. Орыс тілінде «начальник всегда прав» деген қолданыс бар, бұл да билікке бағыныштылықты білдіреді. Ал ағылшын тілінде «Басшы – команда мүшесі», «Call me John» түсінігі орныққан, олардың билікпен арақашықтығы иерархиялы емес, төмен.

2-өлшем – жеке тұлға мен ұжым мүддесінің көрінісі (Individualism vs. Collectivism (IDV)). Бұл өлшемнің мәні – қоғам мүшелерінің қарым-қатынасында және өзара әрекеттесуде жеке тұлға мүддесін көздейтінін, не ұжым мүддесін алға шығаруын анықтау. Қазақ тілінде «Жалғыздың үні шықпас», «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» деген бірліктер бар, бұл ұжымдық сананы көрсетеді, қазақ мәдениетіне ұжымшылдық тән. Орыс тілінде «Один в поле не воин» деп, олардың мәдениетінде де қоғамсыз адам әлсіз болатыны туралы түсінік орныққан, ал ағылшындарда «Every man is the architect of his own fortune» деген мысал жекешілдік мәдениет, дербестік, жауапкершілік басым екендігін көрсетеді.

3-өлшем – Ерлік пен нәзіктік (Masculinity vs. Femininity (MAS)). Қоғамның нәтиже мен жетістікке, не қарым-қатынас пен үйлесімге мән беруі, нақтырақ айтсақ, қоғамның қандай құндылықты көбірек дәріптейтіні алға шығады. Мысалы, қазақ тіліндегі «Ер жігіт ел үшін туады» дегенде ер адамның мақсаты – тек өзін ғана емес, қоғамды қорғау, елге қызмет ету. Орыс тіліндегі «Мужик сказал мужик сделал» дегенде нағыз ер адам сөзінде тұрады, уәдесін орындайды деген құндылық көрініс тапқан. Ағылшын тіліндегі «Winner takes all warkaholism» (Жеңімпаз бәрін иеленеді) дегенде еңбекқорлық, мансапқорлық, жұмыс жасау өмірдің басты мәні саналады. Үш мәдениетте де ерлік өлшемі жоғары, бірақ әр мәдениетте ол әртүрлі қырынан танылады: қазақ дискурсында ерлік қоғам мүддесіне бағытталады, орыс дискурсында – жеке адам мінезінің беріктігі, ал ағылшын дискурсында – жеке нәтиже мен жетістік таңбаланған.

4-өлшем – Белгісіздіктен қашу (Uncertainty Avoidance – UAI). Белгісіздікке қаншалықты төзімділігімен бағаланады. Мысалы, «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» мақалы қазақ халқының шешімді асықпай, әбден кеңесіп қабылдауын танытады, қазақ мәдениетінде сақтық пен дәстүрді сақтау басым екенін аңғартады. Орыс халқында да белгісіз жағдайдан қашу, қауіптің алдын алу алға шығады. Мұны

орыс тіліндегі «На всякий случай», «Береги платье снову, а честь смолоду» деген қолданыстар көрсетеді. Керісінше, ағылшындар белгісіздікке төзімді, тәуекел жасауды құндылық көреді. Мұны «Nothing ventured, nothing gained» (Тәуекел етпесек, ештеңе таппайсың) бірлігі дәлелдейді. Демек, ағылшындар өзгеріске бейім, олар үшін жаңашылдық қалыпты құбылыс болып табылады.

5-өлшем – Ұзақ мерзімді бағдар (Long-term vs. Short-term Orientation – LTO). Қоғам болашаққа ұзақ жоспарларға көп мән бере ме, не қазіргі дәстүрге, тұрақтылыққа көп мән бере ме? Мысалы, қазақ «Бабалар аманаты», «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер» деп болашаққа аманат қалдырады, бұл қазақ мәдениетінде ұзақ мерзімді бағдар алға шығатынын танытады. Бұл ойды қазақтың «Кештік ғұмырың болса, түстік асыңды ойла» дегені де растайды. Орыстарда «У нас великая страна, у нас великое будущее» деп ұлы болашаққа сенеді, ел үшін ұзақ жоспар құруға бейімділігін танытады. Ағылшындар ұзақ мерзімді жоспарды алға тартады. Бірақ нақты, жүйелі әрекет жасауға бейім екені мына қолданыстарынан аңғарылады: «Time is money» (Уақыт – ақша), «Plan your work and work your plan» (Жұмысыңды жоспарла да, жоспарың бойынша жұмыс істе). Олар үшін уақыт ең құнды ресурс, сондықтан жоспарлау, болашаққа инвестиция салу маңызды.

6-өлшем – Эмоцияны тежей білу (Indulgence vs. Restraint – IND). Эмоцияны еркін білдіреді ме, әлде тежей ме? Бұл да әр мәдениетте әрқалай көрінеді. Қазақта «Қуанышым қойныма сыймай тұр» деп эмоцияны еркін білдіру де, «Сабыр түбі – сары алтын», «Оң қолың ұруға ұмтылса, сол қолың арашашы болсын» деген тіркес мағыналары аңғартқандай, ашу-ызасын тежеуге де басымдық берілетіні байқалады. Орыс мәдениетінде де эмоцияны еркін білдіру, бірақ қоғамдық жағдайда өзін ұстау, қолға алу бағаланады: «Смеяться до слёз», «Терпение и труд всё перетрут», «Держать лицо» деген тіркестер осыны аңғартады. Ағылшын мәдениетінде де күнделікті қуанышты ашық айту кездеседі, бірақ ресми жағдайда эмоцияны бақылау – мәдени норма саналады. Мысалы, «I am over the moon» (Бақыттан басым айналып тұр), «Keep calm and carry on» (Сабыр сақта да, алға қарай жүр), «Do not let your emotions get the better of you» (Сезімің сені билеп кетуіне жол берме).

Қазіргі тіл білімінің даму кезеңі түрлі құрылымдағы тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеуге деген қызығушылықтың артуымен және функционалды, прагматикалық, когнитивтік, антропоэзектік, лингвомәдениеттану сияқты әртүрлі парадигмалардың қатар өмір сүруімен ерекшеленеді. Солардың ішінде тіл мен адамды, оның әлеуметтік қызметін алдыңғы орынға шығаратын бағыт – антропоэзектік парадигма. Бұл парадигма тілді мәдениетпен өзара байланыста қарастыруды көздейді. Мәдениет – ұлттың тарихи дамуында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын құндылықтардың жиынтығы. Әр халықтың ана тілі оның тарихын, тыныс-тіршілігін, дүниетанымын, рухани әлемін бейнелейді. Сондықтан тіл мен мәдениет қоғам дамуының негізгі рухани әрі әлеуметтік негізін құрайды. Тілдің әлеуметтік мәні тек оны мәдениетпен және қоғаммен бірлікте қарастырғанда ғана айқындалады. Адам болмысының, жан

дүниесі мен мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін ең үлкен қазына – халық тілі. Ол – мәдениеттің қайнар көзі, ұлттың өмір айнасы. Тіл мәдениеттен бөлек өмір сүре алмайды, себебі ол – мәдениеттің тікелей көрінісі. Әрбір мәдени құбылыс пен атау тілде бейнеленіп, тілдің мұрагерлік қызметі арқылы келесі ұрпаққа жеткізіледі, соның нәтижесі дискурста ұлттық ерекшеліктерді таңбалайды, тасымалдайды.

Біз зерттеу жұмысымызда дискурстың ұлттық ерекшелігін айқындау үшін қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі дискурстық кеңістікті салғастырмалы түрде талдаймыз. Төмендегі бөлімдерде дискурсты когнитивті-құрылымдық тұрғыда, коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан талдап көрсетеміз. Ол үшін ұлттық дискурс айрықша көрініс табатын отбасы дискурсын таңдап алдық. Үш мәдени ортадағы отбасылық құндылықтар, дискурстың ерекшелігі, тілдік бірліктердің жұмсалым ерекшелігіне баса назар аударамыз.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Бұл бөлімде дискурстың ұлттық ерекшеліктерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін сипаттап, «дискурс» терминінің ғылыми анықталуын, оны анықтаудағы бағыттар мен тәсілдер жүйеленіп, ғылымдағы «ұлттық ерекшелік», «ұлттық бірегейлік» терминдерінің мәні ашылып, «ұлттық ерекшелік» ұғымының когнитивтік, лингвомәдени, дискурстық аспектілері зерделенді. Дискурс ұлттық болмыстың тілдік бейнесі ретінде қарастырылды. Адамның сөйлеу әрекеті – оның когнитивтік дүниетанымының, мәдени санасының, әлеуметтік мәртебесінің, эмоционалдық және прагматикалық интенциясының көрінісі. Дискурсты зерттеу арқылы тілдік тұлғаның танымдық құрылымын, концептілік өрісін, құндылықтар жүйесін, вербалды және бейвербалды амалдарын ашуға болады. Сондықтан дискурс – белгілі бір этностың, қоғамның, тарихи кезеңнің, әлеуметтік ортаның бейнесін тілдік құралдар арқылы беретін семиотикалық-когнитивтік кеңістік. Ұлттық психология, мәдени кодтар, тілдік стереотиптер, прагматикалық формалар, тілдік тұлғаның сөйлеу стратегиясы – осының бәрі отбасы дискурсында көрініс табады. Салғастырмалы зерттеу барысында үш түрлі ұлттық дискурстың ұқсастықтары мен айырмашылықтары, ортақ құндылықтары мен лингвомәдени ерекшеліктері тілдік деңгейде сипатталады. Сонымен, дискурс – адамның әлемді қабылдау, бағалау және қатынас орнату тәсілдерін көрсететін, нақты жағдаятта жүзеге асатын, прагматикалық және когнитивтік мәні зор коммуникативтік құрылым. Ол тек мәтіннен құралмайды, ол адамның өмірлік тәжірибесімен, ойлау жүйесімен, сөйлеу дағдысымен және ұлттық-мәдени танымымен ұштасып жатқан күрделі феномен. Осы себепті дискурсты зерттеу – тіл мен ұлт, тіл мен мәдениет, тіл мен тұлға арасындағы терең байланысты танудың тиімді жолы.

Кез келген дискурс белгілі бір тілде қалыптаса отырып ұлттық ерекшелікке ие болады. Ал ұлттық ерекшелік ұғымы – көпқырлы, пәнаралық мәнге ие күрделі феномен. Ол этностың тілдік, мәдени, тарихи, әлеуметтік және психологиялық тәжірибелерінің тоғысында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін

құндылықтар жүйесі ретінде айқындалады. Ұлттық ерекшелік – белгілі бір ұлттың құндылықтық бағдарын, мәдени кодтарын, әлеуметтік нормалары мен символдарын сақтаушы әрі біріктіруші күш. Ұлттық ерекшеліктің мәні тек дәстүр, фольклор немесе тілдік таңбаларда ғана емес, сонымен бірге қоғамдық институттарда, әлеуметтік тәжірибеде, дискурста және жеке тұлғаның өзін ұлтпен сәйкестендіруінен көрінеді. Бұл термин ғылымда әлеуметтік габитус терминімен де аталады. Ұлттық ерекшелік – ұлттың болмысы мен рухани тәжірибесінің көрінісі, ұжымдық «Менін» қалыптастыратын басты фактор. Ол ұлттық бірегейліктің негізін құрап, халықтың өзін өзгеден ажыратып қана қоймай, мәдени-әлеуметтік тұтастығын қамтамасыз етеді. Демек, *ұлттық ерекшелік* – ұлтты сақтап, оны болашаққа жеткізетін тарихи-мәдени әрі когнитивтік-рухани кодтар жүйесі.

2 ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН КӨРКЕМ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ОТБАСЫ ДИСКУРСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Отбасы дискурсының концептілік аясы

С. Тер-Минасова белгілі бір халыққа тән мінез-құлықты айқындайтын дереккөздерді санамалап көрсетеді. Оларға тоқталсақ: 1) халықаралық анекдоттар; 2) ұлттық классикалық әдебиет; 3) фольклор немесе халық ауыз әдебиеті; 4) ұлттық тіл жүйесі [100, с. 180-181]. Біз ғалым пікіріне сүйене отырып өз зерттеуімізде дискурстың ұлттық ерекшелігін анықтауда әдебиеттің көркем мәтіндерін және ұлттық мәтіндерді түзуге қолданылған ұлттық тіл жүйесін талдау жұмыстарын жүргіздік. Ол үшін біз үш тілдегі көркем мәтіндерді таңдап алдық.

Дискурс қолданылу аясы, пайда болуы деңгейіне қарай түрлі бола алады. Дискурсты түзушінің түпкі ойы мен мақсатына сай да сипаты өзгереді. Дискурс құрамында қолданылған лексикалық бірліктер, фразеологизмдер, сөз тіркестері, күрделі синтаксистік тұтастық секілді бірліктердің бір-бірімен жымдаса келуі арқылы ақпарат беруші, тасымалдаушы құрылымға айналады. Дискурсты лингвистикалық тұрғыдан зерттеуде құрамындағы әр лексемаға, грамматикалық құрылымға жіті талдау жасау қажет. Дискурс лексемалардан, яғни сөздерден құралады. Сөз күнделікті тұрмыс-тіршіліктің қажетін өтей алады және көркем туындыға айнала отырып, оқырманға эстетикалық, эмоционалды-экспрессивті, прагматикалық тұрғыдан әсер ете алады. Дискурсқа лингвистикалық талдау жасау барысында ұлттық ерекшеліктерді анықтауда көркем мәтінге талдау жүргізу тәсілдерін де негізге алуға болады. Ғалым Н.М. Шанскийдің анықтауына сәйкес көркем мәтінді лингвистикалық талдаудың негізгі мынадай ұстанымдары бар:

а) көркем шығарма құрамындағы кез келген тілдік бірлік әдеби нормамен байланыста қаралуы қажет;

ә) көркем мәтіндегі тілдік материя әдеби жүйемен қатарластыра зерттелуді қажет етеді;

б) тілдік материал тілдік норма арқылы ғана емес, тілдің эстетикалық нормасын да есепке ала отырып қаралуы тиіс;

в) көркем мәтіндегі архаизмдердің қолданылуындағы автор мақсатын айқындау қажет (себебі, архаизм дәуірге сәйкес немесе автордың көркем мақсаты үшін қолданылуы мүмкін);

г) көркем мәтінге лингвистикалық талдау жүргізу кезінде экстралингвистикалық факторлар да есепке алынуы керек;

ғ) поэзиялық шығармаларды талдау барысында тілдік бірліктердің ырғақтық байланысуына да назар салған жөн;

д) өзге тілдегі көркем мәтінді талдау сөздердің жалпы мән-мағынасына үнілу арқылы жүргізілуі керек;

е) көркем мәтін екі тілде салыстыра талданса, сөздердің қай тілде қандай мағына беретініне, ұлттық тілдік әлем бейнесіне назар салу қажет;

ж) лингвистикалық талдау объективті түрде жүзеге асуы керек, тілдегі барлық ерекшеліктер ескеру талап етіледі. Сонда ғана таза мінсіз лингвистикалық талдау мүмкін болады [101, с. 21-28].

Лингвистикалық талдау әдеби шығарма авторының өзіндік стилін танып-түсінуге мүмкіндік береді. Себебі мәтін құрамындағы автор тарапынан қолданылған тілдік бірліктер автордың дүниетанымынан, көзқарасынан, тілдік байлығынан, сөздік қорынан хабар береді. В. Виноградов көркем мәтіннің автордың шығармашылығы ретінде және оның жалпы халықтың көркем өнері тұрғысынан зерттелуі керек екендігін айтады [102, с. 240]. Ғалымның бұлай деуі сөздің жалпы халыққа ортақ болуымен байланысты. Алайда автор өз шығармасында қандай сөздерді қолданатынын және сөздер арасындағы байланысты қалай ұйымдастыратынын өзі біледі. Сол себепті көркем шығарма индивидтік танымынан да, халықтық санадан да ақпар бере алатын мәдени ескерткіш болып саналады.

Дискурс лингвистика тұрғысынан қаламгердің шығармашылық өнімі ретінде зерттеледі. Дискурстық талдау кезінде семантика мен грамматикаға жіті назар салынады. Яғни, дискурс құрамындағы сөздердің мағынасы, сөздердің бір-бірімен байланысуындағы тәсілдер, мәтінді құраушы сөйлемдердің грамматикалық байланысы лингвистикалық талдаудың сипатын айқындайды. А. Новиков мәтіннің лингвистиканың нысанына айнала отырып, сөз, сөз тіркесі, сөйлем секілді лексикалық бірліктердің қатарында қаралатынын айтады [103, с. 7]. Дискурс та лингвистикалық талдау барысында мәтін секілді иерархиялық құрылым ретінде көрініс табады. Алдымен фонема, одан сөз құралып, сөзден сөз тіркесі, сөз тіркесінен сөйлем, сөйлемнен күрделі синтаксистік тұтастық пайда болып, барлығы байланыса келіп толыққанды мәтінді құрайды.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, таңдалған үш көркем мәтінді талдауда біз отбасы дискурсына назар аудардық. Осы бөлім тармақтарында ойымызды таратып талдаймыз.

Прагмалингвистикалық көзқарасқа сәйкес «отбасы дискурсы» ұғымын анықтау дискурстың типологиясы проблемасымен байланысты бірқатар мәселелерді шешуді, дискурстың шекараларын белгілеуді және оның өзіне тән ерекшеліктерін анықтауды қажет етті. Адамдардың әрбір сөйлеу әрекеті немесе өзара қарым-қатынасы белгілі бір қоғамдық қарым-қатынас аясында жүреді. Күнделікті өмірдегі ауызша қарым-қатынаста құрылатын дискурсты құрылымдық-институционалды дискурстың түріне жатқызуға болады. В.Б. Кашкин оны тұрмыстық коммуникация саласының дискурсы ретінде санайды [104, с. 21]. Бұл дискурс, өз кезегінде, «кішігірім» дискурстарға бөлінуі мүмкін: жасөспірімдер дискурсы, достық қарым-қатынастар дискурсы, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас дискурсы, т.с.с. Осылардың арасындағы неғұрлым мазмұнды және көлемдісі болып саналатыны – отбасы дискурсы. Дискурс кезінде тілдік қарым-қатынас негізін, ұғымдарды қалыптастырушы құрал – қолданылып отырған тіл және сол тілде сөйлеуші тұлға болып табылады. Олай болса, аталған отбасы дискурсындағы дискурсты қалыптастырушы

мүшелерге отбасы мүшелері, балалар, тіпті туыстарды жатқызуға болады. Бұл ретте отбасының ішінде жүріп жататын әрбір қарым-қатынасқа баса назар аударылады.

Институционалды дискурс – бұл қоғамда қалыптасқан әлеуметтік институттардың түрлерімен және осы қоғамның нормаларына сәйкес анықталатын дискурс. Институционалды дискурс қарым-қатынас жүйесіне және белгілі бір әлеуметтік институттың жұмысына тән типтік коммуникативті актілерде көрінеді. Отбасының, отбасы институтының қоғамдық институттың бастауы болып саналатыны бізге мәлім. Сондықтан да отбасы дискурсы өзіндік мәдениет пен ұлттық-этникалық ерекшеліктері бар құрылымдық дискурстың бір түрі болып шығады. Осылайша, өзіндік қарым-қатынас ерекшелігі бар, өз алдына заңдылығы бар қоғамдық өмірдің айнасы ретінде де қарастыруға болатын отбасы өмірін қоғамдық институт ретінде санап, оны дискурстық тұрғыда зерттеуге, ұғым қалыптастырушы орта деуге толық негіз бар. Отбасы дискурсы дегеніміз не? Отбасы дискурсы – бұл отбасы мүшелерінің арасында болатын жазбаша және ауызша қарым-қатынастың кез келген түрі. Әр отбасындағы қарым-қатынас үлгісі әртүрлі және отбасылық дәстүрі өз алдына бір бөлек. Сондықтан отбасы дискурсын талдау оңай емес. Бұл тұста «Неліктен бірдей отбасылық құрам бола тұра адамдардың қарым-қатынасы әртүрлі болады?» деген сұрақ та туындайды. Бұл мәселе соңғы жылдары лингвистерді де қызықтырды. Отбасы дискурсын зерттеуде отбасы қарым-қатынасындағы кез келген ауызша және жазбаша дискурс қана емес, отбасы мүшелерінің не істегені немесе не істейтіні, оның не ойлап не қоятыны туралы барлық жағдайлар ескеріледі. Сондай-ақ, зерттеуде отбасы мүшесінің не қалайтыны туралы немесе саясат, философия және басқа қоғамдық өмірдің салалары туралы ойлары да назарға алынады. Отбасы мүшелерінің қалауына сай жазбаша не ауызша сөйлесетін тақырыбы – отбасы дискурсының бір құрылымы болып саналады. Отбасы өмірінде түрлі танымдағы адамдардың қарым-қатынасы орнайды және олар ешбір әлеуметтік құрылымға тәуелді емес. Соған орай отбасы дискурсындағы мәдениетті таныған кезде, бұл мәдениеттің қоғамдық мәдени өмірдегі мәдени үдерістердің нәтижесінде емес, керісінше отбасында қалыптасқан мәдениеттен туындап жатқанын ескеру қажет.

Отбасы дискурсына қатысты зерттеулер қатарына Р.К. Қойлыбаеваның «Қазақ отбасы дискурсының линвоаксиологиялық аспектісі» [105] тақырыбындағы диссертациялық жұмысы кіреді, жұмыста отбасы дискурсында ұлттық санамен қалыптасқан тілдік бірліктердің аксиологиялық моделі ұсынылған және қандай ұлттық, рухани құндылықтар тіл арқылы бейнеленеді деген мәселе алдыңғы қатарға шығады. Ал біздің зерттеу жұмысымызда отбасы дискурсы қазақ тілімен қатар, орыс және ағылшын тілдері төңірегінде талданып, отбасы дискурсының ұлттық-мәдени сипаттарына назар аударылады, отбасы дискурсында көрінетін ұлттық дәстүрлер, тілдік ерекшеліктер, мәдени кодтар анықталады.

Қазақ көркем мәтіндерінде отбасы дискурсынан ұлттық дүниетанымның, салт-сананың, мәдениеттің, рухани құндылықтардың көркем бейнесінің тұтас жиынтығын көреміз. Көркем мәтінде отбасы образы арқылы бір ұлттың дәстүрін, адами қарым-қатынасы, өмір сүру салты, мәдени коды айқын көрініс табады. Зерттеудің бұл бөлімінде үш тілдегі көркем мәтіндер – Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» [106], Лев Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» [107] және Томас Гардидің «Tess of the d'Urbervilles» [108] шығармалары негізінде отбасы дискурсының ұлттық болмыспен байланысы жан-жақты қарастырылып, тілдік, прагматикалық және мәдени тұрғыдан сарапталады. Аталған туындылар әртүрлі ұлттық-мәдени кеңістікте қалыптасқан отбасылық құндылықтар жүйесін көркем тіл арқылы бейнелей отырып, авторлық дискурс пен кейіпкерлердің вербалды мінез-құлқы арқылы ұлттық болмыс пен отбасылық қатынастардағы тілдік ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік береді.

«Атау-кере» романындағы отбасы бұл шығармадағы отбасы құндылықтары мен ұлттық дәстүрлердің өзара сабақтастығын, олардың қазақ қоғамындағы орнын, мәнін ашып көрсететін тақырып болып саналады. Романда автор қазақ қоғамындағы отбасы құрылымын, ондағы әр адамның орнын, қарым-қатынасын, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа деген көзқарасын терең сипаттайды, оқырманға шебер жеткізген. Отбасы дискурсы ұғымы тек қана жеке отбасы аясымен шектелмей, тұтас ауыл, ру, ел тағдырын қамтиды. Әсіресе, ата-ана мен бала арасындағы байланыс, үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды қазақы мінездің көріністері жиі суреттеліп отырады. Кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас, дәстүр мен рухани мұраның отбасы арқылы берілетінін айшықтап көрсетеді. Әкесінің баласына қалдырған аманаты, тәрбиелік мәні бар сөздері бұл ұлттық дүниетанымның отбасылық деңгейде берілуін аңғартады.

Романдағы Ерік, Нюра, Айна, Бекзат сынды кейіпкерлер арасындағы отбасылық байланыс – автордың қоғамдағы болып жатқан өзгерістер мен рухани күйзелістерге деген көзқарасын жеткізудің негізгі құралы. Осы кейіпкерлер арқылы қазақ отбасының дәстүрлі құрылымы, үлкенге құрмет, ер мен әйелдің орны, ана мен бала арасындағы байланыстың психологиялық қырлары кеңінен суреттеледі. Романда дискурс диалогтар арқылы, кейіпкерлердің ішкі монологтары, суреттемелер арқылы өрбіп отырады.

Ю. Лотманның мәдени семиотика теориясында әрбір көркем мәтін – «мәдени код» жүйесін жеткізуші болып табылады [109, с. 156]. Бұл тұрғыда романның тілі, табиғаттың суреттелуі, кейіпкерлердің әрекеті мен көзқарасы барлығы да ұлттық танымды бойына сіңірген мәдени белгілер.

Қазіргі лингвистиканың антропоөзекті бағыты тіл мен мәдениетті, ұлт пен танымды өзара байланыстыра зерттеуге басымдық береді. Осы бағыттағы негізгі ұғымдардың бірі – концепт және концептілік ая ұғымдары. Концепт – белгілі бір халықтың дүниетанымында ерекше маңызға ие ұғым, ал концептілік ая – осы концептпен байланысты барлық мәдени, эмоционалдық, когнитивтік мазмұндардың жүйесі.

Д. С. Лихачевтің теориясына сүйене отырып, концептілік ая ұғымына келесідей анықтама бере аламыз: концептілік ая дегеніміз – адамның жеке, ұлттық, мәдени тәжірибесіне негізделген концептілердің жиынтығы [110]. Адамның ойлау жүйесіндегі концептілердің өзара байланыстағы кешені, яғни ұлттың «тірі» мәдени жадын көрсететін когнитивтік құрылым.

Лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистикада концептілік ая белгілі бір мәдени феноменді мысалы, «отбасын» сипаттайтын тілдік, мәдени және әлеуметтік элементтердің жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл құрылымда концепт мағыналық орталық ретінде танылып, оған қатысты барлық тілдік және мәдени бірліктер соған топтасады.

Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романы – қазақ отбасына тән рухани-мәдени құндылықтарды, моральдық өлшемдерді, дәстүрлі қарым-қатынасты көркем тілмен өрнектеген туынды. Осы туындыда «отбасы» концептісі қазақтың ұлттық дүниетанымындағы мазмұнымен беріледі. Романдағы кейіпкерлердің әрекеті мен тілдік қолданыстары арқылы «отбасы» концептілік аясына мынадай мазмұндар енеді:

- Туыстық қатынас концептілері: ана, бала, әке, ене, келін.

Ана концептісі. Берілген үзіндіде Нюра Фадеевнаның (Нүрке кемпір) аналық бейнесі ұлттық-мәдени тұрғыда көркем сипатталады:

«Кимешек-шылауыш киіп аппақ шатырдың астында отырғандай аналық мол мейірім төккен Нюра Фадеевнаның әр сөз, әр қимылынан кіршіксіз тазалықпен қатар, кісіні арбап алар кірпияздық, кісіні баурап алар бауырмалдық, тек абзал бәйбішелерге ғана жарасар жайсаң мінез, саумал сабыр, самалдай байсалдылықты аңғарасың. Ұзынша біткен ақ жүзі ренжіген сәттерінде сәл сұрланатын да, ал көңілі хош, жаны жадыраңқы мезетте жүзі шырайланып, маңдайына шуақ таратып, шешіле сөйлеп шешен болып кетер еді. Көбінесе үнсіз, бір нүктеге қадала қарап отыратын Нүрке кемпір жалғыздықтың аралына адасып қалған қаздай үнсіздіктің торынан шыққысы, қанатын қомдап, қаңқылдай ұшқысы келер еді. Сырттай бақылаған пендеге: бәрі бар, бәрі жеткілікті, құдайдан жалғыз ұлының тілеуін тілеп отыра берер көшелі де көсем жасқа келді; өмірінің, барлық ыстық-суығы соңында қалды, алдан күтер ештеңесі жоқ алланың «аманатын» орындау ғана» [106, б. 104-105].

Мәтінде қолданылған тілдік бірліктерге лексика-семантикалық талдау жасау арқылы ананың ішкі әлемі мен сыртқы болмысы арасындағы үйлесімді көрсетуге тырыстық. «Кимешек-шылауыш» [111] – аналық мәртебені білдіретін дәстүрлі киім элементтері. Бұл лексемалар арқылы автор ананы тек әлеуметтік рөл иесі емес, мәдени код иесі ретінде де танытады. «Аналық мол мейірім», «кіршіксіз тазалық», «самалдай байсалдылық» тіркестері – ана образын көркемдеуде эмоционалды-экспрессивтік реңкке ие тіркестер. Сондай-ақ, «маңдайына шуақ таратып» тіркесі метафоралық мәнде қолданылып, ананың көңіл күйі мен рухани күйін сыртқы келбет арқылы сипаттайды. Мұнда жарық, шуақ, самал сияқты табиғатқа қатысты лексемалар аналық болмыспен үндесіп, ұлттық дүниетанымдағы ананы табиғатпен астастыру дәстүрін айғақтайды.

«Құдайдан жалғыз ұлының тілеуін тілеп отыра берер көшелі де көсем жасқа келді» деген сөйлем арқылы ананың өмірлік миссиясының басты мәні – ұрпағының тілеуін тілеу екендігі көрсетіледі. Бұл – қазақ ұғымындағы ананың рөлін сипаттайтын тұрақты дискурстық құрылым.

Бала концептісі. Мұнда ананың баласына деген көзқарасы, үміті, алаңдаушылығы және ұлттық құндылықтар жүйесімен өлшенетін талаптары көрініс табады. Тілдік құралдар арқылы көркем бейне жасалып қана қоймай, балаға тән болуға тиісті мінез-құлық пен рухани өлшемдер де айқындалады:

– Жұрттың бәрі олай емес қой, апа. Ерік екеуміз аузымызға татып алмаймыз.

– Оның да рас. Бірақ ішпегеннің бәрі тағы да ақылды, ішкеннің бәрі ақымақ емесін де білемін. Менің білмейтінім – Мақажанның жүрегі, алты алашты аузына қаратқан көріпкел өлеңі қайда? Кім тонап алған? Неге жазбаймыз? Менің ұлымда адамға керекті асыл қасиеттің бәрі бар, тек өлеңі жоқ. Өзінікін былай қоялық, тіпті өзгенікінің бір ауыз жырын білмейді, тіпті мұрнынан болса да ыңылдап ән айтқанын естімей өлетін болдым [106, б. 106]. Бұл үзінді – ананың өз ұлына деген махаббаты мен мақтанышының (менің ұлым), сонымен қатар аналық уайымының үйлескен көрінісі. Ол баласын толықтай жақсы көреді, оның мінезі, еңбексүйгіштігі, адамгершілігі бәрі өз деңгейінде, бірақ өнерге жақындық жетіспейтінін байқайды.

1. «Ұл» лексикалық бірлігі және меншіктілік формасы

«Менің ұлым» тіркесі балаға деген иеленушілік көзқарасты және ата-ана мен бала арасындағы жақын эмоционалдық байланысты білдіреді. Қазақ мәдениетінде ұл – жай ғана ұрпақ емес, сонымен бірге ұрпақ жалғастырушы, текті сақтаушы, отбасының абыройын көтеруші рөлінде қарастырылады. Бұл ұлттық дүниетанымда ұл баладан үміт пен жауапкершіліктің көбірек күтілетінін білдіреді. Сондай-ақ, қазақ тілінде ұлға балады деген тіркес бар, мағынасы ардақтады, өзгеден бағасын артық көрді дегенді білдіреді [112, б. 857]. «Менің ұлым» тіркесінің ұлттық сипатын келесідей түсіндіруге болады: Бұл тіркес арқылы ата-ана баласын өз әулетінің жалғасы ретінде таныстырады. Қазақ мәдениетінде «ұл» – әкенің шаңырағын ұстап, руын жалғастырушы. Қазақ дүниетанымында «менің ұлым» тіркесі жауапкершілік пен мақтаныш сезімін көрсетеді, көбіне, баланың жақсы қасиетін, жетістігін дәріптеу үшін айтылады.

2. «Асыл қасиет» тіркесі

«Адамға керекті асыл қасиет» тіркесі семантикалық жағынан рухани-адамгершілік құндылықтардың жиынтығын білдіреді. Қазақ мәдениетінде бұл тіркес адамның ішкі сапалық бейнесін анықтайтын өлшем ретінде қолданылады. Алайда бұл сапалардың жеткіліксіздігі, яғни өлең, жырға бейімділіктің болмауы баланың тұлғалық бейнесін толық етпейді деген ұлттық ұстанымды көрсетеді. «Асыл қасиет» тіркесі – қазақ тіліндегі адамгершілік-рухани құндылықтарды бейнелейтін тұрақты қолданыс. Мұндағы асыл сөзі тарихи тұрғыдан «таза», «құнды», «сапалы» деген негізгі мағыналарымен қатар, мәдени-метафоралық мәнде «рухани биік, адамдық тұрғыдан бағалы» ұғымын білдіреді. Ал қасиет сөзі

«ерекше сипаты, туа біткен артықшылығы» мағыналарында қолданылады. Қазақ мәдениетінде «*асыл*» сөзі тек материалдық байлыққа қатысты емес, адам бойындағы ізгілік пен мінезге де қолданылады (асыл сөз, асыл арман, асыл жар). Ал «*қасиет*» сөзі рухани артықшылықтың, жақсылық нышанының көрсеткіші ретінде танылады. Қазақ мақал-мәтелдерінде асыл және қасиет бірліктері кеңінен көрініс табады:

«Жасық адам жасына жетпей қартаяр,

Асыл адам жасына жетпей марқаяр» [113, б. 6]; Бұл мысалда асыл адам жасы ұлғайған сайын абыройы артып, рухани тұрғыда биіктей беретін тұлға ретінде сипатталады. Демек, асыл тек материалдық құндылықты ғана білдіріп қоймайды, ол – адамның ішкі жан дүниесінің байлығы, адалдық, ізгілік секілді қасиеттердің жиынтығы.

«Атадан – өсиет,

Анадан – қасиет» [113, б. 41]. Бұл мақал қазақ дүниетанымында әке мен ананың тәрбиедегі рөлін екі түрлі қырынан айқындайды: әке – ақыл мен бағыттың, ана – жүрек пен мейірімнің қайнары. Анадан берілетін қасиет – ананың бойынан балаға дарыған мейірім, ізгілік, тектілік, мінез жұмсақтығы

3. «Жыр», «өлең», «ыңылдап айту» лексикалық бірліктері

Бала бейнесіндегі жетіспейтін қасиет ретінде беріліп тұрған «өлең» мен «жыр» лексемалары – қазақ халқының эстетикалық мәдениетінде ерекше орын алатын семантикалық өріс бірліктері. Бұл сөздер көркемдікке, рухани байлыққа, ұлттық кодтарға қатыстылығымен ерекшеленеді. «Ыңылдап айту» – мұрынмен баяу, бейсаналы түрде ән салу; өнерге бейімділіктің де қарапайым формасы ретінде беріледі. Осы лексемалар арқылы баланың қабілеті, ішкі рухани байлығы сипатталып отыр.

4. «Естімей өлетін болдым»

Бұл сөйлем – экспрессивті тілдік амалдың көрінісі. Ата-ананың баласының өнерге мүлде бейімсіз екенін айту арқылы оның толыққанды адам ретінде қалыптаспағаны туралы ішкі реніш, өкініш білдіріледі. Бұл тіркес ата-ана мен бала арасындағы құндылықтық сәйкессіздікті көрсетіп тұр және ұлттық дүниетанымда өнердің өмірлік мәнге ие екенін көрсетеді. Қазақ дискурсында өлім сөзі жиі эмоционалды күшейткіш ретінде қолданылады: «ұялып өлемін», «күлкіден өлетін болдым» деген сияқты. Бұл – ауызекі сөйлеу стилінің экспрессивті тәсілі. «Естімей өлетін болдым» тіркесі де сол үлгідегі қазақы бейнелілік пен эмоциялық әсірелеудің мысалы.

Бұл үзіндідегі барлық лексемалар мен бірліктер қазақ отбасылық тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктерін аңғартады. Қазақ халқында бала тәрбиесінде тек тәртіп, мінез, жауапкершілік емес, сонымен қатар сөз өнеріне бейімдік, өлең айту, жыр білу сынды рухани-эстетикалық қабілеттер де бағаланады. Бұл талаптар ұлттық мәдени идеал ретінде бала концептісінде тілдік бірліктер арқылы көрініс табады.

Әке концептісі. «Еріктің әкесі ер мінезді, ақкөңіл, адал да атпал азамат болғанымен, үй шаруасына салақ, дүниебоқты парық қылмайтын арсыл-гүрсіл,

ашуының алды бар, арты жоқ адам еді; оның еңгезердей бойы, гүрілдеп сөйлейтін даусы менмұндалап, ауылдың бір шетінде отырса, екінші шетіне үні тарап, дабырлап, өзін-өзі әшкерелеп қоятын ғажап адам еді... [106, б. 10].

«Әке» концептісі – қазақ дүниетанымында тек биологиялық ата-ана ғана емес, жанұяның рухани тірегі, тәрбие мен тұлғалық үлгінің көзі. Сөздіктегі анықтамаға сәйкес [112, б. 85]: «Әке – балалы болған ер адам». Ал күнделікті қолданыста әкесі базардан келгендей, әкесінің аузынан түскендей болды тіркестері әкенің отбасындағы жауапты тұлға екендігін көрсетеді.

1. Негізгі лексикалық бірліктер мен мағыналары:

– Ер мінезді – өжет, батыл [114]. Қазақ қоғамында әке – отбасының тірегі, ер азаматқа тән мінезі бар тұлға.

– Ақкөңіл – ашық-жарқын, адалниет, ілтипатты [115]. Қазақ әкесі – елмен тату, қонақжай, адамдарға сеніммен қарайтын, ниеті таза тұлға.

– Адал – ар-ұяты күшті, ақ ниетті, таза адам [112, б. 17]; Әкенің адалдығы – баласына өнеге. Қазақ мәдениетінде адалдық – ұрпаққа берілетін басты тәрбие.

– Атпал – денелі, ірі, қайратты; таңдаулы, іріктелген [116]. Атпал әке – тек отбасының емес, ауыл-аймақтың тірегі. Мұндай әке әділ билік айтады, көпшілікке қамқор.

«Ер мінезді», «ақкөңіл», «адал», «атпал» сияқты лексемалар әке концептісінің ұлттық сипатын ашады. Бұл сипаттамалар қазақ отбасындағы әке тұлғасының дәстүрлі бейнесін сипаттайды: адалдық, әділеттілік, турашылдық – әке тәрбиесінің негізгі бағдары.

2. Фразеологизмдер:

«Дүниебоқты парық қылмайтын» (дүниеқоңыз емес, байлыққа құмар емес), парық етпеу – «әдет қылмау [117]. Мұнда әкенің материалдық дүниеге мән бермейтіндігі көрініп тұр. Қазақ түсінігінде мұндай әкелер – «дүние кумаған, кең мінезді» адамдар ретінде қабылданады.

«Ашуының алды бар, арты жоқ» – ешкімге жаманшылығы жоқ, кек сақтамайды [112, б. 41], тез ашуланып, бірақ ұзақ ренжімейтін, сабасына тез түсетін адам мінезіне байланысты айтылады. Бұл – қазақ отбасындағы дәстүрлі әке мінезі.

Бұл концепт баланың болмысын анықтаушы фактор ретінде, ұлттық мінез бен дәстүр сабақтастығының көрінісі ретінде маңызды болып табылады.

Ене концептісі. Мұнда ененің келініне деген мейірімі, тәрбиелеу ниеті, әрі қазақи сыпайылық пен сабыр көрініс табады. «Іза болған күні кесіп тастамаққа сан рет оқталса да, енесі: «Қайшыңды жалақтатпа, мен өлген күні қиясың», – деп келісімін бермейтін. Енесінің сөзін екі етпейтін Айна лажы таусылып, «қойдым, апа, қойдым» деп бетінен сүйетін. Ене мен келін арасындағы сыйластыққа толы қарым-қатынас әншейін үлкенді-кішінің ізет тұтуы ғана емес, жо-жоқ, одан гөрі терең де телегей шын жақсы көруге ұласқан сүйіспеншілік еді: сондықтан да абысындардай сырласатын, шешесі мен қызындай сыйласатын. «Құдайға күнәлі болсам да, ұлымнан гөрі сені жақсы көрем, келінжан» деп, Нюра кемпір айналып-толғанатын» [106, б. 27-28].

Ене – екі жағы да ене деп атайтын ерлі-зайыпты адамдардың анасы, шеше [112, б. 226]. Бұл үзіндідегі лексемалар мен тіркестер қазақ мәдениетіне тән отбасы құрылымындағы рөлдерді, үлкен мен кішінің қарым-қатынасына негізделген дәстүрлі тәртіпті, сезім білдірудің бейвербалды (шаш қию, бетінен сую) және вербалды (айналу, еркелету) тәсілдерін көрсетеді. Сонымен қатар, қазақ мәдениетінде тәлім-тәрбие көрген, өнегелі жастарға *ене көрген* тіркесі қолданылады.

Қайшыңды жалақтатпа –қазақ халқының тұрмыс-салтында шаш тек сыртқы келбеттің бір бөлігі емес, адамның өмірлік күші мен тағдырына тікелей байланысы бар киелі нышан ретінде қабылданған. Шашқа қатысты ырымдар мен тыйымдар ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Бұл тыйымдар адамның денсаулығын, ұзақ ғұмырын, берекесін сақтауға бағытталған. Мұнда ене осы тіркесті қолдануымен рухани ұстаз, жол көрсетуші ретінде көрінеді.

Сөзін екі етпеу (қойдым, апа) – келіннің енесіне деген құрметі міндет не қорқыныш емес, сезімге, сенімге, сүйіспеншілікке негізделген әрекет екенін білдіреді.

Айналып-толғану (келінжан) – қазақ мәдениетіндегі аналық интонация мен сөз түбіріне -жан кішірейту, еркелету мәнді қосымша қосу арқылы жылулық білдіру дәстүрін танытады.

Мәтінде берілген «ене» концептісі – қазақ ұлттық танымында қалыптасқан рухани ұстаз, тәрбиеші, ана, кеңесші тұлғаның жиынтық образы. Лексика-семантикалық бірліктер арқылы бұл бейне жеке сипатта емес, ұлттық менталитет пен әлеуметтік-мәдени тәжірибе тұрғысынан кең мағынаға ие болады.

Келін концептісі.

– Шүкір, күн бүгін де ашық екен,– деді Нүрке кемпір келіні құйған шым-шым сумен беті-қолын жуып.

– Иә, шайдай ашық, апа.

– Жалғыз өзіңе қиын болды-ау. Менің түрім болса мынау, тобанаяқ болып ас ішіп, аяқ босатқан.

– О не дегеніңіз, апа, осы күніңізге зар болып қиналмасақ. Ерік бүгін келер.

Нүрке кемпір сау кезінде дәрет алып, намаз оқып әдеттенгендіктен бе, ұзақ жуынатын. Бір қолымен жез легенді, екінші қолымен жез құманды ұстап тұрған Айна енесінің осына туасы біткен кірпияз тазалығына таң қалатын әрі сүйсінетін. Қазір де сәл жымыып, асықпай су құйып тұр» [106, б. 28].

«Келін» – ұлдың әйелі, келіншегі; інісінің, сондай-ақ жасы кіші басқа да ағайын-туғандардың әйелі [111, б. 380].

Бұл мәтінде көркем тілдік бірліктер арқылы келіннің әлеуметтік әрі эмоционалдық бейнесі ашылады. Лексика-семантикалық тұрғыда «жез құман» (жезден жасалған құман), «жез леген» (жезден жасалған леген) [118], «су құю», «арқасын тиянақтау», «жастығынан демеу» сияқты тұрмыстық заттар мен әрекет атаулары келіннің үй ішіндегі дәстүрлі қызметін, үлкенге құрмет көрсетуін және жағымды қасиеттерін білдіреді. Диалогтік бөліктегі «О не дегеніңіз, апа, осы

күніңізге зар болып қиналмасақ», «Иә, шайдай ашық, апа» деген сыпайы тілдік формалар – келіннің енесіне деген жылы шырайлы, ізетті, мейірімге толы тілдік қарым-қатынасының дәлелі. Мұндай тіркестер қазақ тіліне тән тілдік этикет үлгілеріне жатады және отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді.

Осы үзінді арқылы келін концептісінің семантикалық мазмұны кеңейіп, қазақ отбасы дискурсында қалыптасқан мәдени-рухани ұстанымдар үлкенге қызмет, кішіге қамқорлық, сөз әдебі, үй шаруасындағы шеберлік, тазалыққа мән беру секілді сипаттар анық көрініс табады.

Бұл үзіндіде келіннің отбасындағы орны, тәрбие мен салт-дәстүрді жалғастырушысы ретіндегі рөлі ашылады.

- Этикалық-моральдық концептілер: құрмет, борыш, кешірім. «Енесінің бұл жұмбақты сөзіне түсіне алмаған Айна сұрақ қоймаққа оқталды да, көптен бері ашыла айтқан әңгімесінің арқауын үзем бе деп үндемеді. Оны Нүрке кемпір де сезгендей». [106, б. 42]. Айна сұрақ қоймақ болады, бірақ үндемейді – бұл оның енесіне деген құрметін, әдебін, үндемей тыңдай білетінін, яғни қазақы сабыр мен инабаттылықты көрсетеді.

«Ал Еріктің жары Айнаға Қап тауын асып кетсе де бәрібір, күйеуі қайда – бұл сонда, қосағымен қоса ағарудан өзге арман да, мақсат та жоқ» [106, б. 26]. Айнаның күйеуіне деген шынайы махаббаты мен өмірлік борышы осы сөйлемде берілген.

«Ыза болған күні кесіп тастамаққа сан рет оқталса да, енесі: «Қайшыңды жалақтатпа, мен өлген күні қиясың», – деп келісімін бермейтін. Енесінің сөзін екі етпейтін Айна лажы таусылып, «қойдым, апа, қойдым» деп бетінен сүйетін». [106, б. 27]. Айна енесінің рұқсатынсыз шашты кесуді дұрыс емес деп таниды, яғни үлкенге құрмет көрсетіп, сөзін екі етпейді. Айна ренішті ұмытып, «қойдым, апа, қойдым» деп кешірім сұрауы, әрі бетінен сүйіп ілтипат білдіруі – құрмет, кешірім сияқты моральдық құндылықтардың көрінісі.

- Кеңістік пен символдық объектілер: шаңырақ, ошақ, үй, туған жер, жайлау, самаурын. Бұл кеңістіктер мен заттар отбасының тұрақтылығы мен қазақ болмысының символы.

«Туған жерінің қайталанбас әдемілігі, бейне бір, ән салып тұрғандай жаныңды жаңғыртар әулиелігі...» [106, б. 24]. Туған жер – отбасылық, ұлттық тұрақтылықтың символы ретінде сипатталады.

«Ошақ оты сөнген. Ылғи есік алдында буы бұрқырап, екі иінінен будақ-будақ дем алатын самаурын да жоқ, әне, төрт тұяғы аспанға қарап, қазық басында төңкерулі тұр» [106, б. 199]. Үй ішінің тіршілігі тоқтауы, келін Айнаның күйеуінің кесірінен ауырып қалуы – рухани күйреудің көркем метафорасы. Бұл үзіндіде әйел бейнесі жоғалып, *ошақтың* оты өшіп, (ошақ – үстіне қазан асып тамақ пісіретін, тастан, кірпіштен қалап жасалған нәрсе) [111, б. 15] тіршілік тоқтағаны айтылып тұр. *Самаурын* (шай қайнатуға арналған, оттығы іш жағына орналасқан металл ыдыс) [111, б. 118] тіршіліктің тоқтағанын, қонақ күту дәстүрінің үзілгенін көрсетеді. «Иесінен айырылған иен үйдей тым-тырыс...». Бұл сөйлем кеңістік пен адамның ішкі күйін қатар сипаттайды. *Үй* – адам

жанының бейнесі. «Жетімсіреген» – анасыз, иесіз қалған үй, махаббат пен жылулықтан айырылған кеңістік. Бұл – отбасының эмоционалды бос күйі.

«...тек Ерік ер жеткенде ғана бұл шаңырақтың шашылып кеткен шаруашылығы жинақталып, берекесі кіріп еді». Шаңырақ (зат. 1. киіз үйдің төбесінде уықтарды қозғалтпай ұстап тұратын, күлдіреуіші бар дөңгелек шеңбер; 2. ауыс. үй.) [119] – қазақ ұғымында отбасының, әулеттің тұтастығы мен рухани діңгегі. Бұл тек үйдің төбесіндегі бөлшек емес, рухани, әлеуметтік, мәдени құрылымның рәмізі. Мұнда «шаңырақтың шашылып кетуі» – отбасының күйзелісі, берекесіздік. Ал «шаңырақтың берекесі кіруі» – ұрпақтың (Еріктің) жетілуі арқылы әулет қайтадан тұрақтанып, өмірдің түзелуі. Яғни, шаңырақ концептісі – ұрпақ сабақтастығының, отбасы абыройының, тіршіліктің өзегін білдіреді.

«– Жолдасымды, – деді Ерік арқасын керегеге тірей шіреніп. – ауылдың ыстығында қаңсып жүргенше, жайлауға шығып, аунап-қунап дем алып қайт деп, ертіп келемін». Жайлау (шөбі шүйгін, соны, жазғы мал жайылымы) [120] – қазақтың жазғы көшпелі мәдениетінің, табиғатпен үндестікте өмір сүруінің көрінісі. Бұл үзіндіде Ерік жолдасын жайлауға апаруға шешім қабылдайды, яғни жақынын ойлау, оны тынықтыру – отбасы мүшесіне деген қамқорлықты білдіреді. «Аунап-қунап» қазақи демалыс, еркіндік, табиғатпен бірлік жайын сипаттайды. Сонымен, жайлау концептісі отбасы дискурсында – тыныштық, емдік орта, ішкі үйлесім мен рухани тазалықтың кеңістігі ретінде көрініс тапқан.

«Ерік ауылдағы барлық шаруаларын тындырып, керек-жарағын түгендеп болған соң, түнде тоғай арасына арқандап қойған көкбестіні жетектеп өз үйіне келді». Бұл жердегі «өз үйіне келуі» – адамның тұрақты кеңістікке оралуы, яғни отбасы ұясына деген сезімдік байланысын көрсетеді. Үй – тек баспана емес, ол – жан тыныштығы, қорған, эмоционалды қауіпсіздік кеңістігі.

- Ұлттық мәдени кодты білдіретін концептілер. Сөйлесу формалары: «айналайын», «анашым», «шырағым», «құлыным». Бұл тіркестер қазақ отбасындағы эмоционалды байланыстарды, аналық мейірімді, махаббат пен үмітті білдіреді.

«Кел, шырағым, кел», – деп бәйек болды Тағанға [106, б. 75].

«Жалғыз ұлы есіктен еңсеріле кіріп келгенде, сал болып жатқан шешесі құшағын аша ұмсынып: – Құлыным-ау, есен-сау келдің бе? – деп, аналық абзалдықпен аңырап еді». [106, б. 73].

«Апа-ау, айналайын апам-ау, сырасын беріп құтылайықшы. Өңіңіз бұзылып кетті ғой, – деп Айна кемпірдің жанына барып қолынан ұстады. – Сізге ренжуге болмайды» [106, б. 101].

«Артық-кемім болса кеш, анашым. – Қанша қатыгез десек те, үні дірілдеп шықты. Шешесі басын изеді» [106, б. 214].

«Сұйықтың қай түрін құйсаң да бір тамшы ақпайтын, не жыртылып, тозбайтын тері қоржынды Еріктің әкесінің әкесі ұстап, атадан балаға мирас боп келе жатқан киелі мүлік еді» [106, б. 7]. Бұл үзіндіде сөз болып отырған тері қоржын – жай ғана тұрмыстық зат емес, ұлттық киелі мұра, ата-баба аманаты.

Мұндай заттар отбасы мен ұлттың тарихи жадының тасушысы ретінде бейнеленеді. Бұл материалдық мәдени кодтың тілдік бейнесі. «Құдай-ау, әлі есімде: басымда кимешек, шылауыш киіп, ақ шатырдай боп бие саууға шыққанымда, бүкіл ауыл мәз-мейрам боп қарап еді-ау. Әсіресе, бір тізелеп, биенің борбайына жабыса қалғанымды кержақ қызынан мұндай өнер күтпеген атам: «Көресіндер әлі, бұл келінім барлығыңнан озады» деп масаттанған». [106, б. 41]. Кимешек – (зат. Ақ матадан тігіліп, омыруы мен арқасын жауып тұратын беті ойылып жасалған әйелдің ұлттық бас киімі) [111, б. 78] пен шылауыш (зат. Кимешек үстінен байланатын, үлкен ақ шаршы орам) [111, б. 86] – қазақ әйелінің аналық, келіндік, үлкендік мәртебесін білдіретін ұлттық киімдер. Бұл – ұлттық киіну мәдениетінің көрінісі.

Еңбек концептісі. «Бүгін Ерік пен Айна омартадағы барлық ұяларды қақтай сауып, бал шайқады. Бастарында ақ қалпақ, беттеріне торлы пәрәнжә тұтқан, қолдарында түтіні будақтаған оттық...» [106, б. 146]. Бұл – еңбекке адал көзқарас пен ауыл тіршілігінің көрінісі. Ерік пен Айна – қалағанына жеткен адамдар болса да, ауылдағы тіршілікке араласып, бал жинау секілді еңбекпен айналысу қазақ мәдениетінде еңбектің қадірлі іс екенін көрсетеді.

Бата беру: «Қадамың құтты болсын, қарағым! Қосағыңмен қоса ағарып, бақытты ғұмыр кешіндер» – деп, алақанын жайып заулатып бата беріп, құшақтап бетінен сүйіп еді. Одан бері де он жыл уақыт өткен екен-ау... уақытты уысына ұстап тұрар кім бар [106, б. 39]. «Қадамың құтты болсын» – жолға, жаңа өмірге бата, тілек. Мұнда жас жұбайларға бағытталған ақ тілек жатыр. «Қосағыңмен қоса ағарып» – жарымен бірге тату-тәтті болып, бақытты да ұзақ өмір сүру – қазақ баталарында жиі кездесетін өмірлік ұзақ ғұмыр тілеу формуласы. Алақанын жайып бата беру – бата жәй сөз емес, бұл – рухани әрекет, тілектің, ақжарма ниеттің рәсімделуі. Құшақтап, бетінен сүю отбасы ішіндегі эмоционалдық жақындықты, мейірім мен рухани байланыс тереңдігін көрсетеді. Бұл үзінді бата концептісін уақыт пен естелік өлшемінде де ашып тұр: бата – тек бір сәттік сөз емес, жылдар бойы есте сақталатын рухани бағдар.

«Дастарқан басында төрт көздері түгел жиналған соң, Нүрке кемпір алақанын жайып, ерні жыбырлап бата жасады. «Бисмилла» деп, қара ала кеседегі қаймақ жүзген құла шайдан ұрттаған соң ғана, қалған үшеуі асжаулықтағы дәмге қол салған» [106, б. 95]. Мұнда дәстүрлі отбасылық дастарқан басында үлкен адамның (Нүрке кемпірдің) бата беруі – тәрбие мен ұрпақ сабақтастығының айғағы. «Төрт көздері түгел» – отбасының түгел жиналғанының нышаны. Төрт көзі түгел – бәрі тегіс жиналу, түгел бас қосу деген мағынада қолданылады [121, б. 513]. Бата бермей тұрып асқа қол салмау – қазақ ұлтының ас ішу мәдениетімен ұштасқан исламдық және ұлттық дәстүрдің бірлігі. «Бисмилла» (Алланың атымен) [122] – діни тіркес, рухани тазалық пен ризашылықты білдіреді. Мұнда отбасы мүшелерінің иерархиясы, үлкенге құрмет, рухани тазару көрініс тапқан.

Жоқтау: «Ел жайлауға қайқайды-ай,
Шаппай да жорға тайпалды-ай,

Апатайымнан айырылып,
Маңдайдан бақыт шайқалды_ай...
Арғымақтар келер ағылып,
Жібектен шылбыр тағынып,
Асыл да туған апам-ай,
Келінің жүрер сағынып.
Қатынның суы тасыды-ай,
Кемерінен асады-ай,
Апатайдан айырылып,
Сүйегім менің жасыды-ай...» [106, б. 217].

Айна енесін жоқтайды. Бұл мәтінде отбасы дискурсының маңызды компоненттерінің бірі – ене мен келіннің арасындағы қатынас тіл арқылы бейнеленіп, ұлттық дүниетаныммен астасып жатыр. Мәтіндегі «*апатайым*» сөзі – ене бейнесінің анасындай қабылданғанын білдіретін еркелету формасы. Сонымен қатар, «келінің жүрер сағынып» жолы арқылы келін мен ене арасындағы тек тұрмыстық қатынас емес, эмоционалдық әрі рухани жақындық та ашылады. «Маңдайдан бақыт шайқалды», «сүйегім менің жасыды» деген метафоралық тіркестер келіннің қайғысын бейнелі тілмен жеткізудің көркем тәсілдері болып табылады. Бұл құрылымдар қазақ қоғамындағы аналық тұлға – ене бейнесінің алатын орны мен қадір-қасиетін танытады. «Арғымақтар келер ағылып», «жібектен шылбыр тағынып» тіркестері дәстүрлі жерлеу рәсімдеріндегі символикалық бейнелерді береді. Бұл арқылы жоқтау тек қайғыны ғана бейнелеп қоймай, қазақ мәдениетіне тән салт-дәстүрлерді де көрсететеді..

Ат қою: «Ұлымның аты – Қозы, қызымның есімі – Баян, ырымдап әдейі қойдым» [106, б. 182]. Ат қою: қазақ ұлтының ерекше дәстүрінің бірі – жаңа туған нәрестеге ырымдап есім қою дәстүрі. Қозы және Баян –қазақтың классикалық ғашықтық жыры «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасындағы басты кейіпкерлер. Бұл жыр – қазақ әдебиетінің ең көне әрі кең тараған эпостарының бірі, онда ғашықтықтың тазалығы, адалдық, тұрақтылық, қайсарлық сияқты ұлттық идеалдар бейнеленеді. Қазақ мәдениетінде бұл есімдер махаббат пен адалдықтың символына айналған. Қазақта баланың атын ырымдап қою – болашақ өміріне жақсы қасиет дарысын, сол атқа сай болсын деген ниетпен қоятын дәстүр. Демек, поэмадағы кейіпкерлердің бойындағы жақсы қасиеттер баласына дарысын деген ниетті осы сөйлем көрсетіп тұр.

Қазақ мәдениетінде «отбасы» ұғымын тереңірек түсіндіретін әрбір бөлшек – маңызды құрылымдық элемент. Оралхан Бөкей өз шығармасында бұл элементтерді көркемдік тәсілдермен шебер үйлестіріп, отбасыны тек әлеуметтік орта ғана емес, сонымен қатар рухани және мәдени құндылық ретінде сипаттайды.

«Атау-кере» романындағы отбасы дискурсының концептілік аясы қазаққа тән дүниетаным, моральдық ұстанымдар, тілдік ерекшеліктер мен мәдени белгілердің жиынтығын қамтиды. Жазушы осы арқылы ұлттық мәдениеттің

негізгі қырларын көркем бейнелеп, оқырманға терең ұлттық кодты жеткізеді. Сондықтан бұл туындыны тек әдеби шығарма деп емес, қазақтың отбасылық дүниесін бейнелейтін көркем модель ретінде де қарастыруға болады.

Орыс әдебиетіндегі көркем мәтін ретінде біз зерттеуімізде Л.Н.Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» трилогиясын таңдадық.

Орыс отбасы дискурсы – ұлттық мәдениеттің ең берік әрі дәстүрге негізделген бөлшектерінің бірі. Бұл кеңістік тек туыстар арасындағы қарым-қатынас пен олардың рөлдерімен шектелмейді. Ол тіл арқылы көрінетін құндылықтар, иерархия, сезімдік байланыстар мен моральдық бағыттар жүйесін де қамтиды. «Детство. Отрочество. Юность» трилогиясында ұсынылатын отбасы моделі арқылы орыс отбасылық дискурсының концептілік аясы нақты әрі көркем тілмен өрілген.

Туыстық қатынасты білдіретін концептілер. Ең алдымен, *ана* концептісі ерекше орын алады. Ана – эмоционалдық қауіпсіздік пен психологиялық тұрақтылықтың тірегі. Бұл дискурста ана – рухани тірек, түсіністік пен қамқорлықтың символы. Ана сөзі, көбінесе, еркелету формаларымен (мысалы, «милый мальчик», «мой дорогой») бірге жүреді. Мұндай формалар ананың эмоционалдық қолдауы мен баланың өзін қауіпсіз сезінуін қамтамасыз етеді, сонымен бірге ұлттық мәдениеттегі ананың тілдік бейнесін қалыптастырады. Ана сөзімен бірге келетін бетінен сүю, маңдайынан сипау секілді вербалды емес кодтар да маңызды дискурстық рөл атқарады:

«Матушка сидела в гостиной и разливала чай; одной рукой она придерживала чайник, другою – кран самовара, из которого вода текла через верх чайника на поднос. Но хотя она смотрела пристально, она не замечала этого, не замечала и того, что мы вошли.

Так много возникает воспоминаний прошедшего, когда стараешься воскресить в воображении черты любимого существа, что сквозь эти воспоминания, как сквозь слезы, смутно видишь их. Это слезы воображения. Когда я стараюсь вспомнить матушку такую, какую она была в это время, мне представляются только ее карие глаза, выражающие всегда одинаковую доброту и любовь, родинка на шее, немного ниже того места, где вьются маленькие волосики, шитый белый воротничок, нежная сухая рука, которая так часто меня ласкала и которую я так часто целовал; но общее выражение ускользает от меня» [107, с. 32].

«Матушка» сөзі – эмоционалды-маркерлік лексема. Ол қарапайым «мама» емес, нәзік, әрі асқақ бейнені білдіреді. Бұл атау анаға деген терең құрмет пен сүйіспеншіліктің белгісі ретінде қалыптасқан. Аталған сөздің мағынасы туралы Д.Н. Ушаков түсіндірме сөздігінде: «Матушка – мать, мама; обращение к пожилой женщине» [123] – деп беріледі. Демек, бұл жай туыстық атау емес, үлкендерге қатысты қолданылатын ұғым.

Ана бейнесі тұрмыстық детальдар арқылы сипатталады: «шитый белый воротничок», «нежная сухая рука», «родинка на шее». Бұл белгілер ананың нәзіктігі, ұқыптылығы мен мейірімі сияқты қасиеттерді білдіреді. «Шитый

белый воротничок» бұл тіркес ананың ұқыптылығы мен тазалығын білдіреді. «Шитый» сөзі қолмен кестеленген, сәндік элементті көрсетеді, ал «белый воротничок» – таза, ақ түсті киімнің бөлшегі ретінде ананың тазалық пен тәртіпке мән беретінін аңғартады. Орыс мәдениетінде ақ түс тазалық пен пәктіктің символы болып табылады. «Нежная сухая рука, которая так часто меня ласкала и которую я так часто целовал» тіркесіндегі қол бейнесі – мейірім мен жақындықтың коды ретінде көрінеді. «Нежная» сөзі ананың мейірімділігін, қамқорлығын білдірсе, «сухая рука» тіркесі ананың жасын немесе көп еңбектенгенін меңзейді. Автор ана бейнесін есте қалған эмоционалдық фрагменттермен суреттейді: «карие глаза, выражающие всегда одинаковую доброту и любовь». Бұл жерде ананың көзі – тек дене мүшесі ғана емес, оның ішкі әлемінің, махаббат пен қамқорлықтың символы. «Карие глаза» жылы, мейірімді көзқарасты білдіреді. «Выражающие всегда одинаковую доброту и любовь» ананың тұрақты мейірімі мен сүйіспеншілігін көрсетеді. Орыс мәдениетінде көз жанның айнасы ретінде қарастырылады, сондықтан бұл сипаттама ананың рухани бейнесін ашуға көмектеседі. «Родинка на шее» – бұл нышан ананың бейнесін нақты әрі есте қаларлықтай етеді. Орыс тілінде «Пуд мыла изведешь, а родинки не смоешь» мақалы бар [124, с. 209]. Мұнда «родинка» символдық мәнге ие: туғаннан қойылған таңба, тағдырдың белгісі.

Әке концептісі бұл кеңістікте едәуір салқынқанды сипатта көрінеді. Әке – тәртіп пен талап қоя білетін, жауапкершілігі жоғары тұлға.

«Должно быть, заметив, что я прочел то, чего мне знать не нужно, папа положил мне руку на плечо и легким движением показал направление прочь от стола. Я не понял, ласка ли это, или замечание, на всякий же случай поцеловал большую жилистую руку, которая лежала на моем плече». [107, с. 35]

«Папа положил мне руку на плечо...»: Бейвербалды қарым-қатынас моделі. Бұл жерде қолды иыққа қою сөзсіз түсінісуді білдіреді. «...и легким движением показал направление прочь от стола»: легкое движение – әкенің әрекеті жұмсақ болғанымен, бұйрық та беріп тұр, бұл қаталдық пен мейірімнің үйлесімді көрінісі. Сөзбен айтпай, ишара арқылы жеткізу – отбасындағы үлкен-кіші арасындағы арақатынас пен бір-біріне қаншалықты жақын екенін көрсететін мәдени әдет. «Я не понял, ласка ли это или замечание...»: Бұл сөйлемде баланың әкесімен қарым-қатынасын эмоциялық тұрғыдан түсінуге тырысуы байқалады. Бала үшін әкенің ишарасы – жұмбақ, ол бұл әрекетті түсіндіруде қолдау мен жазалау арасындағы мағынаны ажырата алмай тұр. «...на всякий же случай поцеловал большую жилистую руку»: большая жилистая рука: еңбекқор, күшті, ер мінезді; жилистый – сухощавый, с видными, выступающими жилами (жилистая шея); сильный, выносливый, крепкий [125, с. 140]. Поцеловал руку – құрмет, махаббат, эмоционалды жақындықтың жоғары көрінісі.

Әке концептісі отбасы дискурсында ерекше эмоционалдық, тәрбиелік және мәдени рөлге ие тұлға ретінде сипатталады. Әженің бейнесі тек қарт туыстың бейнесі емес, мейірім мен даналықтың тасымалдаушысы ретінде көрініс табады:

Бабушка, казалось, была очень рада видеть Сонечку: подозвала её ближе к себе, поправила на голове её одну буклю, которая спадывала на лоб, и, пристально всматриваясь в её лицо, сказала: «*Quelle charmante enfant!*» Сонечка улыбнулась, покраснела и сделалась так мила, что я тоже покраснел, глядя на неё.

– Надеюсь, ты не будешь скучать у меня, мой дружок, – сказала бабушка, приподняв её личико за подбородок, – прошу же веселиться и танцевать как можно больше. Вот уж и есть одна дама и два кавалера, – прибавила она, обращаясь к г-же Валахиной и дотрагиваясь до меня рукою [107, с. 93].

«Бабушка, казалось, была очень рада видеть Сонечку». Бұл сөйлемнен әженің немересін көрген кездегі қуанышы мен оған деген жылы қарым-қатынасы аңғарылады. «Поправила на голове её одну буклю» тіркесі арқылы қамқорлық білінеді: бұл әрекет – тек сырт-келбетті реттеу емес, мейірім, ұқыптылық және жақындық символы. «Пристально всматриваясь в её лицо» байланыс орнату, жан дүниесін түсінуге тырысу, эмоционалдық жақындықты білдіреді. «*Quelle charmante enfant!*» (француз тілі): француз тілінен аударғанда «Неткен сүйкімді бала!» сөйлемі таңданысты білдіріп, көбіне баланы мақтау, жылы ықылас білдіруде қолданылады. Сонымен бірге бұл сөйлемнің орыс тілінде қолданылуы белгілі бір элиталық ортаны сипаттайды. «Приподняв её личико за подбородок»: бұл әрекет әженің жылулығы мен ілтипатының көрінісі. «Просту же веселиться и танцевать»: әже тек немересін бағып-қағатын адам емес, оны өмірге үйретіп, жан-жағындағы адамдармен араласуға үйрететін жан ретінде көрсетілген. Ол немересін еркін, өзіне сенімді болуға баулиды.

Бауыр концептісі. Бауырлар арасындағы қарым-қатынас, негізінен, ойын, әзіл, бәсекелестік, қызғаныш сипатында көрінеді.

Когда нас оделили мороженым и фруктами, делать на ковре было нечего, и мы, несмотря на косые палящие лучи солнца, встали и отправились играть.

– Ну, во что? – сказала Любочка, шурясь от солнца и припрыгивая по траве. – Давайте в Робинзона.

– Нет... скучно, – сказал Володя, лениво повалившись на траву и пережевывая листья, – вечно Робинзон! Ежели непременно хотите, так давайте лучше беседочку строить. [107, с. 51-52].

Бұл диалогтық құрылым балалар арасындағы күнделікті қарым-қатынас моделін көрсетеді. «Нет... скучно» Володяның қысқа, нық жауабы оның ер мінезді, шешім қабылдағыш бала екенін білдіреді. «Так лучше бы дома сидеть...» – Любочканың өкпелі ренішін жеткізетін сөз орамы. Мұнда қарындасының эмоциялық ашықтығы көрініс табады. Үзіндідегі эмоциялық-лексикалық маркерлер: «сквозь слёзы выговорила» – сөйлеушінің реніш, күйініш сезімдерін бейнелейді. Бұл бауыр арасындағы еркіндік пен жақындықты білдіретін көркем тәсіл. «Любочка» – кішірейткіш-еркелету мәнді жұрнақтың жалғануы балалардың арасындағы жылы қарым-қатынасты көрсетеді. Сондай-ақ Володя есімі де толық аты емес, еркелетіп айту мақсатында есімнің қысқартып қолданылған түрі.

Володя на днях поступает в университет, учителя уже ходят к нему отдельно, и я с завистью и невольным уважением слушаю, как он, бойко постукивая мелом о черную доску, толкует о функциях, синусах, координатах и т. п., которые кажутся мне выражениями недостижимой премудрости... Мне тоже делают вопросы из некоторых предметов, но я оказываюсь весьма плох, и профессора, видимо, стараются перед бабушкой скрыть мое незнание, что еще более конфузит меня [107, с. 189].

Бұл үзіндіде бауырға деген қатынастан қызғаныш көрінеді. И я с завистью и невольным уважением слушаю сөйлемінде ағасының оқуға түсетініне, ақылдылығына қызғанышпен қараса да, қаламаса да үлкенге құрмет қағидасы да сақталып тұр (невольным уважением слушаю), бұл орыс отбасы мәдениетіндегі құрмет құндылығын көрсетеді. Я оказываюсь весьма плох... что еще более конфузит меня: баланың үнемі өзін басқалармен салыстырып жүретіні, орыс отбасындағы абырой, білім алу (Учение – свет), еңбекқорлық секілді отбасы құндылықтарының дәлелі.

Этикалық-моральдық концептілер. Жазушы борыш, ұят, құрмет секілді моральдық ұғымдарды отбасы дискурсында ашып көрсетеді:

Борыш концептісі: – Вы уже знаете, я думаю, что я нынче в ночь еду в Москву и беру вас с собою, – сказал он. – Вы будете жить у бабушки, а татап с девочками остается здесь. И вы это знайте, что одно для нее будет утешение – слышать, что вы учитесь хорошо и что вами довольны. [107, с. 37]. Берілген үзіндіде борыш концептісі әкесінің балаларына жүктеген жауапкершілік пен міндетінен көрінеді. «Одно для нее будет утешение – слышать, что вы учитесь хорошо и что вами довольны»: балалардан анасын қуантатын әрекеттер күтіледі: жақсы оқу, тәртіпті болу. Бұл жерде борыш концептісі ұлттық-мәдени тұрғыдан екі деңгейде байқалады: біріншісі – отбасылық борыш, яғни, баланың анасының көңілін қалдырмауы, ата-атасына құрмет көрсетуі; екіншісі – әлеуметтік борыш, баланың тиісті білім алып, қоғамнан өз орнын табуы.

Ұят концепті. «Господи! За что Ты наказываешь меня так ужасно!»...

Все презирают меня и всегда будут презирать... Мне закрыта дорога ко всему: к дружбе, любви, почестям... все пропало! Зачем Володя делал мне знаки, которые все видели и которые не могли помочь мне? зачем эта противная княжна так посмотрела на мои ноги? зачем Сонечка... она милочка; но зачем она улыбалась в это время? зачем папа покраснел и схватил меня за руку? Неужели даже ему было стыдно за меня? О, это ужасно! [107, с. 101-102]. Бұл үзіндіде баланың жақындарының алдында ұятқа қалғандығын көрсетеді. Дәстүрлі орыс отбасында ата-ананың, әсіресе, әкенің беделі тек балаға отбасында тек тәрбие беруде ғана әсер етіп қоймай, қоғамда өзін ұстауында да аса рөл атқарады. Неужели даже ему было стыдно за меня? сөйлемінде бала үшін өзін басқалардан (Все презирают меня и всегда будут презирать) гөрі әкесінің алдында ұят сезінуі әлдеқайда ауыр екендігін көрсетеді.

Құрмет концептісі. По глазам девочек заметно было, что они очень хотели поскорее передать нам какое-то очень важное известие; но вскочить с своих мест

и подойти к нам было бы нарушением правил Мими. Мы сначала должны были подойти к ней, сказать: «Bonjour, Mimi», шаркнуть ногой, а потом уже позволялось вступать в разговоры [107, с. 42]. Орыс отбасындағы үлкен-кіші арақатынасы тек отбасында ғана емес, тәрбиешіге қатысты әрекеттерден де көрінеді. Bonjour, Mimi (француз тілі) «Қайырлы күн, Мими» деп күнделікті қарым-қатынаста міндетті түрде қолданылатын этикет формуласы. Тәрбиеші отбасы мүшесі болмаса да, балалар оны отбасының үлкен мүшесі ретінде қабылдап, құрметпен қарайды. Бұл үзіндіде қыздар эмоцияға ерік бермей (По глазам девочек заметно было, что они очень хотели поскорее передать нам какое-то очень важное известие), әдеттегі тәртіпті сақтап, құрмет көрсетіп, рұқсат сұрап қана әңгімелерін айта бастайды.

Бұл этикалық-моральдық концептілер отбасы дискурсындағы адами құндылықтардың қалыптасуын бейнелейді.

Кеңістік пен символдарға қатысты концептілер. Көркем мәтін кеңістікті бала эмоциясын жеткізетін символ ретінде қолданады.

Кабинет концептісі (тәртіп пен биліктің символы): Пройдя комнату, удержавшую еще от времен дедушки название официантской, мы вошли в кабинет [107, с. 34]. Очень живо изобразив синего мальчика верхом на синей лошади и синих собак, я не знал наверное, можно ли нарисовать синего зайца, и побежал к папа в кабинет посоветоваться об этом [107, с. 56]. Против меня была дверь в кабинет, и я видел, как туда вошли Яков и еще какие-то люди в кафтанах и с бородами. Дверь тотчас затворилась за ними. «Ну, начались занятия!» – подумал я. Мне казалось, что важнее тех дел, которые делались в кабинете, ничего в мире быть не могло; в этой мысли подтверждало меня еще то, что к дверям кабинета все подходили обыкновенно перешептываясь и на цыпочках; оттуда же был слышен громкий голос папа и запах сигары, который всегда, не знаю почему, меня очень привлекал. Впросонках меня вдруг поразил очень знакомый скрип сапогов в официантской [107, с. 57]. Бұл кеңістік (кабинет) – тәртіп пен биліктің символы. Кабинет – дәстүрлі орыс отбасында ер адамдар жұмыстарымен айналысатын, келіссөздер жүргізетін, керекті қағаз, кітаптарын сақтайтын бөлме. Сол кездегі орыс дискурсында кабинет лексемасының қолданылуы сол кабинет иесіне қатысты жеке меншік, мәртебе, құрмет секілді белгілерді айқындайды, бөгде адамдар кабинетке рұқсатсыз кіріп-шықпайды. Балалар үшін бұл кабинет – әкенің беделін көрсететін кеңістік. Демек, отбасы мүшелері кіруге болатын және болмайтын үйдің бөлмелерін нақты білген. Бұл үзіндідегі официантская (бұрын кабинеттің алдындағы бөлмеде қызмет етуші адам отырған) сөзі әр бөлменің өзіндік орны бар екендігін көрсетеді. Орыс тіліндегі басқа да көркем мәтіндерде официантская бөлмесі жиі кездеседі: Огонек светился только в огромной *официантской*, где дремал швейцар и с полчаса уже дожидался какой-то господин в оборванном пальто [126, с. 402]. Бұл мысалдан да официантская қызметкерлерге арналған бөлме екендігі көрінеді.

Бақша/гүлзар концептісі. В палисаднике было очень весело. Игра в разбойники шла как нельзя лучше; но одно обстоятельство чуть-чуть не

расстроило всего [107, с. 88]. Палисадник – үйдің алдында орналасқан, гүлдер өсетін кішігірім аймақ. XIX ғасырда бұл жер үй иелерінің эстетикалық талғамын ғана көрсетіп қоймай, әлеуметтік статусын да айқындаған: «В палисадниках и в огородах цветы, в окнах герань» [127, с. 42]; Үзінділерде бұл аймақ балалардың өзін еркін сезінетін, ойнайтын жері ретінде, балаларға қуаныш сыйлайтын кеңістік ретінде суреттеледі. Бұл кеңістік – ауланы, үйдің алдын гүлдермен әсемдеу орыс отбасыларында қалыптасқан дәстүр екендігінің белгісі.

Небольшой огороженный садик, цветник перед домом Обед кончился; большие пошли в кабинет пить кофе, а мы побежали в сад шаркать ногами по дорожкам, покрытым упавшими желтыми листьями, и разговаривать. Начались разговоры о том, что Володя поедет на охотничьей лошади, о том, как стыдно, что Любочка тише бежит, чем Катенька, о том, что интересно было бы посмотреть вериги Гриши, и т. д.; о том же, что мы расстаемся, ни слова не было сказано [107, с. 45-46]. Сад – балалардың уақыт өткізетін жері, жоғарыда берілген кабинет концептісіне қарама-қайшы қолданылады. Бұл үзіндіден көрініп тұрғандай, бақша – балалық шақ, еркіндік, табиғатпен үйлесімділіктің символы. XIX ғасырдағы орыс отбасыларында бақша тек жеміс-жидек өсіретін жер ғана емес, сондай-ақ орыс мәдениетінде демалатын кеңістік ретінде беріледі.

Ұлттық мәдени кодты білдіретін концептілер. Шығармада ұлттық болмыс, сөздік формалар және мәдени құндылықтар кең көрініс тапқан.

Сөйлесу формалары: «голубушка», «душечка», «милый мой», «ангел мой», «маман», «голубчик мой», «мамаша», Николенька, Любочка, Володя – орыс мәдениетінде эмоциялық қарым-қатынасты білдіретін жұмсақ, жылы мәнді сөздер жиі қолданылады және олар жан жылуын көрсетеді, сонымен қатар отбасы мүшелерінің атына кішірейткіш мәнді жұрнақтардың қосылып қолданылуы да эмоционалды жақындықты көрсетудің мәдени маркері болып табылады.

Діни кодтар: В ту минуту, как Карл Иванович отворил дверь залы, священник надевал ризу, и раздались первые звуки молебна.

Бабушка была уже в зале: сгорбившись и опершись на спинку стула, она стояла у стенки и набожно молилась; подле нее стоял папа. Он обернулся к нам и улыбнулся, заметив, как мы, заторопившись, прятали за спины приготовленные подарки и, стараясь быть незамеченными, остановились у самой двери. Весь эффект неожиданности, на который мы рассчитывали, был потерян [107, с. 75-76]. Молебен – православие шіркеуіндегі арнайы діни рәсім. Молебен – краткое богослужение [128, с. 348], краткая церковная служба [123, с. 246], православ шіркеуінде орындалатын діни рәсім. Бұл рәсімге отбасы мүшелерінің тек үлкендері ғана емес, кішілерінің де қатысуы рәсімдердің орындалуының ұрпақтан ұрпаққа берілетіндігін көрсетеді. Священник надевал ризу: священник – православие шіркеуінің діни қызметкері [125, с. 616]; риза – верхняя одежда, облачение священника, при богослужении [129, с. 97], верхнее облачение священника, надеваемое во время богослужения [130, с. 1359], православие діни қызметкерінің құлшылық кезінде киетін сыртқы киімі.

В десять часов нас позвали к панихиде, которую служили перед выносом. Комната была наполнена дворовыми и крестьянами, которые, все в слезах, пришли проститься с своей барыней. Во время службы я прилично плакал, крестился и кланялся в землю, но не молился в душе и был довольно хладнокровен; заботился о том, что новый полуфрачек, который на меня надели, очень жал мне под мышками, думал о том, как бы не запачкать слишком пантолон на коленях, и украдкой делал наблюдения над всеми присутствовавшими. Отец стоял у изголовья гроба, был бледен, как платок, и с заметным трудом удерживал слезы [107, с. 116-117]. Бұл үзіндіде орыс мәдениетіне тән шіркеу қызметі, крест белгісімен дұға оқу секілді христиандық дәстүрлер көрініс тапқан. Мәтінде панихида рәсімі аталады – бұл орыс православие дәстүрінде қайтыс болған адамды еске алу үшін оқылатын діни рәсім. Панихида – церковная служба по умершему [130, с. 32]. Креститься – православие сенімінде дұға немесе діни рәсім кезінде айқыш белгісін жасау. Креститься – производить обряд крещения над кем-н. [125, с. 254]. Кланялся в землю – шіркеу пәсімдері барысында Құдайға тағзым ету, жерге дейін иілу. Комната была наполнена дворовыми и крестьянами – бұл отбасының жоғары әлеуметтік мәртебесін көрсетеді: үй қызметшілері мен шаруалар қожайынмен қоштасуға келген. Сөйлемдегі дворовые – орыс помещиктік мәдениетінің белгісі. Дворовой – крепостной крестьянин, крепостная крестьянка из двора [131, с. 661]. Крестьянин сөзі орыс аграрлық мәдениетін, ауылдық қауымның (община) тұрмысын және православиелік дүниетанымдағы «еңбекші адам» бейнесін көрсетеді. Қазақ қоғамында шаруаларға ұқсас топ малшылар болғанымен, «крестьяне» ұғымы орыс тарихына, жерге бекітілген еңбек жүйесіне тән. Крестьянин – лицо, принадлежащее к низшему податному сословию земледельцев [131, с. 1513].

Она столько раз принималась целовать и крестить Володю, что – полагая, что она теперь обратится ко мне, – я совался вперед; но она еще и еще благословляла его и прижимала к груди. Наконец я обнял ее и, прильнув к ней, плакал, плакал, ни о чем не думая, кроме своего горя. [107, с. 32]. «Благословить» – совершить над кем-н. обряд благословения; возблагодарить; признать прекрасным, разумным, одобрить; разрешать кому-н. что-н., давать согласие, позволение [131, с. 150]. Айқыш белгі салу (перекрестить) мен бата беру (Бог благослови тебя) – дәстүрлі рухани тәрбие мен өмірге сәттілік тілеудің нышаны.

«Еңбек» концептісі. – Есть у тебя платок? – спросил папа. Я вынул из кармана и показал ему.

– Ну, так возьми на платок эту серую собаку...

– Жирана? – сказал я с видом знатока. Да, и беги по дороге. Когда придет полянка, остановись и смотри: ко мне без зайца не приходит!

Я обмотал платком мохнатую шею Жирана и опрометью бросился бежать к назначенному месту. Папа смеялся и кричал мне вслед:

– Скорей, скорей, а то опоздаешь [107, с. 49].

Бұл үзіндіде әкесінің баласымен аң аулауға шығу сәті берілген. Әкесі бұйырып, кей жерінде мысқылдап күліп сөйлегенімен (Папа смеялся и кричал мне вслед), оның сөздерінің (ко мне без зайца не приходится) астарында тәрбиелік мән жатыр: баласын шыдамдылыққа, батылдыққа, қиындыққа төзуге баулиды. Баласы да әкесінің айтқанын үнсіз қабылдап, оның іс-әрекетіне бағынышты болғанымен (бросился бежать к назначенному месту), орыс отбасында бұл қалыпты болып саналады, себебі аң аулау – әке мен ұлдың арасындағы байланысты нығайтатын орта.

Мұндай концептілер арқылы Л.Н. Толстой отбасылық өмір мен ұлттық болмыстың байланысын терең бейнелейді, ал көркем мәтіндегі тілдік таңбалау мазмұны дискурстың ұлттық ерекшелігін айқын аңғартады.

Ағылшын әдебиетінің көрнекті өкілі Томас Гардидің «Tess of the d'Urbervilles» романы – отбасы дискурсы арқылы ағылшын ұлттық дүниетанымының моральдық, әлеуметтік және тілдік ерекшеліктерін көркем түрде жеткізетін бірегей көркем мәтін туындысы. Бұл шығармасында Виктория дәуірінің ұлттық отбасылық құндылықтары, әлеуметтік нормалар ерекше көрініс табады. Бұл көркем мәтіндегі отбасы дискурсы ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде маңызға ие.

Берілген көркем мәтіндегі отбасы дискурсы антропоэлекті сипатқа ие, мұнда отбасы мүшелері арасындағы рөлдер, эмоционалдық байланыстар мен әлеуметтік жауапкершілік ұлттық-мәдени ерекшеліктермен астасып көрсетіледі. Мұнда туыстық қатынас концептілері бойынша әсіресе *ана, әке, қыз, бауыр* концептілері айқын көрініс табады. Әрқайсысы дәстүрлі функцияларынан ауытқып, викториандық қоғамның күйзелісті әлеуметтік шындығын бейнелейді.

Әке/father концептісі. Әке концептісі Тесстің әкесі Джон Дурбервилл образы арқылы беріледі. Ол ішімдікке салынған, отбасының қамын ойламайтын, өзінің ата-бабалық тегін мақтан тұтқанымен, нақты әрекет етпейтін адам. Әке отбасындағы көшбасшы рөлінен айырылып, керісінше, отбасы мүшелері үшін қосымша ауыртпалыққа айналады. Бұл концепт әлеуметтік жауапкершіліктен айырылған әке моделін қалыптастырады және дәстүрлі моральдық нормаларға қайшы келеді.

– Never you mind the place, boy; that's not the question before us. Under the church of that parish lie my ancestors – hundreds of 'em – in coats of mail and jewels, in great lead coffins weighing tons and tons. There's not a man in the county o' Wessex that's got grander and nobler skellingtons in his family than I.

– Oh?

– Now take up that basket, and go on to Marlott, and when you come to The Pure Drop Inn, tell 'em to send a horse and carriage to me immediately, to carry me home. And in the bottom o' the carriage they be to put a noggin o' rum in a small bottle, and chalk it up to my account. And when you've done that, go on to my house with the basket, and tell my wife to put away that washing, because she needn't finish it, and wait till I come home, as I have news to tell her [108, p. 9-10]. (– Оны ойлама, балақай, біздің қазір талқылап отырған мәселеміз ол емес. Сол шіркеудің

астындағы қабірінде менің ата-бабаларым жатыр – жүздеп саналады. Бәрі сауыт-сайманымен, әшекейлерімен, ауыр қорғасын табыттарда, тонналап. Бүкіл Уэссекс өлкесінде менен асқан текті, асыл сүйектер ешкімнің әулетінде жоқ. – Рас па? – Енді мына себетті алып, Марлотқа қарай жүр. «Пьюр Дроп» қонақүйіне барғанда, олардан маған бірден арба мен ат жіберуді сұра. Сол арбаның түбіне кішкентай бөтелкемен ром салып қойсын да, ақшасын менің атыма жазып қойсын. Соны істеп болған соң, себетті алып менің үйіме бар да, әйеліме кір жууды жинай берсін деп айт, оны бітірудің қажеті жоқ. Өйткені мен үйге барған соң айтар жаңалығым бар).

Берілген үзіндіде басты кейіпкер Тесстің әкесі Джон өзінің шыққан тегінің бай екенін және олардан мұра қалғанын біліп мақтанады. Қызмет етіп жүрген ер жігітке бұйрық беріп (take up (ал), go on (жүр), tell (сұра) сөйлегенінен дәстүрлі ағылшын отбасында әкенің бұйрық беру құқығына ие екендігін көрсетеді. Ұлттық ағылшын отбасы дискурсында отбасын асыраушысының мұндай бұйрықтармен сөйлеуі қалыпты болып саналады. Әйелінің пікірімен санаспай, оған жай ғана жұмысты тоқтат (tell my wife to put away that washing) деп айтуы да отбасындағы ер мен әйел ара-қатынасындағы теңсіздікті көрсетеді. Оның айтатын жаңалығы (as I have news to tell her) әйелінің айналысып жатқан ісінен де маңызды. Үзіндідегі келесі тіркестер ағылшын мәдениетіне мән маркерлер болып табылады: under the church of that parish (сол шіркеудің астындағы қабірінде) ағылшын ауылы өмірінде шіркеудің ең негізгі рухани институт екендігін көрсетеді, noggin o' rum ағылшын мәдениетінде ішімдік ішу қалыпты екендігінің айғағы, send me a horse and carriage ағылшындардың мәртебесін білдіреді.

«They went home together, Tess holding one arm of her father, and Mrs. Durbeyfield the other. He had, in truth, drunk very little – not a fourth of the quantity which a systematic tippler could carry to church on a Sunday morning without a hitch in his eastings or his genuflections; but the weakness of Sir John's constitution made mountains of his petty sins in this kind» [108, p. 30-31]. (Олар үйлеріне бірге қайтты: Тэсс әкесінің бір қолынан, ал миссис Дэрбейфилд екінші қолынан сүйемелдеп алды. Шын мәнінде, ол аса көп ішкен жоқ – тіпті жексенбі күні таңертең шіркеуге бара жатып әдеттегі маскүнем еш қиналмай көтере беретін мөлшердің төрттен біріне де жетпеді. Бірақ сэр Джонның әлсіз денсаулығы мұндай болар-болмас қылықтарын да тым ауыр күнә етіп көрсететін). Бұл үзіндіде де Джонның ішімдік ішіп, оны әйелі мен қызы алып келе жатқанын байқаймыз. Ол келесі сөздер мен тіркестермен сипатталады: *Tippler* – ішімдік ішіп тұратын адам [132], британдық ағылшын тілінде көнерген зат есім, ішімдік ішуді әдетке айналдырған адамдар туралы айтқанда қолданылады. A systematic tippler carry to church on a Sunday morning ағылшындықтар үшін шіркеудегі рәсімдер алдында ішімдік ішуді қалыпты деп қабылдайтындығын көрсетеді. Make a mountain «Make a mountain out of a molehill» – foolishly or pointlessly exaggerate the importance of something trivial [133, p. 193] мақалының қысқартылған түрі, қазақ тіліндегі түймедейді түйедей ету, орыс тілінде делать из мухи слона оралымдарына сәйкес келеді,

constitution біреудің жағдайы туралы сөз қозғалғанда қолданылатын сыпайы форма [134, p. 79]

Ана/mother концептісі. Ана концептісі Джоан Дурбейфилд бейнесі арқылы берілген. Ол қызы Тесстің тағдырына алаңдамайтын, тек пайданы көздейтін ана ретінде сипатталады. Ол қызының бақытынан бұрын, әлеуметтік жағдайын түзетуді көксейді:

– Why didn't you tell me there was danger in men-folk? Why didn't you warn me? ladies know what to fend hands against, because they read novels that tell them of these tricks; but I never had the chance o' learning in that way, and you did not help me!'.

Her mother was subdued. – I thought if I spoke of his fond feelings and what they might lead to, you would be hontish wi' him and lose your chance, she murmured, wiping her eyes with her apron. – Well, we must make the best of it, I suppose. 'Tis nater, after all, and what do please God [108, p. 99]. (– Неге маған еркектерден қауіп бар екенін айтпадыңыз? Неге ескертпедіңіз? Әйелдер ондай қулық-сұмдықты біледі, себебі олар мұндай жайларды түсіндіретін романдар оқиды; ал менің ондайды үйренуге еш мүмкіндігім болған жоқ, сіз де көмектеспедіңіз! – деді ол. Анасы сәл басылып қалды. – Мен оның саған деген ықыласы мен одан туатын салдарды айтсам, сен шошып, одан теріс айналып, мүмкіндігіңді жоғалтып аласың деп ойладым, – деді ол көз жасын алжапқышымен сүртіп. – Е, амал нешік, шыдау керек. Бұл – табиғат заңы, бәрі де Құдайдың қалауымен болады). Тесстің реніші ана мен қыз арасындағы шынайы түсіністіктің жоқтығын білдіреді. Бұл ана концептісінің дәстүрлі «қорғаушы, қолдаушы» моделінен ауытқығанын көрсетеді. Ол Тесске өмір жолындағы қиындықтарды неке арқылы шешуге болатынын айтады. Аналық қамқорлық емес, есеп басым. Үзіндідегі диалектілік қолданыстар («ye», «afeard») – ағылшын ауылдық сөйлеу тілінің көрінісі. Бұл ана мен қыздың әлеуметтік статусын бейнелейді.

– Well, Tess ought to go to this other member of our family. She'd be sure to win the lady, Tess would; and likely enough 'twould lead to some noble gentleman marrying her. In short, I know it. – How? – I tried her fate in the Fortune-teller, and it brought out that very thing [108, p. 29]. Берілген мысалда да анасы қызының жағдайы жақсы азаматқа тұрмысқа шығатынынан үміт күтетінін айтады. Тіпті оны алдын ала кітап арқылы болжап та көрген. Fortune-teller Англияда, әсіресе, XVIII-XIX ғасырларда кең тараған кітаптың түрі [135, p. 116], ол арқылы адамдар өздерінің болашақтарын болжауға тырысқан.

Қыз / Daughter концептісі. Қыз концептісі романның басты кейіпкері Тесс арқылы ашылады. Ол – отбасындағы тұңғыш бала ретінде материалдық та, моральдық та ауыртпалықты өз мойнына алған, өз тағдырын екінші орынға ысырып, өзгелердің амандығы үшін әрекет ететін тұлға. Оның еңбекқорлығы, ішкі сабыры, үнсіз төзімі викториандық әйел бейнесінің көркем үлгісі ретінде сипатталады. Қыздың қоғам алдындағы моральдық борышы оның жеке бостандығынан бас тартуына алып келеді. Осы арқылы қыз бейнесі отбасылық құрбандықтың символына айналады.

– «The poor man can't go, she said to her eldest daughter», – whose great eyes had opened the moment her mother's hand touched the door. Tess sat up in bed, lost in a vague world between a dream she had just been having and this information.

– «But somebody must go», – she replied to her mother. «It is late for the hives already. Swarming will soon be over for the year; and if we put off taking 'em till next week's market, the call for 'em will be past, and they'll be thrown on our hands» [108, p. 32]. (– «Байғұс әкең бара алмайды», – деді анасы үлкен қызына, оның үлкен жанары анасының есікке қолын тигізген сәтте ашылып кеткен еді. Тэсс төсектен басын көтерді, енді ғана көрген түсі мен жаңа естіген хабарының арасында абыржып отыр. – «Бірақ біреу баруы тиіс қой, – деді ол анасын іліп әкетіп. – «Қазірдің өзінде ұяларға кешігіп қалдық. Биылғы маусымда бал араларының ұшуы да бітуге жақын; егер оларды келесі аптадағы жәрмеңкеге дейін кейінге қалдырсақ, сатып алушылардан сұраныс болмайды да, қолымызда қалып қояды»). Берілген мысалдардағы лексикалық бірліктер арқылы Тесстің мойнына жауапкершілік артылғандығын көреміз: *eldest child* – отбасындағы үлкен бала; анасы әкесінің жұмысқа бара алмайтындығын айтып үлкен қызын оятады. Қызы да біреу бару керек деп жауапкершілікті түсінеді.

– «I'll rock the cradle for 'ee, mother», said the daughter, gently; «or I'll take off my best frock and help you wring up? I thought you had finished long ago» [108, p. 21]. (– «Бесікті тербетіп берейін бе, мама?» – деді қызы. – «Немесе көйлегімді шешіп, кірді сығуға көмектесейін бе? Мен сіз әлдеқашан бітірдіңіз деп ойлап едім») Үзіндіде қызы анасына бала тербетуге, кір жууға көмектесетіні оның әрдайым жақындарына көмектесіп, қолдап жүретіндігінің айғағы. Ана сөзін жұмсақ етіп айтуы да оның анасына деген құрметін көрсетеді.

Бала концептісі. Тесстің дүниеге әкелген некесіз нәрестесі – *Sorrow* (*Sorrow*) арқылы бейнеленеді. Өз сәбиін жасырын түрде шоқындырып, жерлеу рәсімін жалғыз өзі өткізеді. Бұл көрініс арқылы бала *концептісі* қоғам мен мораль заңдарының құрбанына айналған бейне ретінде көрініс табады.

«She might have seen that what had bowed her head so profoundly – the thought of the world's concern at her situation—was founded on an illusion. She was not an existence, an experience, a passion, a structure of sensations, to anybody but herself» [108, p. 110]. (Ол басын қатты иіп, жанына батқан нәрсенің – өз жағдайына қоғам қалай қарайды деген ойдың иллюзия екенін түсінуі керек еді. Шын мәнінде, ол үшін өзінен басқа ешкімге оның болмысы, сезімі, уайымы мен түйсіктерінің мәні жоқ болатын). Тэсс дүниеге некесіз бала әкелгеннен кейін өзін қоғамның айыптауынан қиналғандай сезінеді, бірақ шын мәнінде айналасындағылар оның өміріне ондай мән бермейді. Бұл адамның жалғыздығын көрсетеді: басқалар үшін біз өзіміз ойлағандай маңызды емеспіз, тек бір қоғамның бөлшегі ғана болып көрінеміз.

– «Sorrow, I baptize thee in the name of the Father, and of the Son, and of the Holy Ghost». She sprinkled the water, and there was silence. «Say 'Amen' children» [108, p. 114]. (– «Сорроу, мен сені Әке, Ұл және Киелі Рухтың атымен шоқындырамын», – деді ол. Сумен себеледі, содан соң үнсіздік орнады. –

«Балалар, «Әумин» деңдер», – деді ол). Тесс дүниеге келген баласын «Sorrow» деп атайды. Бұл ағылшын тілінен тікелей аударғанда қайғы дегенді білдіреді. Баланың жағдайы нашарлап, өлім аузында жатқанда шіркеу оны шоқындырудан бас тартады, сондықтан Тесс оны өз қолымен үйде шоқындырады. Бұл үзіндіден baptize – шоқындыру діни рәсімінің аталуы ағылшын мәдениетінде адам дүниеден өткенде міндетті түрде орындалатындығын көрсетеді.

Brother/sister (бауыр) концептілері. Бауыр концептісі Тесстің кіші бауырларына деген қамқорлығымен сипатталады. Dismissing this, however, she busied herself with sprinkling the linen dried during the daytime, in company with her nine-year-old brother Abraham and her sister Eliza Louisa of twelve, called «Liza Lu», the youngest ones being put to bed. There was an interval of four years between Tess and the next of the family, the two who had filled the gap having died in their infancy, and this lent her a deputy-maternal attitude when she was alone with her juniors [108, p. 25]. (Бұған көңіл аудармастан, ол күндіз кептірілген кірді су себелеп дымқылдауға кірісті. Оның қасында тоғыз жастағы інісі Абрахам мен он екі жастағы қарындасы Элайза Луиза бар еді, оны үйде «Лиза Лу» деп атайтын. Ең кішкентайлары әлдеқашан ұйықтап қалған. Тэсспен өзінен кейінгі бала арасында төрт жас айырмашылық болды, ал арадағы екі бала нәресте кезінде шетінеп кеткен. Сол себепті Тэсс іні-сіңлілерімен бірге жалғыз қалғанда, оларға анасындай қамқорлықпен қарайтын). Берілген үзіндіден Тесстің бауырларына деген қамқорлығын, жанашарлығын және олардың арасындағы жақын қарым-қатынасты байқауға болады. Сіңлісі Элиза Луизді (Eliza Louisa) еркелетіп Лиза Лу деп атауының өзі ағылшын мәдениетіндегі жақындармен тығыз байланысты көрсетеді. she busied herself with sprinkling the linen... in company with... Тесс бауырларымен үй шаруасын бірге жасап, үйдің үлкені ретінде үлгі көрсетеді. A deputy-maternal attitude – Тесс бауырларына жай ғана әпке емес, үнемі қолдаушы жан ретінде аналары секілді қастарынан табылады.

Берілген көркем мәтіндегі отбасы дискурсынан келесі этикалық-моральдық концептілер анықталды:

Shame/ұят: – «Oh no; I wouldn't have it for the world!» declared Tess, proudly. «And letting everybody know the reason – such a thing to be ashamed of! I think I could go if Abraham could go with me to keep me company. Tess was indignant and ashamed. She no longer minded the loneliness of the way and the lateness of the hour; her one object was to get away from the whole crew as soon as possible» [108, p. 32]. (– «Жоқ, мен ондайға ешқашан бармаймын!» – деді Тэсс намыстанып. – «Оның үстіне бәрі себебін біліп қояды – бұл нағыз ұят нәрсе! Егер Абрахам қасымда барса, мен бара алар едім». Тэсс ренжіп, ұялып тұрды. Ол енді жолдың ұзақтығына да, түннің кештігіне де мән бермеді; бар ойы – мына топтан тезірек құтылып, алыстап кету болды). Бұл үзіндіде ұят концептісі көрініс тапқан. Тесс өзінің абырой-беделін жоғалтпай, көпшілік алдында ұятқа қалғысы келмейтіндігі туралы айтылады. Бұл келесі тілдік бірліктер арқылы анық көрінеді: Proudly (намыстанып), such a thing to be ashamed of (ұят нәрсе), Tess was indignant and ashamed (Тэсс ренжіп, ұялып тұрды), to get away from the whole crew

as soon as possible (тезірек құтылып, алыстап кету). Ағылшын отбасы дискурсында ұят концепті тек эмоционалды тұрғыда емес, қоғам алдында өзін-өзі қорғау формасы ретінде де қабылданатыны байқалады. Сондай-ақ бұл жерде ұят концептісі абырой концептісімен ұштасады, себебі, Викториандық кезеңдегі ағылшын мәдениетінде әйел заты өзінің дұрыстығын дәлелдеуден гөрі, абыройын сақтап қалу мақсатында басын ала қашуды жөн көреді.

Duty/борыш: Besides the jar of contrast, there came to her a chill feeling of self-reproach that she had not returned sooner, before the dancing began, to help her mother in these domesticities, instead of indulging herself out-of-doors [108, p. 20]. (Бимен әуестеніп, сыртта жүргенше, анасына үй шаруасында ертерек көмектеспегені үшін Тэсс өзін кінәлі сезінді). Бұл мысал қызы анасына үй шаруасына көмектесу керектігін танытады. Тесстің сыртта жүргені үшін өзін кінәлі сезініп, өкінуі (a chill feeling of self-reproach), ағылшын мәдениетінде отбасындағы қыз баланың анасына көмектесу міндеті (to help her mother in these domesticities), өзінің қалауын ысырып қою (instead of indulging herself out-of-doors) қалыпты қабылданатынын көрсетіп, «борыш» концептісін аша түседі.

Respect/құрмет: Seeing their mother put on her bonnet, the younger children clamored to go with her.

– «I do want to walk a little ways wi' Sissy, now she's going to marry our gentleman cousin, and wear fine cloze!»

– «Now», said Tess, flushing and turning quickly, – «I'll hear no more o' that! Mother, how could you ever put such stuff into their heads?»

«Going to work, my dears, for our rich relation, and help get enough money for a new horse», said Mrs. Durbeyfield, pacifically. – «Good-by, father», said Tess, with a lumpy throat. [108, p.57].

(– «Мен сәл ғана Сиссимен бірге жүріп қайтқым келеді, ол енді біздің дәулетті туысымызға тұрмысқа шығып, әдемі киім киеді ғой!».

– «Жетер енді!» – деді Тэсс, бетін қызартып, тез бұрылып. – «Мама, қалайша ондай нәрсені олардың ойына салдыңыз?»

– «Бай туысымызға жұмысқа барады, балаларым сөйтіп жаңа ат алуға ақша табуға көмектеседі», – деді миссис Дэрбейфилд сабырлы түрде.

– «Қош болыңыз, әке», – деді Тэсс, тамағына өксік тығылып). Тэсс бұл үзіндіде ата-анасына ренжіп тұрса да (putting such stuff into their heads), үндемей, ауыр сөз айтпай, викториандық ағылшын мәдениетіне тән сөйлесу формасын сақтайды, сыпайы түрде ғана қарсылық білдіреді, реніші болса да әкесіне жауап береді, ол келесі тілдік бірліктер арқылы көрінеді: Mother, how could you...?, Good-by, father, «lumpy throat».

Кеңістік пен символға қатысты концептілер. Гарди шығармасындағы кеңістік пен символға қатысты концептілер отбасы дискурсында айтарлықтай рөл атқармайды. Марлот ауылы, Трантридждегі үй романда тек жай ғана сипатталып, басты назар отбасы мүшелеріне, олардың өзіндік ұстанымдары мен қарым-қатынастарына аударылады. Бұл сол кездегі викториандық дәуірдегі ағылшын мәдениетіне тән, яғни, үй, бөлме атаулары, ауыл атаулары символдық

мәнге ие емес, тек эстетикалық қызмет атқарады. Мәселен, келесі үзіндіге назар аударатын болсақ: The village of Marlott lay amid the northeastern undulations of the beautiful Vale of Blakemore or Blackmoor aforesaid, an engirdled and secluded region, for the most part untrodden as yet by tourist or landscape-painter, though within a four hours' journey from London [108, p. 10], (Марлотт ауылы әсем Блэйкмор немесе Блэкмор жазығының солтүстік-шығыс бөктерінде орналасқан. Бұл өңір айнала қоршалған, оқшауланған, әзірге саяхатшылар да, суретшілер де көп аяқ баспаған жер еді. Ал Лондоннан бар-жоғы төрт сағаттық қашықтықта орналасқан). Оқшауланған (secluded), ешкім аяқ баспаған (untrodden) жер ретінде жалпы сипатталып, отбасы мүшелері тарапынан туған жер екеніне қарамастан ешқандай маңызға ие емес. Сонымен қатар, бұл кезеңде (XIX ғасыр) жоғарыда ұсынылған қазақ, орыс отбасы дискурсымен салыстыратын болсақ, ағылшын қоғамына бір жерден екінші жерге көшу қалыпты жағдай болып саналып, үй, туған жер секілді кеңістік концептілері ыстық ұя ретінде қабылданбаған.

Ұлттық мәдени кодты білдіретін концептілер. Романда отбасы дискурсындағы ұлттық мәдени кодты білдіретін концептілер кейіпкерлер қолданатын арнайы сөйлеу формалары арқылы көрінеді:

Dear, my maid, my porret: ағылшын мәдениетінде бұл формалар ата-ананың (көбінесе, ананың) баласына деген қамқорлығын, мейірімін, сонымен қатар қорғаушы рөлін білдіреді. «My» есімдігінің отбасы мүшесіне қатысты балам менің, ұлым менің деп қолданылуы жақындықты көрсетеді, ал my maid тіркесінің қолданылуы тура мағынасында қызым дегенді білдірмесе де, ағылшын ауыл мәдениетінде бұл отбасы дискурсында қызына жылы түрде сөйлеуді білдіреді. «Dear» сөзі де сүйіспеншілік пен махаббатты білдіріп, отбасы дискурсында жиі қолданылады, «my porret» қуыршағым деп анасының қызына сөйлеуі де эмоционалды жақындық пен жылулықты білдіреді. Ал «mother» және «father» туыстық атаулары ешқандай өзгеріске ұшырамай, қысқартылмай ресми түрде қолданылады, себебі, қызы мен ата-анасы арасында эмоционалды қашықтық байқалады. Бұл сол кезеңдегі ағылшын мәдениетінде үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынаста арақашықтықтың сақталуымен түсіндіріледі.

Отбасындағы тәрбие: labor (еңбекке баулу) концептісі де ұлттық мәдени кодты білдіреді, бұл ағылшын мәдениетіндегі егін жинау дәстүрі мен ауылдық әдет-ғұрыптар арқылы көрінеді: It is Tess Durbeyfield, otherwise D'Urberville, somewhat changed – the same, but not the same; at the present stage of her existence living as a stranger and an alien here, though it was no strange land that she was in. After a long seclusion she had come to a resolve, during the week under notice, to undertake outdoor work in her native village, the busiest season of the year in the agricultural world having arrived, and nothing that she could do within the house being so remunerative for the time as harvesting in the fields [108, p. 107]. (Бұл – Тэсс Дэрбейфилд, яғни Д'Эрбервиль, аздап өзгерген, бірақ бәрібір сол Тэсс – таныс та, бейтаныс та сияқты. Қазір ол өз еліне жат адамдай сезініп жүр, дегенмен бұл жер оған бөтен емес еді. Ұзақ уақыт оңаша жүрген соң, ол осы аптада ауылдағы дала жұмысына шығуға шешім қабылдады. Өйткені ауыл шаруашылығында ең

қызу маусым басталған, ал үй ішінде істейтін жұмыстардың ешқайсысы егін жинаудан түсетін табыс сияқты тиімді болмады). Ағылшын мәдениетінде егін жинау (harvesting) – ғасырлар бойы маңызды деп есептеліп келген жұмыс түрі. Ағылшын мәдениетінде harvest customs, harvest festivals [136, p. 167-168] дәстүрлерінің болуы олар үшін егін жинаудың маңыздылығын айқындайды. Күнкөріс қамы бірінші кезекте тұрғанымен, бұл маусымдық дәстүрге жататын өнім жинаудың бір түрі болып есептелді. Тесс те ауылшаруашылық еңбегіне қатысады, бұл оның ауыл өміріне араласуын көрсетеді. The forests have departed, but some old customs of their shades remain. Many, however, linger only in a metamorphosed or disguised form. The May-day dance, for instance, was to be discerned on the afternoon under notice, in the guise of the club revel, or «club-walking», as it was there called. [108, p. 12]. (Ормандар баяғыда жойылып кеткенімен, сол заманнан қалған кейбір әдет-ғұрыптар әлі де сақталып келеді. Бірақ олардың көбі қазір өзгерген не жасырын түрге енген. Мысалы, бұрынғы 1 мамыр мерекесіндегі би бұл жолы «клубтық серуен» деп аталатын дәстүрлі ойын-сауық түрінде көрініс тапты). May-day dance [136, p. 226] – көктемде тойланатын, маусымдық өнім беру мен жұмысшылардың еңбегіне орай өтетін мамырдың ауылдық мерекесі. Көркем мәтінде бұл мереке мәдени естелік, дәстүрдің түрленуі ретінде беріледі. Бұрын маусымдық өнім берумен байланысты мереке болса, мәтінде барлық ауыл тұрғындары қатысатын серуенге (club-walking) өзгергендігін көрсетеді. Ал Тэсстің бұл серуенге қатысуы оның дәстүр мен қауымға тиістілігін аңғартады.

Бұл тілдік бірліктер көркем мәтіндегі отбасы дискурсындағы ұлттық мәдени кодты білдіріп, бұл отбасы мүшелері арасындағы сүйіспеншілікті, жақындықты бейнелейді.

Отбасы дискурсы – белгілі бір этностың мәдениетін, дүниетанымын, құндылықтық бағдарын, тілдік ерекшелігін айқындайтын дискурстың түрі. Қазақ, орыс және ағылшын дискурстарының отбасыға қатысты концептілік аясы бірқатар ұқсастықтармен қатар, өзіндік ерекшеліктерімен де сипатталады. Бұл ерекшеліктерді төмендегідей аспектілер бойынша талдауға болады:

1. Туыстық қатынас концептілері. Қазақ дискурсында «ана», «бала», «әке», «ене», «келін» сияқты туыстық атаулар ұлттық дәстүрге келеді. Әсіресе, ене мен келін арасындағы қарым-қатынас тек туыстық байланысты ғана бейнелеп қоймай, қазақ отбасындағы үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынастың моделін де көрсетеді. Орыс дискурсында негізгі туыстық атаулар қатарында «әке», «ана», «әже», «бауыр» бар. Бұл концептілер арқылы ұрпақтар сабақтастығы, дәстүрлі орыс отбасылық құрылымы ашылып көрсетіледі. Ағылшын отбасы дискурсында да «әке», «ана», «қыз», «бала», «бауыр» секілді жалпы туыстық категориялар бар, бірақ ағылшын ұлтына тән мәдени ерекшелік ретінде бұл концептілер жеке тұлғаның ұстанымы мен эмоционалдық жақындық арқылы сипатталады.

2. Этикалық-моральдық концептілер. Қазақ отбасы дискурсында құрмет, борыш, кешірім секілді ұғымдар кең тараған. Бұл – үлкенге құрмет, өзін-өзі ұстау

мәдениеті, отбасында тәртіп пен сабырлықты сақтаудан көрінеді. Орыс дискурсында борыш, ұят, құрмет концептілері алдыңғы қатарға шығады. Бұл моральдық категориялар, көбіне, православиялық дүниетаныммен, ішкі жан дүниетанымымен байланысты. Ағылшын дискурсында да құрмет, ұят, борыш категориялары кездеседі. Бірақ олар, негізінен, әлеуметтік-мәдени норма ретінде көрінеді.

3. Кеңістік пен символға қатысты концептілер. Қазақ дискурсында шаңырақ, ошақ, үй, туған жер, жайлау, самаурын секілді кеңістік пен заттық символдар жиі қолданылады. Бұлар отбасының рухани орталығы мен тұрақтылық символы ретінде қызмет етеді. Орыс дискурсында кабинет, бақша/гүлзар кеңістіктері кездеседі, олар арқылы отбасы мүшелерінің рөлі мен өмір салты көрінеді. Ағылшын отбасы дискурсының концептілік аясына кеңістік пен символға қатысты концептілер кірмейді, себебі, нақты географиялық орындар Марлот ауылы, Трантридж үйі аталғанымен, отбасының әлеуметтік-мәдени жағдайын бейнелемейді.

4. Ұлттық мәдени кодты білдіретін концептілер. Қазақ дискурсында еңбек, сөйлесу формалары мен әдет-ғұрыптар («айналайын», «анашым», «шырағым», «құлыным»), бата беру, ат қою, жоқтау тәрізді дәстүрлер ұлттық менталитетті, тіл арқылы отбасындағы қарым-қатынасты жан-жақты көрсетеді. Орыс дискурсында діни кодтар (қайтыс болған жанмен қоштасу, дұға оқу), сөйлесу формалары, («голубушка», «милый мой», «мамаша», «ангел мой») – православтық дүниетаным мен дәстүрлі отбасылық қарым-қатынасты сипаттайды. Ағылшын дискурсында еңбек пен сөйлесу формалары, («my maid», «my porret», «dear»), егін жинау дәстүрі мен ауылдық әдет-ғұрыптар – отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасты, ағылшын мәдениетіне мен өмір сүру салтын бейнелейді. Бұл айтылғандар негізінде отбасы дискурсының концептілік аясын салғастырып, 4-кесте жинақтап ұсындық.

Бұл айтылғандар негізінде отбасы дискурсының концептілік аясын салғастырып, 4-кестеде жинақтап ұсындық.

Кесте 4 – Отбасы дискурсының концептілік аясы бойынша салғастырмалы кесте (Салыстырылған үш көркем мәтін негізінде)

Отбасы дискурсының концептілік аясы	Қазақ дискурсы	Орыс дискурсы	Ағылшын дискурсы
1	2	3	4
Туыстық қатынас концептілері	ана, бала, әке, ене, келін	әке, ана, әже, бауыр	әке, ана, қыз, бала, бауыр
Этикалық-моральдық концептілер	құрмет, борыш, кешірім	борыш, ұят, құрмет	ұят, борыш, құрмет
Кеңістік пен символға қатысты концептілер	шаңырақ, ошақ, үй, туған жер, жайлау, самаурын	кабинет, бақша/гүлзар	Марлот ауылы, Трантридж үйі, Flintcomb-Ash фермасы

4-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ұлттық мәдени кодты білдіретін концептілер	сөйлесу формалары, («айналайын», «анашым», «шырағым», «құлыным»), еңбек, жоқтау бата беру, ат қою	сөйлесу формалары («голубушка», «милый мой», «маман», «ангел мой»), діни кодтар, еңбек	еңбек, сөйлесу формалары («my maid», «my poppet», «dear»), егін жинау дәстүрі мен ауылдық әдет-ғұрыптар

Қорыта айтсақ, қазақ, орыс және ағылшын дискурстарының отбасы концептілері жалпыадамзаттық құндылықтарда (құрмет, борыш) тоғысады. Алайда, әр ұлттың мәдени, тілдік және тарихи ерекшеліктері осы дискурстың құрылымы мен мазмұнын анықтайды. Қазақ дискурсында басты орынға рухани дәстүр мен ұлттық бірлік қойылады. Ол бата беру, жоқтау, ат қою сияқты ғұрыптарда және кеңістік пен заттық символдарда (шаңырақ, ошақ, туған жер, жайлау, самаурын) көрініс табады. Мұнда отбасы ұғымы тек шағын орта емес, бүкіл қауым мен ұлттық тұтастықты бейнелейді. Орыс дискурсында отбасы этикалық өлшемдер мен діни санамен тығыз байланысты. Борыш, ұят, құрмет секілді концептілер басты бағдар болады, ал діни кодтар (панихида, молебен) отбасының рухани өмірін айқындайды. Бұл жерде отбасы тек тұрмыстық деңгейде емес, этикалық-діни тереңдік тұрғысынан қарастырылады. Ағылшын дискурсында алдыңғы қатарға әлеуметтік тәжірибе мен қоғамдық жауапкершілік шығады. Мұнда құрмет пен борышпен қатар, еңбек те маңызды орын алады. Мәселен, егін жинау сияқты тұрмыстық тәжірибелердің дискурста көрініс табуы ағылшын мәдениетінің ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа негізделген құндылықтарын көрсетеді.

2.2 Отбасы дискурсындағы қарым-қатынастың прагматикалық аспектілері

Отбасы дискурсы – этномәдени құндылықтар мен ұлттық дүниетаным көрініс табатын ерекше коммуникативтік кеңістік. Прагмалингвистикалық талдау арқылы ұлттық ерекшеліктерді ашу – дискурстың жасырын мағыналарын, сөйлеушілер арасындағы қарым-қатынас нормаларын, тілдік мінез-құлық стереотиптерін тануға жол ашады.

Прагмалингвистикалық талдау – сөйлеу актілері, коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар, адресаттың рөлі, мәнмәтін және имплицитті мағына сияқты факторларды зерттеу арқылы дискурстағы мағынаны анықтауға бағытталған.

Бұл тарауда зерттеу материалына таңдалған үш көркем мәтіндегі отбасы дискурсының үзінділері өзара салғастырмалы негізде қарастырылып, төмендегідей прагматикалық өлшемдер бойынша талданды:

- сөйлеу актілері мен функциялары: бұйыру, өтіну, мәлімдеу, сұрақ қою, көндіру, жауапкершілікті арттыру, кінәлау сияқты прагматикалық әрекеттер;

- пресуппозиция мен импликатура: отбасы мүшелері арасында айтылмаса да ұғынылатын мағыналар мен мәдени шарттылықтар;

Бұл талдау келесі лингвистикалық теорияларға сүйенеді: Дж. Остиннің (1962) [137] және Дж. Серльдің (1969) [138] сөйлеу актілері теориясы, Г. Грайстың (1975) [139] импликатура теориясы және П. Браун мен С. Левинсонның (1987) [140] сыпайылық стратегиясы.

Отбасы дискурсында директивтер (белгілі бір әрекет жасауға шақыру), экспрессивтер (қамқорлық, үрей, мейірімділік, сүйіспеншілікті білдіру) ерекше рөл атқарады. Жанама сөйлеу актілері де ой тура айтылмағанымен, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынаста өзіндік мәнге ие. Пресуппозиция (адресант пен адресаттың екеуіне де белгілі нәрсе) мен импликатура (жасырын мағына) прагматикалық талдаудың маңызды категориялары болып табылады. Сонымен, отбасы дискурсын прагматикалық аспектіден талдау айтылымдардың мазмұнын ғана қарастырып қоймай, олардың жасырын мағынасын, қызметін, мәдени ұстанымдары мен құндылықтарында ашып көрсетеді.

Отбасы дискурсы – тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың мазмұны мен формасын ғана емес, сонымен бірге мәдениеттегі құндылықтар жүйесін, әлеуметтік рөлдерді, билік қатынастарын және ұрпақаралық диалогты бейнелейтін күрделі коммуникативтік кеңістік. Тіл арқылы берілетін эмоциялық реңктер, болжамдар, жасырын мағыналар әр мәдениетке тән отбасылық қарым-қатынастың ішкі құрылымын танытады. Бұл тарауда Оралхан Бөкейдің «Атау-Кере», Лев Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» және Томас Гардидің «Tess of the d'Urbervilles» шығармаларындағы отбасы дискурсы прагматикалық тұрғыдан талданады. Авторлардың кейіпкерлерге тән тілдік мінез-құлқы мен қарым-қатынас үлгілері арқылы ұлттық мәдени кодтар мен отбасы ішіндегі әлеуметтік рөлдер айқындалады.

Аталған шығармалардағы отбасы дискурсы мәнмәтінінде әйел рөлі, қыз баланың отбасындағы жауапкершілік жүгін көтеруі, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас моделі, сондай-ақ ұлттық дүниетаным элементтері ерекше прагматикалық жүк арқалап тұр. Талдау барысында әр шығармадағы диалогтар мен ішкі монологтардағы прагматикалық белгілерді салыстырып-салғастыра отырып, тілдің тек қатынас құралы ғана емес, мәдениеттің көрінісі ретіндегі қызметі ашылады.

Жалғыз ұлы есіктен еңсеріле кіріп келгенде, сал болып жатқан шешесі құшағын аша ұмсынып: – Құлыным-ау, есен-сау келдің бе? – деп, аналық абзалдықпен аңырап еді. Айшылық алыс жолдан оралғандай-ақ, Ерігін бауырына басып, екі бетінен кезек шөпілдете сүйді-ай. Осыншалық мол мейірім күтпеді ме, Ерік ыңғайсыздана күліп жіберген.

– Ауғанға барып келгендей-ақ, қарсы алдыңдар-ау.

– Енді қайтейік, бір үйдегі бір азаматтан айдың-күннің аманында айырылып калсақ... Ел аман, жұрт тыныш па екен, әйтеуір.

– Еліңіз орнында, ештеңе ете қояр түрі жоқ. Желдей есіп, желпініп отыр. Бір тоқсанға бөлінген арақты бір айда ішіп тауысып, жоспарын асыра орындапты [106, б. 73-74].

Бұл мәтін романда үйіне оралған Еріктің әйелі мен анасын көріп қауышып жатқан сәтін бейнелейді. Анасы Нюра сөзіндегі «Құлыным-ау...» бірлігі – аналық мейірім мен ұлттық лексика коды.

«Құлыным-ау, есен-сау келдің бе?» (импликатура: анасының баласына деген сағынышы) деген сөзі – ананың перзентіне деген махаббаты мен сағынышының көрінісі.

Мұндағы «құлыным» сөзі қазақ тіліндегі мейірім мен сүйіспеншілікке толы ананың перзентіне деген махаббатын көрсететін мәдени код. Құшағына басу, шөпілдетіп сүю – осы махаббаттың вербалды ғана емес, бейвербалды формадағы көрінісі.

«Ерігін бауырына басып, екі бетінен кезек шөпілдете сүйді-ай» (пресуппозиция: анасының баласын қатты жақсы көруі). Бұл мысал да қазақ отбасындағы эмоционалды жақындықты сөзбен ғана емес, қимыл-әрекет арқылы да білдірудің көрінісі.

«Ауғанға барып келгендей-ақ, қарсы алдыңдар-ау» (экспрессивті сөйлеу актісі) – жақындары тарапынан көрсетілген аса ыстық ықыластың молдығына таңырқау ретінде айтылған. Қазақ ұлтының сөйлеу мәдениетіне тән астарлы ирония, яғни ішкі толқынысты қалжыңмен бүркемелеу көрініс тапқан. Сонымен қатар, бұл тіркес бейбіт өмірдің қадірін түсінудегі тарихи-мәдени фонды да меңзейді, яғни Ауған соғысы ауыр, қауіпті сапар символы ретінде беріліп тұр.

«Айшылық алыс жол» – кеңістікпен қатар беріліп тұрған сағыныш бейнесі ананың баласын көргендегі осы тіркеспен беріліп тұр. Қазақ мәдениетінде жол жай ғана ұғым емес, ол кеңістік концептісі ретінде «күтудің», «амандықтың», «қауышудың» символын білдіреді. Айшылық алыс жер – айлап жүретін қашықтық [121, б. 21].

«Ел аман, жұрт тыныш па екен...» (жанама сөйлеу актісі) – амандық-саулық сұрағанда қолданған сөз тіркесі қазақ халқының амандықты басты құндылық санауының айғағы, әрі бұл – қауіп-қатерге алаңдау, жақындарының амандығына алаңдаушылық, отбасылық қауіпсіздік пен бірлікке негізделген мәдени код.

«Арақ, жоспар» туралы тұспалды фраза әлеуметтік сатира элементі болып табылады: – «Желдей есіп, желпініп отыр. Бір тоқсанға бөлінген арақты бір айда ішіп тауысып, жоспарын асыра орындапты» (пресуппозиция: жұрттың үнемі ішімдік ішуі). Бұл сөйлем кеңес дәуіріндегі бюрократиялық жүйені сынайды. Мұнда жоспарды асыра орындау сырттай жетістік болып көрінеді, бірақ шын мәнінде ол маскүнемдік пен жауапсыздықты меңзейтін астарлы мысқыл.

Бұл көркем диалогқа прагматлингвистикалық талдау жүргізе отырып, кейіпкерлердің сөйлеу актілеріндегі коммуникативтік мақсатты, қарым-қатынас стратегиясын және эмоциялық күйді анықтауға болады.

1. Коммуникативтік мақсаты:

а) Сыйлау, құрмет білдіру;

Анасының сөзі:

«Құлыным-ау, есен-сау келдің бе?»

«Бір үйдегі бір азаматтан айырылып қалсақ...»

Бұл сөйлемдерде ананың баласына деген шексіз мейірімі мен құрметі, аналық жүректен шыққан шынайы ықыласы көрініс табады. Мақсаты – сыйлау, қадірлеу, сағынышты білдіру.

ә) Астарлы ескерту / әлеуметтік сын;

Еріктің сөзі:

«Ауғанға барып келгендей-ақ, қарсы алдыңдар-ау» – бұл ирония, яғни өзін соншалықты сағынатындай не істеп қойдым деген астарлы таңдану.

«Желдей есіп, желпініп отыр. Бір тоқсанға бөлінген арақты бір айда ішіп тауысып, жоспарын асыра орындапты» (пресуппозиция) – бұл жоспар деген желеумен ішімдікті сынау, яғни астыртын әлеуметтік ескерту мен ирониялық сатира. Мақсаты – сын айту, мысқыл арқылы ескерту жасау.

2. Қарым-қатынас стратегиясы – диалог ынтымақты, ашық жанжал, агрессия жоқ. Кейіпкерлер бір-біріне жылы қарым-қатынас танытып, жақындық сезіледі, эмоциялық байланыс танытады. Анасының баласын құшақтауы, шөпілдете сүюі. Еріктің жеңіл ирониясы – бұл да ашық қарсылық емес, коммуникативтік жұмсақтық. Қарым-қатынас: ынтымақты. Жеңіл юмор мен сатира болса да, қарым-қатынас бұзылмаған.

3. Эмоциялық реңк (ашық/жабық) – эмоциялық ашықтық басым. Анасының әрекеті эмоциялық ашық «Құшағын аша ұмсынып», «аңырап еді», «екі бетінен кезек шөпілдете сүйді» – бұл шынайы мейірім мен сағыныштың физикалық және вербалды көрінісі. Ерік эмоциялық тұрғыдан ұстамды, бірақ «ыңғайсыздана күліп жіберуі» оның да ішкі әсерге ие екенін көрсетеді. Сатиралық фразалар «арак, жоспар» – астыртын эмоция, бірақ жалпы алғанда мәтіндегі эмоция жасырын емес, табиғи көрінеді.

Мәтіндегі коммуникативтік мақсаттар: ана тарапынан – астарлы ескерту/мысқыл, ұл жағынан – сыйлау. Қарым-қатынас стратегиясы ынтымақты, жылы қарым-қатынас. Эмоциялық реңк эмоциялық ашықтық басым, шынайы сезім мен жылы қатынас көрініс тапқан.

Мәтіннен үзінді:

– Әй, Айна, несін жасырайын, мен ғашықпын, – деді Ерік әдетінше шашынан сипап.

– Тағы да ма?

– «Тағы да масы» қалай?

– Осыдан он жыл бұрын маған осылай деп едің.

– Мен ойлаймын: ғашықтықта тұрлау жоқ, шек жоқ, сондықтан да мәңгілік...

– Бұрын-соңды естімеген пәлсапа екен. Қашаннан бері?

– Үшінші жыл...

– Ғашығыңның қайда екенін білуге бола ма?
– Өзеннің ар жағында.
– Ой, суайтым-ай, – деп, Еріктің кең жауырынынан алақанымен салып қалған Айна сыңғырлай күліп, екі иінінен дем алған жез самаурынды дедектете жөнелді.

– Шын айтамын, – деп айғайлады Ерік [106, б. 93-94].

Берілген диалогты прагмалингвистикалық тұрғыдан талдай отырып, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас сипатын, сөйлеу мақсатын және эмоциялық реңкін анықтай аламыз.

1. Коммуникативтік мақсаты:

а) Еріктің сөзі: эмоциясын білдіру, мадақтау мен әсер қалдыру;

«Мен ғашықпын», «ғашықтықта тұрлау жоқ, шек жоқ, сондықтан да мәңгілік...» (пресуппозиция: адресат үшін ғашықтық сезімінің белгілі болуы) бұл сөздер Ерік тарапынан сезімді білдіру, айналасына әсер ету, тіпті өзін ақтау мақсатында айтылған. Ол өзін романтик, сезімге берілген адам ретінде көрсетуге тырысады. Коммуникативтік мақсаты – әсер қалдыру, эмоцияны бөлісу, ішкі сезімді жария ету үшін айтып тұр.

ә) Айнаның сөзі: еске салу, ирония, ескерту;

«Тағы да ма?» (жанама сөйлеу актісі), «Осыдан он жыл бұрын маған осылай деп едің» (пресуппозиция: ақпараттың адресатқа таныс болуы) бұл сөздер мұқату, жұмсақ ескерту, ескі ренішті еске салу мақсатында қолданылған. Коммуникативтік мақсаты – ескерту, ирония арқылы эмоцияны білдіріп тұр.

2. Қарым-қатынас стратегиясы – ынтымақты:

Кейіпкерлер бір-біріне ренішпен емес, әзіл мен ирония арқылы сөйлесіп тұр. Айна сыңғырлай күледі, Ерікті алақанымен ұрып жібереді, бұл – достық пен жақындықтың белгісі. Ерік те ашуланбайды, керісінше, айғайлап, «шын айтамын» деп жылы қарым-қатынас сақталады. Мәтінде ерлі-зайыптылар қарым-қатынасы – ынтымақты, жылы, әзіл-қалжың аралас.

3. Эмоциялық реңк ашық, эмоция басым:

Ерік өз сезімін ашық білдіреді «Мен ғашықпын», «Шын айтамын!» Айна әзілмен жауап береді, бірақ ол да эмоциясын жасырмайды «Тағы да ма?», «Суайтым-ай», сыңғырлай күлу диалогта эмоцияны жасыру, үнсіз қалу жоқ, керісінше, сезімдер ашық айтылып отыр.

Бұл диалог – ер мен әйел арасындағы еркін, жақын, шынайы қарым-қатынастың көркем көрінісі. Әзіл, өткенді еске алу, сезім білдіру сияқты тілдік құралдар арқылы жылы, эмоционалды дискурс қалыптасқан.

– Шөлдеген шығарсыз, апа, қайыңның нәрін ішесіз бе, әлде қымыз әкелейін бе?

– Шаршадың-ау, Айнажан. Таудың шөбі ащы ішектей шуатылған қандай ұзын, әрі ауыр болады. Білем ғой мен, білемін, айырлағамыз, арпалысып үйгенбіз.

– Қайыңның суын қайтем, қымыз болса...

– Жалғыз өзім көтере алмаймын, сізді далаға шығарып күн- шуақтатсам деп едім... Егер ара болсам ғой... Салмағы он- ақ грамм, бірақ өзінен жиырма есе ауыр жүк көтере алатын күштілігіне таң қаламын.

– Рахмет, Айнаш. Жалғанның терезеден түскен жарығына жарылқансам да жетер. Демінді алып, тамағыңды іш.

– Балық қуырайын ба, апа?

– Керек емес. Ерік тұзын көп салып жіберген бе, ащы екен, шөлдете береді.

– Ендеше, бастаңғымыз болсын, ет асайын.

– Өзің біл, қалқам. – Айна шоланнан ет алып, тазалап жуып қазанға салды [106, б. 33].

Бұл үзіндіде енесі мен келіні арасындағы диалог берілген. Мұнда ең алдымен байқайтынымыз: енесінің келіннің жай ғана атын атамай, Айнажан, Айнаш деп есіміне кішірейткіш мәнді жұрнақтарды қосып қолдануынан отбасындағы үлкеннің кішіні еркелетуін көреміз. Прагматик-лингвистикалық талдау тұрғысынан бұл жұрнақтар келесі функцияларды атқарып тұр: сөйлеушінің эмоциясын білдіреді; адресанттың адресатқа қатысты қатынасын білдіретін маркер болып табылады; дискурста мұндай жұрнақтар әңгімеге стилистикалық реңк береді; сөйлеушінің тілдік тұлғасын көрсетеді. Мысалда Айнаның атына бұл -жан, -ш жұрнақтарының жалғануы тек атының өзгеріліп қолданылуын емес, жылулық пен мейірімділіктің көрінісі болып табылады. Сондай-ақ, қалқам лексемасы да Айнаның есімінің орнына қолданылып, қамқорлық пен сүйіспеншілікті білдіріп тұр.

Сөйлеу актілеріне келер болсақ, үзіндіде директивті сөйлеуі актісі (Ендеше, бастаңғымыз болсын, ет асайын) арқылы адресант адресатты әрекетке итермелейді, бұл жерде тамақ ішу туралы айтылып тұр, реперезантативті сөйлеу актісімен (...қайыңның нәрін ішесіз бе, әлде қымыз әкелейін бе? Балық қуырайын ба, апа?) сұрақтар арқылы ақпарат алу мақсаты көзделеді, қоса, экспрессивті сөйлеу актісіне (Рахмет, Айнаш) жататын алғыс айту актісі орын алады.

Пресуппозициясын талдасақ, Қайыңның суын қайтем, қымыз болса... Енесі қымыз ішкісі келеді, қайыңның суынан гөрі пайдасы көп, шөлді қандырып қана қоймай, емдік қасиеті бар сусынды қалайтыны айтылып тұр. Жалғыз өзім көтере алмаймын, сізді далаға шығарып күн-шуақтатсам деп едім сөйлемінде енесінің өздігінен жүре алмайтындығы, сыртқа шыға алмайтындығы айтылады, бұл жерде таза ауаның адамға жақсы әсер ететіндігі де анық көрінеді. Импликатурасы: Өзің біл, қалқам деп енесінің жауап беруі таңдауды келініне қалдырғаны жасырын айтылып тұр.

Демек, қазақ отбасы дискурсында эмоция отбасы мүшесіне деген қатынасты білдіруде көрініп, бейвербалды актілер арқылы, кішірейткіш мәнді жұрнақтар мен жұмсақ лексика арқылы беріледі. Дәстүрлі мәдени құндылықтар айқын көрінеді: үлкенді құрметтеу, қамқор болу, кішіге мейірім көрсету, эмоционалды жылулық. Бұл құндылықтар талданған үзінділердегі амандасу формалары, отбасы мүшесіне қатысты сөйлеу формалары арқылы беріледі. Отбасындағы иерархия, дәстүрлі құндылықтарды ұмытпау, бақыт пен амандықтың басты

орында болуы айтылған сөздерден бірден түсінілетін пресуппозиция болып табылады. Сонымен қатар отбасы дискурсындағы импликатура да – қуаныш пен махаббат – отбасы мүшелерінің әрекетінің, сөздерінің астарында тура айтылмай жанама көрінеді. Эмоционалды-экспрессивті сөйлеу актілері тұрақты сөз тіркестері мен метафоралар (айшылық алыс жол, ащы ішектей шуатылған) арқылы берілсе, қаратпа, қыстырма мәнді демеулік шылаулар да (шаршадың-ау, құлыным-ау, суайтым-ай) дискурста сөйлеушінің эмоциясын білдіреді. Бұл ерекшеліктер қазақ отбасындағы ұжымдық және құндылыққа негізделген лингвомәдени қарым-қатынасты көрсетеді.

Л. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» трилогиясын прагмалингвистикалық тұрғыдан талдау отбасы мүшелерінің сөйлесу мәнерінен олардың ұлттық-мәдени дәстүрлерін, эмоциялық қарым-қатынасын және қоғамдағы рөлдерін анықтауға мүмкіндік береді.

«Поздоровавшись, папа сказал, что будет нам в деревне баклуши бить, что мы перестали быть маленькими и что пора нам серьезно учиться.

– Вы уже знаете, я думаю, что я нынче в ночь еду в Москву и беру вас с собою...

...

И вы это знайте, что одно для неё (матери) будет утешение – слышать, что вы учитесь хорошо и что вами довольны» [107, с. 37].

Берілген үзіндіде («Поздоровавшись, папа сказал, что будет нам в деревне баклуши бить...») отбасы мүшелерінің арасындағы коммуникативтік өзара әрекет прагматикалық көрсеткіштер арқылы бейнеленеді. Әкенің сөзі – балаларға бағытталған бұйрық не нұсқау түріндегі сөйлеу әрекеті. Оның мақсаты – белгілі бір әрекетке итермелеу және тәрбие беру. Ол сөзінде балаларын енді ересек санайтынын, ал оқудың олардың жауапкершілігін арттыратынын айтады. Сонымен бірге бұл сөз тек ақпарат ғана емес, эмоция мен құндылықты да жеткізеді.

Үзіндінің келесі бөлігінде («Вы уже знаете, я думаю, что я нынче в ночь еду в Москву и беру вас с собою».) әке балаларын Мәскеуге апаратынын хабарлайды. Бұл айтылым мәлімдеу актісімен қатар пресуппозицияны қамтиды: баланың өміріндегі жаңа кезең басталады, енді олар үлкен өмірге қадам басады. Мұнда жасырын импликатура бар – балалардың ата-ананың үмітін ақтау міндеті. Сонымен бірге бұл сөз әкенің отбасындағы шешім қабылдаудағы басым рөлін көрсетеді. Мұнда шешімді әке айтады, ал балалар оны тыңдап, орындаушы рөлінде қалады. Тағы бір көңіл аударған сөйлем «И вы это знайте, что одно для неё будет утешение – слышать, что вы учитесь хорошо и что вами довольны» – жанама көндіру актісі. Бұл жерде анасының алаңдаулы күйі тікелей айтылмаса да, мәнмәтін арқылы балаға эмоционалдық жауапкершілік жүктеледі. Ана туралы айтылған сөздер – балаларды жақсылыққа, жақсы оқуына итермелеудің прагматикалық құралы.

Аталған үзіндідегі сөйлеу формалары отбасы дискурсына тән прагматикалық көрсеткіштерді: пресуппозиция (анам алаңдаулы, баланың мінез-

күлкі ана көңіліне әсер етеді), импликатура (жақсы оқысаң – бәрі жақсы болады), директивтілік (оқуға міндеттісің), эмоциялық бағалау (ана үшін жұбаныш) секілді бірліктерді бейнелейді. Сонымен қатар, отбасындағы билік пен жауапкершілік арақатынасы да тілдік амалдар арқылы көрінеді: ата-ана жетекші рөл атқарады, ал балалар олардың айтқандарын орындауға міндетті.

– Ах да, я было и забыла попросить тебя об одной вещи, – сказала она, подавая отцу тарелку с супом.

– Что такое?

– Вели, пожалуйста, запирайте своих страшных собак, а то они чуть не закусали бедного Гришу...

– А! Вот что! – сказал папа...

...

– Я тебя просила передать мне пирожок, – повторила она, протягивая руку [107, с. 43-44].

Берілген диалогтық үзіндіде отбасы мүшелерінің бір-бірімен сөйлесу тәсілдері арқылы олардың мәдени әдет-ғұрыптары мен отбасы ішіндегі билік қатынастары анық көрінеді. Әсіресе, ана мен әке арасындағы қарым-қатынастың лингвистикалық аспектілері мен прагматикалық мазмұны ерекше байқалады. Ана тарапынан қолданылған «я было и забыла попросить тебя об одной вещи» репликасы – жанама өтініш білдіру актісі. Ол бірден бұйрық бермей, сыпайы түрде, айналып айтып, өтініш білдіреді. Бұл сөйлем мәдени мәнмәтінде әйел затының отбасы дискурсында «жұмсақ» сөйлеу стратегиясын қолданатынын көрсетеді. Ал әкесінің «А! Вот что!» реакциясы – экспрессивтік мәлімдеу актісі. Оның сөзінде таңдану сезімімен қатар, сәл немқұрайлық реңкі де сезіледі. Келесі сөйлемдегі «Я тебя просила передать мне пирожок» айтылымы – қайталанған өтініш пен кінәлау реңкі бар сөйлеу актісі. Ана бұйымтайын орындамағаны үшін әкесіне ескерту жасайды, бірақ тікелей айыптамай, сыпайы интонациямен жеткізеді. Бұл сөйлеу әрекеті арқылы әңгімелесушілердің бір-біріне деген құрметі байқалады.

Ана өз сөзінде иттердің қорқынышты екенін (страшных собак) және олардың Гришаға шабуылдағанын айтып, оларды қамауды өтінеді. Бұл жерде имплицитті мағына – әкенің бұл мәселеге назар аудармағаны немесе үй ішіндегі қауіпсіздікке жауапсыз қарауы. «Пирожок» (бәліш) [141, с.136] жайлы екінші репликада да пресуппозиция бар: ана бәліш (пирожок) берілмегеніне ренжіп тұр.

Диалогта әйел отбасы мүшесі ретінде жылы әрі сыпайы сөздерді қолданады. Бұйрық орнына өтініш білдіреді. Бұл – дәстүрлі отбасы дискурсында әйелдің рөлінің шектеулілігін, ал ер адамның шешім қабылдаушы тұлға екенін аңғартады. Әйел – ұсыныс жасаушы, ер – орындаушы.

Диалог тұрмыстық, күнделікті мәнмәтінде өрбиді. Астың үстінде айтылған өтініштер, жағдаятқа тән тілдік нормалар мен прагматикалық әдеби отбасы дискурсының ұлттық мәдениетке тән қырларын айқындайды. Орыс мәдениетіне тән әйелдің ілтипатты, айналма жолмен сөйлеуі, еркектің тікелей жауап беруі – патриархалды құрылымның тілдегі көрінісі.

Төмендегі үзіндіде әке мен баланың қарым-қатынасы нақты бір прагматикалық жағдаятқа негізделген, әрі онда ұлттық-мәдени ерекшеліктер мен әлеуметтік рөлдер айқын көрініс табады:

– Есть ли у тебя платок? – спросил папа.

Я вынул из кармана и показал ему.

– Ну, так возьми на платок эту серую собаку...

– Жирана? – сказал я с видом знатока.

– Да, и беги по дороге. Когда придет полянка, остановись и смотри: ко мне без зайца не приходит! [107, с. 49].

Әкенің «Есть ли у тебя платок?» деген сұрағы – ақпарат алуға бағытталған сұрақ сөйлеу актісі. Бұл жерде ол тек мейірімділікпен қызығушылық танытып отырған жоқ, бұйрық беруге дайындық жасап отыр. Бұл – бірден бұйрық бермей, әрекетке алдын ала дайындықты білдіретін сөйлеу қадамы. Келесі «возьми на платок эту серую собаку... и беги по дороге... ко мне без зайца не приходит!» фразалары – нақты бұйыру, тапсырма беру сөйлеу актілері. Мұндағы директивтік мазмұн әкенің отбасындағы шешім қабылдаушы ретіндегі рөлін көрсетеді. Сөйлемдер қысқа, императивтік формада берілген, яғни бұйрық реңкінде. Ал баланың «Жирана?» деп нақтылау сұрағын қоюы – сұрақ-реакция актісі, әрі өзін осы салада (аңшылықта) білетін адам ретінде көрсетуге тырысуы байқалады (мәтіндегі с видом знатока құрылымы).

Диалогта бірқатар имплицитті мағыналар көрініс табады. Мысалы, әкенің «ко мне без зайца не приходит!» деуі – тек қана тапсырма емес, сонымен қатар баланың ер жетіп, жауапкершілік ала бастағанын меңзейді. Яғни, бұл – сенім арту, ер жігітке тән мінез қалыптастыру, тұлғалық қалыптасуға серпін беру. Пресуппозициясы мынадай: балада орамал бар, ол аңға шығу ережелерін біледі, «Жиран» атты итті таниды және орман жолдарына үйренген. Бұл ақпарат бәріне бұрыннан таныс нәрсе ретінде қабылданады.

– Ты куда? – спросил меня вдруг знакомый голос. – Тебя-то мне и нужно, голубчик.

Я хотел было пробежать мимо, но папа схватил меня за руку и строго сказал:

– Пойдем-ка со мной, любезный! Как ты смел трогать портфель в моем кабинете, – сказал он, вводя меня за собой в маленькую диванную. – А? Что ж ты молчишь? А? – прибавил он, взяв меня за ухо.

– Виноват, – сказал я, – я сам не знаю, что на меня нашло.

– А, не знаешь, что на тебя нашло, не знаешь, не знаешь, не знаешь, не знаешь, – повторял он, с каждым словом потрясая мое ухо, – будешь вперед совать нос, куда не следует, будешь? Будешь?

Несмотря на то, что я ощущал сильнейшую боль в ухе, я не плакал, а испытывал приятное моральное чувство. Только что папа выпустил мое ухо, я схватил его руку и со слезами принялся покрывать ее поцелуями [107, с. 178].

Үзінді «Ты куда?» назар аударту, тоқтату қызметін атқарып тұрған директивті сөйлеу актісінен басталып, «Тебя-то мне и нужно, голубчик» сөйлеміндегі голубчик сөзінің қолданысы коммуникациядағы бақылауды

күшейтеді. Пресуппозициясы: әке баланы бақылап (Ты куда?), ұрыса алады (! Как ты смел...), бала кінәлі (Виноват), бала ақталып, әкенің айтқанына көнеді (я сам не знаю, что на меня нашло). Импликатурасы: жұмсақ мәнді сөздер (голубчик, любезный) жасырын мағынаға ие, еркелетіп тұр ма, әлде күліп тұр ма, ренжіп тұр ма белгісіз; баланың өзінің кінәсін сезінуі керек (не знаешь кайталанып қолданылуы); будешь вперед совать нос, куда не следует, будешь? будешь? – тағы да сондай жағдай қайталанса, бала жазаланады; бейвербалды коммуникация (я схватил его руку и со слезами принялся покрывать ее поцелуями) әкенің, үлкеннің отбасындағы рөлі мен беделін көрсетеді.

Әке мен бала арасындағы сөйлесу барысында теңсіздік анық байқалады. Әке – бұйрық беруші, бала – орындаушы. Дегенмен, әкенің айтқаны қатал бұйрық емес, керісінше, сенім мен тәрбиелеуге бағытталған. Бұл – билікті жұмсақ түрде қолдану, яғни, тікелей айту арқылы баланың дамуына және тәжірибе алуына мүмкіндік беру. Ал бала иттің атын нақтылап сұрау арқылы әңгімені тең дәрежеге жақындатуға тырысады. Бұл оның өз ойын білдіре бастағанын және тұлға ретінде қалыптасып келе жатқандығын көрсетеді.

Ұлттық мәнмәтінде әкенің балаға аңшылық тапсырмасын беруі – тәрбиелік мәні бар дәстүрлі мәдени көрініс. Мұнда баланы табиғатпен жақындастыру, физикалық белсенділікке баулу, ересектікке дайындау байқалады. Сонымен қатар «ко мне без зайца не приходится!» айтылымы әзіл аралас интонациямен айтылған болуы мүмкін, бұл оның эмоционалды реңкін күшейтеді.

Л. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» трилогиясында отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастар прагматикалық тұрғыдан өте терең әрі ұлттық-мәдени ерекшеліктерге бай түрде сипатталады. Сөйлеу актілері, пресуппозициялар мен импликатуралар, билік пен рөлдік қатынастар және мәнмәтіндік қолданыстар арқылы автор отбасылық тілдік дискурстың мазмұндық және әлеуметтік қырларын шебер бейнелейді. Сөйлеу актілері арқылы әрбір отбасы мүшесінің рөлі анықталады: әке бұйырып, ұрысып сөйлеуші ретінде көрінсе де, оның сөздері тәрбиелік мәнге ие. Пресуппозиция мен импликатуралар негізінде отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастың эмоционалды тереңдігі байқалады. Айтылмаған мағына, астарлы ой, үнсіз келісім – бәрі де тығыз әлеуметтік байланыс пен мәдени шарттылыққа сүйеніп құрылады. Билік қатынастары отбасы иерархиясында айқын көрінеді: ата-ана баладан жауапкершілік күтеді, ал бала бағынышты, бірақ еркін пікір білдіре де алады, бұл орыс тәрбиелік дәстүрін көрсетеді. Сонымен, орыс отбасы дискурсы эмоционалды ашықтық, тура директивтер, кішірейткіш мәнді жұрнақтардың жиі қолданылуымен (тек қана отбасы мүшелеріне қатысты емес) және экспрессивтілігімен сипатталады.

Осылайша, көркем мәтіндегі орыс отбасы дискурсы – жай ғана тұрмыстық қарым-қатынас емес, ол ұлттық сана, этикалық тәрбие мен тұлғалық қалыптасудың маңызды алаңы болып табылады. Прагматлингвистикалық талдау бұл дискурстың ішкі құрылымын, рөлдік ерекшелігін және ұлттық ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Ал ағылшын тіліндегі көркем мәтінінен Тесс пен Абрахамның (інісі) жұлдыздар мен отбасы жайлы диалогы мен ішкі толғанысын мысал ретінде көрсетуге болады [108, p. 30-31]:

– Did you say the stars were worlds, Tess?

– ... Which do we live on – a splendid one or a blighted one?

– A blighted one.

– It is very unlucky that we didn't pitch on a sound one, when there were so many more of 'em!

– Yes.

– ... Well, father wouldn't have coughed and creaped about as he does, and wouldn't have got too tipsy... and mother wouldn't have been always washing, and never getting finished [108, p. 34].

(– Тэсс, сен жұлдыздар да әлемдер деп айттың ба?

–... Біз қайсысында өмір сүріп жатырмыз – әдемісінде ме, әлде бүлінгенінде ме?

– Бүлінгенінде.

– Түк бақ болмапты ғой, соншама көптің ішінен дұрыс біреуін таңдамағанымыз!

– Иә.

– ... Сонда әкем қазіргідей жөтеліп, әлсіреп жүрмес еді, масайып та қалмас еді... ал анам болса, бітпейтін кір жуумен әуреленбей жүрер еді.)

Бұл диалог Тесстің өз отбасылық жағдайына көңілі толмайтынын және тағдырға мойынсұнғанын білдіреді. Абрахам мен Тесс арасындағы диалогты прагматистикалық тұрғыдан талдағанда, бұл үзіндіде бірқатар маңызды сөйлеу актілері байқалады: сұрақ қою (Did you say the stars were worlds, Tess?), келісу (Yes), күйініш білдіру (Well, father wouldn't have coughed and creaped about as he does, and wouldn't have got too tipsy... and mother wouldn't have been always washing, and never getting finished) арқылы отбасының ауыр экономикалық ахуалы ашылады. Жұлдыз туралы метафора (a splendid one or a blighted one) өмірге деген үміт пен реніштің философиялық астарын береді. Бауырлар арасындағы диалог – кішкентайлардың да өмірдің салмағын сезіне алатынын көрсететін прагматикалық дәлел.

Үзіндідегі астарлы мағыналар (импликатура) да маңызды. Бала It is very unlucky that we didn't pitch on a sound one, when there were so many more of 'em (Соншама көптің ішінен дұрыс біреуін таңдай алмағанымыз қандай өкінішті болды) деген ойды білдіре отырып, отбасының ауыр тұрмысын түсінеді. Тесстің «blighted one» (бүлінген) деп жауап беруі – олардың өмір сүріп отырған әлемі мен әлеуметтік жағдайының «бүлінгенін», өмірдің әділетсіз екенін мойындауы.

Пресуппозициялар арқылы автор мынадай жағдайларды жеткізеді:

– өмір мен тұрмысқа қатысты әділетсіздік бар;

– отбасының мүшелері өз өміріне тағдырдың ауыртпалығымен көнуге мәжбүр;

– қоғамдық жағдайлардың салдары ретінде әке ауру, ішкіш, ал ана тұрмыстық жұмыстан шаршап-шалдығып жүр.

Диалогта отбасылық әлеуметтік рөлдер, жауапкершілік бөлу және тұлғааралық түсіністік жақсы көрініс тапқан. Тесс інісінің сұрақтарына шынайы жауап бере отырып, шындықты жасырмайды, бұл – отбасы мүшелерінің арасында қалыптасқан сенім мен жақындықтың көрінісі.

Келесі үзіндіде Тесс анасына көмектесуге ұсыныс жасайды және тектілік туралы естиді [108, p. 21]:

– «Well, I'm glad you've come», her mother said...

– «I want to go and fetch your father. But what's more'n that, I want to tell 'ee what have happened. You'll be fess enough, my poppet, when you know!»

(– «Әйтеуір келгенің жақсы болды», – деді анасы.

– «Мен сенің әкеңді алып келгім келеді. Бірақ одан да маңыздысы – саған болған оқиғаны айтқым келіп тұр. Білген кезде, құлыным (қуыршағым), сен де таң қаласың!»)

Берілген диалогта сөйлеу актілері нақты коммуникативтік интенциялармен жүзеге асады: қуаныш білдіру – I'm glad (қуаныштымын), ақпарат беру мен эмоциялық дайындау – I want to tell you what happened; you'll be fess enough (саған болған оқиғаны айтқым келіп тұр). Қыз анасына көмек көрсетуге дайын екендігін білдіреді, ал анасы оған болашақта болатын маңызды жағдайды жұмсартып жеткізуге тырысады. Бұл – отбасы мүшелері арасындағы сенім мен қолдауға негізделген қатынастың тілдік көрінісі. Диалогта сезім мен эмоцияны білдіретін сөздердің қолданылуы да көзге түседі: my poppet (қуыршағым) сияқты сөйлеу формасы жылы эмоция, аналық мейірімді білдіргенімен, коммуникацияда жұмсарту стратегиясының аясында қолданылады. Мұндай тәсіл сөйлеушінің айтқалы тұрған сөзін тіке қабылдап қалмау үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, анасының айтқан «You'll be fess enough, my poppet, when you know» (Білген кезде, құлыным (қуыршағым), сен де таң қаласың!») сөйлемі – жанама сөйлеу актісіне жатады. Мұнда анасы қызын алда болатын жағдаятқа бірден айтпай, біртіндеп психологиялық тұрғыдан дайындауға тырысады, бұл сөйлеу этикасының көрінісі ретінде қарастырылады. Мұндай прагматикалық тәсілдер тек коммуникативтік мақсатқа жетуге ғана емес, мәдениетке тән тілдік мінез-құлық үлгілерін жүзеге асыруға да қызмет етеді. Ағылшын мәдениетінде эмоцияны тікелей емес, жанама формада білдіру қалыптасқан норма ретінде танылған.

Төмендегі үзіндіде ата-анасы Тесстің болашағына қатысты өзара шешім қабылдайтын диалог [108, p. 29-30] ұсынылды:

– What says the maid herself to it?

– I've not asked her. She don't know there is any such lady relation yet. But it would certainly put her in the way of a grand marriage, and she won't say nay to going.

– Tess is queer.

– But she is tractable at bottom. Leave her to me.

(– Қыздың өзі бұл туралы не дейді?

– Мен одан әлі сұраған жоқпын. Ол ондай туыс бар екенін де білмейді. Бірақ бұл оған жақсы күйеуге шығуға жол ашар еді, сондықтан барудан бас тартпайды.

– Тэсс өзгеше ғой.

– Дегенмен түбінде тіл алғыш. Оны маған қалдыр).

Бұл үзіндіде Тесске қатысты қабылданған шешімдер мен оның мінезі туралы айтылуы отбасы мүшелерінің арасында қалыптасқан әлеуметтік иерархияны көрсетеді. Прагматлингвистикалық тұрғыдан талдай отырып, бірнеше маңызды аспектіні бөліп көрсетуге болады. Ең алдымен, сөйлеу актілеріне тоқталайық. Диалогта: ақпарат сұрау (What says the maid herself to it?), болжау (She won't say nay to going), бағалау (Tess is queer) актілері көрінеді.

Берілген диалогта Тесстің тағдыры жөнінде шешім қабылданып жатқанымен, оның өз ойы мен еркі еш ескерілмейді. Бұл – отбасы әңгімелерінде жиі кездесетін, рөлдер тең бөлінбейтін тілдік қарым-қатынас үлгісі.

Диалогтағы пресуппозициялар төмендегідей сөйлемдерден көрінеді:

«She don't know there is any such lady relation yet» – Тесстің бұл жағдайдан бейхабар екенін білдіреді. Бұл оның өміріне қатысты маңызды шешім өзінен жасырынып жатқанын аңғартады. «She won't say nay to going» сөйлемінде Тесстің бұл шешімге қарсылық білдірмейтіні, көңілсіз мінезі бар екені айтылмай-ақ ұғынылады. Анасы Тесстің келіспеуге құқығы жоқ екенін жорамалдайды. «It would certainly put her in the way of a grand marriage» сөйлемі ата-анасы Тессті жақсы тұрмысқа беру мақсатын көздейтіндігін көрсетеді. Бұл да Тесстің үйдің үлкені болғандықтан үйдің асыраушысы ретіндегі рөлін білдіреді.

Сонымен қатар, үзіндіде бірқатар импликатуралар байқалады:

«Leave her to me» (маған қалдыр) сөйлемінде Тессті басқаруға, оған ықпал етуге болады деген жанама мағына жатыр. Анасы қыздың еркін таңдау жасау құқығын жоққа шығарып, оны көндіруге болатын тұлға ретінде көреді.

«Tess is queer. But she is tractable at bottom» (Тесс өзгеше, түбінде тіл алғыш) сөйлемінде Тесстің ерекше мінезі болғанымен, соңында бәрібір бағынатыны туралы ой астарланып тұр.

Келесі Тесс ішкі жауапкершілік пен кінә сезімін сезінетінін баяндайтын ішкі монолог [108, p. 24]:

Tess, being left alone with the younger children, went first to the out-house with the fortune-telling book... Returning along the garden path, Tess mused on what the mother could have wished to ascertain from the book... she busied herself with sprinkling the linen...

(Тэсс кішкентай балалармен жалғыз қалған соң, алдымен сыртқы қораға барып, бал ашатын кітапты қарады... Бақша соқпағымен қайтып келе жатып, анасы кітаптан нені білгісі келгені туралы ойланды... Содан кейін ол кірді су бүркіп дымқылдаумен айналысты...).

Тесс әрекеттері тікелей диалог арқылы емес, психоэмоциялық ішкі тіл арқылы сипатталады. Ол fortune-telling book (бал ашатын кітап) арқылы анасының ниетін түсінуге тырысады. Бұл жерде Тесс өзі ештеңе айтпағанымен,

жасырын сөйлеу актісін орындайды: анасының әрекетін интерпретациялайды – what the mother could have wished (анасы кітаптан нені білгісі келгені), соған сай әрекет етеді (шаруамен айналысады). Пресуппозициялар: Тесстің кіші бауырларымен қалуы оның отбасында жетілген тұлға ретінде қабылданатынын білдіреді. Импликатуралар: Тесстің ешкім тапсырмай-ақ шаруаны өз еркімен қолға алуы үй ішіндегі тәртіпке бағыну мен еңбекқорлық сияқты құндылықтарды бейнелейді.

Ағылшын қоғамында, әсіресе Тесс өмір сүріп отырған ауылдық ортада, қыз баланың отбасы алдындағы орындауға тиіс міндеттері – еңбек, нақты айтқанда, шаруамен айналысу, тәртіпке бағыну, сыпайылық көрсету. Тесстің әрекеті осы мәдени нормаларға толық сәйкес келеді.

Томас Гардидің «Tess of the d'Urbervilles» романындағы отбасы дискурсының прагматлингвистикалық талдауы Виктория дәуіріндегі отбасылық құрылым аясында отбасы мүшелері арасындағы коммуникация жанама түрде ықпал ету, белгілі бір міндеттерді орындау, бір-бірімен келісу арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Ағылшын отбасы дискурсы да ерекше сөйлеу формаларымен, қарым-қатынас стратегиясымен сипатталатын дискурс түріне жатады. Мұнда сөйлеу актілері тек ақпарат беріп қана қоймай, эмоцияны білдіріп, мәдени құндылықтарды да көрсетеді. Прагматлингвистикалық талдау отбасындағы айтылымдар көбіне директивті, эмоционалды қызмет атқара отырып, пресуппозиция (үйдің үлкені үй шаруасына жауапты, ата-анасына көмектесуі керек) мен импликатураны (баланың көнгішітігі, еңбек құндылығы) да білдіреді.

Көркем мәтіндегі отбасы дискурсы – тіл мен мәдениеттің тоғысқан, ұлттық болмыстың терең бейнеленетін кеңістігі. Үш тілді көркем мәтіндердегі (О. Бөкейдің «Атау кресінде», Л. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» және Т. Гардидің «Tess of the d'Urbervilles» романында) отбасы дискурсының прагматлингвистикалық ерекшеліктері әртүрлі прагматлингвистикалық құралдар арқылы бейнеленеді. Бұл ерекшеліктер сөйлеу актілерінің түрлері, пресуппозициялар, сыпайылық стратегиялары мен эмоцияны білдіру жолдары арқылы көрініс табады.

Қазақ тіліне тән ерекшеліктер («Атау-кере»). Қазақ тіліндегі сөйлесу көбіне жылы, эмоцияға толы болады. Адамдар бір-біріне жақындықты сездіру үшін «құлыным» сияқты еркелету сөздерін жиі қолданады. Бұл – жақын қарым-қатынасты білдіретін ұлттық-мәдени ерекшелік. Пресуппозиция деңгейінде отбасындағы ұл баланың орны ерекше: ол болашақ отбасы тірегі, жауапкершілік иесі ретінде қабылданады. Эмоцияларды білдіру көбіне тікелей емес, бейварбалды түрде іс-әрекет, ишара арқылы көрініс табады (мысалы, «ананың баласын құшақтауы», «шөпілдетіп сүюі»).

Орыс тіліндегі дискурс («Детство. Отрочество. Юность»). Орыс мәтінінде сөйлеу актілері көбіне перформативтік сипатта, яғни бұйрық беру, шешім қабылдау, талап ету секілді нақты сөйлеу әрекеттері арқылы іске асады. Мәтіндегі әкенің сөзі оның беделі мен жауапкершілігін көрсетеді. Сыпайылықты

білдіретін сөздер мен тіркестер де жылы сезім мен эмоцияны жеткізеді. (мысалы, «Я тебя просила...»). Пресуппозициясы ретінде баланың міндеті – оқуға көңіл бөлу, ата-ананы тыңдау, отбасының үмітін ақтау ретінде көрінеді. Эмоциялар ашық жеткізіледі, ішкі күйзеліс, реніш немесе қуаныш бірден көрінеді.

Ағылшын тіліндегі дискурс («Tess of the d’Urbervilles»). Ағылшын мәтінінде сөйлеу актілері, негізінен, жанама сипатта беріледі. Мысалы, ұсыныс білдіру немесе сұрау тікелей емес, сыпайы және астарлы түрде беріледі: «She is tractable at bottom. Leave her to me». (Ол түбінде тіл алғыш. Оны маған қалдыр). Мұнда қызының пікірі есепке алынбайды деген пресуппозиция жатыр. Дискурстағы жұмсарту стратегиясы қолданылған сөйлесу формалары арқылы (мысалы, «my porpet» - қуыршағым) көрінеді. Эмоцияның жанама түрінде берілуі ағылшын мәдениетіне тән ұстамдылықты көрсетеді. Осылайша, үш мәдениетте де отбасы дискурсы ұлттық дүниетаным мен мәдени нормаларға сәйкес бейнеленеді. Қазақ мәтіні бейнелі әрі эмоционалды, орыс мәтіні нақты және директивті, ал ағылшын мәтіні жанама және сыпайы тілдік құрылымдарға негізделген. Бұл ерекшеліктер отбасы мүшелерінің өзара сөйлесуінде ғана емес, олардың қоғамдық рөлдер мен құндылықтарды түсінуінде де көрініс табады.

Сонымен, үш түрлі мәдениеттегі отбасы дискурсының ортақ белгілері (қамқорлық, сүйіспеншілік) болғанымен, түрлі формада көрінеді: қазақ дискурсы – дәстүрлі құндылықтарға негізделген жанама түрде, орыс отбасы дискурсында – эмоцияға толы, ашық айтылатын, ағылшындарда – ұстамды, сыпайы әрі жасырын түрде беріледі. Прагматлингвистикалық талдау арқылы біз күнделікті қарапайым сөздер мен тіркестердің артында әр халықтың терең мәдени құндылықтары жатқанын көреміз.

Сонымен қатар, бұл ерекшеліктерді сипаттау мен салыстыруда Г. Хофстеденің мәдениет теориясындағы алты өлшем үлкен әдіснамалық негіз бола алады. Атап айтқанда, билікпен арақашықтық, жеке тұлға мен ұжым мүддесінің көрінісі, ерлік пен нәзіктік, белгісіздіктен қашу, ұзақмерзімді жоспар, ықыласты тежей білу өлшемдері отбасы ішіндегі қарым-қатынас мәдениетін сипаттауда аса маңызды рөл атқарады.

Мысалы, О. Бөкейдің «Атау-кере» шығармасында отбасы мүшелерінің диалогтарында өзара қамқорлық, шынайы мейірім, үлкенге құрмет пен кішіге ізет ұстанымдары анық байқалады. Мұндағы қарым-қатынас үлгілері ұжымшылдық, билік арақашықтығының төмендігі, ұзақмерзімді бағдар секілді сипаттармен астасады. Қазақ отбасы моделінде ата-ана мен бала арасындағы эмоционалды байланыс, тілектестік, өзара қолдау басым. Ерік пен анасының арасындағы диалогтарда аналық мейірім, ұлға деген сағыныш, алаңдаушылық көрініс табады. Бұл ұлттық дискурста эмоцияны жасырудан гөрі, ашық білдіру қалыптасқанын көрсетеді.

Л. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» трилогиясы отбасы мүшелері арасындағы ресми сипаттағы қарым-қатынастар, эмоционалды ұстамдылық пен әлеуметтік рөлдерге басымдық берілген. Орыс отбасы дискурсында бала мен ата-ана арасындағы қатынаста (бұйрық, рұқсат, сыпайы

өтініш түріндегі сөз орамдары) билік арақашықтығының жоғары екенін және белгісіздіктен қашу стратегиясы бар екенін дәлелдейді. Әке мен бала, бала мен тәрбиеші арасындағы коммуникация, негізінен, біржақты, әлеуметтік мәртебеге тәуелді болып келеді.

Т. Гардидің «Tess of the d'Urbervilles» романында отбасы дискурсы жеке тұлға және еркін таңдау құндылығына негізделген. Тесстің ата-анасымен, бауырларымен, қоғаммен қатынасы тәуелсіздікке ұмтылу, жеке шешім қабылдау арқылы көрінеді. Диалогтарда эмоциялық экспрессивтілік төмен, бірақ тұлғалық жауапкершілік пен қоғамдық мораль ерекше орын алады. Бұл – батыс мәдениетіне тән индивидуализм, қысқамерзімді бағдар және еркіндікке бағытталған мәдени кодтың көрінісі.

2.3 Отбасы дискурсындағы ұлттық психологияның тілдік репрезентациясы

Ұлттық психологияның тілдік репрезентациясы дегеніміз – адамдар арасындағы қатынасты сипаттайтын, бағалайтын, бағыттайтын тілдік құралдардың жиынтығы, олардың астарында ұлттық менталитет, құндылықтар, дүниетанымдық модельдер тұрады. Бұл репрезентациялар тілде лексика, фразеология, метафоралар, грамматикалық формалар түрінде көрініс табады.

Көркем шығармадағы отбасы дискурсы жай ғана тұрмыстық әңгімелердің жиынтығы емес, оларды талдау арқылы ұлттық дүниетаным, қоғам құрылымының күрделі қырлары ашылады. Көркем мәтіндегі кейіпкерлер қолданатын сөйлеу формалары, сөйлем құрылымы мен риторикалық тәсілдері арқылы отбасындағы билік арақатынасын, эмоциялық шиеленіс және моральдық жауапкершілік секілді ұғымдарды көркем бейнелейді. Сондықтан үш түрлі ұлттық мәдениетке тән үш көркем туындыдағы отбасы дискурсына риторикалық және лексика-семантикалық, дискурстық-грамматикалық талдау жасалды, бұл талдаулар көркем мәтіндегі ұлттық ерекшеліктерді анықтауда аса маңызды лингвистикалық құралдардың бірі болып табылады. Әр шығармадағы монологтар, диалогтар және ішкі толғаныстардағы тілдік формалар, риторикалық амалдар мен грамматикалық құрылымдар прагматикалық мәнімен қатар қарастырылады. Бұл кейіпкерлердің психологиялық жағдайын, сөйлесу барысында қалыптасатын билік пен бағыныштылық арақатынасын және ұлттық-мәдени ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Отбасы – ұлт мәдениетінің, психологиясының, дүниетанымының алғашқы әрі басты айнасы. Отбасылық қарым-қатынастағы сөйлеу үлгілері мен синтаксистік құрылымдар арқылы ұлттық сана, эмоционалдық кодтар, үлкен-кішіге, ер-әйелге, бала-ата-анаға деген көзқарас көрініс табады. Бұл дискурсты синтаксистік және риторикалық тұрғыда талдау арқылы ұлттық психологияның тілдік бейнесін анықтауға болады.

Алдымен, «Атау-кере» романындағы отбасы дискурсының ұлттық психологияның берілуіне тоқталайық. Көркем шығармадағы отбасы дискурсынан төмендегідей қатынастарды бөліп қарастыруға болады:

1. Қазақ отбасындағы ананың орны мен «ана мен бала» қарым-қатынасы.

Романдағы басты кейіпкерлердің бірі – Еріктің шешесі Нюра Фадеевна ұлты орыс болса да, бүкіл болмысымен қазақ отбасының прототипіне айналған бейне. Ұлының өміріне алаңдаулы, дәстүрлі қарапайым қазақы болмыстағы ана бейнесінде берілген. Оның тұтас өмірі мен санасы кеңестік кезеңнің, соғыс пен ашаршылық жылдарының көлеңкесінде қалыптасқанымен, ол өз отбасына, әсіресе, Еріктің өміріне жауапкершілікпен қарайды. Нюра – отбасы тіршілігінің берекесін сақтап қалған аналық тұлға. Кеңес дәуіріндегі өзге ұлттың қызына үйленудің салдарын автор Нюраның образы арқылы береді. Ұлты басқа болса да, қазақы ортада өмір сүріп, сол кеңістіктің қағидаттарына бейімделген, ұлымен және келінімен қарым-қатынасы арқылы дәстүрлі қазақы шаңырақтағы ананың орны, оның парасатты адам екенін көруімізге болады.

Ана мен бала қарым-қатынасы романдағы осындай отбасы дискурсы арқылы көрінеді:

«Құдайға күнәлі болсам да, ұлымнан гөрі сені жақсы көрем, келінжан» деп Нюра кемпір айналып-толғанатын [106, б. 28]. Ененің келінге деген махаббаты, аналық шексіз мейірімін осы диалог арқылы байқаймыз. Отбасындағы моральдық әділеттілікті баладан емес, келіннен көреді.

Нюра: «Қайта қолыңнан келген жақсылығыңды аяма. Тағанның әкешесінен көрген жақсылығымды бір таң айтып түгесе алмаймын» [106, б. 149].

Ерік: «Онда нем бар, өзі ғой бұртиып жүрген» [106, б. 149].

Бұл диалог ана мен ұлдың құндылықтық айырмашылығын көрсетеді. Нюра кемпір ұлттық танымға сай «жақсылықты ұмытпау», «жақсылықпен қайтару» ұлттық қағидаттарды ұстанады. Ұлты өзге болса да, қазақы болмыстағы отбасындағы рухани үндестікті білдіреді.

Нюра: «Кел, шырағым, кел», – деп бәйек болды Тағанға»

Ерік: «Ей, Қарабура, кел мұнда, тәтем шақырды» [106, б. 75].

Мұнда ана жүрегі мейірімге, барлық ізгілікке толы, ұлына қарағанда кісілікті қарым-қатынас жасайды. Бұл да қазақы дәстүрлі «қонаққа құрмет» ұстанымымен үндес.

Нюра: «Қорықпа, келінжан, мен ғой. Су жылытпалап әкелші, дәрет алайын» [106, б. 215]. Қазақы келін мен ене арасындағы жақындықты көрсетеді.

Нюра: «Тез баршы, ұшықташы. Әкелші менің қасыма!» [106, б. 194].

Ерік: «Басталды... Көздеріңе күйік болып жүрген мен болсам, қарамды батырайын...» [106, б. 193].

Ерік анасын сөзін қабылдай алмайтын, бірақ сонысымен де отбасылық драманы айшықтайтын кейіпкер екенін дискурстан байқаймыз.

2. Ері мен әйелі арасындағы қарым-қатынас ұлттық көзқараспен.

Ерік пен оның жары Айна арасындағы қарым-қатынас қазіргі қазақ отбасының екіұдай жағдайын сипаттайды. Айна – сабырлы, көнбіс, енесіне

карап, отбасылық борышын үнсіз атқаратын дәстүрлі қазақ келінінің бейнесі ретінде сипатталады. Күйеуіне толық сеніммен қарайды, ешқашан дау шығармайды, бірақ оның ішкі мұңын автор терең көрсете білген.

Мұнда қазақ отбасына тән әйелдің төзімі мен сабырлығы, отбасылық жауапкершілікті нәзік иығымен көтеретін жан дүниесі суреттеледі. Ерік Айнаға салқын, жауапкершілікпен емес, әдетпен қарайтын еркек образында бейнеленеді. Қазіргі заман қазақ ерлерінің арасында кездесетін рухани салқындық пен тұрақсыздықты романда айқын көрсетеді.

«Пенде дегеніміз – жалғыз-ақ адамның, мысалы, Еріктің жалауын көтеріп, көнтері ғұмыр кешсе айып па?» [106, б. 32]. Айна осы сұрақ арқылы қазақ әйелінің ұлттық болмысындағы өзін-өзі құрбан ету, бар ғұмырын еріне арнау, мойынсұну, адалдық мәселелерін көтереді. Өмірге деген көзқарасы, мәселелерге тап болғанда шешуші кезеңде отбасылық дәстүр арқылы өз-өзімен келісімге келеді.

Айна – күйеуінің артынан еріп, енесінің жағдайын жасап жүрген ибалы, төзімді әйелдің көрінісі. Айна бейнесі – қазақ келінінің дәстүрлі моделі. Оның еріне деген үнсіз сенімі мен сабыры ұлттық мінез арқылы көрінісін табады.

«Еріктің жары Айнаға Қап тауын асып кетсе де бәрібір, күйеуі қайда – бұл сонда, қосағымен қоса ағарудан өзге арман да, мақсат та жоқ» [106, б. 26]. Мұнда қазақ әйелінің «ерімді қайда да болса жалғыз қалдырмаймын» деген өмірлік ұстанымы, ар-ұят, тәрбие көрініс тапқан.

3. Бекзат пен Ерік арасындағы байланыс және моральдық дағдарыс

Бекзат – күрделі әрі шынайы бейне, жалғызбасты әйел, ауыл дүкенінде жұмыс істейді. Еріктің ауылға келген сәтін асыға күтіп, оны махаббатпен, сағынышпен қарсы алады, бірақ олардың қарым-қатынасы некеге емес, құпия кездесу мен уақытша сезімге құрылған. Бекзаттың «Аманбысың, азаматым!» [106, б. 15] деген сөзі – қазақ әйелінің ер-азаматқа деген шынайы ықыласын, үмітін, әйелдік мейірімін танытады.

Романдағы Ерік пен Бекзат арасындағы қатынас дәстүрлі қазақи неке моделінен тыс, еркін, азаматтық байланыс. Дегенмен, бұл қатынас арқылы да ұлттық мораль мен ұят категориясы, қазақы әйелдің ішкі ар-намысын көркем мәтін арқылы көрсетеді:

«Екі жылдан бері дәмдес, сырлас, төсектес болып жүрсе де, Ерік ауылға қатынаған сайын ұрын түсуге келгендей, жүрегі өрекіп, сабырсыз санамен сасқалақтап қалатын» [106, б. 13].

«Тым болмаса жалғыз түнінді есеп-қисап араластырмай қисаң еді. Дүниеде балдан да тәтті, балдан да қымбат нәрселер бар емес пе... Бал дегеніміз – араның боғы емес пе? – Жылады. Долылық қысып емес, нәзік өкпемен егіле булығып жым-жырт жылады. Оның жасқа толы жанарын аюдыкіндей алақанымен сипап сүртіп, тамағынан иіскеп мекіренген болды, бәрібір алғашқы сәттегідей күйіп-жанған жоқ, уату ырымы үшін жасалған жасанды да жарамсақ әрекет екенін Бекзат та сезген» [106, б. 17].

4. Отбасы дискурсындағы кеңістік пен туған жер.

Романдағы Алтай, Шабанбай жайлауы, Қатын суы сияқты топонимдер тек фон емес, отбасылық және рухани кеңістік. Ерік ауылға жылына бір рет барса да, оның туған жерге деген сезімі сондай терең екенін аңғарамыз. Бұл кеңістік қазақ ұлтының табиғатпен біте қайнасқан болмысының көрінісі екенін түсінеміз. Осылайша кеңістік те ұлттық дискурстың маңызды бөлігіне айналады.

«Туған жерінің қайталанбас әдемілігі, бейне бір ән салып тұрғандай жаныңды жаңғыртар әулиелігі әсте жалықтырған емес...» [106, б. 24]. Бұл жолдар ұлттық кеңістікке деген сағыныш пен оның рухани тірек екенін көрсетеді.

Лексика-семантикалық деңгейде талдау барысында келесідей негізгі лексикалық бірліктерді бөліп көрсетуге болады: «Қайталанбас» – қайталанбайтын, сирек ұшырасатын. Бұл сөз арқылы туған өлкенің ерекше сипат алатыны көрінеді; «Әулиелік» – көріпкелі бар, сәуегейлік [112, б. 94]. Қазақ дүниетанымында туған жер – тек топырақ емес, аруақ, тарих, рух орны; «Жаңғыртар» – жанды ояту, жаңғырту [116, б. 267]. Рухани әсер, тірілту мағынасында. Бұл сөзбен туған жердің адам жанына әсер ететін тылсым күшке ие екені көрсетіледі.

Қазақ мәдениетінде туған жерді киелі санау, оны «әулие жер», «ана топырақ» деп құрметтеу – маңызды ұғым. Бұл үзіндіде табиғаттың көркемдігі мен рухани әсері дүниетанымдық бірлікпен беріліп, табиғат пен адам жанының тұтастығы бейнеленеді. «Әулиелігі», «жаныңды жаңғыртар» тіркестері табиғат пен рухани болмыстың байланысын көрсетеді.

«Атау-кере» романында отбасы дискурсындағы ұлттық психологиялық бейне мынадай лексикалық бірліктер: тұрмыстық үй шаруашылығына қатысты лексика, эмоционалды-экспрессивті тіркестер мен метафоралық бірліктер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы берілген.

Тұрмыстық үй шаруашылығына қатысты лексика:

«Ер-тоқым», «қақпа», «қазан», «монша», «ошақ», «үйдің іші» - лексикалық бірліктері арқылы автор отбасылық өмірдің бейбіт, шынайы атмосферасын көрсетіп отыр.

«Ер-тоқым» – «Күндізгі қолқылдақ жүрістен шалдыққан көкбестінің ер-тоқымын алып, қақтанған арқасын шапалақтаған Ерік балта мен қазық алып қырға жетелеп кетті» [106, б. 53].

«Қақпа» – «Ағаш қақпасы қаңқ етіп жабылған соң жабығынан да сығалай алмайсың» [106, б. 9].

«Қазан» – «Қорым ғып үйген қап-қара ыс басқан тастардың үстіндегі қазанда ысыған суға тау аршасының бір-екі талын тастады» [106, б. 14].

«Монша» – «Екі иіні талып мойынағашпен жанталаса су тасыды, отын жарып, моншаның көмекейі – тас пешін толтырды, түтінге қақалып жүріп от жақты» [106, б. 14].

«Ошақ» – «Айқара ашық есіктен басын қылтыңдатып сығалаған аламойнақ қазан-ошақ жаққа шай қамымен беттеген Айнаның соңынан еркелей еріп кетті» [106, б. 75-76].

«Үй» – «Қос қабатты ағаш үйдің бірінші қабатына кіретін есіктің жұдырықтай құлыбын ашты» [106, б. 10].

Метафораланған лексика:

«Перінің қызы Бекторы» [106, б. 11] - Бекзаттың жұмбақ бейнесі, өзіне баурағыштығын көрсету үшін қолданылған тіркес. Бекзат пен Ерік арасындағы құпия қарым-қатынасқа символдық сипат береді.

«Жалғыздық атты жалмауыз» [106, б. 71] – «жалғыздық» дерексіз ұғым болса да оған «жалмауыз» кейіпінде өмір берілген, бұл аурудың адам бойына жабысқан жалғыздықпен күресін сипаттайды.

Эмоционалды-экспрессивті тіркестер.

Бұл тіркестер – отбасы дискурсындағы психологиялық көңіл-күйді білдіретін атмосфералық тіркестер.

«Боталаған жанары» [106, б. 44], [106, б. 35], «енесін қатты қысып құшақтады» [106, б. 44].

Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романында отбасы дискурсы кейіпкерлердің арасында ерекше мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер арқылы да айқын көрініс табады. Автор ұлттық дүниетанымды, отбасындағы қарым-қатынасты және адамгершілік құндылықтарды осындай тұрақты сөз орамдары арқылы шебер жеткізеді.

Мақал-мәтелдер – халықтың рухани мұрасының аса құнды қабаты, ғасырлар бойы жинақталған өмірлік тәжірибесінің, дүниетанымының және ұлттық мәдениетінің айқын дәлелі. Олар тек тілдік бірлік қана емес, сонымен қатар ұлттық болмысты, мәдени ерекшелікті танытатын этнолингвистикалық бірлік болып табылады. Әрбір мақал-мәтелдің астарында халықтың тұрмыс-салты, шаруашылық кәсібі, дүниеге көзқарасы мен моральдық-этикалық қағидалары сақталған. Романда ұлттық дүниетанымды білдіретін көптеген мақалдарды кездестіреміз. Демек, мақал-мәтелдер – ұрпақты адалдыққа, татулыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелейтін, ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін мәдени-рухани құрал.

Ғалымдар мақал-мәтелдердің мәдени қызметін айрықша атап өтеді. Ә.Қайдар: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиға реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді» [142, б. 16]. Осы тұрғыдан алғанда, мақал-мәтелдер ұлттық мәдени ерекшелікті танытатын әрі сол ерекшелікті сақтап, келешекке жеткізетін тілдік-рухани бірліктер. Мысалы, көркем мәтіндегі тәрбиелік, моральдық астары бар мақалдар: «Есектің еті арам, күші адал» [106, б. 8] – Еріктің бал арасына қарап айтқан сөзі, бұл мақал арқылы еңбектің қадір-қасиетін, пайдалы нәрсенің сырт бейнесіне қарап бағаланбайтыны аңғарылады. «Көппен көрген ұлы той» [106, б. 26] – Еріктің шешесі Нюра Фадеевнаның ел

ішінен жыраққа кетуін көтере алмайтынын, отбасының елмен бірге өмір сүруі маңызды екенін білдіреді.

Бұл мәселені «Дискурс ұлттық сипат көрінісі ретінде» мақаламызда арнайы қарастырып, «Отбасы» концептісіне қатысты дискурстық бірліктер ретінде таңдап алған мақал-мәтелдер мен идиомаларды талдауда ұлттық рухани құндылықтар мен ұлттық сипаттарды дискурс тұрғысынан қарастырудың аса маңыздылығын, олардың әр халықтың мәдени кодын және тілдік бірегейлігін айқын бейнеленетіндігін саралап, жарияладық [143].

Ал тұрақты тіркестер – тілдің мол қазынасы, ұшан-теңіз ойды бір ауыз сөзбен жеткізетін халықтың дүниетанымын айқындайтын ең басты мәдени-рухани кодтарының бірі. Тұрақты тіркестер шығу тарихында ұлттың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, наным-сенімін, дүниеге деген көзқарасын бейнелейді. Профессор Г.Н Смағұлова «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған орта заттар мен құбылыстарға этнос тұрғысынан баға беру, сипаттау, арқылы сол ұлттың менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады» [144, б. 148] - деп көрсетеді. Сондықтан оларды тек қана көркем мәтіндегі тілдік бірлік емес, этномәдени ақпарат тасымалдаушы феномен ретінде қарастыруға болады. Көркем мәтінде кездесетін сезім мен көңіл-күйді білдіретін «екі иығы селкілдеп жылады» [106, б. 44], мұң мен өкінішті, нәзік эмоцияны сипаттайтын «жалғыздық атты жалмауыз» [106, б. 71] тұрақты тіркестері – бұл пікірдің дәлелі. Көркем мәтінде отбасы дискурсында қолданыс тапқан мақалдар мен фразеологизмдерді талдап, төмендегі кестеде ұсындық (5-кесте).

Кесте 5 – Отбасы дискурсындағы ұлттық психологияның мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер арқылы берілуі (қазақ көркем мәтініндегі үзінділер негізінде)

Мақал-мәтел/ фразеологизм	Мәні	Кейіпкер/жағдай
1	2	3
«От ауызды, орақ тілді» [106, б. 106].	Сөзшең, шешен адамдарды сипаттау.	Нюра Тағанның әкесі Мақажанның ақын, батыр болғанын осы мақал арқылы жеткізеді. Ене мен келіннің сөйлесуі.
«Махаббат жас талғамайды, бақ бас талғамайды» [106, б. 17].	Шынайы махаббат пен бақыттың шегі жоқ.	Ерік пен Бекзат арасындағы әңгіме
«Қарғайын десем – жалғызым, қарғамайын десем – жалмауызым» [106, б. 103].	Ата-ана мен бала, жақын туыс арасындағы қарым-қатынасты сипаттауда қолданылады	Нюраның Тағанның арақ ішіп отырған сәтіне айтқан сөзі. Ана мен бала дискурсы

5-кестенің жалғасы

1	2	3
«Жақсыдан жаман туар – бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар – адам айтса нанғысыз» [106, б. 30].	Адамнан ұрпақ қалуы, ол ата-анасына байланысты емес екендігі.	Нюраның Айнаға бала туралы айтып ренжітіп алғандағы сәті.
«Қараңғыда қамалған қаздай қаңқылдап» [106, б. 208].	Жалғыздықты еркіндікке шығу сәтін, қуанышын суреттейді.	Нюраның сыртқа шыққандағы сәті.
«Ошақ оты сөнген» [106, б. 199].	Үй тіршілігінің тоқтауы.	Айнаның ауырып, үйдің тіршілігі тоқтап тұрған сәт.
«Аузын ашса жүрегі көрінетін» [106, б. 136].	Ашық-жарқын, адал, шыншыл.	Нюраның күйеуі Қанекені еске алуы.
«Шайынның түбіне тас түсіп кетті ме?» [106, б. 136].	Көңіл-күйі жоқ кезде әзілмен сұрау ретінде айтылады.	Шайдың қайнамай жатқанын айтып тұр.

Көркем мәтіндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер отбасылық құндылықтарды, ұлттық танымды, тәрбиелік ұстанымдарды бейнелеуде үлкен рөл атқарады. Кейіпкерлердің бір-біріне деген қарым-қатынасы, мінез-құлқы, көңіл-күй көзқарасы, ішкі сезімдері терең әрі шынайы суреттеледі.

«Атау-кере» романында отбасы дискурсындағы ұлттық психология лексикалық бірліктер мен мақал-мәтелдермен ғана емес, грамматикалық бірліктер арқылы да терең жеткізіледі. Грамматикалық бірлік кейіпкерлердің бір-біріне қатынасын, эмоционалды реңкін және әлеуметтік орны мен қарым-қатынас стилін білдіреді.

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» романында қазақ халқына тән ұлттық дүниетаным, отбасылық қатынастар мен менталитет көркем бейнеленіп, ол грамматикалық құрылымдар арқылы да тілдік деңгейде жүзеге асады. Автор есімдіктер, етістік шақтары, одағайлар мен тәуелдік жалғаулы формаларды ұтымды қолдана отырып, қазақ отбасындағы құрмет, мейірім, сыпайылық, бауырмалдық және жан жарасы сынды психологиялық ахуалдарды суреттейді.

Көркем мәтіндегі есімдіктері отбасы мүшелері арасындағы жақындықты, олардың арасындағы қарым-қатынастың бағытын және эмоционалдық күйді айқындайды. Етістік шақтары арқылы өткен шақ – отбасылық естеліктер мен өкініштерді, осы шақ – қазіргі күйзелісті немесе қақтығысты, келер шақ – үміт пен тілек сынды ұлттық болмысқа тән эмоционалдық күйлерді білдіреді. Тәуелдік жалғаулы және кішірейткіш жұрнақты есімдер балам, анашым, үйіңіз, апаңыз, шешең, атам сияқты тұлғалар – қазақ халқындағы отбасылық иерархия мен сыйластықтың тілдік айғағы. Одағайлар (айналайын, ойбай, үйбай-ау) экспрессивтілік пен эмоциялық қанықтықты арттырып, ұлттық колорит пен психологиялық фонды айшықтайды. Біз бұл мәселені 6-кестеде жинақтап көрсетуге тырыстық.

Кесте 6 – Отбасы дискурсындағы ұлттық-мінез құлықтың грамматикалық формалармен берілуі (қазақ көркем мәтініндегі үзінділер негізінде)

Грамматикалық форма	Қызметі/Мәні	Мәтіннен үзінді
1	2	3
Есімдіктер	Диалогтарда жақындықты, отбасы мүшелері арасындағы арақатынасты көрсетеді; жақын (сен) мен ресми/құрмет (сіз) қатынасын білдіреді	«Мен байғұс Қандауырымнан мәңгілікке айырылдым деп ойладым-ау». [106, б. 129] (Сөйлеушінің әрекетті нақты өзіне бағыттауы) ...сенің де бір нәрсеге басың қатып, сенделіп жүргенінді сезбейді дейсің бе? [106, б. 93] (Еркін формада, жақындықты білдіру тәсілі) – Сізге ренжуге болмайды [106, б. 101] (Құрмет пен қамқорлықты көрсету)
Етістіктер: өткен шақ осы шақ, келер шақ, қалау рай, бұйрық рай	Естеліктер мен отбасылық тарихты баяндайды; қазіргі күй, ішкі қабылдауды көрсетеді; үміт, жоспарды, арман мен сағыныш, тілекті білдіреді	«Осы бір ішкі қиналысын Айнаға сан рет айтуға оқталса да, батылы барған емес» [106, б. 88]. (Бұл сөйлемдегі етістік формалары негізінен өткен шақтағы ішкі қабылдауды білдіреді. Еріктің Айнаға сырын айтқысы келген талпыныстары оқталса да жүзеге аспағанын, батылы жетпегенін көрсетеді.)
		«Ештеңе етпес, апа, – деп енесінің сөзін бөлді. – Жұғып қалар дейсіз бе? Осындай жұмысты арамсынбай-ақ атқарып, жанын сақтайтын адамдар бар емес пе. Әлі-ақ жазылып кетесіз... маған шөп жиысасыз...» [106, б. 29]. (Енесі Нюраны Айнаның жұбату сәті «жазылып кетесіз», «жиысасыз» – Айнаның сенімі мен үмітін білдіреді. Бұл жерде енесін жұбатып, алдағы уақытта сауығып, өмірге қайта араласатынына сенім артып отыр.)
		«Қойыңызшы, апа, қайдағыны айтады екенсіз...» [106, б. 104]. (Отбасындағы үлкен мен кіші арасындағы сыпайылық, бұйрық райға жалғанған «-шы» жұрнағы тілек формасында)
		«Еңбектің де емдік қасиеті бар, балам, көп қимылда...» [106, б. 102]. (Нюра апа балаға тәлім беріп, еңбекке баулуы үшін бұйрық райды қолданды, бірақ балам сөзі бұйрық мәнін жұмсартып тұр)

6-кестенің жалғасы

1	2	3
Есімше формалар	Бұл формалар арқылы кейіпкерлердің отбасылық байланыстары, қарым-қатынастарының сипаты ашылады.	«Қандауырдың тым – тым қара қылды қақ жарған әділдігі тұқым қуалап, Ерікке жұға қойған жоқ-ты» [106, б. 7]. (Отбасы дискурсында бағалау қызметін атқарады: әділдік – оң қасиет, ал оның Ерікке берілмеуі – теріс құбылыс)
Ұлылық, кішіпейілдік мәнді тәуелдік жалғаулары, кішірейткіш мәнді жұрнақтар	Отбасы мүшелері арасындағы эмоционалды қарым-қатынасты, ұлттық танымды, тілдік этикетті және қазақ халқының ізеттілік дәстүрін нақты көрсетеді.	«Қоя тұр, <i>келінжан</i> » [106, б. 100] (Енесінің келініне деген сүйіспеншілігі) «Артық-кемім болса кеш, <i>анашым</i> » [106, б. 214] (Еріктің анасына тіл қатуы)
Одағайлар	Отбасы дискурсының көркем, эмоциялық және прагматикалық қырларын ашатын ұлттық-мәдени маркерлер. Олар арқылы сөйлеуші жақындық, ілтипат, реніш, махаббат, күйініш, таңданыс сияқты ішкі дүниесін сөз арқылы жеткізеді	« <i>Құдай-ау</i> , аюы несі... Не деп міңгірлеп тұрсың. Ұшықта, ойбай, ұшықта!» [106, б. 193]. « <i>Апыр-ай</i> , баяғыдан сондай еді» [106, б. 74]. (Апыр-ай, құдай-ау сөйлеушінің отбасылық қарым-қатынаста көрінетін үрей, қобалжу, абыржу, өкініш эмоциясын білдіреді)

Л. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» трилогиясы – орыс халқының ұлттық болмысы мен отбасылық дүниетанымын терең бейнелейтін

көркем мәтін. Бұл шығармада орыс отбасы дискурсындағы ұлттық психологияның көрінісі тілдік құралдар, сөйлеу әдебі, қарым-қатынас формалары арқылы беріледі. Отбасы мүшелері арасындағы тілдік өзара әрекет арқылы сезімге толы, эмоционалды, моральға негізделген ұлттық мінез айқындалады. Отбасы дискурсындағы ұлттық психологияның көрінісін отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастан байқай аламыз. Сондықтан біз бұл қарым-қатынасты былай топтастырып сипаттадық:

1. Ана мен бала арасындағы қарым-қатынас: эмоционалды тұтастық пен қолдау

Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» көркем мәтінінде ана бейнесі эмоционалды және рухани тірек ретінде сипатталады. Николенька анасымен қарым-қатынаста өзін еркін, қауіпсіз сезінеді. Анасы бала үшін жай ғана туыс емес, ішкі әлемнің тыныштығын қамтамасыз ететін эмоционалды тұрақтылықтың өзегі. Ана мен бала арасындағы байланыстың тереңдігін, әсіресе, бейвербалды құралдар арқылы жеткізуді жазушы ерекше шеберлікпен бейнелейді.

Со смертью матери окончилась для меня счастливая пора детства и началась новая эпоха – эпоха отрочества [107, с. 124]

Поздоровавшись со мною, мама взяла обеими руками мою голову и откинула ее назад, потом посмотрела пристально на меня и сказала:

– Ты плакал сегодня?

Я не отвечал. Она поцеловала меня в глаза и по-немецки спросила:

– О чем ты плакал?

Когда она разговаривала с нами дружески, она всегда говорила на этом языке, который знала в совершенстве [107, с. 33-34].

2. Әке мен бала арасындағы қарым-қатынас: беделге құрмет пен ішкі тәртіп
И папа тотчас обратился к нам:

– Где вы это взяли? и как смеее шалить такими вещами? [107, с. 150]

Любочка сама хотела писать тебе, но изорвала уже третий лист бумаги и говорит: «Я знаю, какой папа насмешник: если сделать хоть одну ошибочку, он всем покажет [107, с. 109].

Көркем мәтіндегі әке бейнесі, ең алдымен, қатал болып көрінеді: и как смеее шалить. Орыс отбасы дискурсында әке тәртіп сақтаушы, көп сөзбен емес, қатаң көзқарасымен ықпал ететін, отбасындағы моральдық жауапкершілікті арқалаған тұлға ретінде көрінеді. Оның қаталдығымен қоса, сыншыл, бетке басып айтуы да мүмкін екендігіне қызының сөзі дәлел: если сделать хоть одну ошибочку, он всем покажет.

Бұл мысалдар әке сөзінің салмағын көрсетеді. Орыс ұлттық психологиясында әке – сөйлемейтін, бірақ бәрін меңзейтін, эмоциядан гөрі тәртіпті, ішкі сабырды талап ететін тұлға. Бұл қарым-қатынас балада өзін өзі ұстау, айналасындағыларға құрметпен қарау, берілген тапсырманы дұрыс орындау секілді қабілеттерін қалыптастырады. Дегенмен де орыс отбасы

дискурсында әкеге тек тәртіп пен қаталдыққа қана емес, сезімталдық та тән екені көруге болады, бұл оның рухани салмақ иесі екендігін айқындайды:

– Так-то, друзья мои, вот ваш старик что выдумал, – заключил папа, краснея, покашливая и подавая мне и Володе руки. Слезы у него были на глазах, когда он сказал это, и рука, которую он протянул Володе, бывшему в это время в другом конце комнаты, я заметил, немного дрожала. Вид этой дрожащей руки больно поразил меня, и мне пришла странная мысль, еще более тронувшая меня, – мне пришла мысль, что папа служил в 12-м году и был, известно, храбрым офицером. Я задержал его большую жилистую руку и поцеловал ее. Он крепко пожал мою и вдруг, всхлипнув от слез, взял обеими руками Любочку за ее черную головку и стал целовать ее в глаза [107, с. 328].

Берілген үзіндідегі слезы у него были на глазах, рука дрожала, всхлипнув от слез, взял обеими руками, стал целовать тіркестері арқылы әкенің өмірлік тәжірибесі мен жауапкершілігі сезіледі, балаларына деген мейірімі мен сүйіспеншілігі көрінеді. Баласы да әкесіне аса құрметпен қарап, махаббатын көрсетеді: задержал его большую жилистую руку и поцеловал ее. Демек, әкенің сезімге ерік беруі оның жұмсақ қырын көрсетсе, балалардың бейвербалды реакциясы әкені қадірлеудің, сыйлаудың белгісі болып табылады.

3. Гувернёр/няня мен бала арасындағы қарым-қатынас: тәрбие мен құрмет

Гувернёр Карл Иванович – отбасылық құрылымдағы ресми тұлға. Ол берілген көркем мәтінде балаға білім мен тәртіпті үйретуші ретінде көрінеді.

Наталья Савишна – адал, қызмет ететін отбасын жанындай жақсы көретін, ұзақ жылдар бойы еңбек еткен күтуші. Алдымен Николеньканың анасының күтушісі болған, кейіннен оның жанында қалып, балаларының да күтушісі болып, тәрбиесімен айналысады.

...но так как воспоминания о Наталье Савишне, которую я больше не видал и которая имела такое сильное и благое влияние на мое направление и развитие чувствительности, принадлежат к первой эпохе, скажу еще несколько слов о ней и ее смерти [107, с. 124].

Я сочувствовал его горю, и мне больно было, что отец и Карл Иваныч, которых я почти одинаково любил, не поняли друг друга; я опять отправился в угол, сел на пятки и рассуждал о том, как бы восстановить между ними согласие [107, с. 40].

В классной Карл Иваныч был совсем другой человек: он был наставник. Я живо оделся, умылся и, еще с щеткой в руке, приглаживая мокрые волосы, явился на его зов [107, с. 29].

Мұнда бала гувернёрге қорыққаннан емес, құрметтен мойынсұнады (я опять отправился в угол), бұл – институционалдық тәрбие мәдениеті. Которых я почти одинаково любил гувернер қанша жерден қатал адам болса да, отбасындағы бала тәрбиесіне тікелей жауапты адам ретінде әкесіндей жақсы көріп, баланың жүрегінен ерекше орын ала білгендігі көрініп тұр. Сочувствовал его горю тіркесінен гувернердің бұл отбасына бөгде адам емес екендігі көрініп тұр.

4. Бауырлар арасындағы қарым-қатынас: ашықтық, сенім және бәсекелестік

Николенька мен Володя арасындағы байланыс еркін болып келеді, олар бір-біріне кез келген мәселені ашық айта береді. Бұл – орыс отбасындағы бала табиғатының шынайы көрінісі.

– Я влюблен, Володя! Решительно влюблен в Сонечку.

– Ну так что ж? – отвечал он мне, потягиваясь.

– Ах, Володя! Ты не можешь себе представить, что со мной делается... [107, с. 106].

Берілген үзіндіде екі бауырдың бір-бірімен ашық сөйлесіп, эмоцияларын жасырмайтыны аңғарылады. Бұл орыс мәдениетіндегі балалар арасындағы теңдікке ұмтылыстың көрінісі, Володя Николенькадан үлкен болса да, інісі өзінің ойын айтуға қысылмайды, қорықпайды.

Володя, который тоже не видел в моей беде ничего ужасного, говорил, что на другом факультете мне, по крайней мере, не будет совестно перед новыми товарищами [107, с. 366].

Бұл мысалда ағасы інісінің қателігін бетіне баспай, қолдау көрсетеді, жұбатады. Володя үйдің үлкені ретінде інісінің жағдайын түсініп, кеңес береді. Бұл – мәдени кодтың бір бөлігі, үлкендер кішіге қамқор болу керек.

– Да отчего ж нельзя рассуждать про...

– Нельзя рассуждать, – опять перебила Любочка, – нельзя рассуждать про такого отца, как наш. Мими может рассуждать, а не ты, старший брат.

– Нет, ты еще ничего не понимаешь, – сказал Володя презрительно, – ты пойми. Что, это хорошо, что какая-нибудь Епифанова Дунечка заменит тебе маман покойницу?

Любочка замолчала на минутку, и вдруг слезы выступили у нее на глаза.

– Я знала, что ты гордец, но не думала, чтоб ты был такой злой, – сказала она и ушла от нас [107, с. 327].

Бұл үзіндіде реніш те, өкпе де, көңіл қалу да жасырылмаған. Бұл – бала болмысының бір бөлшегі, ойындағысын айтып салады, сонымен бірге еркін эмоционалдық өзара қарым-қатынастың көрінісі. Дегенмен, ағасына қанша ренжісе де, Любочка оған дөрекі сөйлемейді, үлкенге құрмет ережесін сақтап, аға деп атайды (а не ты, старший брат); эмоцияға ерік береді (вдруг слезы выступили).

5. Дұға оқу арқылы көрінетін рухани үндестік

Отбасында барлығын біріктіретін күш – рухани үндестік пен ортақ рәсімдерге құрмет.

После этого, как, бывало, придешь на верх и станешь перед иконами, в своем ваточном халатце, какое чудесное чувство испытываешь, говоря: «Спаси, господи, папеньку и маменьку». Повторяя молитвы, которые в первый раз лепетали детские уста мои за любимой матерью, любовь к ней и любовь к богу как-то странно сливались в одно чувство.

После молитвы завернешься, бывало, в одеяльце; на душе легко, светло и отрадно; одни мечты гонят другие, – но о чем они? – Они неуловимы, но исполнены чистой любовью и надеждами на светлое счастье [107, с. 15].

Бұл үзінділер – рухани тәрбиенің қалыптасқан белгісі. Спаси, господи, папеньку и маменьку, повторяя молитвы, после молитвы на душе легко мысалдары орыс мәдениетінде дұға оқу баланың кішкентай кезінен отбасында қалыптасқан рухани дәстүр екендігін көрсетеді, дұғаның күшіне сеніп, бала бақытты болашақты армандайды, жақсылыққа ұмтылады, отбасы мүшелерін біріктіреді, үзіндіде бала кезден анасының дұғаларын қайталып айтатындығы көрінеді. Демек, дұға оқу – рухани тәрбие құралы. То мне приходит мысль о боже, и я дерзко спрашиваю его, за что он наказывает меня? «Я, кажется, не забывал молиться утром и вечером, так за что же я страдаю?» үзіндісі де орыс отбасы мәдениетінде дұға оқу арқылы жамандықтан сақтануды үйренетіндігі көрінеді, демек, орыс отбасы дискурсында дұға тек діни рәсім емес, ол – рухани тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыратын маңызды құрал.

Орыс отбасы дискурсын ұлттық-мәдени аспектіде зерттеу барысында тілдік бірліктер мен грамматикалық құрылымдардың маңыздылығы ерекше орын алады. Отбасылық қарым-қатынасты сипаттайтын тілдік бірліктер – тек қатынас құралы ғана емес, сол қоғамның дүниетанымы мен ұлттық психологиясының көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, Л.Н.Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» трилогиясы – орыс отбасылық болмысты, ішкі моральдық тәртіп пен сезім мәдениетін шынайы жеткізетін көркем мәтін. Төменде орыс отбасы дискурсында ұлттық ерекшелікті білдіретін лексикалық бірліктер, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер, грамматикалық формалардың түрлері мен қызметі көркем мәтіннен алынған нақты мысалдармен талданады.

Орыс отбасы дискурсының ұлттық ерекшелігі тек сөйлеу формалары мен синтаксистік құрылымдарда ғана емес, сонымен бірге лексикалық таңдау мен бейнелі сөз қолданысында, эмоционалды-экспрессивті лексемалар мен метафоралық құрылымдарда айқын көрініс табады. Л. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» көркем мәтінінде осы құралдар отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастың психологиялық, тәрбиелік және мәдени астарларын ашуға қызмет етеді.

Лексикалық бірліктер арқылы ұлттық көзқарастың көрінісі. Орыс отбасылық қарым-қатынасында жиі қолданылатын ерекше мағыналық жүктемесі бар сөздер ұлттық психологияны танытады. Мысалы, матушка, батюшка, мамаша, милый сөздері – тек атау емес, эмоциялық қарым-қатынас пен отбасылық байланысты білдіретін мәдени-ұлттық кодтар. Бұл сөздер тек нақты рөлді атамай, сол тұлғаға деген жылы сезім мен моральдық жақындықты білдіреді. Лексикалық деңгейде көрінетін бұл ерекшеліктер орыс отбасындағы жақындық, қамқорлық, ұрпақ сабақтастығы секілді психологиялық құндылықтардың тікелей айғағы.

Эмоциялық-экспрессивті лексика. «Детство. Отрочество. Юность» трилогиясында кейіпкерлердің сөз саптауында экспрессивтілік пен эмоционалды ашықтық басым. Сөз тіркестері мен жеке сөздер сөйлеушінің ішкі күйін нақты және әсерлі жеткізеді: «Слезы душили меня» [107, с. 179]; «Он мой тиран...

мучитель... умру... никто меня не любит» » [107, с. 179]; «Господи! за что ты наказываешь меня так ужасно» [107, с. 101].

Бұл қолданыстар орыс ұлтының эмоцияға деген ашықтығы мен шынайылығын, сондай-ақ сезімді сөз арқылы жеткізуге бейімдігін көрсетеді. Эмоцияны жасырмай білдіру – ұлттық психологияға тән қасиет.

Метафоралық құрылымдар. Орыс отбасы дискурсында сезімді жеткізу үшін жиі қолданылатын құралдардың бірі – метафора. Л. Толстой отбасы мүшелерінің жай-күйін, ішкі дүниесін жеткізу үшін эмоционалды, бейнелі сөздерді пайдаланады, мысалы:

Радужные цвета будущего [107, с. 217] – болашаққа деген зор үмітті білдіреді.

Чем чернее был круг воспоминаний прошедшего, тем чище и светлее выдавалась из него светлая [107, с. 217] – қиыншылықтың артынан жақсылық келеді деген сенімді көрсетеді.

Он был так весел, молод, полон жизни и счастлив, что лучи этого счастья распространялись на всех окружающих и невольно сообщали им такое же расположение [107, с. 323] – отбасындағы бір адамның қуанышы барлығы үшін қуаныш болып келетінін көрсетеді.

Метафоралар – тек тілдік көркемдік емес, олар ұлттық дүниетанымдағы ішкі сезім мен сыртқы әлем арасындағы поэтикалық дәнекер. Бұл орыс мәдениетіндегі терең эмоцияны бейнелі түрде жеткізу дәстүрінің тілдік көрінісі.

Орыс отбасы дискурсында ұлттық дүниетанымның тілдік бейнесін сипаттайтын ең маңызды құралдардың бірі – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» трилогиясында мақалдардан гөрі тұрақты тіркестер жиі кездеседі. Біріншіден, бұл шығармада Л. Толстой шаруа өмірін емес, ақсүйек отбасының өмірін бейнелейді. Олардың сөзі француз тіліне, әдеби дәйексөздерге сүйенеуімен ерекшеленеді. Мысалы: Только люди, способные сильно любить, могут испытывать и сильные огорчения; но та же потребность любить служит для них противодействием горести и исцеляет их. От этого моральная природа человека еще живучее природы физической. Горе никогда не убивает [107, с. 123]. Екіншіден, трилогияда баланың ішкі әлемі суреттеледі. Көркем мәтінде тұрақты тіркестер көркем-стилистикалық элемент ретінде ұлттық сана мен тәрбиенің тұрақты репрезентанты ретінде қызмет етеді (7-кесте).

Кесте 7 – Отбасы дискурсындағы ұлттық психологияның фразеологизмдермен берілуі (орыс көркем мәтінінен үзінділер негізінде)

Фразеологизм	Қызметі	Мәтіннен үзінді
1	2	3
Захлёбываться от слёз (қатты жылау, қайғыру)	Қайғы-мұңды көрсету	Папа сидел со мной рядом и ничего не говорил; я же <i>захлебывался от слез</i> , и что-то так давило мне в горле, что я боялся задохнуться [107, с. 69]

7 – кестенің жалғасы

1	2	3
Лить слёзы ручьями (қатты жылау)	Өзін-өзі ұстай алмау, қайғырғанын көрсету	– Полно! и не говори этого, голубчик мой, душечка моя! – вскрикиваю я, целуя ее колени, и <i>слезы ручьями льются</i> из моих глаз – слезы любви и восторга [107, с. 71]
Как дважды два (айдан анық)	Шындықты көрсету	Ужо и папа давно отстал от нас, и многое, что для нас было так же ясно, <i>как дважды два</i> , было ему непонятно [107, с. 305]
Покрыться срамом (ұятқа қалу)	Абырой мен ұяттың құндылығын көрсету	Ну, все пропало! – подумал я. – Вместо блестящего экзамена, который я думал сделать, я навек <i>покроюсь срамом</i> , хуже Иконина [107, с. 239]
Провалиться сквозь землю (ұялу)	Ұят концептісін көрсету	Я все-таки улыбался, но так страдал в эту минуту сознанием своей глупости, что готов был <i>провалиться сквозь землю</i> и что во что бы то ни стало чувствовал потребность шевелиться и говорить что-нибудь, чтобы как-нибудь изменить свое положение [107, с. 337]
Совать нос (бір нәрсеге араласу)	Жеке шекараны көрсету	А, не знаешь, что на тебя нашло, не знаешь, не знаешь, не знаешь, не знаешь, – повторял он, с каждым словом потрясая мое ухо, – будешь вперед <i>совать нос</i> , куда не следует, будешь? будешь? [107, с. 178]
Собраться с духом (өз өзін қолға алу)	Белгілі бір әрекетке дайындықты көрсету	Странно то, что я как теперь вижу все лица дворовых и мог бы нарисовать их со всеми мельчайшими подробностями; но лицо и положение тамап решительно ускользают из моего воображения: может быть, оттого, что во все это время я ни разу <i>не мог собраться с духом</i> взглянуть на нее [107, с. 68]

Талданып отырған көркем мәтіндегі сөз қолданысы мен грамматикалық құрылымдар орыс отбасы мүшелерінің арақатынасында байқалатын иерархия, сыпайылық, эмоциялық жақындық және рухани құндылықтарды көрсетеді. Осы тілдік тәсілдер арқылы көркем мәтіндегі орыс отбасы дискурсының ұлттық психологиясының қалай таңбалғанын көруге болады (8-кесте).

Кесте 8 – Отбасы дискурсындағы ұлттық мінез-құлықтың грамматикалық құрылымдармен берілуі (орыс көркем мәтінінен үзінділер негізінде)

Грамматикалық форма	Қызметі/Мәні	Мәтіннен үзінді
1	2	3
Есімдіктер	<i>Ты</i> : Жақындық пен сенімділікті білдіреді. Жақын туысқа қатысты қолданылады, эмоционалдық жақындық көрінісі	- <i>Ты</i> опять заснешь, Николенька, – говорит мне тамап, – ты бы лучше шел на верх [107, с. 70].

8-кестенің жалғасы

1	2	3
		Хоть <i>ты</i> старший брат, но ты мне не говори, <i>ты</i> не должен говорит [107, с. 326].
	<i>Вы:</i> Сыпайылық формасы, отбасы тәрбиесіндегі үлкенге құрмет көрсету көрінісі	Что <i>вы</i> , Наталья Савишна? – сказал я, удерживая ее за руку, – я совсем не за этим... я так пришел... да <i>вы</i> -и сами устали: лучше ложитесь <i>вы</i> [107, с. 119].
	<i>Мы:</i> Отбасы мүшелеріне ортақ әрекетті білдіреді, отбасында бірліктің, рухани тұтастықтың және ортақ құндылықтардың көрінісі	Когда <i>мы</i> подошли к большим, папа, к великой нашей радости, объявил, что, по просьбе матушки, поездка отложена до завтрашнего утра [107, с. 53].
	<i>Наши:</i> Отбасы ынтымақтастығының көрінісі, ортақ құндылықтар мен маңыздылықтарды бейнелейді <i>Мой:</i> Эмоционалды байланысты көрсетеді, отбасы мүшелері	Бабушки уже нет, но еще в <i>нашем</i> доме живут воспоминания и различные толки о ней [107, с. 197]. Когда я проснулся, было уже очень поздно, одна свечка горела около моей кровати, и в комнате сидели <i>наши</i> домашний доктор, Мими и Любочка [107, с. 179]. Налево от дивана стоял старый английский рояль; перед роялем сидела черномазенькая <i>моя</i>
	арасындағы тығыз қарым-қатынастың белгісі, адам үшін маңыздылықты айқындайды	сестрица Любочка и розовенькими, только что вымытыми холодной водой пальчиками с заметным напряжением разыгрывала этюды Clementi 2 [107, с. 32]. Да будет, сын <i>мой</i> , над тобою благословение отца небесного [107, с. 228].
Етістіктер	Өткен шақ: отбасылық естелік, өткен оқиғаны еске алуда қолданылады	<i>Я вспомнил</i> о грибе, который нашел накануне в березовой аллее, <i>вспомнил</i> о том, как Любочка с Катенькой поспорили – кому сорвать его, <i>вспомнил</i> и о том, как они плакали, прощаясь с нами [107, с. 69].

8-кестенің жалғасы

1	2	3
	Осы шақ: отбасы ішіндегі тікелей қарым-қатынасты жеткізеді. Бақылау, кеңес беру қамқорлық мәндерінде қолданылады Келер шақ: болжам, уәде беру, жоспар құруда қолданылады Бұйрық рай: иерархияны көрсетеді, бұйрық, кеңес беруде, сонымен қатар қаталдықты көрсетуде қолданылады	Зачем Володя <i>делал</i> мне знаки... зачем папа <i>покраснел</i> и <i>схватил</i> меня за руку? [107, с. 101]. – Мамап <i>говорит</i>, что бабушка такая важная – сердитая? [107, с. 139]. – Дети не мои, а ваши, и я <i>не имею</i> права советовать вам, потому что вы умнее меня, – продолжала бабушка [107, с. 150]. Всей родне нашей как будет приятно такая женитьба! И дети ведь у нее, верно, <i>будут</i> [107, с. 326]. Принеси, да смотри у меня – ничего не трогать! – сказал он мне вслед [107, с. 166].
Есімше тұлғалары (причастия)	Адамның сырт келбеті мен түрін, жай-күйін, белгілі бір жағдайды суреттеуде, эмоцияны көрсетуде қолданылып, әңгімені біркелкі, үйлесімді етеді	Карл Иванович, <i>тронутый</i> моим рассказом, стал утешать и успокаивать меня [107, с. 28]. Даже карие глаза ее, хотя и <i>выражавшие</i> добродушие, были слишком малы [107, с. 278].
Кішірейткіш мәнді жұрнақтар	Еркелету, жақындықты білдіреді, отбасы мүшесіне қатысты мейірімділікті көрсетеді, сондай-ақ орыс тіліне тән қысқарту мен жұмсартып сөйлеу көрінісі	– А где <i>флакончик</i>? непременно ты... [107, с. 245]. ..уж вы меня простите, мой <i>голубчик</i>... вот вам [107, с. 65]. – Вставай, моя <i>душечка</i>: пора идти спать [107, с. 70].
Одағайлар	Отбасындағы коммуникацияны эмоциялық тұрғыда жандандырады	– Ах, какая прелесть! – прибавил я [107, с. 106]. – Эх ты, горемычный! – сказал он [107, с. 238].

Л. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» трилогиясының мәтінін талдау орыс отбасы дискурсы ұлттық психологиясының терең мәдени-тілдік бейнесін танытты. Отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас жылы эмоциялық реңкімен, әдептілік, үлкенге құрмет және кішіге қамқорлық

құндылықтарымен, тәрбиелік мәнімен сипатталғаны анықталды. Бұл орыс отбасылық қарым-қатынасының дәстүрлі сипатымен сәйкес келеді.

Томас Гардидің романы – викториандық дәуірдегі ағылшын қоғамының отбасылық құрылымын, моральдық өлшемдерін және ұлттық мінез-құлқын көркем бейнелеудің үлгісі. Бұл шығарма мәтінін талдауда ағылшын отбасы дискурсына тән ұлттық психологияның айқын көріністерін байқауға болады. Олар көбіне кейіпкерлердің бір-біріне қатынасынан, тілдік қарым-қатынас стилінен, құндылықтар жүйесінен танылады. «Tess of the d’Urbervilles» көркем мәтініндегі отбасы дискурсының ұлттық психологиясын отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасқа негіздеп талдай отырып былайша топтастырып ұсындық:

1. Анасы мен қызы арасындағы қарым-қатынас. Тесс пен анасы Джоанның арасындағы қарым-қатынас – ағылшын ұлттық психологиясының кейбір негізгі сипаттарын айқын бейнелейтін көркем модель. Тесстің анасы Джоан мен оның арасындағы қарым-қатынастан эмоционалдық жақындық байқалмайды:

– Why didn’t ye think of doing some good for your family instead o’ thinking only of yourself? See how I’ve got to teave and slave and your poor weak father with his heart clogged like a dripping-pan [108, p. 98]. («Неге өзіңді ғана ойламай, отбасың үшін бір жақсылық істеуді ойламадың? Қарашы, мен қалай шаршап-шалдығып жүрмін, ал бейшара әлсіз әкеңнің жүрегі қақ басқан табақтай бітеліп қалған»).

Джоанның қызына, яғни, Тесске деген қарым-қатынасы – бұл сүйіспеншілікке, қамқорлыққа емес, пайда мен есепке құрылған байланыс. Анасы қызын қорғауға тырыспайды. Керісінше, қызын текті адамдарға барып, пайда табуға жібереді. Ол Тесстің тағдырына емес, отбасының жағдайын түзетуге көбірек мән береді. Бұл қарым-қатынастан біз ағылшын қоғамына тән салқынқандылықты көреміз.

2. Отбасындағы әке мен қызының қарым-қатынасы. Көркем мәтінде Тесстің әкесі Джон отбасына қамқорлық көрсете алмайды, ол тек тектілігімен мақтанады, бірақ нақты әрекет жасамайды. Сырттай қарағанда отбасын басқарып отырған адамдай көрінеді. Бірақ шын мәнінде, ол ешқандай жауапкершілік алмайтын, өз өмірімен ғана айналысатын адам.

– «Goodbye, my maid», said Sir John, raising his head from his breast as he suspended his nap, induced by a slight excess this morning in honour of the occasion» [108, p. 57]. (– «Сау бол, қызым», – деді сэр Джон, мерекеге байланысты шамадан тыс ішіп қойып, таңертең қалғып кеткен жерінен басын көтеріп). Бұл жерде Джон қызымен салқынқанды қоштасады. Оның қызына деген қатынасынан шынайы қамқорлық байқалмайды.

– «To think, now, that this was to be the end o’t» said Sir John... – «And now to be sure what they fellers at Rolliver’s and The Pure Drop will say to me; how they’ll squint and glance, and say, ‘This is yer mighty grand match is it; this is yer eetting back to the true family level of yer forefathers in King Norman’s time!’... But she can make him keep her if he’s married her?» [108, p. 307]. (– «Ойлап көрші, мұның осылай

аяқталатынын кім білген?» – деді сэр Джон... – «Енді Ролливерде не Пьюр Дропта отырғандар маған не айтар екен? Қалай көздерін сығырайтып, кулана қарап: «Міне, сенің атақты құдалығың осы ма? Бұл сенің Норман королі заманындағы ата-бабанның дәрежесіне қайта оралғаның ба?» – деп әжуалайды ғой... Бірақ егер ол шынымен оған үйленсе, қасында қалдыруға тиіс қой, иә?»).

Джонның сөздері мен әрекеттері оның отбасындағы рөлінің әлсіздігін, жауапкершіліктен қашуын және сыртқы беделге тым мән беретінін көрсетеді. Бұл ағылшын ұлттық психологиясында отбасындағы әке рөлінің формалдығын, ал шынайы жауапкершіліктің, негізінен, әйелдерге жүктелетінін бейнелейді.

3. Бауырлар арасындағы қарым-қатынас. Шығармадағы Тесс – отбасының тұңғышы, оның бірнеше іні-сіңлісі бар. Отбасы дискурсынан олардың арасындағы тығыз қарым-қатынасты аңғаруға болады:

– «I think I could go if Abraham could go with me to kip me company» [108, p. 32]. Тесс інісін өзіне серік етіп алса, бара алатындығы (сұрау) олардың арасындағы сенімділік пен бауырмалдықты көрсетеді.

«She lit a candle, and went to a second and a third bed under the wall, where she awoke her young sisters and brothers, all of whom occupied the same room» [108, p. 113]. («Ол шам жақты да, қабырға бойындағы екінші және үшінші төсекке барып, сол жерде жатқан кішкентай бауырларын оятты. Бәрі бір бөлмеде ұйықтап жатқан еді»). Бұл көріністе Тесс бауырларын оятып, оларды шоқындыру рәсіміне қатысуға шақырады. Бұл сәт олардың арасындағы рухани байланысты және Тесстің бауырларына деген сенімі мен жақындығын көрсетеді.

4. Күйеуі мен әйелі арасындағы қарым-қатынас. Джоан мен Джонның арасындағы қатынас салқын және бейқам күйінде сипатталады. Екеуінің де көздегені – әлеуметтік пайда.

«I'm thinking of sending round to all the old antiqueerians in this part of England», he said, «asking them to subscribe to a fund to maintain me. I'm sure they'd see it as a romantical, artistical, and proper thing to do» [108, p. 412]. («Мен Англияның осы аймағындағы барлық көне тарихты зерттеушілерге хабар жіберсем деймін, – деді ол. – Олардан мені асырауға арналған қор ашуға ақша қосуды сұраймын. Әрине, олар мұны әдемі де дұрыс іс деп ойлайды ғой»). Бұл сөзінде Джон өзінің тектілігін пайдаланып, өзгелерден қаржылай көмек сұрауды жоспарлап отырғанын айтады. Бұл оның еңбек студенті гөрі басқаларға сүйенуге бейімділігін көрсетеді.

– «Hey – what's that?» said Sir John. She repeated the information. «That lady must be our relation» – she said. – «And my project is to send Tess to claim kin» [108, p. 29]. («Әй, бұл не?» – деді сэр Джон. Ол естігенін қайталап берді.

«Әйел біздің туысымыз болуы керек», – деді ол. – «Ал менің ойым – Тессті оған жіберіп, туыстықты мойындату»). Бұл үзінді де әйелі мен күйеуінің үлкен қыздарына қатысты жоспарын қамтиды.

Жоғарыда отбасы дискурсының ұлттық психологиясының тілдік бірліктерде таңбалануын қазақ және орыс көркем мәтіндері негізінде талдадық.

Сол үлгімен, ағылшын тіліндегі бірліктердің ұлттық психологияны таңбалауын ұсынамыз:

Лексикалық бірліктер арқылы ұлттық психологияның көрінісін талдауда ағылшын отбасы дискурсында эмоционалды-экспрессивті лексика, негізінен, өкпе, ренішті білдіреуде пайдаланатыны анықталды:

The poor man The poor man – he felt so weak after his excitement at the news

O merciful God, have pity [108, p. 113], (Құдайым, рақымыңа бөлей көр);

She was wretched – oh, so wretched [108, p. 162], (Ол бейшара еді – ой, қандай бейшара еді);

Poor darlings – to suppose myself the most miserable being on earth in the sight of such misery as yours! [108, p. 332], (Байғұс жандарым – сендердің азаптарыңды көре тұра, өзімді жер бетіндегі ең бейшара жан сезінемін).

Метафоралық құрылымдар ағылшын көркем мәтініндегі отбасы дискурсында отбасы мүшелерін сипаттауда когнитивтік-мәдени қызмет атқарады:

See how I've got to teave and slave and your poor weak father with his heart clogged like a dripping-pan [108, p. 98], («Қарашы, мен қалай тынымсыз еңбектеніп жүрмін, ал бейшара әлсіз әкеңнің жүрегі қақ басқан табақтай бітеліп қалған»). Бұл мысалды clogged like a dripping-pan метафорасы арқылы балалар әкелерінің жағдайы, денсаулығын түсінеді. Тұрмыста қолданылатын dripping-pan (қақ басқан табақ) әр отбасы мүшесіне түсінікті болуы ұлттық дүниетанымды көрсетеді.

You should ha' seen how pretty she looked today; her skin is as sumple as a duchess's [108, p. 29], («Бүгін оның қандай әдемі көрінгенін көруің керек еді; терісі ханшайымдікіндей (герцогиня) нәзік әрі жұмсақ»). Duchess (герцогиня) лексемасы сұлулық символын бейнелеп, отбасында бұл жақсы қасиеттердің көрінісін білдіреді.

Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы ұлттық психологияның бейнеленуі. «Tess of the d'Urbervilles» көркем мәтінінде қолданылған фразеологиялық тіркестер мен тұрақты сөз орамдары, идиомалар ағылшын отбасы дискурсындағы ұлттық психологияны терең сипаттайды. Нақты тоқталсақ:

Фатализм мен тағдырға мойынсұну – Take the ups with the downs: ups and downs the mixture of good and bad things which happen to people [145, p. 410] (Жақсымен қоса жаманды да қабылда), Make the best of it – derive what limited advantage you can from something unsatisfactory or unwelcome [133, p. 22] (Барға қанағат ет), What's done cannot be undone – once something has been done, it cannot be changed, no matter how much you regret having done it [146, p. 292]. (Болған іс – болды, өзгертуге болмайды) тіркестер Тесстің де, басқа кейіпкерлердің де тағдырға қарсы шыға алмайтын күйін, соған көнуге мәжбүр болатынын көрсетеді.

Моральдық және діни сана – Once lost always lost: Once a –, always a – a particular way of life produces traits that cannot be eradicated (Кеткен қайтпас), The

greater the sinner the greater the saint – a sinner who has reformed is likely to be more virtuous than someone who is morally neutral (Күнәсі көптің тәубесі зор) [147] тәрізді тіркестер отбасылық өмірдің дінмен тығыз байланысты екенін, сондай-ақ қоғам алдындағы моральдық жауапкершілікті айғақтайды.

Эмоциялық дағдарыс – put an end to myself (тоқтату; өз-өзіне қол жұмсау), in sixes and sevens (аласапыран күйде) тәрізді тіркестер арқылы ішкі сезімдер бейнеленеді.

Ағылшын көркем мәтінін талдау негізінде отбасы дискурсындағы ұлттық мінез-құлықтың фразеологизмдермен, мақалдармен берілуін 9-кестеде жинақтап ұсындық.

Кесте 9 – Отбасы дискурсындағы ұлттық мінез-құлықтың фразеологизм мен мақалдар арқылы берілуі (ағылшын көркем мәтінінен үзінділер негізінде)

Фразеологизм/ Мақал	Қызметі	Мәтіннен үзінді
1	2	3
Make the best of it (Барға шүкір ет)	Жағдайға көну, бар нәрсені қабылдау	– «Well – we must <i>make the best of it</i> , I suppose», said her mother resignedly [108, p. 94]. («Әйтеуір, барға қанағат етеміз ғой», – деді анасы амалсыздан.)
Take the ups with the downs (Өмірдің өрі мен еңісін бірге қабылда)	Жақсы мен жаманға бірдей төзу, тағдырға бойұсыну	– «Well, we must <i>take the ups with the downs</i> , Tess», said Joan [108, p. 39]. («Әй, Тэсс, өмірдің өрі мен еңісін бірге көруіміз керек қой», – деді Джоан.)
In sixes and sevens (Аласапыран күйде)	Тұрмыстық қиындықты, психологиялық, эмоционалдық шиеленісті көрсету	«...my folk lying there <i>in sixes and sevens</i> , as genuine county bones and marrow as any recorded in history» [108, p. 307]. («...менің туғандарым ол жерде қалай болса солай үйіліп жатыр, бірақ олар тарихта аталған кез келген тектінің сүйегі мен қаны сияқты осы өңірдің нағыз асылдары»).
Where there's a will there's a way (Қалағанға қол жетер)	Қиындықты жеңуге деген ұмтылыс, еңбекқорлық пен табандылықтың құнын көрсету	But there were also local customers who felt the same wish; and <i>where there's a will there's a Way</i> [108, p. 27]. («Бірақ дәл сондай ниет білдірген жергілікті сатып алушылар да болды; ал ниет болса – жолы да табылады»).
Put an end to myself (Тоқтату; өз-өзіне қол жұмсау)	Күйзеліс пен үмітсіздікті білдіру, шарасыздық жағдайы	I feel this is too much, Joan; I shall <i>put an end to myself</i> , title and all – I can bear it no longer! [108, p. 307]. («Бұл енді тым артық болды,

9-кестенің жалғасы

1	2	3
		Джоан; мен бәріне нүкте қоямын, атағыммен қоса – бұған шыдай алмаймын!»)
Once lost always lost (Кеткен қайтпас)	Жоғалған сенім, абыройдың қайта қалпына келмеуі	<i>Was once lost always lost</i> really true of chastity? she would ask herself [108, p. 120] («Бір рет жоғалтқан абырой мәңгіге жоғалады деген рас па екен?» – деп ол өзінен сұрайтын).
What's done cannot be undone (Өткен іс өтті)	Кез келген қателіктің салдарын көрсету, жағдайға мойынсұну	Well, well; <i>What's done can't be undone!</i> [108, p. 306]. («Е, болды енді; болған іс – болды, өткенді қайтара алмайсың!»)
The greater the sinner the greater the saint (Күнәсі көптің тәубесі зор)	Қателікті мойындап, алға қарай ұмтылу	<i>The greater the sinner the greater the saint;</i> it was not necessary to dive far into Christian history to discover that [108, p. 363]. («Күнәсі қаншалықты ауыр болса, оның кейінгі тақуалығы да соншалықты ұлы болады; мұны білу үшін христиан тарихын ұзақ ақтарудың қажеті жоқ»).

Талданған көркем мәтінде отбасы дискурсындағы ұлттық психология тек лексикалық бірліктер арқылы ғана беріліп қоймай, грамматикалық формалар арқылы да таңбаланған (10-кесте).

Кесте 10 – Отбасы дискурсындағы ұлттық мінез-құлықтың грамматикалық құрылымдармен берілуі (ағылшын көркем мәтінінен үзінділер негізінде)

Грамматикалық форма	Қызметі / Мәні	Мәтіннен үзінді
1	2	3
Есімдіктер	<i>Thee</i> (саған) / <i>thou</i> (сен) / <i>thy</i> (сенің): отбасы мүшелері арасындағы жақын қарым-қатынасты білдіреді, ауыл диалектісінің элементі	...I baptize <i>thee</i> ... [108, p.114]. (Мен сені шоқындырамын) <i>Thou</i> hast counselled a better course than <i>Thou</i> hast permitted [108, p.118].

10 – кестенің жалғасы

1	2	3
		(Құдайым, Сен маған ұсынған жолдан да жақсысын көрсетіп тұрсың) ...if there isn't <i>thy</i> father riding home in a carriage! [108, p. 14]. (...әне, әкең арбамен үйге қайтып келе жатыр ғой)
	<i>We</i> (біз): Ұжымдық бірегейлікті, отбасы мүшелерін жалпылама көрсету	<i>We've</i> been found to be the greatest gentlefolk in the whole county... [108, p. 22]. (Бүкіл уездегі ең текті тұқым біз болып шықтық қой)
	<i>My</i> : Сүйіспеншілік пен жылулықты, сонымен қатар тәуелділікті көрсету	«Well! – <i>my</i> dear Tess!» exclaimed her surprised mother... [108, p. 98]. («Әй, Тэсс, жаным-ау!» – деп таңданып айтты анасы)
Етістіктер	<i>Must</i> (тиіс, міндетті) Міндеттілік пен қажеттілікті білдіру, көбіне отбасы бұйрығында қолданылады <i>Ought to</i> (істеу керек) Моральдық міндеттілік немесе кеңес, көбіне кінәлауда қолданылады <i>Shall</i> (міндет, талап): уәде беру, жоспар, міндетті көрсету Бұйрық рай: иерархияны көрсетеді	You <i>must</i> go to her and claim kin, and ask for 'some help in our trouble [108, p. 39]. (Сен соған барып, туыстықты мойындатуың керек, әрі басымыздағы қиындыққа құтылуға көмек сұра) «You <i>ought to</i> have been more careful, Tess», said her mother [108, p. 99]. («Саған абайырақ болу керек еді, Тэсс», – деді анасы.) I <i>shall</i> be ail right in an hour or two [108, p. 31]. (Бір-екі сағаттан соң бәрі дұрыс болады) Go away, and play on the stairs till father and mother be ready [108, p. 29]. (Әрі кетіндер де, әкең мен шешен дайын болғанша баспалдақта ойнай тұрындар)

10-кестенің жалғасы

1	2	3
Одағайлар	Отбасы мүшелерінің сезімдерін көрсету, эмоцияны білдіру	«O mother, my mother!» cried the agonized girl, turning passionately upon her parent as if her poor heart would break [108, p. 99]. («О, ана, жан анам!» – деп шыдай алмай айқайлап жіберді қыз, жүрегі сынып кетердей болып анасын құштарлана құшағына алды.)
		Oh no, Tess. You see, it would be no use [108, p. 23]. (Жоқ, Тэсс. Көрдің бе, одан еш пайда болмайды ғой)
		Ah, that's the secret," said Joan Durbeyfield, sagely [108, p. 28]. («Ә-ә, міне, құпиясы осы екен ғой», – деді Джоан Дэрбейфилд ақылгөйсін)

Томас Гардидің «Tess of the d'Urbervilles» романының мәтінін талдау ағылшын отбасы дискурсы ұлттық психологиясының айрықша белгілерін тілдік деңгейде танытады. Отбасы мүшелерінің, әсіресе, ата-ана мен бала арасындағы тілдесу барысында қолданылатын лексикалық бірліктер мен тілдік стратегиялар ұлттық психологияны бейнелеуге қызмет етеді. Отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас грамматикалық құрылымдар арқылы да ағылшын ұлттық психологиясына тән ерекшеліктерді айқын таңбаланған. Грамматикалық бірліктер модальділік, есімдіктер, шақ түрлері – көркем мәтіндегі отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас стилін, эмоциялық қатынасын және ұлттық болмысты танытады.

Үш тілдегі көркем мәтіндер негізінде отбасы дискурсының ұлттық психологиясының тілдік репрезентациясын келесі тұжырымдар бойынша салғастырып қорытамыз:

Қазақ отбасы дискурсында ұлттық психология, ең алдымен, тілдің лексика-семантикалық құрылымынан, грамматикалық бірліктерден және қарым-қатынастың прагматикалық сипатын білдіретін тілдік формалардан көрінеді. «Атау кере» шығармасында ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста эмоцияның ашық түрде берілуі – ұлттық дүниетанымға тән құбылыс. Мысалы: «Қайта қолыңнан келген жақсылығыңды аяма» деген ана сөзі ұлттық ана тіліндегі терең мейірім мен аналық ізеттің тілдік көрінісі. Сонымен қатар

«келінжан», «шырағым» тәрізді сөздер тыңдаушының эмоционалдық жағдайын, қарым-қатынас сипатын анықтайды. Мұндай лексикалық бірліктер ұлттық психологиядағы ұжымдық сезімге, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсетуге негізделген.

Орыс отбасы дискурсы, әсіресе Л. Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» көркем мәтінінде ақсүйектерге тән сыпайылық пен ресми сипат айқын байқалады. Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың жақындығын *Спаси, господи, папеньку и маменьку* сөйлемі дәлелдейді. Сондай-ақ, қызметшілердің болуы отбасының беделі мен мәртбесін көрсетіп қоймай, олардың бала тәрбиесінде маңызды орын алуы орыс отбасы мәдениетінде ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуында жетекші рөл атқарады. Себебі, құрмет, жауапкершілік, сүйіспеншілік секілді қасиеттер баланың бойында кішкентай кезінен қалыптасуының арқасында, әкенің қаталдығына орыс отбасы дискурсында құрметпен қарайтындығын байқаймыз, ал ананың жылулығын жай ғана қалыпты нәрсе деп қабылдамай, балалар ерекше махаббатпен аналарын жақсы көреді.

Ағылшын көркем мәтініндегі ұлттық психология көрінісі – эмоцияны тежей отырып жеткізу, әлеуметтік рөл мен мәртебені сақтаумен сипатталады. Tess of the d'Urbervilles көркем мәтінінде Tess пен оның отбасы мүшелері арасындағы диалогтарда парыз, еңбек және әлеуметтік пайда басты орында тұрады. I've got to teave and slave» (teave and slave – бейнеттену) мысалы еңбектің құндылығын көрсетеді. «Why didn't ye think of doing some good for your family instead o' thinking only of yourself» (Неге өзінді ғана ойламай, отбасың үшін бір жақсылық істеуді ойламадың?) сөйлемі жеке пайдадан отбасы алды алдындағы парыздың жоғары тұратындығын айқындайды.

Грамматикалық бірліктерге келер болсақ, қазақ тілінде аналық мейірім мен кең пейілділік өтініш сипатта жұмсартылған бұйрық раймен, кішірейткіш мәнді жұрнақтардың қолданылуымен беріледі. Орыс тілінде есімшелер отбасындағы оқиғаны суреттеуде есімше тұлғалар жұмсалса, ағылшын тілінде модаль етістіктер қолданысы отбасы мүшелерінің арасындағы қатынастың реңкін, әлеуметтік иерархияны аңғартады. Ал ұқсастығына келсек, үш тілде де есімдіктер отбасы мүшелері арасындағы жақындықты көрсетеді, одағайлар отбасы дискурсында эмоцияны білдірудің бірден бір құралы болып табылады, етістіктің шақтары отбасында болып жатқан, болып кеткен оқиғаларды, жалпы отбасылық өмірді көрсетуде бірдей қызметте қолданылады десек те болады. Кішірейткіш мәнді жұрнақтардың сөз түбіріне жалғанып қолданылуы отбасындағы жылулықты білдірсе, орыс сөздерді қысқартып қолдану дәстүрі осы мақсатқа сай түседі.

Ал үш тілдегі отбасы дискурсында қолданыс тапқан фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер құрылымы жағынан да, мазмұны бойынша да ерекшеленеді (11-кесте). Үш тілдегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер отбасы дискурсының ұлттық ерекшелігін айқын көрсетеді. Қазақ мәтіндерінде эмоциялық бояуы қанық бейнелі тіркестер басым болса, орыс тілінде – мораль мен міндетке

бағытталған тұрақты құрылымдар, ал ағылшын тілінде – нақты, үнемді сөйлеу қолданылады. Бұл ерекшеліктер ұлттық психологияның тілдік бейнелеуіндегі айырмашылықты дәлелдейді.

Кесте 11 – Отбасы дискурсындағы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы үштілді ұлттық психология көрінісі

Дискурс	Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер мазмұны
Қазақ	Адам мен қоғам, жеке өмір мен отбасы арасындағы байланыс көрініс табады. Олардың мазмұны халықтың өмірлік тәжірибесін, даналығын, рухани құндылықтарын жинақтап, ұрпаққа өнеге беретін қызмет атқарады
Орыс	Адамның эмоциялық ашықтығы мен моральдық ұстанымдары, жеке жауапкершілігі және әлеуметтік ортадағы орнын сезінуі маңызды орын алады
Ағылшын	Адамның тағдырға мойынсұнуы мен қиындыққа төтеп беруі, қателікті мойындап, алға ұмтылуы, табандылық пен еңбекқорлық арқылы өмірлік сынақтарды жеңуі сынды құндылықтарды алға шығарады
Ортақ	Адалдық, шыншылдық, ұят пен абырой – адам болмысының негізі; төзімділік, табандылық, еңбекқорлық – өмірлік сынақтарды жеңудің жолы; қоғам алдындағы жауапкершілік пен ұрпаққа өнеге – ортақ міндет

Отбасы дискурсы – ұлттық мәдениеттің, психологиялық құндылықтардың және тіл иелерінің дүниетанымының ең маңызды көріністерінің бірі. Әрбір этностың отбасылық қатынастарды реттейтін моральдық-этикалық нормалары, бала тәрбиесіне, үлкенге құрмет көрсетуге, туыстық байланысқа қатысты өзіндік тілдік және мәдени кодтары қалыптасқан. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсының салыстырмалы талдауы осы тілдерде сөйлеуші ұлттардың ұлттық психологиясын, отбасылық құндылықтарға деген көзқарасын және тілдік бейнелеу тәсілдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Екінші бөлімде қазақ, орыс және ағылшын көркем мәтіндеріндегі отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктері жан-жақты талданды. Зерттеуде Оралхан Бөкейдің «Атау кере», Лев Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность» және Томас Харидің «Tess of the d’Urbervilles» шығармаларындағы отбасы қатынастары тілдік, прагматикалық және мәдени тұрғыдан салыстырылды. Көркем мәтіндердегі отбасы дискурсының концептілік аясы құрылымдалды. Бұл бөлімде туыстық қатынас, моральдық-этикалық ұстанымдар, кеңістік пен символдар және ұлттық мәдени кодтарға байланысты концептілер талданды. Әрбір көркем мәтінде отбасы ұғымының нақты мәдени бейнеленуі ұлттық

дүниетанымның, құндылықтар жүйесінің көрінісі ретінде сипатталды. Отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастың прагматикалық аспектілері, яғни сөйлеу актілері, адресатқа бағытталған сөздер, импликатура мен пресуппозициялардың қолданылуы талданды. Ұлттық психологияның тілдік репрезентациясы отбасы дискурсы арқылы көрсетілді. Қазақ мәтінінде ананың мейірімі, отбасыға адалдық, сабырлылық пен шыдамдылық басым болса, орыс мәтінінде сезімталдық, алаңдаушылық, эмоционалдық реакциялар анық байқалды. Ағылшын дискурсында тәуелсіздік пен ішкі еркіндікке негізделген мінез-құлық ерекшеліктері тілдік бірліктер арқылы көрсетілді. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері арқылы әр тілде отбасыға тән ұлттық дүниетаным айқындалды. Үш тілдің көркем мәтіндеріндегі отбасы дискурсы ұлттық құндылықтар жүйесінің тілдік-когнитивтік және прагматикалық көрінісі ретінде сараланып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын терең түсінуге мүмкіндік берді. Бұл талдау ұлттық бірегейлік пен тілдік сана ерекшеліктерін айқындай отырып, отбасылық қатынастарды сипаттайтын лингвомәдени модельдердің мәнін ашуға негіз болды.

3 ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

3.1 «Отбасы» концептісінің қазақ, орыс, ағылшын тілді респонденттер санасында ассоциациялану ерекшеліктері

Отбасылық дискурстың зерттеу аумағы мен оның құрылымы, типтік ерекшеліктерін игеру үшін отбасы дискурсы ұғымындағы зерттеу шекарасын айқындап алу қажет. Дискурстың қатысушысы – сол дискурстың ұғымын қалыптастырушы адам. Олай болатын болса, отбасы дискурсындағы басты қатысушылар – отбасының барлық мүшесі. Біздің жағдайда бұл – институционалды дискурс, оның қызмет ету аясы отбасы мүшелері арасындағы, атап айтқанда ата-аналар мен олардың балалары арасындағы (жасына қарамастан) қатынастар шеңберімен шектеледі, ал коммуниканттардың бірге немесе бөлек өмір сүретіні ескерілмейді. Осылайша, белгіленген отбасының дискурстық өрісінің шекаралары бізге «тұрмыстық коммуникация саласындағы дискурстың» шеңберін тарылтуға және отбасылық дискурсты қарастыруға, өзіне тән тұжырымдамалық аппаратты анықтауға мүмкіндік береді. Отбасы дискурсы дискурстық ағынның сегментациясы, дискурс құрылымында макро және микро деңгейлердің болуы, субъективтілік, интерсубъективтілік және интертекстуалдылық сияқты бірқатар әмбебап сипаттамаларға ие.

Отбасы дискурсын күнделікті тілдік қарым-қатынас кезінде жасалатын ұғымдарды қалыптастырушы құрал ретінде емес, оның қоғамдық өмірдің баспалдақтарын қалыптастырушы тетік ретінде қарау керек. Отбасылық дискурсты отбасы мүшелері бірлесіп жасайды. Себебі қоғамдық қарым-қатынастағы адамдар арасындағы түрлі мәселелер осы адамдардың отбасындағы қалыптасқан танымы мен түсініктері арқылы қалыптасатыны мәлім. Егер отбасылық дискурста қалыптасқан қате ұғымдар болатын болса, ол міндетті түрде қоғам өмірінде де өз бейнесін көрсетіп жатады. Қазақта «Отан – отбасынан басталады» деген мақал бар. Осы мақалдың өзі отбасылық дискурстың отбасынан бастау алып, қоғамға етене байланысып, кейін жалпы мағынада Отанға тигізер әсерінің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді.

Отбасылық қарым – қатынас адамның жан-дүниесінен бастап түрлі құрылымдық институттардағы адами әрекеттесу салдарынан туындаған көптеген мәселелердің, адамның ортада өзін ұстауы мен жүріс-тұрысының бастауын не үлгісін қалыптастырады, танытады. Отбасындағы әр адам өз мақсаты мен мұраты бар адамдардың өзара әрекетке түсуі әсерінен біртұтас құрылымдық дискурс жасалады. Қарым-қатынаста отбасының әрбір мүшесі өздеріне рөл таңдайды. Мәселен, әке – басқарушы, ана – ұйымдастырушы, бала – бағынушы.

Отбасы дискурсының қазақ, ағылшын және орыс халықтарына тән ұлттық ерекшеліктерін анықтау мақсатында жұмыстың тәжірибелік бөлімінде лингвистиканың зерттеу салаларында кеңінен қоланылатын ассоциативті эксперимент әдісін қолданып, сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында

ассоциативті эксперимент немесе ассоциативті өріс әдісі бойынша стимул-сөздер, сөз тіркестері алынып, респонденттің дүниетанымындағы ассоциацияларға сигнал беріп, берілген сұрақтарға байланысты қазақ, ағылшын және орыс тілдерінің тасымалдаушыларының берген реакция-сөздері жиналды.

Жалпы ассоциативті экспериментті үш түрлі бағытта жасауға болады, бұл: еркін, бағытталған және тізбектелген [58, с. 68].

Зерттеу жұмысында отбасы дискурсының мағынасын, ұлттық ерекшелігін қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу мақсатында ассоциативті эксперимент қолданылды [148].

Сонымен, барлығы 300 респондент алынып, үш тілде сәйкесінше 100 қазақ, 100 ағылшын, сонымен қатар, 100 орыс тілі тасымалдаушылары қатысты. Мұнда сауалнамаға қатысушы респонденттердің зерттеуге алынып отырған тілдердің тасымалдаушылары болуы міндеттелді. Оның себебі осы зерттеудің басты мақсатымен, атап айтқанда, қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі ұлттық ерекшелікті, отбасы дискурсының ұлт санасында бейнеленуін сипаттайтын нәтижеге қол жеткізумен байланысты.

Ассоциативті экспериментке 18-60 жас аралығындағы респонденттер жазбаша және анонимді түрде жауап берді. Сауалнама қазақ, ағылшын және орыс тілі тасымалдаушыларының арасында ғаламтор желісі арқылы онлайн форматта жүргізілді (Қосымша А).

Сауалнамада ассоциативті эксперименттің еркін, бағытталған және тізбектелген түрлері қолданылды.

Сауалнаманың қазақ тіліндегі сұрақтары ассоциативті эксперименттің түрлеріне қарай келесі тізімдегідей болды:

1. «Отбасы» концептісін естігендегі алғашқы ойыңызға келген ассоциацияны жазыңыз (еркін).


2. «Отбасы» концептісіне байланысты синоним сөздерден тұратын семантикалық топ құрыңыз (бағытталған).

3. Берілген уақыт ішінде (1 мин) «Отбасы» концептісіне байланысты 5 сөз немесе сөз тіркесі, мақал-мәтел жазыңыз (тізбектелген).

Ассоциативті эксперимент әдісінің бірінші сұрағында отбасы дискурсын түрткі сөз ретінде алып, сыналушылардың сөздік реакциясы тексерілді.

Сауалнаманың бірінші сұрағы бойынша қазақ тілінде таңдалған жауаптар: Жанұя (16), шаңырақ (11), отан (9), ата-ана (9), ерлі-зайыпты (8), махаббат (7), бала (6), бауыр (5), тума-туыс (4), үй іші (4), құндылық (3), сүйіспеншілік (3), сенім (2), қолдау (2), әйел (2), күйеу (1), бақыт (1), әулет (1), түтін (1), ұя (1), неке (1), бақытты сәт (1), бала-шаға (1), үйелмен (1).

Сауалнама нәтижесінде қазақ тіліндегі респонденттерден алынған ассоциат сөз-жауаптардың тізімі төмендегі 2-суретте бейнеленді.



Сурет 2 – Қазақ тіліндегі ассоциат сөз-жауаптардың тізімі

2-суретте бейнеленген қазақ тіліндегі отбасы концептісіне ең көп берілген реакция сөз – жанұя. Алынған ассоциат реакция сөздердің санына қарай, шаңырақ, Отан, ата-ана, ерлі-зайыпты, махаббат, бала, бауыр деген сөздердің жиілігі жоғары болғаны байқалды. Ал алынған сауалнама нәтижесінде саны бойынша бестен төмен реакция жинаған тума-туыс, үй іші, құндылық, сүйіспеншілік, сенім, қолдау, әйел, күйеу, бақыт, әулет, түтін, ұя, неке, бақытты сәт, бала-шаға, үйелмен сөздері суреттегідей реттілікпен көрсетілген. Сауалнама респонденттері «Отбасы» ұғымын естігенде, бірінші болып «жанұя», «шаңырақ», «Отан», «үй іші», «ата-ана» деген ассоциациялармен байланыстырған. Бұл жауаптар қазақ халқының отбасы туралы ұлттық-мәдени дүниетанымын, құндылықтар жүйесін және тілдік санасын бейнелейді.

«Жанұя» – отбасылық ұғымның синонимі ретінде респонденттер арасында ең жиі аталған жауап (16 рет). Бұл атау отбасы институтын күнделікті өмірде қолданылатын термин ретінде сипаттайды.

«Шаңырақ» – ұлттық символдық мәнге ие. Қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде шаңырақ – отбасылық бірлік пен ұрпақ сабақтастығының киелі белгісі. Оның жоғары жиілікте кездесуі қазақ респонденттерінің ұлт болмысымен тығыз байланысқан когнитивтік бейнесін көрсетеді.


«Отан» ұғымының аталуы – отбасы мен мемлекет ұғымдарының тығыз байланыста қабылданатынын білдіреді. Қазақ мақалында айтылғандай: «Отан – отбасынан басталады» деген түсінік қоғам санасында мықты орныққан.

«Үй іші», «ата-ана» секілді тіркестер респонденттердің отбасын тек құрылымдық бірлік емес, эмоционалдық және тұлғалық байланыстардың орталығы ретінде көретінін айғақтайды.

Жалпы алғанда, 1-сұрақтың нәтижелері респонденттердің отбасы туралы ассоциативтік қабылдауында ұлттық-мәдени рәміздер мен адамгершілік құндылықтардың қатарласа көрініс табатынын дәлелдейді. Бұл – қазіргі қазақ қоғамының отбасы дискурсына деген дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра қарастыратынын көрсетеді.

Ассоциативті эксперименттің еркін түрі қолданылып, қойылған бірінші сұраққа орыс тілінің тасымалдаушылары келесідей жауаптар ұсынды: Очаг (ошақ) (12), уют (жылылық, жайлылық) (10), родители (ата-ана) (10), папа (әке) (9), мама (ана) (9), дом (үй) (8), большая (үлкен) (7), жизнь (өмір) (6), крепость (берік қамал, мықты тірек) (5), любовь (сүйіспеншілік) (5), счастливая (бақытты) (3), дружная (тату) (3), брак (неке) (3), ребенок (бала) (2), друг (дос) (2), дети (балалар) (2), богатство (байлық) (1), проблемы (мәселелер) (1), развод (ажырасу) (1), уважение (құрмет) (1), родственники (туыстар) (1).

Орыс тіліндегі сауалнама нәтижесі 3-суретте сипатталған.



Сурет 3 – Орыс тіліндегі ассоциат сөз-жауаптардың тізімі

Суретте бейнеленгендей, орыс тіліндегі семья концептісінің ассоциат сөз-жауаптарының ең көп дауыс жинағаны очаг, уют, родители сөздері. Сонымен қатар, орыс тілінің ассоциациясынан байқағанымыз семья дискурсы көбіне зат есімдермен емес, большая, счастливая, дружная сияқты сын есімдермен сипатталған. Ал қалған ассоциат сөз-жауаптар берілген дауыс санына қарай

реттілікпен орналасқан. Респонденттер «семейный дискурс» ұғымын естігенде, алғаш болып «очаг», «родители», «уют», «папа», «дом» сияқты ассоциациялар келетінін атап өткен. Бұл жауаптар отбасы туралы кеңістіктік, тұлғалық және эмоционалдық қабылдаудың кешенді сипатын көрсетеді.


«Очаг» – дәстүрлі орыс мәдениетінде отбасының жүрегі ретінде қабылданатын, жылу мен бірліктің символы. Бұл сөздің ең жиі қайталануы (12 рет) респонденттердің отбасын тұрмыстық-рухани негіз ретінде түсінетінін көрсетеді.

«Родители» және «папа» – нақты рөлдік құрылымды бейнелейді. Бұл атаулар респонденттердің отбасы түсінігін оның мүшелері арқылы жеке тәжірибеге сүйене отырып қабылдайтынын дәлелдейді.

«Уют» және «дом» сөздерінің жиі кездесуі отбасының кеңістік ретіндегі маңызын білдіреді. Мұнда үй – жай ғана ғимарат емес, ол – эмоционалды жайлылық пен тыныштықтың мекені.

Ал осы бірінші сұрақ бойынша ағылшын тілінде алынған реакция сөздер: Parents (ата-ана) (14), relationship (қарым-қатынас) (11), happiness (бақыт) (10), blood (қан) (9), children (балалар) (8), clan (ру) (7), house (үй) (6), folks (жұрт) (6), kin (туыс) (4), kindred (туыстық) (4), kinfolk (туған-туыстар) (3), kinsfolk (ағайын-туыстар) (3), line (тұқым) (2), lineage (шежіре) (2), people (халық) (2), respect (құрмет) (1), love (сүйіспеншілік) (1), race (нәсіл) (1), stock (тек) (1), tribe (тайпа) (1), responsibility (жауапкершілік) (1), nature (табиғат) (1).

Алынған жауаптарды жинақтап, ағылшын тіліндегі ассоциат реакция сөздерді төмендегі 4-суретте топтастырдық.



Сурет 4 – Ағылшын тіліндегі ассоциат сөз-жауаптардың тізімі

Суретте берілгендей, ағылшын тіліндегі family концептісінің алғашқы реакция сөзі – parents. Оңға жуық реакция сөз жинаған relationship (қарым-қатынас), happiness (бақыт), blood (қан), children (балалар), clan (ру), folks (жұрт), house (үй). Сондай-ақ, kin (туыс), kindred (туыстық), kinfolk (туған-туыстар), kinsfolk (ағайын-туыстар), line (тұқым), lineage (шежіре), people (халық), respect (құрмет), love (сүйіспеншілік), race (нәсіл), stock (тек), tribe (тайпа), responsibility (жауапкершілік), nature (табиғат) сөздері жинаған реакция санына қарай реттілікпен орналастырылған. Ағылшын тіліндегі сауалнамада респонденттер «family discourse» ұғымын естігенде, ең алдымен «parents» (ата-аналар), «relationship» (қарым-қатынас), «happiness» (бақыт), «blood» (қандық байланыс) және «children» (балалар) сияқты ассоциацияларды атаған.

«Parents» сөзі 14 рет қайталанып, бұл отбасылық дискурста ата-аналар рөлінің орталық орында екенін көрсетті. Бұл жауаптар отбасы мүшелерінің арасындағы қатынастың негізі ретінде ата-ананың рөлін айрықшалайды.

«Relationship» – отбасындағы өзара байланыстарға, эмоциялық және психологиялық байланыстарға мән берілетінін көрсетеді. Бұл терминнің жиі қолданылуы отбасы тек туыстық шеңбермен шектелмей, әлеуметтік қарым-қатынас кеңістігі ретінде де қарастырылатынын дәлелдейді.

«Happiness» пен «children» сөздері отбасы құрылымының негізгі миссиясын – өмірлік қуаныш пен ұрпақ тәрбиесін айқындайды.

«Blood» сөзінің жиі қайталануы – отбасылық қатынастардың биологиялық жақындығын және «қан бірлігі» идеясын бейнелейді. Мұндай түсінік «blood is thicker than water» мақалымен үндес, яғни отбасы мүшелері арасындағы табиғи байланыс барлық басқа әлеуметтік қатынастардан маңыздырақ деген көзқарасты білдіреді.

Жалпы, ағылшын тіліндегі қатысушылардың отбасына қатысты ассоциациялары эмоционалды, тұлғааралық және моральдық-этикалық өлшемдермен сипатталады. Ұлттық рәміздер мен символдар сирек көрінгенімен, жауаптарда отбасы – қолдау мен махаббаттың, қарым-қатынастың тірегі ретінде танылатыны анық байқалады.

Аталған әдістің екінші сұрағында респонденттерге берілген отбасы дискурсының түрткі-сөздеріне байланысты синоним сөздерден тұратын семантикалық топ құру тапсырылған болатын.

Сауалнаманың екінші сұрағына берілген жауаптарды сараптау барысында отбасы дискурсына келесідей синонимдерден тұратын семантикалық топ құрылды:

Ассоциат-сининомдер: әке, ана, бала, немере, жиен, жанұя, тірек, сенімділік, мереке, байлық, ру, әулет, той, жиын, қуаныш, жылулық.

Ассоциат-сөз тіркестер: бақыт мекені, ет жақын, отбасы ошақ қасы, Отан – отбасынан басталады, құтты мекен, қара шаңырақ, балалық шақ, жақын араласатын аяулы жандар, өмірлік серік, бір туған.

Сауалнама қатысушылары отбасы концептісіне қатысты синоним сөздерден құралған семантикалық топ ұсынғанда, жиі қайталаған атаулар қатарында «ана», «бала», «жанұя», «әке», «немере» сияқты сөздер болды. Бұл жауаптар қазақ тіліндегі отбасылық лексиканың, негізінен, отбасы мүшелерінің атаулары мен ұрпақ сабақтастығын білдіретін лексемаларға бағытталғанын көрсетеді.

«Ана» – 32 рет аталып, ең жиі кездескен лексема болды. Бұл – қазақ ұлтында ананың рөлі мен мәртебесінің аса жоғары екенін дәлелдейтін тілдік дерек. «Ана» сөзі тек отбасы мүшесі ретінде ғана емес, мейірімділік, жылулық, рухани тірек сияқты символдық мәнге де ие.

«Бала» – отбасының болашағы мен жалғасын білдіретін маңызды ұғым ретінде көрінеді. Бұл сөздің жоғары жиілігі отбасын ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланысты құрылым ретінде қабылдау көзқарасын айқындайды.

«Жанұя», «әке», «немере» сияқты лексемалардың қатар кездесуі қазақ отбасы дискурсының иерархиялық және құрылымдық моделін айқын сипаттайды. Мұндай тілдік бірліктер респонденттердің санасында отбасы ұғымының тек тұрмыстық немесе әлеуметтік орта ретінде емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын рухани және мәдени тұтастық ретінде қабылданатынын көрсетеді. Бұл – қазақ дүниетанымындағы отбасы концептісінің сабақтастық, дәстүрді сақтау және ұрпақ жалғастығы идеяларымен тығыз байланыста екенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, осы сұраққа берілген жауаптар қазақ тіліндегі отбасылық семантиканың негізін туыстық атаулар мен отбасы рөлдерінің жүйесі құрайтынын аңғартады. Мұндай жүйе қазақ халқының ұлттық болмысымен, әлеуметтік құрылымымен және мәдени құндылықтарымен тығыз сабақтас. Респонденттердің жауаптарында отбасы дискурсының басты нысаны ретінде адам және оның отбасы ішіндегі әлеуметтік рөлі айқын көрініс тапқан. Бұл өз кезегінде, қазақ қоғамындағы отбасы ұғымының мәні тек жеке тұлға деңгейімен шектелмей, әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі тұлғалық жауапкершілік пен өзара байланыс идеясын бейнелейтінін көрсетеді.

Семья концептісіне орыс тілінде берілген синонимдер тізімі:

Ассоциат-сининомдер: брак (неке), мама (ана), любовь (сүйіспеншілік), многодетная (көп балалы), будущее (болашақ), неполная (толық емес), развод (ажырасу), гармония (үйлесім), ужин (кешкі ас), общество (қоғам), здоровая (сау, дені сау), золото (алтын).

Ассоциат-сөз тіркестер: фотография семьи (отбасы суреті), звено общества (қоғамның бір буыны), ячейка общества (қоғамның ұйытқысы), домашний уют (үйдің жылулығы), в беде (қиын жағдайда), жить вместе (бірге тұру), круглый стол (дөңгелек үстел), теплое понятие (жылы ұғым).

Сауалнама респонденттері отбасы концептісіне қатысты синонимдік сөздер тобын жасағанда жиі қайталанған сөздер: «мама», «гармония», «папа», «любовь» және олардың тіркестері болды. Бұл деректер респонденттердің отбасы ұғымын ең алдымен отбасылық рөлдер мен сезімдер арқылы қабылдайтынын көрсетеді.

«Мама» сөзі ең жиі кездескен ассоциация (36 рет). Бұл – ананың орыс отбасылық санасында жылулық пен қамқорлықтың басты символы екенін аңғартады. Бұл – ананың отбасы құрылымындағы орталық рөлін дәлелдейді. «Әке» сөзінің де жиі қайталануы орыс отбасындағы ер адамның рөлін көрсетеді.

Дегенмен, орыс тіліндегі респонденттердің жауабында теріс мағынаға ие сөздер де анықталды: «развод», «неполная» лексемалары орыс отбасында жиі ажырасу орын алатындығын білдіреді. Респонденттер сауалнама барысында жауап берген кезде өмірлік тәжірибелері мен орын алған жағдайларға сүйенетінін ескерсек, мұндай жауаптардың болуы орынды. Экспериментте отбасы өз мәселелері мен қиындықтары бар әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Бұл көркем мәтіндегі отбасы дискурсының талдауынан ерекшеленеді, себебі көркем мәтінде қоғам сақтауға тырысатын махаббат, тәрбие, өзара түсіністік секілді құндылықтар алдыңғы орынға шығады.

Жалпы алғанда, орыс тіліндегі сауалнама қатысушылары отбасы дискурсына тән семантикалық өрісті конкретті рөлдік лексика мен эмоционалдық-кеңістіктік ұғымдар арқылы сипаттайды. Бұл тілдік бірліктер отбасының ішкі үйлесімі, эмоционалдық байланыс және дәстүрлі рөлдер секілді мағыналық құрылымдарды алдыңғы орынға шығарады.

Family концептісіне ағылшын тілінде берілген синонимдер қатары:

Ассоциат-синимдер: father (әке), mother (ана), brother (аға/іні), sister (апа/қарындас), grandparents (ата-әже), ancestors (ата-баба), supporters (қолдаушылар), friendship (достық), blood (қан), childhood (балалық шақ), gifts (сыйлықтар), relatives (туыстар), kinsman (қандас, туыс), structure (құрылым).

Ассоциат-сөз тіркестер: people connected by blood or by marriage (қан арқылы немесе некемен байланысқан адамдар), people who care about you (сізге қамқорлық жасайтын адамдар), blood relations (қандас туыстар), family tree (отбасы шежіресі), members of the family (отбасы мүшелері), people who look like you (сізге ұқсайтын адамдар).

«Mother» (ана) мен «father» (әке) сөздерінің жоғары жиілігі, респонденттердің отбасын, ең алдымен, ананың қамқорлығы мен әкенің болмысымен байланыстырылатынын айқындайды. Бұл отбасының эмоционалдық өзегі ретінде қабылдануын көрсетеді.

Бұл тұста ағылшын көркем мәтініндегі «әке» концептісі мен ассоциативті эксперименттегі «әке» бейнесі бір-бірінен ерекшеленетінін байқауға болады. Томас Гардидің романында «әке» жеке авторлық интерпретацияда бейкам, мақтаншақ болып көрінсе, ассоциативтік эксперименттен алынған деректер заманауи ағылшын тілді сөйлеушілердің ұжымдық тілдік санасының көрінісі болып табылады. Көркем мәтін мен эксперименттік репрезентация арасында қарама-қайшылық бар деп айта алмаймыз. Бұл – жай ғана бір ғана ұғымның әр қырынан көрінуі: көркем мәтін авторының өз қиялынан туған бейнесі халықтың жалпы түсінігінен бөлек болуы мүмкін.

Сондай-ақ, синонимдер қатарында supporters (қолдаушылар), friendship (достық) жауаптарының болуы ағылшын отбасында қарым-қатынастың еркін формада болатындығын көрсетеді.

Жалпы алғанда, бұл сұраққа берілген жауаптар ағылшын тіліндегі отбасы дискурсында эмоционалдық байланыстармен қатар, мәдени-символдық элементтердің де маңызды орын алатынын көрсетеді. Респонденттердің таңдауы қамқорлық, жылулық, ата-ана мен бала арасындағы байланыс ұғымдарына негізделіп, отбасылық құрылымның адамгершілік және этикалық өлшемдермен тығыз байланысты екенін дәлелдейді.


Алынған жауаптар құрамына байланысты ассоциат-синонимдер және ассоциат-сөз тіркестері деп бөлінді. Байқағанымыздай, ассоциат-синонимдер реакция сөздерге ұқсас. Дегенмен, орыс тілінде қазақ және ағылшын тілдеріне қарағанда, ассоциат-синонимдер әр түрлі сөздерден құралған. Яғни, қайталау салыстырмалы түрде аз кездеседі. Ал қазақ және ағылшын тілдерінде ассоциат-сөз тіркестері кеңінен қолданылған.

Сауалнаманың үшінші сұрағына сәйкес жүргізілген тізбектелген ассоциативті эксперимент барысында респонденттерге шектеулі уақыт ішінде отбасы дискурсына қатысты бес сөз немесе сөз тіркесін жазу тапсырылды. Бұл әдіс респонденттердің санасында отбасы туралы қандай ұғымдар мен ассоциациялар бірінші кезекте пайда болатынын анықтауға бағытталды. Алынған жауаптар мазмұнына қарай үш категорияға жіктелді: ассоциат-сөздер (жеке сөздер), ассоциат-сөз тіркестері және ассоциат-сөйлемдер немесе мақал-мәтелдер.

Эксперимент нәтижелері қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде сөйлейтін қатысушылардың жауаптары негізінде жасалған сөздік карталар түрінде көрсетілді (5, 6, 7-суреттер). Бұл карталар әр тілдік қауымдастықтағы отбасы ұғымының мәдени және эмоционалдық бейнесін бейнелейді. Жауаптар жиілігіне қарай ең көп қайталанған сөздер, тіркестер мен мақал-мәтелдер анықталып, тілдік және мәдени ерекшеліктер тұрғысынан талданды.

Қазақ тіліндегі жауаптар негізінен «Қара шаңырақ», «Отан отбасынан басталады», «бақыт», «сенім», «махаббат», «мереке», «түтін», «алтын ұя» сияқты ұлттық дүниетаным мен эмоциялық құндылықтарды айқындайтын бірліктерден құралды. Бұл деректер қазақ халқының отбасы ұғымын рухани және мәдени тұрғыдан қабылдау ерекшелігін айқын көрсетеді. Мәселен, «қара шаңырақ» – отбасы дәстүрін сақтап, ұрпақ сабақтастығын жалғастырушы қасиетті ұғым ретінде танылады; «Отан отбасынан басталады» мақал-мәтелі – отбасын қоғам мен мемлекеттің іргетасы ретінде сипаттайды. Ал «бақыт», «сенім», «махаббат» сияқты абстракт ұғымдардың жиі қайталануы қазіргі қазақ отбасы дискурсында эмоционалдық-бағалаушы компоненттің басым екенін дәлелдейді.


Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ отбасы туралы түсініктің екі деңгейлі сипатын көрсетеді: бір жағынан – дәстүрлі мәдени кодтарға сүйенген ұлттық таным мен символдар жүйесі, екінші жағынан – заманауи қоғамдағы эмоциялық және құндылықтық бағалау басымдықтары (5-сурет).



Сурет 5 – Қазақ отбасы дискурсына байланысты жиі қолданылған сөздер мен тіркестер, мақал-мәтелдер (сөйлемдер)

Орыс тіліндегі сауалнама нәтижелерінде жиі кездесетін сөздер қатарында «мама», «папа», «любовь», «гармония», «дети» және «доверие» бар. Бұл отбасы түсінігінің көбіне эмоционалдық, психологиялық және адамгершілік сипаттарын бейнелейді. «Гармония» мен «доверие» сияқты ұғымдар қазіргі заманғы отбасылық қатынастардың тең құқылы, өзара түсіністікке негізделетін моделін көрсетеді. Сонымен қатар, «мама» мен «папа» сияқты нақты рөлдік атаулардың жиі қолданылуы отбасы мүшелерінің тұлғалық жақындығын және респонденттердің жеке тәжірибеге негізделген отбасылық дискурсты бейнелейтінін білдіреді. Қатысушылар отбасын – тыныштық, сүйіспеншілік және өзара құрмет орнаған рухани кеңістік ретінде сипаттайды.

Мұндай сипаттама қазіргі орыс отбасы концепциясында гуманистік және менталдық құндылықтардың басым бағыт екенін көрсетеді. Яғни, отбасы тек әлеуметтік институт ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі үйлесімін, эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз ететін моральдық-рухани орта ретінде қабылданады (6-сурет).



Сурет 6 – Орыс отбасы дискурсына байланысты жиі қолданылған сөздер мен тіркестер, мақал-мәтелдер (сөйлемдер)

Ағылшын тілінде жауап берген қатысушылар отбасымен байланысты ұғымдар ретінде негізінен «махаббат» (love), «сенім» (trust), «қолдау» (support), «құрмет» (respect) және «қамқорлық» (care) сияқты эмоционалдық және этикалық жүктемесі бар сөздерді таңдаған. Ең жиі кездескен тіркестердің бірі – «blood is thicker than water» (қан – судан қою) деген ағылшынша мақал, ол отбасылық байланыстың өмірдегі өзге қарым-қатынастардан маңызды екенін білдіреді.

Сонымен қатар, «қауіпсіздік» (safety), «жақындық» (closeness) және «бірлік» (unity) секілді ұғымдардың жиі қайталануы ағылшын тілді респонденттер үшін отбасы – тек эмоционалдық ғана емес, физикалық қауіпсіздіктің де кепілі екенін аңғартады. Мұнымен бірге, «түсіністік» (understanding), «эмпатия» (empathy) және «адалдық» (loyalty) секілді ұғымдар отбасындағы өзара қарым-қатынастардың моральдық аспектілеріне баса назар аударылатынын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі жауаптардан айырмашылығы – ағылшын тіліндегі респонденттер мәдени-символдық, дәстүрлі тіркестерді сирек қолданған. Бұл

Кесте 12 – Отбасы дискурсының тілдік репрезентациясы: салғастырмалы талдау

Критерийлер	Қазақ тілі	Ағылшын тілі	Орыс тілі
Жиі кездескен сөздер мен тіркестер	қара шаңырақ, Отан отбасынан басталады, бақыт, сенім, махаббат, түтін, алтын ұя	love, trust, support, respect, care, safety, «blood is thicker than water»	мама, папа, дети, любовь, гармония, доверие
Негізгі мәндік бағыт	Дәстүрлік, ұлттық-символдық, мақал-мәтелдік мағына басым	Эмоционалды-психологиялық, моральдық-этикалық ұстанымдар	Отбасы мүшелерінің тұлғалық жақындығы, эмоционалдық тұрақтылық
Мәдени кодтардың көрінісі	«Қара шаңырақ», «алтын ұя» – ата-баба дәстүрі, ұрпақ сабақтастығы	«Blood is thicker than water» – отбасылық адалдық пен жақындық символы	«гармония», «любовь», «доверие» – адамгершілік пен үйлесімге негізделген қатынас
Дискурстық ерекшелік	Тілді тұтынушылар отбасын ұлттық дүниетанымның дінгегі ретінде бейнелейді	Отбасы – психологиялық қолдау, жеке тұлғалық еркіндік пен сенім орны	Отбасы – мейірім мен эмоционалдық тұрақтылық беретін орта ретінде сипатталады
Тілдік бірліктердің түрі	Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер жиі қолданылған	Метафоралар мен эмоционалды лексика басым	Нақты атаулар мен эмоционалды мәнді сөздер жиі қайталанған

Қорыта айтсақ, жүргізілген сауалнама нәтижелері отбасы дискурсының тілдік репрезентациясы әр тілдік қауымдастықта өзіндік ерекшеліктерге ие екенін көрсетті. Қазақ тіліндегі жауаптарда отбасылық ұғымдар ұлттық-мәдени символдармен (қара шаңырақ, алтын ұя, Отан) және туыстық жүйемен (ана, бала, әке, немере) тығыз байланыста көрініс тапты. Бұл – қазақ дискурсында отбасы ұғымының дәстүрмен сабақтасқанын, сондай-ақ ұрпақ сабақтастығы мен рухани құндылықтардың ерекше маңызға ие екенін көрсетеді.

Ағылшын тіліндегі респонденттер отбасы туралы ойды негізінен эмоционалдық, психологиялық және моральдық өлшемдер арқылы бейнелеген. Жауаптарда «love», «trust», «support» сияқты ұғымдар жиі кездесіп, отбасы дискурсында тұлғааралық қарым-қатынас пен жеке тұлғаның психологиялық жай-күйі басты орын алатыны байқалды. Бұл дискурстың прагматикалық әрі гуманистік сипатын аңғартады.

Орыс тіліндегі сауалнама нәтижелері отбасын тұрмыстық-эмоционалдық кеңістік ретінде сипаттайды. «Мама», «папа», «очаг», «уют» сияқты лексемалардың жиі қайталануы отбасылық жылулық пен үйлесімге негізделген

ұлттық дискурстың қалыптасқанын дәлелдейді. Бұл тілдік үлгілер отбасы мүшелерінің арасындағы дәстүрлі рөлдер мен эмоционалдық жақындықты алдыңғы қатарға шығарады.

Осылайша, салғастырмалы талдау нәтижесінде әр ұлттың отбасына қатысты танымдық, мәдени және тілдік ерекшеліктері анықталды. Отбасы дискурсы – тек лексикалық өріс ғана емес, ұлттық дүниетанымның, әлеуметтік құндылықтар жүйесінің және когнитивтік ұстанымдардың айнасы болып табылады.

3.2 Қазақ, орыс, ағылшын отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктері (ауызша сұхбат материалдары негізінде)

Қазіргі заманда тіл тек қатынас құралы ғана емес, мәдениеттің, дүниетанымның, қоғамдық құндылықтардың көрінісі ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда, отбасы дискурсы – белгілі бір этносқа тән тілдік, мәдени, әлеуметтік ерекшеліктерді айқындайтын маңызды сала. Қазақ, орыс, ағылшын отбасындағы сөйлеу үлгілері, сыпайылық формалары, лақап сөздер, тыйым салынған тақырыптар мен ритуалды сөйлеу элементтері арқылы ұлттық болмыстың, тәрбие мен этиканың тілдік репрезентациясы қалыптасады.

Зерттеудің эмпирикалық кезеңінде отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктерін анықтау мақсатында сапалық әдіс ретінде жартылай құрылымдалған сұхбат тәсілі қолданылды. Сұхбат әдісі зерттелушілердің табиғи тілдік мінез-құлқын, коммуникативтік стратегияларын, мәдени нормаларға негізделген қарым-қатынас үлгілерін айқындауға мүмкіндік береді.

Сұхбат арқылы отбасындағы шынайы қатынас түрлерін анықтауға болады, мысалы: ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас; құрмет пен қамқорлықты білдіру формалары; отбасы мүшелері арасындағы рөлдік қатынастар мен эмоциялық қолдау тілдік белгілері. Бұл ретте отбасы дискурсының келесі анықтамасын ұсынамыз «Отбасы дискурсы» – бұл күнделікті отбасы ішіндегі қарым-қатынасты зерттеу үшін дискурс талдау теориялары мен әдістеріне сүйенетін сан қырлы зерттеу саласы» [149].

Жартылай құрылымдалған сұхбат барысында мынадай ерекшеліктер анықталады: тілдік әдеп нормалары; тәрбиелеудегі ұлттық коммуникативтік стратегиялар; ер мен әйел рөлдері туралы бағалаушы пікірлер. Ұлттық-мәдени құндылықтар күнделікті сөйлеу барысында айқын көрінеді [150].

Зерттеу жұмысымызда жартылай құрылымдалған сұхбат алудың мақсаты: отбасы ішіндегі қарым-қатынас формалары мен сөйлеу этикетін анықтау; ұлттық-мәдени кодтар мен стереотиптердің тілдік көріністерін сипаттау; қостілділік пен кодтық ауысым құбылысының отбасы дискурсындағы ерекшеліктерін айқындау; ұрпақаралық қарым-қатынас пен дәстүрлі тілдік бірліктерді талдау.

Сұхбат алардан бұрын респонденттерден келесі әлеуметтік-демографиялық деректер алынды: жасы, жынысы, ұлты, тұрғылықты жері (қала/ауыл), білімі, әлеуметтік жағдайы. Сұхбат сұрақтары ашық түрде қойылып, респонденттердің

еркін сөйлеуіне мүмкіндік берілді (Қосымша Ө). Сұрақтар келесі тақырыптық блоктарды қамтыды:

1. Үлкендер мен кішілер арасындағы қарым-қатынас стилі;
2. Отбасындағы ерекше сөздер мен тіркестер;
3. Келіспеушілік кезіндегі коммуникативтік стратегиялар;
4. Тыйым салынған тақырыптар мен оларды айналып өту тәсілдері;
5. Сыпайылық формалары мен эмоцияны білдіру жолдары;
6. Тілдік таңдаудың ерекшеліктері (қостілділік, кодтық ауысым);
7. Салт-дәстүрге байланысты дәстүрлі сөйлеу актілері.

Сұхбаттардың ұзақтығы орта есеппен 3-7 минут аралығында болды. Сұхбаттар аудиожазбаға түсіріліп, кейін сұхбат мәтіндерінің толық транскрипциясы жасалды. Мәтіндер тақырыптық талдау әдісімен өңделіп, келесі категориялар анықталды:

1. Коммуникативтік рөлдер мен қарым-қатынас формалары;
2. Ұлттық-мәдени мағынаға ие сөздер мен тұрақты сөз тіркестері;
3. Эмоцияны білдіруде қолданылатын тілдік бірліктер;
4. Қоғамдық және мәдени тыйымдарды көрсететін дискурстық құрылымдар.

Сұхбатқа қатысушылардың белгілері бойынша бөлінуі төмендегі 13-кестеде топтастырылды:

Кесте 13 – Қатысушыларды белгілері бойынша бөлу

Белгісі	Тобы	Саны
1	2	3
Жасы	14-18	12
	19-25	39
	26-39	9
	40-65	6
	65 және одан жоғары	4
Жынысы	Ер	24
	Әйел	46
Ұлты	Қазақ	31
	Орыс	23
	Ағылшын	16
Білімі	Білім алушы (мектепте)	10
		33
	Орта	12
	Арнайы орта	15
	Жоғары	
Тұрғылықты жерінің түрі	Қалалық	49
	Ауылдық	21

13-кестенің жалғасы

1	2	3
Әлеуметтік жағдайы	Оқушы	10
	Студент	19
	Педагог	9
	Медқызметкер	6
	Қызметші	8
	Жұмыссыз	7
	Өзін-өзі жұмыспен қамтыған субъект	3
	Мемлекеттік қызметкер	2
	Зейнеткер	6

Сұхбаттың әр сұрағына жеке тоқталып, сұхбат берушілердің жауаптарын талдайық.

Сұхбаттың бірінші сұрағы «Сіз ата-анаңызға, әжеңізге/атаңызға қалай сөйлейсіз? Олар сізге қалай сөйлейді?» сұхбат берушінің отбасындағы үлкен-кіші арасындағы қарым-қатынас стилін анықтауға бағытталған. Бұл сұрақ арқылы сыпайылықтың тілдік көрінісі, жүгіну формалары (сіз/сен, анашым/мама, ата/әке т.б.), құрмет білдірудің ұлттық-мәдени ерекшеліктері көрінеді. Сондай-ақ, отбасындағы иерархиялық құрылым тіл арқылы қалай берілетіні анықталады.

Сұхбат нәтижелері көрсеткендей, қазақ тілінде сұхбат берушілердің барлығы дерлік ата-ана, ата-әже, жалпы үлкен буын өкілдеріне «сіз» деп сөйлеуді сыпайылық пен құрметтің белгісі ретінде қабылдайды. Бұл – қазақ халқына тән «үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» қағидасының отбасы ішіндегі тікелей көрінісі. Бұл сөйлеу нормасы тілдік әдептің бір бөлігі ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыр.

Сондай-ақ, сөйлеу барысында жұмсақ лексика – «жаным», «айналайын», «құлыным», «ботам», «қызым» сияқты еркелету формалары кеңінен таралған. Бұл сөздер отбасы мүшелері арасындағы эмоциялық жылылық пен байланыс тереңдігін көрсетеді.

«Мен анама «сіз» деп сөйлеймін. «Анашым» деп атаймын. Анам маған көбіне жұмсақ сөйлейді, еркелетіп «құлыным», «айналайын» дейді».

(Оқушы, 16 жаста)

«Мен анама «мама» деп, «сен» деп сөйлеймін. Бірақ әжеммен «сіз» деп сөйлесемін, өйткені ол кісі үлкен. Олар маған көбінесе «балам», «ботам» деп сөйлейді. Әжем кейде «жаным күнім» деп еркелетіп айтады».

(Педагог, 22 жаста)

«Мен ата-анама «сен», «мам», «пап» деп сөйлеймін, ал әжеме «сіз» деп сөйлеймін. Маған да «сен» деп сөйлейді. Бәріміз бір-бірімізді құрметтей отыра араласамыз».

(Студент, 19 жаста)

Ал орыс отбасыларында сөйлеу мәнеріне келетін болсақ, балалар көбіне ата-анасына «ты» (сен) деп сөйлейді, бұл отбасы ішіндегі жақындық пен бейресмиліктің белгісі. Алайда, ата-әжеге немесе басқа да жасы үлкен туыстарға «вы» (сіз) формасы сақталады.

«Я обращаюсь к старшем в нашей семье на ты, будь это мама или бабушка, в нашей семье не такого понятия как обращатся на вы, на вы я обращаюсь только к дальним родственникам. Они же ко мне обращаются больше всего по моему имени».

(Студент, 20 жаста)

«Внуки зовут меня «бабушка» или «бабуся». Я им говорю: «зайчик мой», «котик», «лапочка». Я их всегда ласково называю – это с детства у нас так».

(Зейнеткер, 65 жаста)

Ағылшын ұлты өкілдерінің жауаптарына тоқталайық. Ағылшын отбасы дискурсында sweetie, darling, love, mate, pet жұмсақ лексикалық бірліктер қарым-қатынаста кеңінен қолданылады. Сыпайылық формасы білдіруде сен/сіз бөлінбейді, бәріне бір лексикалық форма «you» айтылады. Ағылшын отбасыларында ата-ана мен бала еркін сөйлеседі, олардың арасындағы қарым-қатынас жиі достық сипатта болады.

«I call my parents 'Mum', 'Dad'. During the conversation, we call a first-name basis sometimes just jokingly. My mum calls me 'sweetheart' a lot». (Мен ата-анамды «анашым», «әкешім» деп атаймын. Әңгіме барысында кейде жай ғана атын атап сөйлейміз, көбіне қалжың ретінде. Анам мені жиі «қымбаттым» деп атайды).

(Педагог, 35 жаста)

«We always speak informally at home. I say mum and dad, and they call me by my name. My father is not very emotional, but my mother says things like darling or my boy». (Біз үйде әрқашан еркін сөйлесеміз. Мен ана мен әке деймін, ал олар мені атыммен атайды. Әкем онша сезімтал емес, бірақ анам жаным, балам сияқты сөздерді айтады).

(Педагог, 42 жаста)

«Okay. I only have my mum left now. Dad died 20 old years ago now and I have no grandparents left either. So, Mum, MUM». (Жақсы. Қазір менің тек анам ғана бар. Әкем осыдан 20 жыл бұрын қайтыс болған, ата-әжем де жоқ. Сондықтан – анашым, АНАШЫМ...).

(Педагог, 55 жаста)

Сұхбаттың бірінші сұрағына берілген жауаптарды салыстыра отырып, үш ұлттың отбасы дискурсының ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің сипаттамасын 14-кестеде ұсындық:

Кесте 14 – Отбасындағы сөйлесу формаларының тілдік репрезентациясы

Ұлт	Сөйлесу формасы	Сыпайылық/ құрмет көрсету	Еркелету сөздері	Қарым-қатынас стилі
Қазақ	«Сіз»/«сен», «Апа», «Анашым», «Ата», «Әке», «Пап», «Мам»	Үлкенге «сіз», – құрмет белгісі, кейде «сен» деп те айтылады	«Ботам», «Жаным», «Айналайын», «Құлыным», «Шырағым»	Иерархиялық, үлкенге құрмет, кішіні еркелету басым
Орыс	«Ты», «Мама», «Папа», «Бабушка», «Дедушка»	Сыпайылық интонация мен көңіл күй арқылы беріледі, «вы» сирек қолданылады	«Зайчик», «Солнышко», «Котик», «Милый/(-ая)», «Лапочка»	Жылы, эмоциялық еркіндік басым
Ағылшын	«Mum», «Dad», «Gran», «Grandad», барлығы үшін «you»	Тұлғалық бөлініс жоқ, құрмет интонациямен және дауыспен беріледі	«Love» (жаным), «Sweetheart» (тәттім), «Darling» (қадірлім), «Pet» (еркем), «Pumpkin» (қымбаттым)	Еркін, достыққа негізделген, тең дәрежеде сөйлесу басым

Екінші сұрақ «Отбасыңызда тек өзара қолданатын ерекше сөздер немесе тіркестер бар ма?» – отбасылық әңгімелерде қолданылатын, сырт көзге беймәлім ерекше сөздер мен тіркестерді анықтауға арналған. Мұндай лексикалық бірліктер эмоционалдық жақындықты көрсетеді.

Сұхбаттың екінші сұрағына берілген жауаптардан үш ұлттың отбасы дискурсында жеке, тек үй ішінде қолданылатын ерекше сөздердің бар екені байқалады. Бұл сөздер әр отбасының ішкі эмоционалды кеңістігін, ұлттық тілдік ерекшеліктерін, мәдени танымын көрсетеді.

Қазақ отбасыларында мұндай сөздер, көбінесе, еркелету мен жақындықты білдіру мақсатында қолданылады. Мысалы, «құлыншақ», «ботам», «жаным» сияқты сөздер – тек отбасында қолданылып, тілдік жылы қарым-қатынас орнатуға арналған. Кейбір жағдайларда бала тілінен шыққан сөздер (мысалы, «Көжек апа», «Шөпетай») бүкіл отбасы мүшелеріне таралып, ортақ қолданысқа

айналады. Бұл қазақ отбасылық дискурсының эмоциялық және бейресми ерекшеліктерін көрсетеді.

Орыс отбасыларында да ерекше сөздер кеңінен кездеседі. Олар көбінесе кішірейткіш мәнді жұрнақтар арқылы беріледі (мысалы, «зайчик», «лапочка», «солнышко»). Бұл сөздер де эмоциялық жақындықты, еркелетуді білдіреді, бірақ олар жалпыхалықтық стильде де жиі қолданылады. Дегенмен, кей отбасында өздері ғана қолданатын ерекше сөздер де болады және олар эмоционалдық мағынаға ие.

Ағылшын отбасыларында ерекше сөздер көбінесе баланың есімінің қысқартылған немесе бұрмаланған түрлері немесе эмоциялық реңк беретін лақап аттар болады (мысалы, «Pumpkin» («асқабақ» – еркелету мағынасында «қымбаттым»), «Snugglybug» (еркелету – «құшаққұмарым», «еркелегішім»). Бұл сөздер отбасы мүшелері арасындағы жеке қарым-қатынасты білдіреді және көбіне сырт көзге арналмайды. Ағылшын мәдениетінде мұндай сөздер құпия немесе «private» (дербес) қарым-қатынастың белгісі ретінде қабылданады.

Келесі үшінші сұрақ – «Үйде келіспеушіліктер туындағанда, әдетте кім бірінші сөйлейді? Қандай сөздер жиі қолданылады?». Бұл сұрақ арқылы жанжал болғанда отбасы мүшелері қалай сөйлеседі, қайсысы бірінші бастайды, қандай сөздермен татуласады – соны анықтауға болады. Жауаптарды 15-кестеден көруге болады:

Кесте 15 – Отбасындағы жанжалды шешу стратегиялары

Ұлт	Бастаманы алатын отбасы мүшесі	Қолданылатын сөз үлгілері	Стратегия сипаттамасы
Қазақ	Ана/әже/жасы үлкен адам	«Жарайды», «Қойыңдар», «Үндеме»	Жанжалды астармен, жұмсақ сөзбен шешу, үнсіздік, үлкеннің сөзі – тоқтам
Орыс	Ана	«Ну хватит!», «Что происходит?»	Ашық эмоция, тікелей реніш, дауыс көтеру, бірақ кейін тез қалыпқа келу
Ағылшын	Ата-ана	«Let's calm down» (Сабыр сақтайық), «Talk about it» (Бұл туралы сөйлесейік)	Эмоцияны бақылау, сабырмен түсіндіру, диалог пен шекараны сақтау

Сұхбаттың төртінші сұрағы «Сіздердің отбасыңызда айтуға болмайтын немесе шектелетін тақырыптар бар ма? Неліктен?». Бұл сұрақтың жауабы негізінде кейбір отбасындағы талқыланбайтын, айтуға болмайтын тақырыптарды (мысалы, өлім, дін, ауру) анықтау көзделді. Жауап үлгілерін келтірсек:

«Ақша жетіспеушілігі мен денсаулық жайлы ашық айтпаймыз. Анам «бәрі жақсы болады» деп уайымды жеңілдетуге тырысады».

Студент (19 жаста)

«Иә, өлім, ауыр науқас сияқты тақырыптарды ата-анам жақтырмайды. «Жамандық шақырып алма» дейді. Сонымен қатар, саясат туралы да көп сөйлемеуге тырысамыз».

Студент (Студент, 17 жаста)

Қазақ отбасы дискурсында өлім, ауыр дерт, ажырасу, қарғыс сияқты жағымсыз ұғымдар – тікелей айтылмайтын, «жамандық шақырады» деген наныммен шектелетін тақырыптар қатарына жатады. Мұндай жағдайларда сұхбат берушілер «жаман айтпай, жақсы жоқ», «құдай сақтасын», «тіліңе ие бол» сияқты астарлы және эвфемистік құрылымдарды қолданатынын көрсетті. Сонымен қатар саясат туралы да көп әңгіме қозғалғандығын қаламайды, бұл отбасы мүшелерінің тыныштықты сақтау мақсатында немесе бұл тақырыпты қауіпті деп санау себептерінен болуы мүмкін.

Орыс отбасыларында да белгілі бір тыйым салынған тақырыптар бар, бірақ олар көбінесе жағымсыз эмоциямен байланысты. Олар, негізінен, жанжалға апаратын, ұят деп саналатын тақырыптар. Дегенмен, кейбір отбасылар кез келген тақырыпта еркін сөйлесе береді:

«Нет, в нашей семье таких установок нет и говорить о какихто болезнях и т.д. у нас не запрещается, наша семья не особо так и суеверна что бы утверждать что это притягивает плохое. Наоборот, мы стараемся объяснять детям что и такие есть болезни чтобы в будущем они не выросли вневеденьи».

(Жұмыссыз, 43 жаста)

Ағылшын отбасыларында айтуға шектелетін тақырыптар қатарына ақша, дін, өлім мәселелері жатады. Бұл тақырыптар қоғамдық ортада да, кей отбасылар ішінде де әдепке сай емес немесе қолайсыз деп танылады. Ағылшын отбасы дискурсында мұндай жағдайларда жұмсарту (hedging), қысқа жауап беру, тақырыпты ауыстыру, кейде юмормен жеңіл айналып өту сияқты стратегиялар қолданылатыны байқалады. Сонымен қатар, «Hmm, not really, no. We're quite straightforward». (Хмм, шындығында, жоқ. Біз бәрін бетке тура айта береміз) деген жауап заманауи отбасыларда қарым-қатынас ашық, еркін түрде өрбитіндігін көрсетеді. Ал «Of course. Swear words are frowned upon» (Әрине, бар. Лас тұрпайы сөздерге орын жоқ) жауабы белгілі бір тақырыпты емес, жалпы коммуникацияда ерсі естілетін сөздер құпталмайтындығы туралы айтады.

Бесінші сұрақ – «Үйде сыпайылықтың қандай формалары (сөздер, тіркестер) қолданылады? Әр буын қалай қолданады?». Бұл сұрақ әр ұрпақтың сөйлеу мәдениетін, сыпайы сөйлеу дәстүрін, алғыс пен өтініш білдіру тәсілдерін

салыстыруға бағытталған. Бұл – отбасындағы тілдік этикеттің ұрпақтан-ұрпаққа берілу жолын, сондай-ақ заман ағымына қарай өзгерісін сипаттауға мүмкіндік береді.

Сыпайылық – әр ұлттың коммуникативтік мәдениетінде маңызды орын алатын категория. Алайда әр мәдениетте сыпайылықты білдіру формасы, мазмұны және оны қолдану мәнмәтіні әртүрлі. Сұхбат нәтижелері бұл ерекшеліктерді айқын көрсетті.

Қазақ отбасында сыпайылық дәстүрмен, жасты сыйлаумен және иерархиялық қарым-қатынас құрылымымен тығыз байланысты («рақмет», «өтінем», «айналайын»); орыс тілінде отбасылық дәстүрге, тәрбиеге байланысты этикет формулалары кеңінен қолданылады, біреумен сөйлесуді бастамас бұрын немесе сөйлемін аяқтағаннан кейін көп жағдайда «пожалуйста», «спасибо», «извините», «будь добр(а)», «разрешите» лексикалық бірліктері қолданылады; ағылшын отбасыларында сыпайылық – қоғамдық тәртіп пен мәдени мінез-құлық нормасы ретінде күнделікті қатынастың ажырамас бөлігі, бірақ ұрпақтар арасында бірдей сөйлеу формасы қолданылады: «please» (өтінемін), «thank you» (рақмет), «sorry» (кешір/кешіріңіз), «excuse me» (айып етпе/етпеңіз).

Келесі сұрақ – «Құттықтау, алғыс айту, тілек айту кезінде қандай сөздер/тіркестер қолданасыз?». Бұл сұрақ дәстүрлі тілдік формулалар мен ұлттық тілдік кодтарды анықтауға арналған. Бұл ұлттық ойлау жүйесінің тілдегі көрінісін таңбалайды.

Сұхбат нәтижелері көрсеткендей, әр ұлттың отбасылық дискурсында құттықтау, алғыс білдіру және тілек айту кезінде қолданылатын сөздер мен тіркестер – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетаным мен мәдени дәстүрлердің көрінісі. Бұл сөйлеу актілері, негізінен, мерекеде көрініс табады және отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасына ерекше реңк береді.

Қазақ отбасы дискурсында құттықтау мен тілек айту рәсімдері бата түрінде, яғни ізгі ниет пен тілекке негізделген тілдік бірліктер арқылы беріледі. Мысалы, сұхбатқа қатысушылардан алынған жауаптарда «Ұрпақ сүй», «Жасың ұзақ болсын», «Қадамың құтты болсын», «Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол» сияқты тұрақты дискурстық құрылымдар жиі кездеседі. Алғыс айту формалары да рухани түсініктермен сабақтасып, «Алла разы болсын», «Жақсылығың алдыңнан шықсын» түрінде айтылады. Бұл – қазақ мәдениетінде тілек айту мен алғыс білдіру тек этикет емес, мағыналық, тәрбиелік, ұрпақаралық сабақтастық рөлін атқаратынын дәлелдейді.

Орыс отбасыларында бұл сөйлеу әрекеттері формалды және эмоциялық стильде беріледі. Құттықтау сөздері ретінде «Счастья, здоровья», «Всего самого наилучшего», «Долгих лет жизни» сияқты тіркестер жиі қолданылады. Тілек айту орыс мәдениетінде жиі кездесетін дәстүрдің бірі болып табылады және көбінесе әсерлі, поэтикалық немесе әзілге құрылған үлгіде айтылады: «За любовь!», «Чтоб всё было и ничего за это не было!». Алғыс айту формалары стандартты түрде «Спасибо», «Благодарю» түрінде берілсе, бейформалды

жағдайда «Огромное спасибо», «Очень признателен» сияқты тіркестер де қолданылады. Бұл ерекшеліктер орыс отбасы дискурсында сыпайылық пен құттықтаудың эмоция арқылы берілуіне басымдық берілетінін көрсетеді.

Ағылшын отбасыларында құттықтау мен алғыс айту қоғамдық сөйлеу нормасына айналған қысқа, нақты, формалды дискурстық құрылымдармен беріледі. Құттықтаулар «Congratulations!» (Құттықтаймын!), «Best wishes!» (Жақсылық тілеймін!), «All the best!» (Бар жақсыны тілеймін), «Happy birthday!» (Туған күніңмен!) түрінде жиі қолданылады. Тілек айту дәстүрі бар болғанымен, ол қазақ не орыс отбасыларындағыдай кең таралмаған, әрі қысқа болады: «To health and happiness!», «To family and friends!». Алғыс айту формалары «Thank you so much» (Көп рақмет), «I really appreciate it» (Мен бұны шынымен бағалаймын), «That means a lot to me» (Бұл мен үшін өте маңызды) түрінде айтылып, сұхбат берушілердің пікірінше, бұл сөздер жеке эмоцияны білдірумен қатар сөйлеу әдебінің этикеттік элементі ретінде қарастырылады.

Сұхбаттың жетінші сұрағы «Өзіңізден кіші отбасы мүшелерімен қалай сөйлесесіз? арқылы отбасы ішіндегі тілдік иерархия, бұйрық райдың, еркелету формаларының қолданылу ерекшелігі талданады. Үлкеннің кішіні қалай тәрбиелейтіні, кішінің үлкенге деген тілдік қатынасы – ұлттық тәрбие мен сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші.

«Ініме «бар, дәптерінді алып кел», «тыңдашы, ботам», «жақсы бала бол» деп жиі айтамын».

(Студент, 20 жаста)

«Қызым сабақ оқымаса, «кұлыным, менің тілімді алсаң, жақсы болар еді» деп жұмсақ түрде жеткіземін».

(Қызметші, 42 жаста)

«Младшему брату говорю: «Принеси, пожалуйста, книжку», или просто «Давай, иди делай уроки».

(Студент, 18 жаста)

«Иногда ласково: «Малыш, не капризничай», но если не слушает – «л»

(Медқызметкер, 40 жаста)

«I said to my younger sister: Could you please be quiet? or Let's get your homework done, okay?» (Мен қарындасыма айтатынымын: «Өтінемін, тыныш отыра тұршы?» немесе «Кел, үй тапсырманды бітірейік, жарай ма?»).

(Педагог, 36 жаста)

«We were always brought up to be polite and listen first and then answer later» (Бізді әрқашан әдепті болуға, алдымен тыңдап, содан кейін ғана жауап беруге тәрбиелеп өсірді).

(Педагог, 52 жаста)

Әр ұлттың адамдары үйіндегі өзінен кіші балалармен, інілерімен, сіңлілерімен сөйлескенде өз мәдениетіне сай түрлі сөздер мен сөйлеу тәсілдерін қолданады.

Қазақтар бұйырып айтса да, оны жұмсақ, еркелету сөздерімен жеткізеді. Бұл қамқорлық пен үлкеннің тәрбиелеу мақсаты бар екенін білдіреді. Орыстар

эмоциямен сөйлейді. Кейде жұмсақ, кейде қатты айтады. Яғни, балаға көңіл-күйге қарай кейде еркелетіп, кейде ұрысып сөйлейді. Ағылшындар болса, қатты сөйлемейді, бәрін жұмсақ, сыпайы түрде жеткізуге тырысады. Ағылшындарда – кішіні ынталандыру, қолдау көрсету мәдениеті басым.

Келесі сұрақ «Отбасыңызда дәстүрлі сөз қолданыстары маңызды болатын қандай дәстүр бар? Бұл жағдайда қандай сөздер қолданылады?». Бұл сауал арқылы салт-дәстүр, мерекелік рәсімдерде қолданылатын тілдік үлгілерді анықтауға мүмкіндік туады. Бұл сөйлеу актілері тілдік тұрғыда дайын құрылымдар арқылы беріледі және ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көрсетеді.

Сұхбат берушілердің жауаптарына сәйкес, қазақ отбасында ұлтқа тән отбасылық дәстүрлер басым. Отбасында қолданылатын дәстүрлі сөздер ұлттық салт-дәстүрлермен, қазақы таныммен, ата-баба жолымен тығыз байланысты. Мысалы, келін түсіру, бесікке салу, тұсау кесу, сияқты отбасылық дәстүрлер – тек қазақ халқына тән. Бұл жағдайларда «Қабыл болсын», «Төрлетіңіз», «Ұлын ұяға, қызың қияға», «Қонақ кәде» сияқты ұлттық лексика қолданылады:

«Наурызда «Құтты болсын, ақ мол болсын» деп тілектер айтамыз. Ас ішіп болған соң «Қабыл болсын» деп бата жасаймыз».

«Тойда әжем «Ұлын ұяға, қызың қияға қонсын» деп батасын беретін. Ол сөздер бала кезден құлағымызда қалған».

Орыс отбасында діни мерекелерге байланысты дәстүрлер басым. Орыс отбасында қолданылатын арнайы сөздер мен тіркестер, негізінен, дінге байланысты мерекелер мен рәсімдерде айтылады. Мысалы, Пасха, Рождество, Крещение, Поминки сияқты діни дәстүрлерде «Христос воскрес», «Царствие небесное», «Воистину воскрес» сияқты тіркестер қолданылады, сондай-ақ құттықтауларда кеңінен қолданылатын сөздер мен тіркестер анықталды:

«На Пасху у нас дома всегда говорили: «Христос воскрес!» – «Воистину воскрес!». Эти слова с детства в памяти».

«На день рождения мы всегда говорим: «Желаю счастья, здоровья, удачи!». Иногда даже в стихах поздравляют».

«Когда кто-то уходит из жизни, мы просто говорим: «Царствие небесное». Это принято и понятно без лишних слов».

Ағылшын мәдениетінде дәстүрлі сөздер, көбінесе, жалпы қоғамға ортақ, ресми сипаттағы мерекелермен байланысты. Олар діни емес, бірақ қоғамдық өмірдің бөлігі ретінде тұрақты қолданылатын дәстүрлерде кездеседі. Christmas (Рождество), Wedding (Үйлену тойы), Funeral (Жерлеу), Thanksgiving (Алғыс айту күні) сияқты атаулы күндерде Congratulations («Құттықтаймын»), Merry Christmas («Рождество мерекесі құтты болсын»), Rest in peace («Жаны жәннатта болсын»), Thank you for coming («Келгендеріңізге рахмет») деген тіркестер айтылады:

«During Christmas, everyone says Merry Christmas. It's not just polite – it's expected» (Рождество кезінде адамдар бір-біріне Merry Christmas дейді. Бұл жай ғана сыпайы құттықтау емес, әдеттегі дәстүр).

«At funerals, we usually say Rest in peace or Sorry for your loss. The words are short, but they carry meaning» (Жаназа кезінде біз әдетте топырағы торқа болсын немесе қайғыңызға ортақпын дейміз. Бұл сөздер қысқа болғанымен, мағынасы терең).

Сұхбаттың тоғызыншы сұрағы – «Отбасыңызда көбіне қай тілде сөйлейсіздер? Неліктен?». Бұл сұрақтың жауабын талдау отбасы ішіндегі тілдік саясатты, доминант тілдің қандай екендігін және оған әсер ететін әлеуметтік, этномәдени факторларды (мысалы, ата-әженің болуы, мектеп тілі, аралас отбасылық құрылым) анықтауға мүмкіндік береді.

Соңғы сұрақ – «Егер үйде екі тіл қолданылса, қандай жағдайларда тіл ауыстырасыздар? Тіл таңдауға не әсер етеді?». Бұл сұрақ кодтық ауысым құбылысын (сөйлеу барысында басқа тілге көшу) зерттеуге бағытталған. Отбасы мүшелері арасындағы тілдік ауысымның себептері: тақырыптың күрделілігі, терминологиялық қажеттілік, эмоционалдық жағдай т.б. болуы мүмкін.

Сұхбаттың 9 және 10-сұрақтарына берілген жауаптар отбасы дискурсындағы тілдік таңдау мен кодтық ауысым (code-switching) құбылыстарының ұлттық ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік зерттелеулерде кодтық ауысым ұғымына келесідей анықтамалар беріледі: Кодтық ауысым әлеуметтік мәнмәтінге, тақырыпқа немесе әңгімелесушіге байланысты бір әңгіме, айтылым немесе сөйлем ішінде екі (немесе одан да көп) тілді қолдануды білдіреді [151, р. 320]. Кодтық ауысым – әлеуметтік рөл мен адресатқа бейімделу формасы. Бұл ауысым прагматикалық мағына қалыптастыруға және коммуникативтік мақсатқа жетуге мүмкіндік береді [152, р. 62]. Бұл сұрақтар сұхбат берушінің отбасындағы негізгі сөйлеу тілі, сонымен қатар қос тілділік жағдайында қандай факторлар тілдік ауысуға әсер ететінін айқындауға бағытталған.

Көптеген қазақ респонденттері отбасында қазақ тілі негізгі қарым-қатынас тілі екенін айтқанымен, сөйлеуде қазақ және орыс тілдерінің араласуы жиі байқалады. Бұл жағдайлар қалада тұратын, аралас мектепте оқитын немесе балалары орысша сөйлейтін отбасында жиі кездеседі.

«Атаммен міндетті түрде қазақша сөйлесемін, бірақ інім орысша сөйлеген соң кейде мен де орысшаға көшіп кетем».

Орыс респонденттері үй ішінде тек орыс тілін қолданатынын айтқан. Код ауыстыру сирек кездеседі, тек қоғамдық ортада, қазақтілді қонақпен сөйлескенде немесе ресми ортада қазақшаға бейімделу байқалады.

«Дома мы всегда говорим по-русски. Только когда приходят казахские гости или в школе, я стараюсь использовать казахский язык».

Ұлты ағылшын респонденттердің отбасыларында ағылшын тілі – жалғыз және негізгі қарым-қатынас тілі. Бұл – олардың ана тілі, сондықтан басқа тілге көшу қажеттілігі туындамайды.

«We always speak English at home – it's our only language» (Біз үнемі ағылшын тілінде сөйлейміз, бұл – біздің ана тіліміз).

Ағылшын отбасында бір ғана тіл – ағылшын тілі қолданылғанымен, кейбір жағдайда диалектілік деңгейдегі кодтық ауысу (яғни, бір диалектіден екінші диалектіге, не стандартты тілге ауысу) байқалады.

«When my grandparents visit from Glasgow, I tend to speak more in the local Scots style like wee instead of small, or aye instead of yes. But with my university friends, I switch back to standard English» (Атам мен әжем Глазгодан келгенде, мен көбіне жергілікті шотланд сөйлеу мәнерін қолданамын, мысалы, small сөзінің орнына wee, немесе yes орнына аye деймін. Ал университеттегі достарыммен сөйлескенде қайтадан стандартты ағылшын тіліне көшемін).

Жүргізілген ауызша сұхбат сұрақтарына алынған жауаптар қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктерін, сондай-ақ ұқсас тұстарын анық көрсетуге мүмкіндік берді. Сұхбат – отбасы дискурсы аясындағы ұлттық тілдік бірліктерді, мәдени кодтарды және дәстүрлі концептілерді анықтауда маңызды рөл атқарады. Мұндай дискурстық талдау арқылы халықтың «мәдени тілдік моделі» анық көрініс табады [153].

Үш тілдің отбасы дискурсын салыстыра келе, отбасындағы қарым-қатынас арқылы мәдени құндылықтардың берілетінін байқаймыз. Үш тілдің де отбасы дискурсында үлкенге құрмет білдіру, кішіні еркелету, эмоцияны жеткізу, мерекелік тілектерді айту сияқты жағдаяттарда арнайы сөздер мен тіркестер қолданылады.

Айырмашылықтарды санамаласақ, қазақ отбасыларында сөйлеу ұлттық дәстүрге негізделіп, тәрбиелік сипат алады. «Сіз» формасы, бата, тілек айту, үлкенге құрмет және тәрбиелік мәнге ие тіркестер жиі қолданылады. Кодтық ауысу (қазақ тілінен орыс тіліне) – прагматикалық мәнмәтінге бейімделеді.

Орыс отбасыларында қарым-қатынас бейформалды, эмоцияны ашық білдіру басым. Мерекелер мен рәсімдерде арнайы сөз тіркестері қолданылады. Код ауысу сирек, көбіне сыртқы қажеттілікпен шектеледі.

Ағылшын отбасыларында қарым-қатынас сыпайы, қысқа, бейтарап тіл үлгілерімен сипатталады. Код ауысу – екі тіл арасында емес, интратілдік деңгейде (диалект, стиль) жүзеге асады.

Бұл салғастырмалы талдау отбасы дискурсының тек тілдік қатынас емес, ұлттық мәдениеттің, құндылықтың, әлеуметтік тәртіптің көрінісі екенін дәлелдейді. Сонымен қатар дискурстағы кодтық ауысу ерекшеліктері де әр ұлттың тілдік бейімделу тәжірибесі мен әлеуметтік рөлдік жүйесіне байланысты.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Үшінші бөлімде жүргізілген эмпирикалық зерттеу мен сұхбат материалдарын салғастырмалы талдау арқылы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі «отбасы» концептісінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен прагматлингвистикалық сипаттамалары анықталды. Жүргізілген ассоциативтік эксперимент негізінде әр ұлт өкілдерінің «отбасы» сөзіне байланысты вербалды реакциялары қарастырылды. Бұл зерттеу әр ұлттың менталитеті мен құндылықтар жүйесіне негізделген концепт түсінігінің әртүрлілігін көрсетеді.

Қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі отбасы дискурсына қатысты сұхбат мәтіндеріне прагмалингвистикалық және этномәдени тұрғыдан салғастырмалы талдау жасалды. Сонымен қатар, әр тілдегі дискурста мейірімділік, жанашырлық, ата-ана жауапкершілігі сияқты әмбебап құндылықтар ортақ сипат ретінде анықталды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері ұлттық мәдени кодтардың, коммуникативтік дәстүрлердің және тілдік бірліктердің отбасы дискурсында әртүрлі тілдік-мәдени мәнмәтінде өзіндік ерекшелікпен көрінетінін дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, ұлт психологиясының тілдік репрезентациясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу жұмысында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсының ұлттық ерекшеліктері когнитивтік, прагматикалық, лингвомәдени қырынан кешенді түрде талдап, көркем мәтіндер мен эмпирикалық материалдар негізінде әр ұлттың отбасылық құндылықтары мен қарым-қатынас формаларын анықтап, отбасы дискурсындағы ұлттық психологияның тілдік репрезентациясын көрсетуге тырыстық.

Зерттеу жұмысымызда дискурс ұлттың болмысын тіл арқылы танытатын маңызды құбылыс ретінде қарастырылды. Сөйлеу әрекеті адамның танымдық көзқарасын, мәдени санасын, әлеуметтік орнын, эмоциялық күйі мен прагматикалық ниетін бейнелейді. Дискурсты талдау арқылы тілдік тұлғаның ойлау жүйесін, концептілік құрылымын, құндылық бағдарын, сондай-ақ вербалды және бейвербалды коммуникация тәсілдерін айқындауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, дискурс – белгілі бір этностың, қоғамның немесе тарихи дәуірдің ерекшеліктерін тіл арқылы бейнелейтін семиотикалық және когнитивтік кеңістік. Ұлттық психология, мәдени кодтар, тілдік стереотиптер мен прагматикалық құрылымдар, сөйлеу стратегиялары – мұның барлығы отбасы дискурсында көрініс табады. Салыстырмалы зерттеу нәтижесінде қазақ, орыс және ағылшын дискурстарындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер, ортақ құндылықтар мен ұлттық-мәдени сипаттар тілдік деректер негізінде сипатталды.

Қазақ (О. Бөкей «Атау-кере»), орыс (Л. Толстой «Детство. Отрочество. Юность») және ағылшын (Т. Гарди «Tess of the d'Urbervilles») көркем мәтіндеріндегі отбасы дискурсының концептілік аясы, прагматикалық ерекшеліктері мен ұлттық психологиясы анықталды. Концептілік талдау барысында туыстық қатынас, этикалық ұстаным, салт-дәстүр, кеңістік пен символ сияқты ұлттық мәні бар элементтер ашылды. Прагмалингвистикалық талдауда отбасы ішілік диалог, сыпайы сөйлеу, адресатқа бағытталған тілдік актілер, сондай-ақ сөйлеу астары (импликатура, пресуппозиция) анықталды. Мәтіндегі грамматикалық формалар мен мақал-мәтелдердің, фразеологизмдердің қолданылуы әр ұлттың дүниетанымы мен ұрпақаралық байланысын сипаттайтын көрсеткіш ретінде талданды.

Ауызша сұхбаттар мен ассоциативтік эксперименттер негізінде қазақ, орыс және ағылшын тілді респонденттердің санасындағы «отбасы» концептісінің ерекшеліктері мен ұлттық мазмұны зерделенді. Отбасылық қарым-қатынас стилі, ұлттық мәдени кодтар, сөйлеу этикеті, қостілділік пен кодтық ауысым құбылыстары нақты тілдік деректермен дәлелденді. Эмпирикалық зерттеу нәтижелері көркем мәтіндерден алынған теориялық тұжырымдарды толықтырып, әр тілдегі отбасы дискурсының құрылымына, қарым-қатынас

сипатына және ұлттық құндылықтарға тән ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік берді.

Бұл зерттеу жұмысы дискурсология, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, прагмалингвистика және мәдениетаралық коммуникация сияқты бағыттардағы ғылыми ұстанымдарды жетілдіруге үлес қосады. Жасалған салыстырмалы-салғастырмалы талдаулар ұлттық сананы, тіл мен мәдениет сабақтастығын, сондай-ақ когнитивтік құрылымдарды түсіндіруге жаңа қырынан ықпал етеді. Алынған нәтижелер тіл мамандары мен оқытушыларға, аудармашылар мен мәдениетаралық байланыс саласының мамандарына арналған оқу-әдістемелік материалдарды дайындауда, сондай-ақ осы саладағы ғылыми ізденістерде қолдануға негіз бола алады.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде мынадай **қорытындылар** жасалды:

1. Дискурс тіл мен мәдениеттің тоғысқан күрделі құрылымы ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің ішкі құндылықтарын, дүниетанымдық модельдерін және қарым-қатынас нормаларын динамикалық түрде бейнелейтін коммуникативтік кеңістік болып табылады. Қазақ, орыс және ағылшын отбасы дискурсына жүргізілген салғастырмалы талдау ұлттық мәдени модельдердің дискурстық деңгейде әртүрлі тілдік амалдар арқылы іске асатынын айқындады. Мысалы, қазақ дискурсында еңбек, дәстүрлер мен сөйлесу формалары («айналайын», «анашым» т.б.) ұлттық менталитет пен отбасылық қарым-қатынасты танытады. Орыс дискурсында сөйлесу үлгілері («голубушка», «милый мой» т.б.) мен діни кодтар православтық дүниетанымға негізделген отбасылық қатынасты сипаттайды. Ағылшын дискурсында сөйлесу формалары («my maid», «my porret», «dear») мен ауылдық әдет-ғұрыптар отбасы қарым-қатынасы мен мәдениетті бейнелейді.

2. Салғастырмалы талдау нәтижесі көрсеткендей, дискурстағы ұлттық ерекшелік тек тілдік таңбалар арқылы ғана емес, сонымен қатар прагматикалық категориялар (пресуппозиция, импликатура, сөйлеу актілері), қарым-қатынас мәдениеті арқылы да қалыптасады. Дискурстағы ұлттық ерекшелік тіл иесінің дүниетанымы, мәдени коды, құндылықтар жүйесі арқылы көрінеді. Қазақ мәтінінде пресуппозиция ұл баланың отбасы тірегі ретіндегі маңызын білдірсе, эмоция мен жақындық сөйлеу актілері арқылы (еркелету сөздері, жағымды лексика) және бейвербалды амалдармен (құшақтау, сүйу) көрінеді. Орыс дискурсында негізгі орын директивті сөйлеу актілеріне беріледі, мұнда пресуппозиция ретінде баланың оқуға, тәртіпке жауапкершілігі көрінеді, ал эмоциялар ашық беріледі. Ағылшын мәтінінде эмоциялар мен қарым-қатынас көбіне жанама сөйлеу актілері мен импликатура арқылы жеткізіліп, ұстамдылық пен сыпайылық басым танылады.

3. Қазақ, орыс және ағылшын көркем мәтіндеріндегі отбасы дискурсы ұлттық-мәдени және дүниетанымдық ерекшеліктерді бейнелейді. Әр тілдегі отбасы дискурсының концептілік аясы әртүрлі мазмұндық компоненттерден тұрады, алайда олардың тоғысар тұсы – жалпыадамзаттық құндылықтар (құрмет, борыш). Дегенмен, әр ұлттың мәдени, тілдік және тарихи ерекшеліктері бұл

дискурстың құрылымы мен мазмұнын айқындайды. Қазақ дискурсында рухани-ұлттық байланыс пен дәстүрлер (бата беру, жоқтау, ат қою) және кеңістік пен заттық символдар (шаңырақ, ошақ, туған жер, жайлау, самаурын) алдыңғы орынға шығады. Орыс дискурсында этикалық-діни сана басым болып, діни кодтар (панихида, молебен) айрықша рөл атқарады. Ал ағылшын дискурсында әлеуметтік тәжірибе мен еңбекке негізделген өмір салты маңызды орын алады (егін жинау, тұрмыстық еңбек).

4. Ұлттық психология көркем мәтіндегі лексикалық бірліктер (эмоционалды тіркестер, метафоралық құрылымдар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер) мен грамматикалық амалдар (одағай сөздер, модальділік, бұйрық рай, есімдіктер, етістіктің шақтары) жиынтығы арқылы дискурстық стратегиялардан көрінеді. Бұл ұлттық дүниетанымды когнитивтік-дискурстық деңгейде түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ дискурсында ұлттық психология эмоционалды жақындық кішірейткіш мәнді жұрнақтармен («Кел, шырағым, кел», «Қоя тұр, келінжан»), ал иерархиялық қарым-қатынас стратегиясы бұйрық рай арқылы («Қайта қолыңнан келген жақсылығыңды аяма», «Қойыңызшы, апа», «Еңбектің де емдік қасиеті бар, балам, көп қимылда...»), орыс дискурсында эмоционалды-экспрессивтілік («Слезы душили меня», «...я же захлебывался от слез») пен моральдық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас стратегиясы, көбінесе, фразеологизмдер арқылы («...что готов был провалиться сквозь землю», «будешь вперед совать нос»), ағылшын дискурсында ұлттық психология отбасы алдындағы парыз бен міндеттілік стратегиясы модаль етістіктермен (You must go to her and claim kin), ал тұрмыстық қиындықтар мақал-мәтелдер, фразеологизмдер (Where there's a will there's a way) арқылы ашылады.

5. Эмпирикалық деректер көркем мәтіндегі нәтижелерді толықтырып, тіл мен ұлттық сананың өзара байланысын дәлелдейді: «Отбасы» концептісі қазақ, орыс және ағылшын тілді респонденттердің санасында әртүрлі ассоциат реакция құрайды. Қазақ тілінде жиілігі бойынша келесі бірліктер алдыңғы қатардан табылды: «жанұя» (16 рет), «шаңырақ» (11 рет), «Отан» (9 рет); орыс тілінде «очаг» (12 рет), «уют» (10 рет), «родители» (10 рет) реакция сөздері анықталса; ағылшын тілінде «parents» (ата-ана, 14 рет), «relationship» (қарым-қатынас, 11 рет), «happiness» (бақыт, 10 рет) бірліктері айқындалды.

6. Ауызша сұхбаттар негізінде алынған мәліметтер ұлттық ерекшеліктердің концептуалдық көрінісін айқындауға мүмкіндік берді: қазақ отбасы дискурсында сөйлеу ұлттық дәстүрге негізделіп, тәрбиелік сипатқа ие болады. Үлкендердің балаларға айтқан сөздері көбіне нақыл, бата немесе өсиет түрінде келеді: «Жасың ұзақ болсын», «Қадамың құтты болсын». Мұнда дәстүрлі ұжымшылдық пен туыстық қатынас басым, ал отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас иерархиялық сипатта қалыптасады. Орыс отбасы дискурсында қарым-қатынас бейформалды сипатқа ие болып, эмоцияны ашық білдіру жиі байқалады: «Ну хватит», «Что происходит?», «Чтоб всё было и ничего за это не было!». Ағылшын отбасы дискурсында қарым-қатынас салыстырмалы түрде қысқа әрі бейтарап тіл үлгілерімен («All the best!», «Congratulations!»)

сипатталады. Әдетте ата-аналар балаларға эмоциясыз, нақты нұсқау, кеңес береді: «Talk about it».

Бұл зерттеудің келешектегі даму бағдарын төмендегі бағыттар шеңберінде қарастыруға болады:

1) Медиа және әлеуметтік желідегі отбасы дискурсына салыстырмалы зерттеу жүргізу қажет, бұл дәстүрлі көркем мәтіндер мен қазіргі цифрлық коммуникациядағы отбасы образының трансформациясын анықтауға мүмкіндік береді.

2) Отбасы дискурсындағы вербалды қарым-қатынас пен ұлттық психология арасындағы байланысты когнитивтік модельдер арқылы сипаттап, психолінгвистикалық бағытта зерттеу жүргізу қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Деррида Ж. О грамматологии. – М.: Академический проект, 2000. – 536 с.
- 2 Laclau E., Mouffe C. Hegemony and Socialist Strategy: Towards a Radical Democratic Politics. – London: Verso, 1985. – 200 p.
- 3 Harris Z. Discourse Analysis // Language. – 1952. – Vol. 28, № 1. – P. 1-30.
- 4 Звегинцев В. А. Предложение и его отношение к языку и речи. – М.: Изд-во МГУ, 1976. – 307 с.
- 5 Филиппов К. А. Лингвистика текста и современный анализ устной речи: учеб. пособие. – СПб.: Изд-во С.-Петербург. ун-та, 2016. – 228 с.
- 6 Шейгал Е. И. Семиотика политического дискурса / Ин-т языкознания РАН; Волгогр. гос. пед. ун-т. – Волгоград: Перемена, 2000. – 368 с. – Библиогр. - С. 328-365.
- 7 Якобсон Р. Тексты, документы, исследования / отв. ред. Баран Х., Гиндин С. - М.: Рос. гос. гуманитар. ун-т, 1999. – 918 с.
- 8 Руднев Ю. Концепция дискурса как элемента литературоведческого метаязыка // Научные Записки из Жёлтого Дома: студенч. филол. проект / Киев, нац. ун-т. – Киев, 2000-2011. // http://zhelty-dom.narod.ru/literature/txt/discours_jr.htm. 03.12.2015.
- 9 Teun A. van Dijk. Studies in the Pragmatics of Discourse. Front Cover. Mouton, 1981. – 331 p.
- 10 Арутюнова Н. Д. Прагматика // Лингвистический энциклопедический словарь / под ред. В.Н. Ярцевой. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 685 с.
- 11 Макаров Л. М. Основы теории дискурса. – М.: Гнозис, 2003. – 280 с.
- 12 Красных В. В. Основы психолингвистики и теории коммуникации: Курс лекций. - М.: 2001. – 270 с.
- 13 Чернявская В. Дискурс власти и власть дискурса: проблемы речевого воздействия. – М.: Флинта, Наука, 2006. – 126 с.
- 14 Van Dijk T. Context and cognition. In Discourse and Context: A Sociocognitive Approach Cambridge University Press. – 2008. – P. 56-110.
- 15 Wodak R. The Discourse of Politics in Action: Politics as Usual. Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2009.
- 16 Седов К. Ф. Дискурс как суггестия: иррациональное воздействие в межличностном общении. – М.: лабиринт, 2011. – 336 с.
- 17 Терентий Л. М. Дискурс как объект психолингвистического исследования // Вопросы филологии. – М., 2009. – № 3, Т. 033. – С. 27-34.

- 18 Дейк Т. А. ван. Язык. Познание. Коммуникация / пер. с англ. – М.: Прогресс, 1989. – 312 с.
- 19 Кибрик А. Е. Моделирование языковой деятельности в интеллектуальных системах. – М.: 1987. – 280 с.
- 20 Кубрякова Е. С. В поисках сущности языка. – М.: Знак, 2012. – 208 с.
- 21 Михалева О. Л. Политический дискурс как сфера реализации манипулятивного воздействия. Иркутск, 2005. – 320 с.
- 22 Карасик В. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 23 Кожемякин Е. А. Межкультурные коммуникации: от теории к практике: монография. – Белгород: БелГУ, 2003. – 119 с.
- 24 Кашкин В. Б. Дискурс: уч. пособие. Воронеж, 2004. – 76 с.
- 25 Переверзев Е. В. Критический дискурс-анализ: от теории к практике // Язык. Текст. Дискурс. – 2009. – № 7. – С. 105-116. – Белгород: Сев.-Кавказ. федер. ун-т.
- 26 Кенжеқанова Қ. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша): дисс. ... филол. ғылым. док. – Алматы, 2015. – 187 б.
- 27 Байшукурова Г. Ж. Событие как экзистенциальный параметр дискурса. Материалы Всероссийской с международным участием очно-заочной научно-практической конференции «Приоритеты современной русистики в осмыслении языкового пространства», посвященной 100-летию образования Республики Башкортостан и 110-летию создания Башкирского государственного университета, 27 ноября 2019 года, БашГУ, г. Уфа. – С. 8-13.
- 28 Исмаилова Ж. Текст и дискурс в современной лингвистической парадигме // Наука и образование Южного Казахстана. Серия гуманитарные науки. – 2006. – С. 69-71
- 29 Ерназарова З. Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: дис. ... филол. ғылым. док. – Алматы, 2002. – 49 б.
- 30 Смағұлова Г., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы: Оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2008. – 184 б.
- 31 Әнес Ғ. Мәтіндік семантикалық-этимологиялық кеңістіктің теориялық мәселелері: дис. ... филол. ғылым. док. – Алматы, 2010. – 278 б.
- 32 Әділова А. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы: дис. ... филол. ғылым. док. – Алматы, 2009. – 235 б.
- 33 Садирова К. Қ. Көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. 132 Волгоград: Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ РБҚ. 2008. – 428 б.
- 34 Қалиұлы Б. «Дискурс және оның тілдік белгілері» // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, 2011. – 10 б.

- 35 Кеншінбаева Ж. Қазақ мәтінінің семантика-интонациялық мүшеленуі (экспериментті-фонетикалық зерттеу): филол.ғылым.канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 27 б.
- 36 Бенвенист Э. Общая лингвистика. – М.: Прогресс, 1974.
- 37 Витгенштейн Л. Философские исследования. – М.: Гнозис, 1994. – 320 с.
- 38 Волошинов В. Н. Марксизм и философия языка. Основные проблемы социологического метода в науке о языке. - М.: Лабиринт, 1993. – 196 с.
- 39 Толковый словарь немецкого языка Якоба Гримма и Вильгельма Гримма (Deutsches Wörterbuch von Jacob Grimm und Wilhelm Grimm). // http://homo-linguisticus.com/articles/dictionaries_online/ 30.12.2023
- 40 Фуко М. Археология знания. – Киев, 1996. – 206 с.
- 41 Баранов А., Караулов Ю. Словарь русских политических метафор. – М., 1994. – 268 с.
- 42 Николаева Т. М. Лингвистика текста: современное состояние и перспективы // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1978. – №8. (Серия: Лингвистика текста). – С. 467-472.
- 43 Deutsches Wörterbuch von Jacob Grimm und Wilhelm Grimm. – Leipzig: S. Hirzel, 1854–1961. – 33 Bde. // http://homo-linguisticus.com/articles/dictionaries_online/ 12.02.2022
- 44 Маслова А. Ю. Введение в прагмалингвистику. Учебное пособие. – М.: Флинта, 2007. – 152 с.
- 45 Stubbs M. Discourse Analysis: The Sociolinguistic Analysis of Natural Language. – Chicago: University of Chicago Press, 1983. – 272 p.
- 46 Греймас А. Ж., Курте Ж. Семиотика: объяснительный словарь теории языка // Степанов Ю. С. (ред.). Семиотика: Сборник переводов. – М.: Радуга, 1983. – С. 483-550.
- 47 Maas U. Als der Geist der Gemeinschaft eine Sprache fand: Sprache im Nationalsozialismus. Versuch einer historischen Argumentationsanalyse. – Opladen: Westdeutscher Verlag, 1984. – 261 s.
- 48 Busse D., Teubert W. Ist Diskurs e in spra chwissenscha ftliche s Objekt? Zur Methode nfrage der historische n Se ma ntik // Be griffsge schichte und Diskursge schichte. Methode nfrage n und Forschungse rgebnisse der historische n Se ma ntik / ed. D. Busse e t a l. Oplade n, 1994. – S. 10-28.
- 49 Пропп В. Я. Морфология волшебной сказки. – М.: Лабиринт, 2000. – 192 с.
- 50 Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979. – 310 с.
- 51 Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін. – Алматы: мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
- 52 Күдеринова Қ. Б. «Қазақ дискурсының (ауызша) ұлттық және заманауи ерекшеліктері» // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері»

Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, 2011. – 55 б.

53 Ахатова Б. А. Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы: Экономика, 2006. – 302 с.

54 Есенова Қ. Лингвоясаясаттануға кіріспе: оқу құралы. – Алматы: Балауса, 2017. – 328 б.

55 Әділова А. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы: дис. ... филол. ғылым. док. – Алматы, 2009. – 235 б.

56 Борботько В. Г. Элементы теории дискурса: учеб. пособие. – Грозный: Чеченский ин-т техн. ун-та, 1981. – 303 с.

57 Формановская Н. И. Речевое взаимодействие: коммуникация и прагматика. – М.: ИКАР, 2007. – 480 с.

58 Карлинский А. Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований / Алматы, 2003. – 184 с.

59 Kress G., van Leeuwen T. Reading Images: The Grammar of Visual Design. – London: Routledge, 1996. – 256 p.

60 Винокур Т. Г. К характеристике говорящего: интенция и реакция // Язык и личность. – М.: Наука, 1989. – С. 11-12.

61 Anderson B. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. – London: Verso, 1983. – 240 p.

62 Smith A. D. National Identity. – Reno: University of Nevada Press, 1991. – 228 p.

63 Erikson E. H. Identity: Youth and Crisis. – New York: Norton, 1968. – 336 p.

64 Hall S. Cultural Identity and Diaspora // Rutherford J. (ed.). Identity: Community, Culture, Difference. – London: Lawrence & Wishart, 1990. – P. 222-237.

65 Bhabha H. K. Nation and Narration. – London: Routledge, 1994. – 320 p. Banal Nationalism

66 Billig M. Banal Nationalism. – London: SAGE Publications, 1995. – 208 p.

67 Calhoun C. Nationalism. – Minneapolis: University of Minnesota Press, 1997. – 320 p.

68 Hobsbawm E., Ranger T. The Invention of Tradition. – Cambridge: Cambridge University Press, 1983. – 320 p.

69 Fairclough N. Language and Power. – 2nd ed. – London: Longman, 2001. – 272 p.

70 Дюркгейм Э. Элементарные формы религиозной жизни. – М.: Наука, 1996. – 480 с.

71 Вебер М. Избранные произведения. – М.: Прогресс, 1990. – 606 с.

72 Bourdieu P. Language and Symbolic Power. – Cambridge: Harvard University Press, 1991. – 320 p.

- 73 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М. Малмақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.
- 74 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5 - том / Құраст.: Б. Әбілқасымов, С. Бизақов, Ә. Жүнісбеков және т.б. - Алматы, 2011. – 752 б.
- 75 Giddens A. The Constitution of Society: Outline of the Theory of Structuration. – Cambridge: Polity Press, 1984. – 402 p.
- 76 Хайдеггер М. Время и бытие. – М.: Республика, 1993. – 448 с.
- 77 Степанов Ю. Константы. Словарь русской культуры. – М., 1997. – 142 с.
- 78 Tajfel H. Human Groups and Social Categories: Studies in Social Psychology. Cambridge: Cambridge University Press. – 1981.
- 79 Наурызбайқызы Г., Садирова К. Қ. Национальные особенности политического дискурса // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы» “Филология ғылымдары” сериясы, 2024. – №3 (74). – Б. 172-188.
- 80 K. Sadirova, G. Nauryzbaikyzy, A. Imangazina, A. Aitbenbetova. National Features of Discourse: A Systematic Review // World Journal of English language // Articles in Press. <https://doi.org/10.5430/wjel.v16n2p44>
- 81 Дальбергенова Л. Е. Когнитивный механизм интерпретации каузальной ситуации в разноструктурных языках. Монография. – Кокшетау: КГУ им. Ш. Уалиханова, 2016. – 206 с.
- 82 Сулейменова Э. Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алматы: Мектеп, 1989. – 160 с.
- 83 Маслова В. А. Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта: Наука, 2007. – 296 с.
- 84 Попова З. Д., Стернин И. А. Когнитивная лингвистика. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2007. – 314 с.
- 85 Болдырев Н. Категоризация событий и специфика национального сознание // Язык и национальное сознание. – Воронеж, 1998. – №1 – С. 29-30.
- 86 Қошанова Ж. Қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі: 10.02.02. фил. ғыл. канд. ...автореф. – Алматы, 2009. – 27 б.
- 87 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): 10.02.02. филол. ғылым. док. ... дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 54 б.
- 88 Абдрахманова М. «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы: 10.02.02. филол.ғылым.канд... дисс. автореф. – Алматы, 2008. – 30 б.
- 89 Жампейсова Ж. «Ақ», «қара» концепті: оппозициясы мен қызметі: 10.02.02. филол.ғылым.канд... дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 28 с.
- 90 Ергубекова Ж. Қазақ батырлар жырындағы «адам» концептісі / ҚазҰУ Хабаршысы, 2012. – №2 – Б. 190-195.

- 91 Мукушева Қ. XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және «Дала» концепті: 6D050400 – Журналистика. филол.ғылым. док... дисс. – Алматы, 2019.
- 92 Мұратова Г. Ә. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. Оқулық. – Астана: ЕҰУ, 2013. – 288 б.
- 93 Жиренов С. XV-XIX ғ.ғ. ақын-жазушылар поэзиясындағы «Өмір-Өлім» концептісінің танымдық табиғаты. 10.02.02. филол.ғылым. канд. ... дис. автореф. – Алматы, 2007. – 30 б.
- 94 Наурызбайқызы Г., Садирова К. Қ. Дискурстың ұлттық ерекшеліктері // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы» “Филология ғылымдары” сериясы, 2023. - №2 (69). – Б. 141-158.
- 95 Оразалиева Ә. Танымдық қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Мұрагер, 2005. – 174 б.
- 96 Залевская А. Слово. Текст. – М.: Гнозис, 2005. – 357 с.
- 97 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы : Ана тілі, 1998. - 304 б.
- 98 Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – М., 1997.
- 99 Hofstede G. Culture's Consequences: Comparing Values, Behaviors, Institutions and Organizations Across Nations (2nd ed.). Thousand Oaks, CA: Sage Publications. – 2001.
- 100 Тер-Минасова С. Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
- 101 Шанский Н. М. Фразеология современного русского языка. – М.: Высшая школа, 2012. – 160 с.
- 102 Виноградов В. В. О языке художественной литературы. – М.: Наука, 1980. – 512 с.
- 103 Новиков Л. А. Язык и структура текста. – М.: Наука, 1983. – 271 с.
- 104 Кашкин В. Б. Введение в теорию коммуникации. – Воронеж: ВГТУ, 2000.
- 105 Койлыбаева Р. К. Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі: 8D02314 философ. док. (PhD) дис. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы: 2023. – 120 б.
- 106 Бөкей О. Атау-кере (Қауіпті будан): роман / Оралхан Бөкей. – Астана: Фолиант, 2024. – 224 б.
- 107 Толстой Л. Детство. Отрочество. Юность. – М. Альпина Пабlishер, 2023. – 368 с.
- 108 Гарди Т. Tess of the d'Urbervilles / Thomas Hardy. – М.: Издательство АСТ, 2023. – 480 с.
- 109 Лотман Ю. «Семиосфера». – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 640 б.
- 110 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология / под ред. В. П. Нерознака. – М.: Academia, 1997. – С. 147-165.

- 111 Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: «Сөздік-Словарь»: 1997. – 368 б.
- 112 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 113 Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған Жамалхан Асықова. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2013. – 96 б.
- 114 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст.: Ж. Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. Т.11. – 752 б.
- 115 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст. Т. Жанұзақ, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. – Т.1. – 752 б.
- 116 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст.: Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. - Алматы, 2011. – Т.2. – 744 б.
- 117 Қалиев Ғ., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш., Үдербаев А. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. - Алматы: «Арыс» баспасы. – 2005.
- 118 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. – 728 б.
- 119 Қалиев Б., Түймебаев Ж., Құрманбайұлы Ш., Исакова С. "Мұқағали тілі" сөздігі. – Алматы, 2017.
- 120 Жанұзақ Т. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 552 б.
- 121 Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі: он мыңнан аса фраза қамтылды / жауапты ред.: А. Ысқақов, Қ. Өмірәлиев, ҚазССР Ғылым акад., Тіл білімі ин-ты. – Алматы : Ғылым, 1977. – 711 б.
- 122 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», Хикаялық дастандар. – 2004. – Т. 2. – 360 б.
- 123 Ушаков Д. Н. Толковый словарь русского языка. Л - Ояловеть / гл. ред. Б. М. Волин и проф. Д. Н. Ушаков. сост. проф. В. В. Виноградов, проф. Г.О. Винокур, проф. Б. А. Ларин, С. И. Ожегов, Б. В. Томашевский, проф. Д. Н. Ушаков ; под ред. проф. Д. Н. Ушакова. – М.: Гос. изд-во иностр. и нац. словарей, 1938. -Т. 2. – 1040 с.
- 124 Даль В. И. Пословицы русского народа, Т.2. – М.: «Художественная литература», – 1989.
- 125 Ушаков Д. Н. Толковый словарь современного русского языка. – М.: “Аделант”, 2014. – 800 с.
- 126 Писемский А. Ф. Собрание сочинений в девяти томах. – М.: «ПРАВДА». – 1959. Т.3. – 490 с.
- 127 Чехов А. П. Остров Сахалин. – «Издательство АСТ», 1890.
- 128 Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка. – М.: СПб. – 1881. – Т.2.
- 129 Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка, - М.: - СПб., 1882. – Т.4.
- 130 Ушаков Д. Н. Толковый словарь русского языка. Л - Ояловеть / гл. ред. Б. М. Волин и проф. Д. Н. Ушаков; сост. проф. В. В. Виноградов, проф. Г.О. Винокур, проф. Б. А. Ларин, С. И. Ожегов, Б.В. Томашевский, проф. Д.Н.

Ушаков; под ред. проф. Д. Н. Ушакова. - М.: Гос. изд-во иностр. и нац. словарей, 1938. – Т. 3. – 1424 с.

131 Ушаков Д. Н. Толковый словарь русского языка. Л - Ояловеть / гл. ред. Б.М. Волин и проф. Д. Н. Ушаков; сост. проф. В. В. Виноградов, проф. Г.О. Винокур, проф. Б. А. Ларин, С. И. Ожегов, Б. В. Томашевский, проф. Д. Н. Ушаков; под ред. проф. Д. Н. Ушакова. - М.: Гос. изд-во иностр. и нац. словарей, 1938. – Т. 1. – 1562 с.

132 Ағылшынша – қазақша электронды сөздік // <https://eng-kaz.kz/knowledge-base/30724-poor>. 12.03.2024.

133 The Oxford Dictionary of Idioms, edited by Judith Siefring. The United States, Oxford University Press. – 1999.

134 Webster Noah, Noah Porter, and Dorsey Gardner. Webster's practical dictionary; a practical dictionary of the English language giving the correct spelling, pronunciation and definitions of words based on the unabridged dictionary of Noah Webster. Chicago, The Reilly & Britton co.; Springfield, Mass., G. & C. Merriam co, 1910.

135 Davies O. Popular Magic: Cunning-Folk in English History. – London: Hambledon Continuum, – 2003.

136 Simpson, Jacqueline, and Steve Roud. A Dictionary of English Folklore. Oxford University Press, – 2000.

137 Austin J. L. How to Do Things with Words. – Oxford.: Clarendon Press, 1962. – 168 p.

138 Searle J. R. Speech acts: An essay in the philosophy of language. Cambridge: Cambridge University Press. – 1969. – 203 p.

139 Grice H. Paul. Logic and Conversation. In Donald Davidson, The logic of grammar. Encino, Calif.: Dickenson Pub. Co. 1975. – P. 64-75.

140 Brown P., and Stephen C. Politeness: Some Universals in Language Usage. of Studies in Interactional Sociolinguistics. Cambridge: Cambridge University Press. – 1987.

141 Городецкая И. Л., Поповцева Т. Н., Судоплатова М. Н., Фоменко Т. А. Краткий толковый словарь русского языка / Под ред. В. В. Розановой. – 6-е изд., испр. – М.: Рус. яз. – 1989. – 255 с.

142 Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004 – 560 б.

143 Mukhtarullina A. R., Nauryzbaikyzy G. Discourse as reflection of national character. Актуальные проблемы теоретической и прикладной филологии: Материалы XII Международной научной конференции (г. Уфа, 25 апреля 2024 г.) / отв. ред. А. Р. Мухтаруллина. / Уфимск. ун-т науки и технологий. – Уфа: РИЦ УУНиТ, 2024. – 316 с.

144 Смағұлова Г. «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері». – Алматы, 1998. – 194 б.

145 Cambridge International Dictionary of Idioms. – Cambridge University Press. – 1998.

- 146 Manser, Martin H. The Facts On File Dictionary of Proverbs. – New York: Facts On File. – 2002.
- 147 Knowles E. Little Oxford Dictionary of Proverbs. New York: Oxford University Press. – 2009.
- 148 Sadirova K., Nauryzbaikyzy G. National Features of Family Discourse: A Comparison of Kazakh, Russian, and English Languages // International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL). – 2023. – Vol. 11, Issue 1. – P. 61-75. Процентиль 83%, Q1 // ISSN:2329-2210
- 149 Gordon C. Family discourse. In The Encyclopedia of Applied Linguistics. Wiley. – 2012. // <https://doi.org/10.1002/9781405198431.wbeal0410>
- 150 Зализняк А. А., Левонтина И. Б., Шмелев А. Д. 3 55. Константы и переменные русской языковой картины мира. – М.: Языки славянских культур, 2012. – 696 с.
- 151 Fishman, J. A. (Ed.). (Handbook of Language and Ethnic Identity. New York: Oxford University Press., 1999. – 468 p.
- 152 Myers-Scotton, C. Social Motivations for Codeswitching: Evidence from Africa. Oxford University Press, 1993. – 177 p.
- 153 Воробьев В. В. Лингвокультурология. – М.: Российский ун-т дружбы народов, 2008. – 336 с.

ҚОСЫМША А

«Отбасы» концептісінің қазақ тілді респонденттер санасында
ассоциациялануына ұсынылған сауалдар

1. «Отбасы» концептісін естігендегі алғашқы ойыңызға келген
ассоциацияны жазыңыз (1 жауап)

- A. Жанұя
- B. Ата-ана
- C. Тума-туыс
- D. Ата-әже
- E. Өз жауабыңыз _____

2. «Отбасы» концептісіне байланысты синоним сөздерден тұратын
семантикалық топ құрыңыз (бірнеше жауап көрсетіңіз және өз нұсқаңызды
ұсыныңыз)

- A. Әке
- B. Ана
- C. Бала
- D. Жанұя
- E. Өз жауабыңыз _____

3. Берілген уақыт ішінде (1 мин) отбасы дискурсына байланысты 5 сөз
немесе сөз тіркесі, мақал-мәтел жазыңыз

Вопросы, предложенные для выявления ассоциаций с концептом «Семья» в
сознании русскоязычных респондентов.

1. Запишите первую ассоциацию, которая приходит вам в голову при
упоминании концепта «Семья» (1 ответ)

- A. Очаг
- B. Родители

- C. Тума-туыс
- D. Родственники
- E. Ваш ответ _____

2. Составьте семантическую группу из синонимичных слов, связанных с концептом «Семья» (укажите несколько вариантов и предложите ваш вариант)

- A. Папа
- B. Мама
- C. Ребенок
- D. Очаг
- E. Ваш ответ _____

3. В течение отведённого времени (1 минута) запишите 5 слов, словосочетаний или пословиц, связанных с семейным дискурсом.

Questions proposed to identify associations with the concept of “Family” in the minds of English-speaking respondents.

1. Write the first association that comes to your mind when you hear the concept «Family» (1 answer).

- A. Hearth
- B. Parents
- C. Kin
- D. Relatives
- E. Your answer _____

2. Create a semantic group of synonymous words related to the concept «Family» (indicate several options and suggest your own).

- A. Dad
- B. Mom
- C. Child
- D. Hearth
- E. Your answer _____

3. Within the allotted time (1 minute), write 5 words, phrases, or proverbs related to family discourse.

ҚОСЫМША Ә

Қазақ, орыс, ағылшын отбасы дискурсындағы ұлттық ерекшеліктерді анықтауға арналған ауызша сұхбат сауалдары / Устные вопросы для интервью, направленные на выявление национальных особенностей семейного дискурса в казахской, русской и английской культурах / Oral interview questions aimed at identifying national features of family discourse in Kazakh, Russian, and English cultures

1. Сіз ата-анаңызға, әжеңізге/атаңызға қалай сөйлейсіз? Олар сізге қалай сөйлейді? / Как вы обычно обращаетесь к родителям, бабушке/дедушке? А они к вам? / How do you usually address your parents or grandparents? And how do they address you?

2. Отбасыңызда тек өзара қолданатын ерекше сөздер немесе тіркестер бар ма? / Есть ли у вас в семье особые слова или выражения, которые вы используете только между собой? Are there any special words or expressions used only within your family?

3. Үйде келіспеушіліктер туындағанда, әдетте кім бірінші сөйлейді? Қандай сөздер жиі қолданылады? / Когда в семье возникают разногласия, как обычно происходит общение? Кто первый начинает разговор? Какие слова чаще звучат? / When there are disagreements in the family, how is communication typically managed? Who starts? What is usually said?

4. Сіздердің отбасыңызда айтуға болмайтын немесе шектелетін тақырыптар бар ма? Неліктен? / В вашей семье есть правила, о чём нельзя говорить? Какие именно? Почему? / Are there topics in your family that are considered off-limits or taboo words? Why?

5. Үйде сыпайылықтың қандай формалары (сөздер, тіркестер: өтінемін, мархабат, рақмет, кешіріңіз, т.б.) қолданылады? Әр буын қалай қолданады? / Какие формы вежливости (фразы, слова) приняты у вас дома? Как их используют разные поколения? / What forms of politeness (words, phrases) are common at home? How are they used by different generations?

6. Құттықтау, алғыс айту, тілек айту кезінде қандай сөздер/тіркестер қолданыңыз? / Какие слова/фразы обычно используются при поздравлениях, благодарностях, тостах? / What phrases are commonly used during congratulations, toasts, or expressing gratitude?

7. Өзіңізден кіші отбасы мүшелерімен қалай сөйлесесіз? Ал сізбен үлкендер қалай сөйлеседі? / Как вы говорите с младшими членами семьи? А как с вами говорят старшие? / How do you speak with younger family members? And how do older members speak to you?

8. Отбасыңызда ритуалдық сөйлеу маңызды болатын қандай дәстүр бар? (Бата беру, қонақ күту, той-мереке, т.б.) Бұл жағдайда қандай сөздер қолданылады? / Расскажите о семейной традиции, в которой важен не только ритуал, но и речевая сторона. Какие слова или выражения вы произносите в этих случаях? Talk about a family tradition that involves speech. What words or expressions are used in that context?

9. Отбасыңызда көбіне қай тілде сөйлейсіздер? Неліктен? / На каком языке чаще говорят в вашей семье? Почему? / What language is mostly used in your family? Why?

10. Егер үйде екі тіл қолданылса, қандай жағдайларда тіл ауыстырасыздар? Тіл таңдауға не әсер етеді? / Если в семье используется два языка, в каких случаях вы переключаетесь с одного на другой? Что влияет на выбор языка? / If your family uses two languages, when do you switch? What determines the choice of language?